Самостоятельное изучение проблемы в каждой группе позволяет студентам исследовать и собрать информацию из учебной литературы и Интернета. При сборе информации каждый участник группы анализирует, добавляет новый материал к коллективному труду группы, высказывает свои предложения и замечания.

Представители групп по очереди представляют свои версии заполнения таблицы и свои варианты выхода из создавшейся проблемной ситуации.

Таблица 1. – Вариант заполнения таблицы ФИИП группой экологов

Факты	**Идеи**	**Изучение проблемы (вопросы)**	**План действия**
Большое количество мертвой рыбы. Участок побережья вблизи города. Необычно	Сточные воды Отходы производства Танкеры с нефтепродуктами	Попадают ли загрязненные сточные воды в Каспийское море? Был ли проведен химический анализ воды до и после	Установить, не было ли выбросов сточных вод в Каспийское море с фабрик или заводов. Провести на имеющемся

большое количество рыбы во время прилива. Рыба выносливая		события? Зарегистрированы ли факты разлива нефтепродуктов, связанные с аварией на танкерах? Проведена ли экспертиза мертвой рыбы?	оборудовании исследование физико-химических показателей воды. Рассмотреть возможные способы очистки воды

Таблица 2. – Вариант заполнения таблицы ФИИП группой жителей города

Факты	**Идеи**	**Изучение проблемы (вопросы)**	**План действия**
Большое количество мертвой рыбы. Сообщение в СМИ Запрет на улов и употребление рыбы	Болезнь рыбы, вызванная инфекцией. Выбросы загрязненных сточных вод. Рыба задохнулась в связи с быстрым отливом моря. Браконьерство.	Проблема в воде или в рыбе? Зарегистрированы ли факты пищевого отравления жителей данного района от блюд, приготовленных из этой рыбы?	Проверка органолептических показателей воды. Выяснения случаев пищевых отравлений у населения. Проведение разъяснительной работы по исключению использования рыбы с пищу до выяснения причин гибели.

После выступления представителей всех групп, в соответствии с установленными в каждой группе правилами, проводится оценка личного вклада каждого участника группы.

Оценив работу внутри своей группы, студенты должны провести оценивание проделанной работы соседней группы в виде дискуссии.

Для установления обратной связи с группой о проделанной работе, было проведено со студентами анкетирование по следующим вопросам (ответы представить в %):

1. Как вы оцениваете работу вашей группы?
2. Каков был ваш вклад при работе в команде?
3. Как вы оцениваете оперативность вашей группы?
4. Как вы оцениваете компетентность членов вашей группы?
5. Сколько процентов информации ваша группа не сумела обработать?
6. Оцените работу соседней группы.

Результаты анкетирования приведены на рисунках 3 и 4:

В качестве рефлексии был применен метод «*Комплимент»,* суть которого состоит в оценке как собственной активности, так и качества работы в группе. Такой вариант завершения занятия дает возможность удовлетворить потребность в признании личностной значимости каждого в групповой работе.

Таким образом, метод проблемно-ориентированного обучения имеет следующие преимущества:

- учит студентов мыслить самостоятельно;
- развивает умение работать в группе и вырабатывать коллегиальное решение;

- учит ставить цели при изучении нового материала, определять глубину изучения и самостоятельно подбирать соответствующую литературу;
- стимулирует использование дополнительных (не только литературных) источников;
- даёт навыки организаторской работы и ведения дискуссии;
- позволяет использовать имеющиеся и приобретать новые знания в контексте конкретной проблемы;
- создаёт имитацию работы в реальных условиях принятия решений (например, лимит времени);
- преподаватель имеет возможность отслеживать логику мыслительного процесса и при необходимости оказывать своевременную помощь без изменения ритма работы студента (не подгонять и не тормозить).



Рисунок 1. – Результаты анкетирования команды экологов (- усре нный ответ команды



Рисунок 2. – Результаты анкетирования команды жителей города (- усредненный ответ команды

Применение элементов проблемно-ориентированного обучения при изучении дисциплины «Химия окружающей среды» способствует формированию у студента умения отбирать для решения определенной проблемы наиболее значимые факты, понятия, законы химии и включать их в новые связи, а так же устанавливать акцент на получение знаний, которые можно применить в реальных условиях.

Литература:

1.Boud D., & Feletti G. (Eds.). The challenge of problem based learning. – London: St. Martin's Press, 1991. – 13 p.

2.Дьюи Дж. Психология и педагогика мышления. Пер. с англ. Н.М. Никольского / Под ред. Н.Д. Виноградова. – М.: Мир, 1919. – 112 с.

3.Махмутов М.И. Организация проблемного обучения в школе. – М., 1977. – 374 с.

4.Barrows H.S., & Tamblyn R.M. Problem Based Learning - An Approach to Medical Education. Springer Series on Medical Education, 1. – New York, - 1980. – 224 p.

5.Хекхаузен Х. Мотивация и деятельность. В 2 т. – М., 1986. – 835 с.

6.Кулюткин Ю.Н. Эвристические методы в структуре решений. – М., 1970. – 365 с.

7.Мурзабеков А.Б., Мургаева С.И. Метод проблемно-ориентированного обучения (PBL) как способ активизации мышления // Материалы Международной научно-практической конференции «Фундаментальные и прикладные проблемы получения новых материалов: исследования, инновации и технологии». – Астрахань, 2016. – С. 193-195.

8.Бондаренко В.В., Пономарев А.С., Романовский А.Г., Товажнянский Л.Л., Черванева З.А. Основы педагогики высшей школы: начальное пособие. – Харьков: НТУ «ХПИ», 2005. – 601 с.

Мургаева С.И., Мурзабеков А.Б.

Проблемалы-бағдарлы оқытудың (PBL) элементтерін «Қоршаған орта химиясы» пәнінде қолдану

Бұл мақалада проблемалы-бағдарлы білім берудің теориялық негізі мен практикалық қолданысы көрсетілген. Автор өз жұмысында проблемалық ситуациядан шығудың тиімді жолы ретінде FILA кестесін (PBL элементтерінің бірі) қолданған.

Тірек сөздер: *Проблемалы-бағдарлы білім беру, PBL (Problem-based Learning), FILA (Facts, Ideas, Learning Issues, Action Plan), зияткерлік қабілет, синтез, қолдану, рефлексия.*

Murgaeva S.I., MurzabekovA.B.

The use of elements of problem-based learning (PBL) in the classroom for the discipline "Environmental chemistry"

The article examines theoretical basis and practical application of technology problem-based learning. The author effectively used a chart FILA (one of the elements of PBL) in the process of finding out of problematic situations.

Keywords: *Problem-based learning, PBL (Problem-based Learning), FILA (Facts, Ideas, Learning Issues, Action Plan), intellectual ability, synthesis, application and reflection.*

ӘОЖ: 378.2

Медешова А.Б. – педагогика ғылымдарының кандидаты,
доцент, М.Өтемісов атындағы БҚМУ
E-mail: medeshovaa@mail.ru
Аймичева Г.И. – магистр, М.Өтемісов атындағы БҚМУ
E-mail: aimicheva@mail.ru
Муратова Ж.М. – магистр, М.Өтемісов атындағы БҚМУ
E-mail: noreply@fotostrana.ru
Қасымова А.Х. – педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент
Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан
аграрлы-техникалық университеті

НӘТИЖЕГЕ БАҒДАРЛАП ОҚЫТУ АРҚЫЛЫ ТҮЛЕКТЕРДІҢ БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТІН ДАМЫТУ

Аңдатпа*. Мақалада жоғары оқу орны түлектерінің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруды білім берудегі сабақтастық арқылы жүзеге асыру баяндалған. Шетелдік және отандық жоғары оқу орны студенттерінің оқу бітіргеннен кейінгі жұмыспен қамтылу тәжірибелері қарастырылған. Түлектердің жоғары оқу орнында сапалы білім алып, жұмыспен қамтылуы - қоғамдағы маңызды мәселенің бірі. Сапалы білім берудегі жаңашылдық - нәтижеге бағдарлап оқыту. Мақалада нәтижеге бағдарлап оқытудың түлектерді жұмыспен қамтудағы тиімділігі мен орны ашық көрсетілген.*

Тірек сөздер: *Нәтижеге бағдарлап оқыту, сапа, тұлға, сабақтастық, білім бағдарламасы, құзыреттілік, жұмыспен қамту.*

Қазақстанда білім беру қоғам мен мемлекеттің барлық саладағы инновациялық-технологиялық даму стратегиялық бағамына сәйкес жүреді. Өйткені қазіргі кезде жоғары білім беруді деңгейлеп жүзеге асыру (бакалавриат, магистратура, докторантура, пост-докторантура) Болондық үрдіс аясында әлем мойындайтын жоғары білікті маман болу мүмкіндігін туғызып отыр.

Н.Назарбаев: «Білім ең бірінші кезекте ұлттық экономиканың мамандарға деген сұранысын барынша өтеуге бағдар ұстауы керек,» - деп нақты мақсат қойды. Бұл мақсаттың жүзеге асуы үшін кәсіптік білім саласы қажетті және бәсекеге қабілетті маман даярлауға баса көңіл бөледі. Қазақстан Республикасы білім беруді дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында көрсетілген шараларға сәйкес жоғары оқу орындарын еліміздің индустраилды-инновациялық дамуы мен еңбек нарығы талаптарын қанағаттандыратын деңгейге көтеруді көздейді [1].

Сапалы білім беруде (оқушы, жұмыс беруші, қоғам, мемлекет) сұраныс берушінің қажетіне кәсіптік дайындықтың сәйкес болуы керек. Алынған білімнің адекваттық проблемасы әлеуметтік өмір шындығында өте қатты алаңдатушылық әкелді. Үздіксіз білім беру мен оның бір формасы ретінде қосымша кәсіптік білім беру идеясын туғызды. Бұл жерде сапа - нарықтық категория, оны қоғам және тұлға сияқты екі басты тұтынушылар тұрғысынан қарастырамыз. Қоғам тұрғысынан, сапалы білім беру - қоғам талаптарын қанағаттандыратын, экономикалық, әлеуметтік, саяси, мәдени прогресс мүмкіндіктеріне сәйкес келетін білім беру болса, тұлға (студент, ата-ана) тұрғысынан - өздігінен білім алу, өзіндік даму икемділіктерін иелену мен әлеуметтік бәсекеге қабілеттілік жетістігі [2].

М.Н. Скаткин білім сапасына толықтық пен тереңдік, нақтылық пен жалпылық, ашықтық пен жабықтық, жүйелілік пен тұтастық, саналылық пен қатаңдықты жатқызады [3].

Кәсіптік білім беру жүйесінде құзыретті маман даярлауда мұндай тиімді форма Германия, Австрия, Дания, Нидерланды, Швейцария елдерінде нәтижелі пайдаланылып келеді.

Швейцарияда жұмыспен қамтамасыз ету жаңа жолға қойылған. Жұмыс берушілердің өздері бакалаврларды жұмысқа қабылдай отырып, жоғары білімнен кейінгі

оқуға (магистратураға) жолдама беріп, кейін кәсіби құзыреттілігі жоғары магистрдің кәсіпорынға қайта оралуына аса мән береді. Сонымен қатар, бакалаврлар мен магистрларды жұмысқа қабылдауда жұмыс берушілер үшін экономикалық тиімділік орын алған [4].

Германияда білім бағдарламаларына көп көңіл бөлінеді, себебі федералды мекенге сәйкес ЖОО бағдарламалары бір-бірінен өзгеше. Олардың көлемі жалпы бағдарламада 100%-ға дейін айрықшаланады. Вюрцбург қаласындағы университетте инженерлік мамандық бакалаврлары кәсіптік білім мен икемділікпен қатар, жалпы базалық білім саласындағы (жалпы білім беру, компьютерлік технология, шет тілдері); коммуникативтік (презентация техникасын игеру, ауызша және жазбаша сөйлеу құралдарын игеру, коммуникация мақсаттарына бағдарланған дағдыларды игеру); әлеуметтік (кикілжіңді шешу, сынды қабылдау мен айту дағдысын игеру, командада жұмыс істеу дағдысын игеру, клиенттің қызығушылығын ескеріп проблеманы шеше білу); тұлғалық (орындалатын жұмысты ұйымдастыруды сауатты жүзеге асыру, командада жетекші рөлін ойнау қабілеті), кәсіби (теория мен практиканы ұштастыра білу), ақпараттық (ақпаратты айрықшалап, құрылымдай білу, қажет ақпаратты таңдай білу) құзыреттіліктерге ие болуына аса мән береді [5; 6].

Ресейде мектеп және жоғары оқу орнындары (алдағы жерде «ЖОО» деп беріледі) арасындағы мазмұндық, технологиялық сабақтастыққа баса назар аударылады. Сабақтастық дегеніміз оқытуда пайда болып, дамитын үрдіс құраушыларының бірлігі мен жеке тұлғаның өзіндік оқу іс әрекеті кезеңдеп жүретін педагогикалық үрдіс [7]. Жоғары оқу орны түлектерінің білім сапасына қарап, жұмыспен қамтамасыз етіледі. Жекелеген түлектер жеке және орта бизнеспен айналысуы мүмкін.

Қазақстанда жоғары кәсіптік білім беруді жетілдіру оқытуды ұйымдастырудың дәстүрлі тәсілдерін өзгерту қажеттігін айқындайды. Академиялық ұтқырлық, көп тілді оқыту, жұмыс берушілер көмегімен студенттің оқу траекториясын анықтау, технологиялық оқыту сияқты әлемдік тиімді формаларды оқу үрдісіне енгізу заман талабына айналды. Соның бірі - оқыту уақытының көп бөлігі өндірісте, кәсіпорында өтетін, болашақ маман мен мемлекеттің мүддесін біріктіретін нәтижеге бағдарлап оқыту моделі [8].

Нәтижеге бағдарлап оқытуды Қаақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында қарастырылған «кәсіби білім саласындағы әлеуметтік серіктестік» аясында жүзеге асыруға болады. Ол студенттің жеке даму траекториясы бойынша жүреді [9].

Бәсекеге қабілетті, құзыретті тұлғаның қалыптасуы кәсіби тұрғыдан жетілудің тек бір формада жүрмейтінін дәлелдейді. Егер студент теориялық оқуды практикамен, тәжірибемен, ғылыми зерттеу жұмыстарымен ұштастырса, оның технологиялық ойлау мен тұлғалық шығармашылық қабілеті шыңдалады. Нәтижесінде өндірісте, экономикада, қызмет пен тұрмыста заманауи технологияны қолдана алатын білімді студент бәсекеге қабілетті маман болып шығады.

Сөйтіп, технологиялық оқыту болашақ маманның іс-әрекеттік тәсілмен білім алуына, кәсіби және тұлғалық икемділіктер мен дағдыларды практикалық-бағдарлы меңгеруіне, алған білімін практикада пайдалана білуіне мүмкіндік туғызады. Міне, бұл заман талабына жауап беретін құзыретті маман даярлаудың кілті болмақ [10].

Түлектердің жұмыспен қамтылуын ұйымдастыру басты аспекті болып табылады. Нарық сұранысын қанағаттандыратын маман дайындағымыз келсе, жұмыс берушілер ЖОО-мен бірлесе қоғамдық қарым-қатынас негізінде осындай тәжірибені қолға алғаны жөн. Сонымен қатар, өз мамандығын теориялық және практикалық тұрғыда толық меңгерген түлектің жұмыспен қамтылу көрсеткіші жоғарылайды.

Нәтижеге бағдарлап оқыту педагогикалық сараман, арнайы пәнді оқыту әдістемесі, тәрбие жұмысының әдістемесі сияқты пәндерді пән мұғалімімен, басқа мұғалімдермен тікелей қарым-қатынас жасай отырып меңгереді.

Студенттер оқушылармен қарым-қатынас жасау икемділігі қалыптасады. Мұның тағы бір жағымды тұсы, «Білім» тобындағы мамандыққа оқып жатқан студенттердің мектептердегі жаңа оқыту технологияларын игеруге мүмкіндік туады. Студенттердің мамандығы бойынша толық білім алуына ынтасы артады [11].

Нәтижеге бағдарлап оқыту студенттің практикалық кәсіби икемділіктерінің жетілуіне көмектесуімен қатар, оның өнертапқыштық, робототехникалық, құрастыру, бизнес-инкубатор, т.с.с. ғылыми-практикалық жоба жұмыстарына қатысуға жол ашады.

Болашақта нәтижеге бағдарлап оқытуға аса мән бере отырып, студенттердің оқу жоспарына өзгерістер енгізу қажет. Атап айтқанда, аудиториялық оқытуда пәндерді интеграциялаған жөн. Қазақ, орыс, шетел тілдерін немесе кәсіби шетел, кәсіби қазақ/орыс тілдері салыстырмалы оқыту және мемлекеттік тілде іс жүргізу, іскери қазақ тілі сияқты пәндерді модульдік технологияға негіздеп, бір модульге енгізуге болады. Ал, кәсіптік пәндерді оқыту университет пен мектеп базаларында өтуі керек. Студенттер ғылыми-зерттеу жұмысының тәжірибелік бөлімін өндірісте, кәсіпорындарда, бизнесте орындайды. Орта және шағын бизнесте жүрген түлектерімізбен байланыс аталмыш шараны жүзеге асыруға оң ықпал етіп отыр [12].

Болашақ информатика мұғалімдерін дайындауда колледждермен орнатылған байланыс технологиялық оқытуды ендіруге мүмкіндік беріп отыр. Атап айтқанда, студенттер колледжде оқыту ерекшеліктерін зерттейді, оқу үрдісіндегі кредиттік және линейлік оқыту жүйесіне салыстырмалы талдау жасайды, әдістемелік баяндамалар даярлауға үйренеді. Оқытушылар өзара ынтымақтастықта ғылыми-әдістемелік бірлескен жұмыстарды бастады. Колледж оқытушыларымен ақпараттық технологияны қолдану мәселесіне арналған дөңгелек үстел ұйымдастырылды.

«ЖОО-мектеп» сабақтастығын пәндік деңгейде (пәндік-бағдарлы өзіндік жұмысқа негізделген) нәтижеге бағдарлап оқытумен ұштастыра жүргізуді бастадық. Орал қаласындағы №38 ЖОББМ базасында информатиканы оқыту әдістемесін өткізу тәжірибесі жүргізілді. Пәннің дәрісі университетте, зертханалық жұмыс пен ОЖСӨЖ, СӨЖ сабақтары мектепте өтеді. Студенттер сабақ өткізуге құлшына кіріссе, әдіскерлер мен пән мұғалімі олардың мұғалімге қойылатын талаптарды талап етеді. Студенттер оқушылармен тіл табысып, педагогикалық ұжымда жұмыс жасауға үйрене бастады. Құжаттармен, оқушылармен қарым-қатынас жасауға бейімделеді.

Бұл туралы «Информатика» мамандығының студенттері былай деп ойларын тұжырымдады:

- Нәтижеге бағдарлап оқыту бойынша Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті физика-математика факультетінің информатика 3 курс студенттері «Информатиканы оқыту әдістемесі» (Медешова А.Б.) пәнін университетте және №38 орта мектепте өткен едік. Оқу барысында алған біліміміз, тәжірибеміз көп болды.
- Мектепте жұмысты неден бастау керектігі жөнінде ойландым.
- Мектепте ұжыммен жұмыстануды, ұжымдағы ынтымақтастық, ауызбіршілікте жұмыстануды үйрендім.
- Сынып жетекшісінің жұмыс жоспарымен, пән мұғалімінің сабақ жоспарымен таныстым.
- Әр сабақтың жоспарын дәстүрлі, құзіреттілікке бағдарлап және Блум таксоманиясы бойынша дайындауды үйрендім.
- Әдістемелік әдебиеттермен жұмыс істеу, шығармашылық материалды таңдау, тәрбие сағаттарына көрнекі құралдарды дайындаудан тәжірибе жинадым.
- Сыныптағы оқушылардың психологиялық ахуалын зерттеп, мектеп психологымен кеңестім
- Сабақ пен сыныптан тыс шараларды талдауды меңгердім.
- Өз іс-әрекетіме сын көзбен қарау үшін күнделік толтыруды үйрендім.

Нәтижеге бағдарлап оқыту туралы студенттер мен тәжірибелі оқытушылар осындай пікірлер білдірді. Мұндай нәтижеге бағдарлап оқытуды оқу үрдісіне енгізу сапаның жоғарылауына септігін тигізерін төмендегі сандық көрсеткіштер дәлелдейді.

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінде 2014-2015 - 80%, 2013-2014- 81%, 2012-2013 – 79% түлектер жұмыспен қамтылды. Жұмыспен қамтудың жоғары көрсеткішті болуы бірнеше факторлармен анықталады. Атап айтқанда, мектепте мұғалімге сағаттық жүктеме бойынша сұраныстың болуы, заманауи гимназия, лицей сияқты жаңа тұрпатты мектептерде пәндердің көп тілде (қазақ, орыс, ағылшын, түрік, неміс, тілдері) оқытылуы, жас мамандардың

инновациялық оқыту технологияларын жоғары деңгейде меңгеруі, студенттердің жоғары оқу орнында көп тілді сапалы білім алуы, студенттердің өз таңдаған мамандығын қосымша мамандандырылумен (12-14 кредит көлемінде) толықтыруы, т.с.с.

Жоғары оқу орнында 5В010900-Математика мамандығы бойынша оқып жатқан студенттер физика, информатика, ағылшын тілі бойынша мамандандырылу курстарын оқи алады. Нәтижесінде математика және физика мұғалімі, математика және информатика, көп тілді математика мұғалімі бола алады. Біздің университетте бұл дәстүрге айналған. Математика және ағылшын тілі немесе көп тілдегі математика бойынша оқыған студенттер математиканы үш тілде оқытуға бағытталған шараларға тартылады. Педагогикалық сараманды қазақ-түрік лицейінде, Назарбаев зияткерлік мектебінде өтеді. Бұл олардың тілдік шеберліктерін дамыта түседі. Болашақта мұндай түлектер кез келген мектепте математиканы үш тілде оқытумен, пәндік құжаттарды аудармалаумен өз бетінше атқара алады. Ал, физика және информатика бойынша оқитын студенттер алдағы уақытта шағын кешенді мектептердің сұранысын қамтамасыз етуде таптырмайтын маман болмақ. Сонымен қатар, студенттер қос дипломды білім алу мүмкіндігін пайдалана алады.

Академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша шетелдік немесе отандық басқа оқу орнында өз мамандығы бойынша белгілі бір анықталған мерзім ішінде оқи алады. Біздің студенттеріміз Германияның Магдебург, Польшаның Ұлы Каземир, Ресейдің халықтар достығы, Қалмақ мемлекеттік университеттерінде соңғы бір жылда оқып келді. Олардың дүниетанымы кеңейді және ғылыми ортаға көзқарас, тілдік ортаны қолдану деңгейі көтерілді. Өздеріне шетелдік жолдастар тапты.

Атқарылған шаралармен алға қойылатын жоспарлар ұштасып жатыр. Қалай десек те біздің көздейтініміз оқытқан студентіміздің сапалы білім алып, оқу бітірген түлегіміздің жұмыспен қамтылуы мен жоғары оқу орнында алған білімі мен тәрбиесін өз кәсіби ортасында танытуы, яғни құзыретті маман екендігін дәлелдей алуы. Біз еңбегіміздің нәтижесін бірден көре алмаймыз, өйткені мұғалімнің еңбегі тырнақтап жинайтын беделмен бірдей. Кейде бір құмалақ бір қарын майды бүлдіретіндей жайлар да кездеседі. Ондай жағдайдың болмауын қалаймыз, сол себепті орта мектепте, колледждегі біліммен сабақтастыра оқытуға бағдарланған білім бағдарламаларын құрастырамыз. Білім мен тәрбие егіз дегендей әр сабақта, сабақтан тыс шараларда тәрбиелік шараларды жүргіземіз. Нәтижесінде түлектеріміздің түгелге жуық еңбек майданына араласады. Мысал ретінде, 5В010900-математика мамандығын түрлі мамандандырылумен бітірген түлектердің сұранысқа ие екенін көреміз.



1-сурет. Түлектердің жұмыспен қамтылу көрсеткіштері

Диаграммадағы 5-7% көрсеткішті оқуын шетелдік магистратура, аспирантурада жалғастырып жатырған, әскер қатарына шақырылғандар, бала күтіміне байланысты демалыстағы жас аналар құрайды.

Болашақ информатика мұғалімдеріне қосымша компьютерлік жаңа бағдарламалар бойынша курстар ұсынылады. Сонымен қатар, олардың қашықтан оқыту технологиясын меңгеруіне аса көңіл аударылады. Олардың өздері вебинар, талқылау, шеберлік сыныптары, көпшілікке арналған ашық онлайн курстарына қатысып, интернеттің оқыту үрдісіндегі маңызын игереді. Интерактивті тақтамен, демонстрациялық проекторен, ақпараттық киоскімен жұмыс жасау дағдыларын бойына қалыптастырады. Университет қабырғасында әрбір информатика мұғалімінен талап етілетін заманауи ақпараттық технологиямен қаруландырылады.

Жоғары оқу орнында техника және технология, жаратылыстану тобы бағытындағы мамандықтар бойынша түлектердің жұмыспен қамтылуында қиындықтар бар. Түлектер мекемелер мен ұйымдарда, кіші және орта бизнесте, ғылыми және шығармашылық орталықтарда еңбек етуі тиіс. Бұл мәселеде жұмыс берушілердің қазіргі нарық сұранысына сай келетін білім алуына бағдарланған білім бағдарламаларын, студенттің жеке білім траекториясын құруына қатысты көптеген іскер кеңестер мен ұсыныстар береді. Олардың кейбір пәндерді өз базаларында немесе университетте оқытуы студенттердің бәсекеге қабілетін арттыра түседі. Жұмыс берушілер тарапынан дәріс оқу ғана емес, ғылыми зерттеу жұмыстарына кеңес беру, сараптама жасау, емтихандарда студенттердің білімін бақылау сияқты шаралар да жүргізіледі. Ең бастысы, жұмыс берушілермен бірлесе құрылған білім бағдарламаларын жүзеге асыру кезінде нәтижеге бағдарлап оқыту іске асырылып, студенттер аудиторияда алған білімдерін өндірісте шыңдай алады. Бұл орайда Батыс Қазақстан облыстық орта білімді ақпараттандыру орталығы, «Batys IT» ЖШС, «Өрлеу» АҚ 5В070300-есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету мамандығы бойынша жұмыстанып отыр. Нәтижесінде былтырғы оқу жылының түлектері біздің облысымызда ғана емес, басқа облыстарда да қызмет етіп жатыр.

Нәтижеге бағдарланған оқытудың тағы бір ерекшелігі - кәсіпкерлікке баулынуында. Кейбір түлектер оқу бітірмей-ақ өз кәсібімен айналыса бастады, енді бірқатары жастар практикасына тартылды, келесілері жол картасын пайдаланды.

Батыс Қазақстан облысында 2014 жылдың үш тоқсанында 768 жас тұрақты жұмысқа орналасып, 1191 жастар практикасына жолданған. Оның ішінде біздің түлектеріміз де бар.

Қорыта айтқанда, нәтижеге бағдарлап оқытуды серіктестік арқылы, сабақтастық арқылы, ішкі түйінді байланыстар арқылы, академиялық ұтқырлық арқылы жүзеге асыруға болады. Болашақ түлектің кәсіби қалыптасуында теория мен практиканың бірлігі ерекше.

Әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016 - 2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы / Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы 1 наурыздағы № 205 Жарлығы. – http://adilet.zan.kz/kaz. Пайдаланған уақыты: 25.05.2016 ж.

2. Что такое качество образования? / Под редакцией А.И. Адамского. – М.: Эврика, 2009. – 272 с.

3. Скаткин М.Н., Краевский В.В. Качество знаний учащихся и пути его совершенствования. – М.: Педагогика, 1978. – 208 с.

4. Грундер Г.У. Болонский процесс в Швейцарии: «новые концепции» обучения – «новый тип» учения? // Высшая образование в России. – 2009. – №7. – С. 163-168.

5. Болонский процесс: концептуально-методологические проблемы качества высшего образования / Под науч. ред. д-ра пед. наук, профессора В.И. Байденко. – М.: Исследовательский центр проблем качества подготовки специалистов, 2009. – 304 с.

6. Байденко В.И. Болонские преобразования проблемы и противоречия // Высшая образование в России. – 2009. – №11. –. С. 26-40.

7. Бывшева М.В. Проблема преемственности в контексте непрерывности системы образования // Педагогическое образование в России. – 2012. – №3. – С. 28-31.

8. Туймебаев Ж. К образованию без границ // Казахстанская правда. – 2010. – 13 марта. – С. 3.

9. Білім туралы Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі №319 Заңы / Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2007 ж., № 20, 151-құжат // Егемен Қазақстан. – 2007. – 15 тамыз. – №254-256.

10. Медешова А.Б. «Мектеп-ЖОО» сабақтастығы негізінде кәсіби құзыреттілікті қалыптастыру // «Ұлттық білім беру жүйесін жаңарту және адам ресурстарының жаңа сапасын қалыптастырудағы оның рөлі» атты халықаралық ғылыми-практ. конф. – Орал, 2009. – Б. 221-223.

11. Медешова А.Б. «Мектеп-ЖОО» сабақтастығының студент құзыреттілігін қалыптастырудағы маңыздылығы // «Қазақстан Республикасы жоғары оқу орындарындағы академиялық ұтқырлық: тәжірибе және даму мүмкіндіктері» атты халықаралық ғылыми-тәжіребелік конференцияның материалдары. – Орал: БҚМУ РБО, 2011. – Б. 151-153.

12. Имангалиев М.М. «Мектеп-ЖОО» сабақтастығы негізінде тұлға құзыреттілігін қалыптастыру жолдары // БҚМУ Хабаршысы. – 2015. – №2(58). – Б. 72-76.

Медешова А.Б., Касымова А.Х., Аймичева Г.И., Муратова Ж.М.

Развитие компетентности конкурентоспособных выпускников с помощью результативно-ориентированного обучения

В статье рассматривается формирование профессиональной компетентности выпускников высшего учебного заведения с помощью преемственности знания. Анализируется опыт работы зарубежных и отечественных учебных заведений по трудоустройству выпускников. Одной из важных проблем в обществе является качественное образование и трудоустройство профессионально компетентных выпускников. Качество в образовании это и есть инновация, в данном случае инновацией считается результативно-ориентированное обучение.

Ключевые слова: *Результативно-ориентированное обучение, качество, личность, преемственность, образовательная программа, компетенция, выпускник, трудоустройство.*

Medeshova AB, Kasymova A.H.,Aymicheva G.I, Muratova J.M.

The development of competitive competence of graduates using effectively-based learning

The article discusses the formation of professional competency of university graduates with the help of the continuity of knowledge.

It also analyzes the experience of foreign and domestic educational institutions on employment of graduates. One of the important problems in society is a high-quality education and employment of professionally competent graduates. Quality in education is an innovation itself. In this case, innovation is result-oriented learning.

Keywords*: Result-oriented learning, quality, identity, continuity, education program, competency, graduate employment.*

ӘОЖ: 796.07

Сейдахметов Е.Е. – доцент, Қ.А. Ясауи атындағы
Халықаралық қазақ-түрік университеті
Калиев Н.Қ. – аға оқытушы, Қожа Ахмет Ясауи атындағы
Халықаралық қазақ-түрік университеті
E-mail: dene-tarbiesi@mail.ru

ДЕНЕ МӘДЕНИЕТІ МЕН СПОРТТАН ҚОСЫМША БІЛІМ БЕРУДІҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Аңдатпа. *Мақалада үдерістің тиімділігі дене мәдениетіне оқытып, үйретудің әдістері мен құралдарының қайсы түрін қолдану адам ағзасының биологиялық ерекшеліктері мен спорттық медицина талаптарын білуге, басқа пәндер бойынша үлкен білім көлемін меңгеруге, жақсы және өте жақсы жағдайда дене даярлығын бабында сүйемелдеуге, алға қойылған мақсатқа сәйкес оқу қызметінің сапасын арттыруға, білім беру жүйесінде дене мәдениеті жалпы педагогикамен тығыз бірлікте болуға, Олар бір-бірін толықтыра отырып, бірегей мақсатқа жетуді, яғни дені және жаны сау, рухани бай, жоғары біліктіліктегі мамандар даярлауды жүзеге асыру сипатталған.*

Тірек сөздер: *Әдістемелік еңбектерге теориялық талдау жасау, тәжірибелік-эксперименттік жұмысы, статистикалық әдістер.*

Оқытып, үйретуші педагог пен оқушылар арасындағы өзара қарым-қатынастықтың әлеуметтік-психологиялық теориясына көбінесе сүйенетін тиімді командалық жұмыстардың көптеген теориялары бар.

Балалар мен жасөспірімдер спорт мектептеріндегі оқу-тәрбие үдерісін жетілдіру – бұл спорттық дайындық деңгейін арттыру оқушылардың команда құрамында бірлескен, ортақ қызметін ұйымдастыру, олардың спорттық рухын, жолдастық сезімін және өзара бір-біріне көмек беруге, жеңіске ұмтылуға тәрбиелеу.

Командалық жұмыстың негізі жаттығу барысында, сол сияқты жарыс кездерінде педагогпен оқушылар арасындағы өзара тиімді түсіністік қарым-қатынастыру болып табылады. «Жаттығу», «жаттықтырушы», «команда», «жеңіс» деген спорттық сөз ұғымдары дене мәдениеті мен спорттың осы заманғы сөздігіне берік енді. Спорттағы мұдай негізге алынатын сөз ұғымдары, мысалы, «команданың бірлігі», «психологиялық сыйысушылық», «ұтымды жұмыстық жағдай», «психологиялық реттеу әдістері», «идеомоторлы жаттығу», «демалыс және босаңсыту аспаптары», «биологиялық» сияқты сөз ұғымдары кез келген жақсы нәтижелі командалық қызметтің негізі болып табылады және балалар мен жасөспірімдердің спорт мектептерінде кең қолданысқа ие болуда.

Дене мәдениеті мен спорт – бұл оқытып, үйрету және тәрбиелеу, сол сияқты оқушылардың жеке тұлғалық сапаларының қалыптасуы бойынша батыл стандартқа келмейтін шешімдерді табуға болатын таң қаларлық өмір өрісі.

Жемісті спорттық команда – бұл бір-біріне өзара сенімділікке, өзара сыйластыққа және өзара көмектесуге негізделген адамдық қарым-қатынастың тамаша үлгісі.

Спорттық командалардың ерекшеліктері – спорттық жарыстарда жеңіске және табысты нәтижеге жетуде оның мүшелерінің бірін-бірі өзара бақылауы және өзара көмектесуі, бірлесіп шешімге келуі.

Балалар мен жасөспірімдер спорт мектептеріндегі командаларды барынша үйлесімді үлгілеу командалық жұмыстардың сипаттамасына таңдаған спорт түрінің барынша көп сәйкестігінің жағдайын дұрыс анықтау, спорттық командалардың озық үлгідегі технологияларын пайдалану болып табылады. Спорттық команданың табысты нәтижелерін қалыптастырып дамытуда жаттықтырушының рөлі орасан зор.

Жаттықтырушының негізгі рөлі жоғары спорттық нәтижелерге жетуге оқу-тәрбие үдерісін бағыттау, спорт жарыстарының нәтижелерін талдау, команданы қолдау және сүймелдеу, команда мүшелерінің көңіл-күйлерін қалыптастыру болып саналады.

Спорттық командаға қатысушы мүшелерінің жеке тұлғалық сапаларын дамыту спорттық жүктемелерге психологиялық және әлеуметтік бейімделудің қозғаушы күштеріне сол сияқты команда ұжымындағы қарым-қатынасқа көп жағдайда баланысты болады.

Спорт мектептеріндегі спорттық жаттығу сабақтарына оқушылардың бөлімделуінің негізгі қозғаушы күштеріне дене мәдениеті мен спортқа мотивациялық-құндылық қатынасы, спорттық қызметке дайындық дәрежесі болып табылады.

Балалар мен жасөспірімдер спорт мектептеріндегі командалар оқушылардың мінез-құлық, іс әрекеттері мен қызығушылықтарының мотивациясымен, әрқайсысының қызметі мен рөлін анық айқындаумен, сол сияқты қатынас және жалпы ортақ тіл табысу мөлшерімен, сыйысушылықпен, бір тектілігімен және біркелкілігімен, озат болуымен, мамандануымен және кері байланысымен, белгілі нормалар мен дәстүрлерімен сипатталады [1, 25 б.].

Мотивациясы. Командада өз күші бойынша қызығушылығы мен мақсаттары басым бірлескен қызметте жалпы маңызды мотив болуы тиіс.

Командалық спорт түріндегі кез келген спортшы көп жағдайда өз нәтижесін команда нәтижесімен байланыстырады. Спортшы үшін команданың аты, оның жеңістері және мәртебесі маңызды. Жалпы жүлде, жалпы награда, жалпы чемпиондық атақ осыдан туындайды. Спорттық командалардың көпшілігі наградаларды беру, марапаттау рәсімі, жеңімпаздарды символдық салтанатпен құттықтау үдерісімен ресімделеді.

Команда мүшелерінің рөлі мен қызметін дәл анықтау. Спорттық команданың әрбір мүшесінің өзі сапалы түрде түсінетін белгілі рөлі болады. Спортшыны рөлімен идентификациялау (теңестіру), бір жағынан өз рөлінің мағыналық жүктемесін анық түсінуіне басқа жағынан, командадағы міндетін үйлесімді тиімділікпен орындауға мүмкіндік туғызады.

Спортшы сипаттамасының функциональдық талаптарға максимальды сәйкестігі спорттық командадағы міндетті рөлдерді бөлу кезендегі негізге алынатын жағдай болып табылатынын назарға алу маңызды.

Командадағы қарым-қатынас және жалпы тіл табу. Қатынастар дәл, анық, тиімді болады.

Жарыс басталар алдында команда мүшелеріне айқын міндеттер қойылады, ал аяқталғаннан кейін әрбір бөлімдеріне дейін талданады және қателері атап көрсетіледі. Спорттағы қатынас шектеулі, бірақ тиімді. Бұл, команда жетекшісі команда мүшелерімен қатынасты спорттағы сияқты шектеуі тиіс деген ұғымды бермейді. Дегенмен ол спортта қарым-қатынас үдерісіне үлкен маңыз берілетінін және барлық өзара әрекеттестік қажетті және жеткілікті қатынас кезінде жүретінін түсінуі тиіс.

Қосымша мысал ретінде теңіз командаларының тілін өте жақсы меңгерген, теңіз флотындағы түсіністік келісімдегі командаларын келтіруге болады.

Сыйысушылық. Балалар мен жасөспірімдер спорт мектептеріндегі спорттық командада физиологиялық, психологиялық және әлеуметтік сыйысушылық айырмаланады. Алға қойылған мақсатқа жету үшін командаға осы параметрді есепке алу қажет. Командаға қатысушы мүшелерінің барынша жоғары деңгейдегі сыйысушылығы (жалпы мақсат, жалпы адамгершілік немесе рухани құндылықтары). Ең төменгі деңгейдегі сәйкессіздіктің (жекелеген мінез сипаттарының сәйкес келмеуі, тамақтанудағы жеке тәбет, мысалы, биологиялық ырғақтылықтың әртүрлілігі) есептеуіне мүмкіндік туғызады.

Біртектілік (біркелкілік). Балалар мен жасөспірімдер спорт мектептеріндегі спорттық командалар үшін спорт түрлері бойынша оқу-жаттығу дайындығында қалыптасуы мүмкін біркелкілік тән.

Спорттық командалардың біртектілігі қосымша біріктіруші күш болып табылады. Бұл жағдайды команданы жасақтауды жобалау барысында ескеру қажет. Командаға қатысушы мүшелері үшін ең болмағанда маңызды және мойндалған бір параметрі бойынша ол біртекті болуы тиіс.

Теңдік. Егер балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінде жастары, білім деңгейі және спорттық тәжірибелері әртүрлі спортшылардан команда құрылса, олардың әрқайсысы үшін өз қабілеттерін бірдей көрсету және тең құқықта қатысу мүмкіндіктері болуын назарда ұстау қажет.

Спорттық команданың негізгі қасиеті-теңдік. Алайда, қақпашыны шабуылшыға қарағанда маңызды деп түсінуге ешқашанда жол беруге болмайды. Команда мүшелерінің статусын анықтау кезінде мұны назарда ұстау қажет.

Жаттықтырушының рөлі. Спорттық командада команда капитанынан айырмаланатын жаттықтырушы болады. Маңызды спорттық жеңістерге жетудегі жаттықтырушының шешуші рөлі болатыны туралы спорттық тарих беттерінде мысалдар жетерлік.

Жаттықтырушының рөлі команданы тәрбиелеу және қалыптастыруда, команданы алып жүру және қолдауда, жарыс нәтижелерін талдауда көрінеді. Жаттықтырушы психологтың және идеологтың мідетін атқарады, яғни команда мүшелерінің әдістік-тәсілдік міндеттеріне көңіл аударуына мүмкіндік беріп, олардың артық күштенуін және артық жауапкершілік сезімін қалпына түсіреді.

Мамандану. Балалар мен жасөспірімдер спорт мектептеріндегі спорттық командалар үшін командаға қатысушы мүшелерін мамандандырудың рөлі маңызды.

Нәтижелі спорттық командаларда бір жұмысты қосалқы атқаратынын немесе біреу үшін жұмысты орындайтынын болжалдау өте қиын. Батыс елдерінде спорттың командалық түрлерінде ***мультиспорт*** өте қызықты және халық арасында таралымға ие болған. Мұнда команда мүшелері әрбір спорт түрлерінен кәсіптенген спортшылардан жасақталып, спорттың әртүрлі 7-10 түріне қатысып, ара қашықтықтан өтеді. Олардың әрқайсысы өзі қатысқан спорт түріндегі жауакершілікті жарыс барысында бүтіндей өз мойнына алады [2, 131 б.].

Озаттық (лидерлік). Капитанның команда мақсатынан басқа мақсатқа бой алдыруға құқығы жоқ. Спорттық командада капитан мен команда мүшелері арасында тұрақты және тығыз қарым-қатынас болуы тиіс.

Кері байланыс. Нәтиженің өсуі және жоғары мақсаттарға жету үшін кері байланыс шешуші маңызға ие. Мамандар жарыс аяқталғаннан кейінгі алғашқы 10 минутта өткізілген қызметті және қателікті талдау 80 қателіктердің сабабін түсіндіруге және команданы және оның жекелеген мүшелерін одан әрі дамыту жолдарын болжалдауға қабілетті деп санайды.

Кері байланыс тиімділігін пайдаланбайтын спортшыны табу қиын. Ереже бойынша әрбір спортшы өзінің психологиялық, әдістік-тәсілдік және дене даярлығын талдайтын жүйелі күнделік жүргізеді. Мұнда болашақ чемпионның күш мүмкіндігін ашу үшін үлкен резерв жатыр. Кері байланыс сенімді, өз уақытында, ашық, пәндік бағытталған, позитивті бағдарланған болуы тиіс.

Жаттығулар жүйесі. Болашақ спортшының жоғары спорттық сапасы жаттығу барысында тәрбиелеу, қалыптасады және нығаяды. Жаттығуды оқушы қателесеуі мүмкін және қателеседі. Команда мүшелеріне спорттық жаттығулар мен жарыстар арқылы шеберліктерін дамыту мүмкіндіктерін беру маңызды.

Күтілмеген (экатремальды) жағдай. Команда бар күш мүмкіндіктерін жинақтап, ұйыстыруы тиіс және қателік жіберуге құқығы жоқ. Команда мүшелері үнемі өзара қарым-қатынаста, өзара әрекеттестікте болады және барынша қиын, шиеленіскен сәттерде бірге әсерленеді. Сергектік жағдайы шаршаумен, кейде жабырқаңқылықпен, түңілушілікпен, көңілі қалушылықпен алмасады. Бұлар жөнінде команда мүшелері біледі және басты жалпы мақсатқа жетуге олардың әсеріне тосқауыл қойып түрде жауап психологиялық проблемаларды жеңу және реттеу әдістерін меңгереді. Жарысқа қатысушы басқа команда мүшелерінің көз алдында жарақат алуды, ауруды сезінуін және қорқыныш сезімін бастан өткізеді. Спортшы қызметінің үнемі көпшілік алдында өтуі оның психологиялық мақсаттарына ерекшелік береді.

Жоғары дәрежелі спортшылар басым көпшілік жағдайды сезімдерін бақылауға және ұстауға қабілетті болады. Мұндай күтілмеген жағдайларда команда мүшелері

бірін-бірі терең біледі. Бұл команданың ең тиімді қасиеттерінің бірі, мінез-құлық, іс әрекетінің алдын ала болжалданылуына мүмкіндік жасайды. Күтілмеген жағдайлар кездескенде команда мүшелері бірін-бірі білсе жақсы болады. Командалық «Күтілмеген экстрамальды жағдайларға шығуды» ойлап табу және арнайы ұйымдастыру пайдалы. Қарапайым емес күштенуді және адам сапаларын көрсетуін талап ететін кез келген күтілмеген жағдай бірден бүтіндей команда және оның әрбір мүшелері туралы қосымша ақпарат береді.

Нормалар мен дәстүрлер. Олар команда тобының әртүрлі статустық, әлеуметтік, жас ерекшелік құрамы жағдайында маңызды. «Бірі бәрі үшін, бәрі бір үшін» деген сөз тізбегін таңертеңгілік дәстүрлі қайталау спорттық қызметтегі қомақты біріктіруші күш болып табылады. Спортшының жеке тұлғалық құрылымы әдеттегі тіршілік жағдайынан өнерленген басқа жағдайға өтуі кезінде өзгеріске ұшырайды. Мысалы, спорттық жаттығу жиынында, жарыстарда, ұзақ уақыт болу, спорттық тіршілік режімі.

Балалар мен жасөспірімдер спорт мектептері оқушыларының дене мәдениетіне бейімделуінің негізгі сипаттамаларына мыналар жатады:

• спорттық шеберлік көрсеткіштері (атағы; дәрежсі; спорттағы ең жоғарғы жетістігі; спорттық қызметтің мақсаты және оларды іске асыру; спортпен шұғылдануды бастау жасы; спорттық қызмет мотивтері);

• дене мәдениетінен қосымша білім алу мотивтері: спорт мектебін таңдау; спорттық қызметке қатынасы; өзін-өзі спорттық анықтау; спорттық қызметке қанағаттанушылық.

• әлеуметтік-экономикалық қозғаушы күштерден (тіршілік табыстарынан құралатын; спорттық қызмет мотивтері, спорттық жұмысқа қойылатын талап; келешектігін елестету) алатын спорттық дайындықтың әлеуметтік статусына байланыстылығы.

Балалар мен жасөспірімдер спорт мектептерінің қосымша спорттық білім алған оқушыларының бейімделуін зерттеу спорттық қызметтің сапасына әсер ететін әртүрлі әлеуметтік және басқа қозғаушы күштердің әсерімен бұл үдерістің күрделіленгенін көрсетеді.

Дене мәдениеті мен спорт саласында спорт мектептері оқушыларының бейімделу барысына әсер ететін маңызды сатысынан өтуге спортпен шұғылдану барысында жеке тұлғаның өзін-өзі анықтауы жатады.

Болашақ спортшының дұрыс қалыптасуы үшін басты назар нақтылы спорт түріне аясытар мақсат ретінде емес, спорт арқылы болашақ спортшының жеке тұлғасын дамытуға бағытталған қалыптастыруға аударылуы тиіс. Кәсіби бағдар жұмыстарын дұрыс ұйымдастыру барысында болашақ спорттық қызметтің мотивациясының маңыздылығы мен ұғынықтылығы арта береді және оның нәтижесі жоғары спорттық нәтижелер болып табылады .

Спортшылар спорт мектептерінде оқып, үйрену барысында жалпы спорттық дамуға қарағанда жоғары нәтижелерге жетуді жиі бағдарға алады (87,5%), яғни бұл болашақ спортшыларды дайындауды күрделілендіреді және студенттердің спорттық бағыттылығы және оқу үдерісінің мазмұны арасында үйлеспушіліктің пайда болуына әкеледі.

Қазіргі қоғамда спорттық қызмет социализацияның тиімді құралына айналады, бірақ спорт мектептерінде дене мәдениетінен алынатын білім спортшының байсалды спорттық қызметке толық қанды кіруі үшін жеткіліксіз. Спорт мектептері оқушыларының дене мәдениетіне бейімделуінде спорттық қызмет мотивтері, құндылық бағдарлары мен өмір қажеттіліктері маңызды рөл ойнайды.

Балалар мен жасөспірімдер спорт мектептеріндегі оқу-тәрбие үдерісінің өзгеше ерекшелігі қосымша білім беру жүйесіне қатынасымен анықталады.

Балалар мен жасөспірімдер спорт мектептеріндегі дене мәдениеті бойынша қосымша білім беруді қалыптастырулың негізгі жағдайы оқушылардың мотивтері мен мазмұны бойынша әртүрлі білім алу қажеттіліктерін қанағаттандыратын вариативті және дифференциалды педагогикалық бағдарламаларды іске асыру болып саналады.

Күнделікті өмір тіршілігіндегі спортпен шұғылдану барысында қалыптасқан жеке ерекшеліктерін пайдалана білу оқушының спорт мектебінің тіршілік тынысына енуіне мүмкіндік жасайды. Спорт болашақ спортшылардың жоғары нәтижелерге

жетуі үшін тек дене сапаларын жаттықтырумен ғана шектеліп қоймайды, сонымен бірге олардың алдына психологиялық дайындығын да қамтамасыз ететін қатаң талап қояды.

Спортшыны нәтижелі дайындау жағдайларының бірі оның тіршілік ұстанымдарының күшейтілген шамданушылығын, жоғары талаптану бастамасын құру болып табылады.

Балалар мен жасөапірімдер спорт мектептерінде білім берудің өзгеше ерекшелігі оны басқару жүйесінде де көрінеді. Балалар мен жасөспірімдер спорт мектептеріндегі педагогикалық үдерісті тиімді басқарудың негізгі шұғылданушылардың (оқушы, студент) дене дайындығы деңгейін арттыруға, олардың салауатты өмір бейнесіне қызығушылық ынтасын дамытуға бағыттау, олардың өз қабілеттерін көрсетулері үшін дайындауда қоғамның әлеуметтік сұранысын орындау қолда бар қоғамдық қатынастарды жетілдіру болып табылады.

Балалар мен жасөспірімдер спорт мектептеріндегі білім беру үдерісі қосымша спорттық білім беру үдерісі ретінде қарастырылады. Спорт мектептеріндегі қосымша спорттық білім берудің мақсаттары келесі міндеттерді жүзеге асыруды алдын ала айқындайды:

• спорттық қызметтің қандай да бір қызықтыратын түрлерінің есебінен негізгі білім түрлерін дамыту;

• шұғылданушыларды (оқушы,студент) толық жабдықталған, қолайлы, қуаныш сезімі ұялайтын, яғни «күтілмеген нәтижелі жағдай» және қарым-қатынасты жақсаратын ортамен қамтамасыздандыру;

• дербес білім алу жолын таңдауына көмектесу (дене мәдениеті мен спортты меңгеруі бойынша алға жылжу аясы).

Балалар мен жасөспірімдер спорт мектептеріндегі қосымша спорттық білім берудің әлеуметтік маңыздылығы жеке тұлғаның кешенді дамуы мақсаттарының келесі кешенімен қамтамасыздандырылады:

• қосымша бағдарламалар арқылы іске асырылатын танымдық дамумен;

• жеке тұлғалар арасындағы өзара қарым-қатынас тәжірибесі кіретін, әлеуметтік бейімделумен;

• әлеуметтік бастамалардың дамуымен;

• кәсіби (профильді) бағдарламалар арқылы спорттық қызметті сапалы түрде және нәтижелі таңдаумен;

• спорттық дайындықты кәсібилікке дейін бағдарлаумен;

• әртүрлі спорт түрлерінен деңгейі мен мазмұны бойынша әртүрлі бағдарламаларды меңгеру арқылы оқушылардың шығармашылық потенциалын ашумен;

• бос уақытты ұйымдастырудың құралдары мен формаларын таңдауға мүмкіндік туғызатын бағдарламалардың әртүрлігі бейнедегі танымдық проблемалар жиынтығы (пролематика) бойынша жалпы мәдениетті, оның ішінде қызметтік бос уақытты тиімді өткізу мәдениетін дамытумен байланысты.

Білім беру мақсаттары өзінің дамуын оқу материалының мазмұнынан оқыудың білім беру бағдарламаларын дұрыс құрудан алады. Дене мәдениеті мен спорт саласындағы спорт мектептерінде қосымша білім беру бағдарламасының мазмұны мыналарды алдын-ала қарастырады:

• жеке тұлғаның спорттық шығармашылыққа және спорттағы өз қажеттіліктерін орындау мотивацияларын дамыту;

• оқушылардың қарым-қатынастық қабілеттерін, дербестігін, жеке мәдениетін дамыту;

• шұғылданушылардың (оқушы,студент) дене және ақыл,ой дамуын түзету;

• балалар мен жас жеткеншектердің асоциальдық мінез-құлық, іс әрекетінің алдын алу шаралары.

Дене мәдениеті бойынша балалар мен жасөспірімдер спорт мектептерінде жеке тұлғаның өзін-өзі еркін анықтау аясы ретінде қосымша білім беруді тиімді ұйымдастырудың жағдайы оқушылардың білім алу қажеттіліктерінің мотиві мен мазмұны бойынша әртүрлі қанағаттандыратын вариативті және дифференциалды оқу бағдарламаларын жүзеге асыру болып табылады.

Шұғылданушылардың басты қажеттіліктеріне мыналар жатады:

• оқушылардың өздерінің жеке қабілеттерін тамытуға, сол сияқты олардың өз таңдаған спорттық қызметіне қызығушылығы өздігінен жүзеге асыруға, өзін-өзі жетілдіруге және өзін-өзі дамытуға ұмтылуы ретінде алдын ала келісілген шығармашылық (креативті) қажеттіліктер;

• спорт түрлері бойынша негізгі білім беру бағдарламасына кірмейтін білім көлемін арттыруға ұмтылумен анықталатын спорт мектебі оқушыларының танымдық қажеттіліктері;

• өз қатарларымен, ересектермен, әріптестерімен, педагогтармен, жоғары дәрежелі спортшылармен қарым-қатынаста жүзеге асырылатын, коммуникациялық (қатынастық) қажеттіліктер;

• қосымша білім алу нәтижесінде жеке проблемаларын шешу қызығушылығымен пайла болатын, оқып, үйрену немесе қарым-қатынас аясында жатқан компенсаторлы қажеттіліктер;

• кәсіпке дейінгі және кәсіби спорттық дайындыққа белгілеумен байланысты кәсіби бағдарлық прогматикалық қажеттілік;

• қол бос кездерді мазмұнды ұйымдастыруға ұмтылумен байланысты бос уақыт қажеттілігі.

Оқу материалдарының мазмұнында шұғылданушылардың (оқушы, студент) жоғарыда көрсетілген қажеттіліктерді жүзеге асыру барысында балалар мен жасөспірімлер спорт мектептеріндегі оқу-тәрбие үдерісін басқаруды ұйымдастыруды жетілдірудің негізгі бағыты ретінде нормативтік құжаттарды өңдеп дайындау қарастырылуы мүмкін.

Балалар мен жасөспірімдер спорт мектептерінде шұғылданатындарды спорттық дайындаудың өзгеше ерекшелігі бағдарлама мазмұнына енген барлық теориялық білімдер спорттық практикада сынақтан өткізіледі, спорттық қызметтің әртүрлі салаларында танымдық, қатынастық, әлеуметтік өздігінен жүзеге асыру тәжірибесіне ұласады.

Мысал түрінде мұндай дайындыққа туристік-өлкетану бағытын келтіруге болады.

Практикада жинақталған мектептен тыс, сол сияқты қосымша спорттық білім беру, туристік- өлкетану бағыты қоршаған әлемді іс жүзінде танып, білуге мазмұндық түрі бойынша оқушыларды қызықтырып, тартудың ұқсастарын жеткілікті дәрежеде шартты айырмалайды.

Туризм және өлкетану оқушыларды тұрғылықты ортасының (аймақ,ел) табиғат және мәдени ерекшеліктерін түсінудің өзара толықтыратын екі жолы болып табылады.

Туризм мен өлкетануға бөлінуінің шарттылығы аймақтың табиғат және мәдени ерекшеліктері есепке алынып туристік жұмыстардың құрылуы бағдарламадағы жалпы жорықтардың санымен байланыстырылады, ал өлкетану жұмыстары өзіне туристік жұмыстардың жорық, саяхат сияқты түрлерін ендіреді.

Сол сияқты туризм мен өлкетанудың бір бағыт аясындағы өзара толықтырылуы практикалық-қолданбалы, сол сияқты жұмыстар орындалатын елді мекенде игеру тәсілдері бойынша әртүрлі қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін жағдай жасауды қамтамасыз етеді.

Қосымша білім беру бағыты ретінде туризмнің негізінде спорттық қондарғыларды пайдаланумен әртүрлі дәрежедегі күрделілікпен жорықтар мен саяхаттар ұйымдастыруда жатыр.

Туризм бойынша бағдарламалар кәсіби колледждер мен кәсіби мектептердің оқушылары мен орта және жоғары сынып жасындағы балаларға басымырақ белгіленіп, есептелген. Бағдарламалар оны дайындаған жетекшілердің мамандығына, оқушылардың қызығушылық ынтасына, жергілікті жағдайларға барынша әртүрлі бағыттағы бейнеде болуы мүмкін.

Солай болғанмен туризм бойынша бағдарламалардың көпшілігі техникалық қауіпсіздік ережелері мен алғашқы медициналық көмекті, тұрғылықты жерді бағдарлау ережелерін меңгеруден тұратын жорыққа және саяхатқа теориялық және практикалық дайындықты ендіреді. Туризм бойынша бағдарламалар дене дайындығы, спорттық жаттығуларды өткізу бойынша шығылдану сабақтарын алдын

ала қарастырады. Туризм бойынша бағдарламаның мазмұнында сонымен бірге оған туған өлкені таныстыратын туристік мүмкіндіктері мен өлкетануды практикалық-бағдарлаудан білімі болуы да кіреді.

Өзінің бағыттылығы бойынша балалар мен жасөспірімдер спорт мектептерінің педагогикалық бағдарламалары негізгі үш түрге бөлінуі мүмкін: білім беру, оқу және бос уақытты тиімді пайдалану.

Мұндай бағдарламаның идеологиясы төтенше әртүрлі бейнеде, оның негізгі сипаттамалары келесі үлгілік құрылымда ұсынылуы мүмкін:

• жасы бойынша: мектеп жасына дейінгілер, бастауыш, орталау, орта мектеп оқушылары мен жасжеткеншектер үшін;

• жынысы бойынша: аралас, ер балалар үшін, қыздар үшін;

• созылу ұзақтығы бойынша: бір жылдық, екі жылдық және т.б.;

• іске асыру формалары бойынша: топтық, жеке;

• спорттық қызмет түрі бойынша.

Спорттық қызмет түрі бойынша балалар мен жасөспірімдер спорт мектептерінің спорттық бағдарламалары мамандық саласы және көп салалы болып бөлінеді.

Меңгеру деңгейі бойынша бағдарламалар мыналарға бөлінеді: жалпы мәдени, тереңдетілген, кәсібі бағдарланған және т.б.

Қосымша спорттық білім беру бағдарламасының бірқатар жіктелуі бар.

Бағдарламалық жобалауды бастауға кірісер алдында педагогқа бағдарламаның «негізгі бағыттылығын» бірден айқындау ұсынылады.

Әдетте бағдарламаның мына төрт түрі айырмаланады:

Бағыт көрсету, хабардар ету. Мұндай бағдарламалардың негізгі бағыты балалардың дене мәдениеті мен спорттың қандай да бір саласы бойынша жеке тұлғалық хабардарлық бағдарын қалыптастырумен байланысты.

Маңызды, күрделі, іргелі: Мұндай бағдарламалардың мақсаты – қандай да бір спорттық саладан маңызды білімді меңгеру.

Қолданбалы (технологиялық). Бұл бағдарлама түрінің басты мәні қандай да бір спорт түрі бойынша балалардың белгілі бір қызмет тәсілдері мен біліктіліктер жиынтығын меңгеруі үшін жағдай жасау болып табылады.

Ақпараттық. Курстың мақсаты - әрбір баланың, жасөспірімнің иелігіне қандай да бір спорт саласы туралы ақпараттар ағымын беруге мүмкіндік жасау.

Бос уақытын тиімді өткізу бағдарламалары – бұл бағдарламалар спорт мектептерінде тұрақты негізде оқитын тәрбиеленушілерге, сол сияқты шұғылдануға кезеңдермен қатысатындарға арналады.

Қазіргі кеде балалар мен жасөспірімдер спорт мектептеріндегі спортшыларды дайындаудың іс тәжірибесінде балалардың бос уақыттарын тиімді пайдалану бағдарламасына үлкен маңыз берілуде.

Бұл бағдарлама балалардың жалпы көпшілік спорттық мерекесі ретінде ұйымдастырылуы, және аз адаммен орындалатын сипатта (камералы) болуы да мүмкін.

Бос уақытты тиімді пайдалану бағдарламаларының мазмұн мен ауқымдылығы бойынша ұйымдастырушы ретінде жекелеген жаттықтырушылардың, педагогтардың қатысулары мүмкін. Балалар бұл бағдарламаларға барлық уақытта белсенді қатысады, олардың ішінен қабілеттерін дұрыс педагогикалық басшылыққа сәйкес ұйымдастырушылық міндет жүктелуі мүмкін. Балалардың бос уақытын тиімді өткізу бағдарламалары балар ұжымдарында тәрбиеленушілердің олар үшін бағдарламаға дайындалып, қатысу өз сапаларын дамытудың маңызды қозғаушы күші болып табылатын шығармашылық жетістіктерін көрсетеді. Бос уақытты ұтымды өткізу жеке тұлғаның танымдық, қарым-қатынас, шығармашылық аясын еркін таңдауы болып табылады.

Басқа қызмет түрлеріне қарағанда балалардың бос уақыттарын тиімді өткізу әлеуметтік нормалармен және ережелермен аз дәрежеде шектелген. Солай бола тұрса да мемлекеттік және қоғамдық институттардың бұқаралық ақпарат құралдарының дәстүрлі ықпалында болады. Бұл бағдарламаның мазмұнына әртүрлі әлеуметтік

құрылымдардың ықпал етуі позитивті және қайшы келуі мүмкін, яғни жеке тұлғаның өзін-өзі көрсету аясының шектелуіне немесе керісінше кеңеюіне мүмкіндік жасайды.

Балалар демалысын тиімді өткізудің потенциалы кең ағарту, танымдық, рекреациялық, шығармашылық мүмкігдіктері болып табылады, яғни оларды меңгеру бос уақыттың құрылымы мен мазмұнын байытады, жеке тұлғаның жалпы мәдениетін дамытады.

Бос уақытты үйлесімді тиімділікпен өткізу спорт мектептері қызметінің дәстүрлі бағыты болып табылады.

Балалардың бос уақыттарын дұрыс ұйымдастыруға терең мағына беріп назар аудару оқушылардың сабақтан бос уақыттарын оның жеке тұлғалық дамуына дұрыс әсер ететін шұғылдану түрлерімен және формаларымен толықтыру олардың жағымсыз топтарға қатысу мүмкіндіктерін азайтады, зиянды және қауіпті дағдылардан аулақ болуына ықпал етеді.

Бұл бағдарламалар балалардың мектеп жасына дейінгілерінен ересектерге дейін барлық жастағылар санаттары үшін жобаланып, дайындалады. Олардың мақсаттары бос уақытты мәдениетті өткізуді қалыптастырумен байланысты мына міндеттер кешенін іске асыруға бағытталған: оқушыларды ойын, жарыстар әлеміне қызықтырып тарту, таным, білім беру, қарым-қатынас арқылы бос уақытты тиімді пайдалануды ұйымдастырудың дәстүрлік және инновациялық тәжірибесін меңгеру. Бұл әртүрлі әлеуметтік маңызды нормалар мен құндылықтарға жеке тұлғаның бағыттылығын болжалдайды.

Балалардың сабақтан бос уақыттарын тиімді пайдалану бағдарламаларын дене мәдениеті мен спорт саласында потенциалды мүмкіндеріне мына тапсырмалар жатады:

- өзін-өзі жетілдіру;
- әлеуметтік-тарихи ортақ мүддегілікке жататынын сапалы ұғыну;
- жалпы адамзаттың адамгершілік құндылықтарын сақтау;
- әлеуметтік белсенділік;
- спорттық жоғары жетістіктерге жетуге бағыттылық.

Балалардың сабақтан бос уақыттарын тиімді пайдалануға арналған бағдарламалар білім беру бағдарламаларына қарағанда адамның дене дайындығын, интелектуалдық, әсерленушілік мүмкіндіктерін жоғары дәрежеде көрсетеді.

Егер білім беру бағдарламасында қызметтің басты түрі танымдық қызмет болса, онда демалысты тиімді өткізу бағдарламасында оқу-тәрбие үдерісін жетілдіруде үлкен маңызға ие ойындық қызмет болып табылады.

Бос уақытты тиімді пайдалану бағдарламасындағы ойындық қызмет формалары барынша көп бейнелі. Бұларға мазмұндық-рөлдік ойындар, ойындық еліктеу (имитациялық) үлгілеулері, демонстрациялық, театрландырылған ойындар, ойын-конкурстар жатады. Бұл бағдарламаларда қазіргі кездегі ойындардың негізгі түрлері мен тренингтер, яғни оның ішінде мына төмендегілер пайдаланылады:

- дене және психикалық;
- интеллектуалдық-шығармашылық;
- әлеуметтік;
- кешенді.

Ойындық технологиялар бос уақытты тиімді пайдалану бағдарламасының көрністік, динамикалық сипатын, оның мазмұнын сезіммен қабылдау бағдарын алдын-ала анықтайды.

Балалар мен жасөспірімдер спорт мектептеріндегі қосымша білім беру практикасы балалардың сабақтан бос уақытын тиімді пайдаланудың бағдарламасын жүзеге асырудың байытылған тәжірибесін көрсетеді. Жоспарланған бағдарламаның созылу ұзақтығына, мақсатына және оған балалардың қатысу дәрежесіне байланысты демалысты тиімді өткізу бағдарламасы бірнеше түрлерге бөлінеді:

- Бір реттік ойындық бағдарлама, яғни мұнда басқарушы қатысушылардың дайындық талап етілмейтін қандай да бір спорттық жаттығуды орындаумен байланысты балаларды ойынға қосады. Балалардың жасына және спорттық тапсырманы таңдауына байланысты 30 минутқа және одан да көпке созылуы мүмкін.

- Ойынға қатысушылардың алдын ала дайындығымен тапсырмалық тақырып бойынша бағдарламаның конкурстық ойындары («Брейн-ринг», «Турнир» және т.б.). Мұндай бағдарламаларды педагогтар мен ересек спортшылардың дайындауына және өткізуіне болады.

Шет елдердегі озық білім беру практикасында технологиялық өңделіп, дайындалған мұндай бағдарламалар «curriculum», яғни «жүгіру жолағы», «мақсатқа жету жолы» деп аталады, олар дәстүрлі «syllobus» оқу бағдарламасынан (курс бағдарламасы, лекция, жоспар, сабақ кестесі) айырмаланады.

«Curriculum» бағдарламаларында терең анық және нақтылы ойластырылып дайындалған білім беру немесе спорттық мақсаттар мазмұндалған. Егер алға қойылған мақсаттар барлық мәселелерді қамтитын глобальды сипатта болса, онда соңғы мақсатты тапсырмалар мен одан әрі бөлінетін арасындағы бір ізді байланысты көрсетумен сипатталады. Мақсаттарды анықтауға ерекше назар аударылады, немесе мақсат-барлық бағдарламалар мазмұнының тұтастығына кепілдік беретін жүйеге жасаушы элемент. Мақсаттарды тұжырымдаудың алгоритмін Д.Л. Моррисей [3, 94 б.] орындалатын әрекетті сипаттайтын етістіктің анықталмаған формасынан немесе бұйрық райынан басталатын келесі сәттерді атап көрсетті:

• талап соңғы нәтижені анықтайды;

• мақсатқа жетудің тапсырылған мерзімін нақтылайды; күш, құрал, уақыт және қуаттардың мүмкін болатын максимальды мөлшерін белгілеу;

• бұл мақсатқа жетудің дәлелін айқындау үшін қажетті қай жерде мүмкін, спорттық жұмыстардың талап етілген нәтижелерінің сандық сипаттамасын көрсету;

• не және қайда істелінген болуы тиіс екенін түсіндіру;

• бірегей оқу циклының нақтылы кезеңдеріндегі оқытып, үйрету міндеттерін қою;

• спорттық жаттығуларды меңгеру үдерісінде жаттықтырушы мен оқушылар қызметін үйлесімді ұйымдастырудың тәсілдерін, мүмкіндік жағдайлары мен формаларын сипаттау;

• оқушыда бұрыннан бар, даму үстіндегі спорттық біліктілігі мен дағдыларын, пәндік саласын, танымдық, әлеуметтік аясын меңгеру үшін қажетті әртүрлі біліктілік дәрежелерін қалыптастырудың әдістері мен тәсілдерін сипаттау;

• диагностика тәсілдерін анықтау және нәтижелерін бағалау;

• егер нәтижелер күтілген нәтижеге жетпесе, оқытып, үйрету үдерісін түзетудің варианттарын бағдарлау;

• дене жаттығуларының барлық курсын меңгеру үшін қажетті материалдық, уақыт, адам және ресустарды есептеу.

Бұл бағдарламалардың немесе технологиялардың стандартты бағдарламалардан айырмашылығы, олар оқушыларға спорттық қызметті белсенді меңгерудің құралы мен мүмкіндік жағдайын белгілейді, яғни оларға өзін және өз күшін байқап көруге, қызықты шығармашылықпен шұғылдануға және қарым-қатынас жолдарын іздеуге өз ісін таңдауға және оны айқын, айтарлықтай нәтиже түрінде лайықты аяқтауға, ойлап табушылық, фантазияларды еркін көрсетуге мүмкіндік туғызады.

Оқушылардың мұндай қызметке қатысуының ерекше мәні бар, яғни оларға бұрыннан бар спорттық қабілеттерін жетілдіруге және жаңаларын меңгеруді қамтамасыз етеді, спортта жоғары нәтижелерге жетудің мүмкіндік деңгейлерін арттырады.

Балалар мен жасөспірімдер спорт мектептеріндегі оқу-тәрбие үдерісінің өзгеше ерекшелігі қосымша білім беру жүйесіне қатынасымен анықталады.

Балалар мен жасөспірімдер спорт мектептеріндегі дене мәдениеті бойынша қосымша білім беруді қалыптастырулың негізгі жағдайы оқушылардың мотивтері мен мазмұны бойынша әртүрлі білім алу қажеттіліктерін қанағаттандыратын вариативті және дифференциалды педагогикалық бағдарламаларды іске асыру болып саналады.

Қорыта айтқанда күнделікті өмір тіршілігіндегі спортпен шұғылдану барысында қалыптасқан жеке ерекшеліктерін пайдалана білу оқушының спорт мектебінің тіршілік тынысына енуіне мүмкіндік жасайды. Спорт болашақ спортшылардың жоғары нәтижелерге жетуі үшін тек дене сапаларын жаттықтырумен

ғана шектеліп қоймайды, сонымен бірге олардың алдына психологиялық дайындығын да қамтамасыз ететін қатаң талап қояды.

Спортшыны нәтижелі дайындау жағдайларының бірі оның тіршілік ұстанымдарының күшейтілген шамданушылығын, жоғары талаптану бастамасын құру болып табылады.

Балалар мен жасөапірімдер спорт мектептерінде білім берудің өзгеше ерекшелігі оны басқару жүйесінде де көрінеді. Балалар мен жасөспірімдер спорт мектептеріндегі педагогикалық үдерісті тиімді басқарудың негізгі шұғылданушылардың (оқушы, студент) дене дайындығы деңгейін арттыруға, олардың салауатты өмір бейнесіне қызығушылық ынтасын дамытуға бағыттау, олардың өз қабілеттерін көрсетулері үшін дайындауда қоғамның әлеуметтік сұранысын орындау қолда бар қоғамдық қатынастарды жетілдіру болып табылады.

Әдебиеттер:

1. Ахмедзянов М.Н. Физическое воспитание учащихся в деятельности начинающего педагога: Учебное пособие. – Челябинск. 1997. – 60 с.

2. Баранов В. А., Каинова Э. Б. Совершенствование учебно-воспитательного процесса в средних профессиональных образовательных учреждениях. – М.: ИПР СПО, 2000. – 205 с.

3. Краевский В. В. Воспитание или образование? // Педагогика. – 2001. – №3. – С. 3-10.

Сейдахметов Е.Е., Калиев Н.Қ.

Педагогические основы дополнительного образования в физической культуре и спорте

В статье говорится о педагогических основах дополнительного образования по физической культуре и спорту. Анализируются социально-психологические теории взаимоотношений между обучаемым и обучающим педагогом. В статье представлены методы по улучшению физической подготовки, повышению качества учебной деятельности.

Ключевые слова: *Создание методических трудах теоретического анализа, опытно-экпериментік работа, статистические методы.*

Kaliev. N.K.

Pedagogical bases of physical culture and sports, further education

The article discusses the efficiency of the process of teaching physical culture, the biological characteristics of the human body and requirements of sports medicine should know what type of methods and means of learning, to assimilate knowledge in other subjects, the article is very good and in a good state of maintenance of physical preparation, improvement of quality of educational activity in accordance with the purpose, General pedagogy of physical culture in the education system in close unity, complementing each other, achieving a unique goal, i.e. healthy physically and on the soul, spiritually rich, and described to carry out preparation of specialists of high qualification.

Keywords: *Creation of methodological papers theoretical analysis, experimental experiments work, statistical methods.*

ӘОЖ: 81’243

Кисметова Г.Н. – педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент,
М.Өтемісов атындағы БҚМУ
E-mail: galiya-69@mail.ru
Аманбаева З.Ж. – филология ғылымдарының кандидаты, доцент,
М.Өтемісов атындағы БҚМУ
E-mail: baimurzina_zh@mail.ru
Даулетова А.У. – М.Өтемісов атындағы БҚМУ магистранты
E-mail: madmuazel_ainur@mail.ru

ШЕТ ТІЛІН ОҚЫТУДА ҚОЛДАНЫЛАТЫН ИНТЕРАКТИВТІ ӘДІС-ТӘСІЛДЕРДІҢ МАЗМҰНЫ МЕН ТҮРЛЕРІ

Аңдатпа. *Заманауи қоғамның негізгі қажеттіліктерінің бірі - мектепте оқу-тәрбие үрдісін ұйымдастырудың ұтымды жолдарын іздестіру. Жаңа ақпараттық-коммуникациялық технологиялар әлемі біздің өмірімізде үлкен маңызға ие болуда. Оларды шет тілі сабағында қолдану оқушылардың танымдық белсенділігін арттырып, қызығушылықтарын оятып, дүниетанымын кеңейтіп, интерактивті оқытудың тұлғалық бағытталған технологияларын қолдануға мүмкіндік береді. Интерактивті әдістер кеңінен қолданылып өткізілетін сабақта әрбір студенттаным үдерісіне еліктіріліп, ойлау, түсіну, талдау мүмкіндіктеріне ие болады.*

Тірек сөздер: *Интерактивті оқыту, коммуникативті шеберлік, рөлдік ойын, дағды, инновациялық әдіс-тәсілдер, оқу-таным үдерісі.*

Қазіргі таңда оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастырудың теориясы мен практикасында айтарлықтай өзгерістер болып жатыр. Шет тілін оқытудың дәстүрлі формалары интерактивті әдіс-тәсілдерді қамтыған оқытудың инновациялық тәсілдеріне орын беруде. Қажетті тілдік білімді меңгеру – оқытудың жаңа инновациялық түрінің пайда болуына әкелді. Шет тілін оқыту, барлық қатысушылардың білім беру үдерісінде белсенді ат салыса отырып, білімді игере алатындай етіп құрылуы қажет. Оқу үдерісін ұйымдастырудың тағы бір жолы – педагогтың интерактивті оқыту әдісін өз әрекетінде қолдануы.

Интерактивті оқытудың мәні – барлық қатысушылар оқу-таным үдерісіне жұмылдырылып, өздерінің алған білімдерін түсініп, жүйелей алуында. Оқу үдерісінде қандай да бір оқушыны, я болмаса, қандай да бір ойды бөліп жарып қарауға болмайды, барлық қатысушылар тең дәрежеде болады [1].

Интерактивті ережемен құрылған сабақта әрбір қатысушыға мәселені шешуде ат салысуына мүмкіндік беріледі, нәтижесінде коммуникативті дағды, ынтымақтастық пен өзара әрекетке қабілеттілік қалыптасып, сын тұрғысынан бірегей ойлау жүйесі дамиды.

Интерактивті оқыту бір мезетте бірнеше міндеттерді шешеді [2]:

- Коммуникативті шеберлігі мен дағдыны дамытады, қатысушылар арасында эмоциялық байланысты орнатуға көмектеседі;
- Қатысушыларды, өзара біріккен әрекетті құруға мүмкіндік беретін қажетті ақпарат көзімен қамтамасыздандыратындықтан ақпараттық міндетті шешеді;
- Жалпы оқу шеберлігі мен дағдыларын дамытады (талдау, жинақтау, мақсат қою және т.б.), яғни білім беру міндетін шешеді;
- Ұжымда жұмыс жасауға, өзгенің ойын мұқият тыңдауға үйретететіндіктен тәрбие міндетін шешеді;
- Жүйке жүйесіне шамадан тыс көп күш арттырмауды, әрекет формасын алмастыруды қамтамасыз етеді.

Білім мақсатына жету үшін мұғалім өз бойында мынадай үлкен шеберлікті жетілдіруі қажет: проблемді-ізденіс әдістерін меңгеру, қатысушылардың шығармашылық-зерттеу әрекеттерін сәтті ұйымдастыра білу, сонымен қатар, интерактивті оқытуды ұйымдастыру. Дегенмен, қатысушылардың өзіндік шығармашылық әрекетпен көбірек айналысуы үшін мұғалім тек бағдарлы әрекетпен ғана шектелуі тиіс. Себебі, әрбір бала өзін қызықтыратын және өмірлік қажетті болып табылатын жұмыстан ешқашан шаршамай, сәттілікке қол жеткізуге ұмтылады. Сабақ барысында интерактивті оқыту әдістерін жиі қолданып отыру арқасында оқушыларда ақпаратты меңгеруге тиімді амалдар қалыптасады, өз ойын дұрыс жеткізбеу немесе қандай да бір қателік жіберуге деген қорқынышы жойылады.

Әрбір мұғалімнің міндеті оқушылардың оқып жатырған пәніне деген қызығушылығын арттырып, танымдық, ойлау және шығармашылық белсенділіктерін арттыру болып табылады. Шет тілінің мектептегі бағдарламасы пәнді практикалық тұрғыда меңгеруге арналған. Мұндай міндет шет тілі мұғалімінен оқудың бастапқы кезеңінде-ақ оқушыларды шет тілінде сөйлеуге үйретіп (мейлі, бастауыш деңгейде болсын), әрі қарайғы коммуникативті әрекетіне негіз құруды талап етеді. Оқытудағы тиімді тәсілдердің бірі интерактивті әдіс-тәсілдер болып табылады. Олар сөйлеу әрекетін нағыз коммуникативті ситуацияға бір елі жақындатады, тілдік бағдарламалық материалды нәтижелі өңдеуге септігін тигізеді, оқудың тәжірибелік бағытын қамтамасыз етеді, мектепте тәрбие үрдісінде енжарлықты, көңілсіздікті, нысаншылдықты (немқұрайлылық) жоюға көмектеседі. Интерактивті оқыту үрдісі деп біз оқу ойындары формасында педагог пен оқушылардың өзара әрекетін ұйымдастыруды түсінеміз [2].

Төменде шет тілі сабағында кеңінен қолданысқа енген интерактивті әдіс-тәсілдер түрі ұсынылған:

Рөлдік ойын – бұл тәсіл бір уақытта сөйлеу, ойын және оқу әрекеттеріне бағытталған. Оқушылардың көзқарасы бойынша рөлдік ойын – бұл ойын әрекеті, оқушылар бұл ойында әртүрлі рөлді сомдайды. Ойын оқушылардың оқуға деген қызығушылығы мен ынтасын арттыра түсетіні сөзсіз. Ал мұғалім үшін ойынның мақсаты – қатысушылардың сөйлеу шеберлігі мен дағдыларын қалыптастырып, дамыту. Рөлдік ойын басқарылмалы, мұғалім оның оқу сипатын айқын түрде жете түсіне алады [3].

Шешім ағашы. Сынып бірдей оқушы санымен 3 немесе 4 топқа бөлінеді. Әрбір топ берілген сұрақты талқылап, ойларын өздерінің «ағашына» жазады (үлкен бір бет қағаз). Содан кейін топ орындарымен алмасып, көрші топтың ағашына ешқандай сын айтпай, я болмаса, қателерін түземей тек өз ойларын жазады. Топты шеңбер бойынша бірнеше рет алмастыруға болады. Әрбір топ өз орындарына қайта келген сәтте, өз ағаштарында жазылған ойларды оқып шығып, содан қорытынды ой түйіндейді. Кей сәтте белгілі бір шешімге келу барысында пікірталастар да туындап қалуы мүмкін (әсіресе, бір-біріне қарама-қарсы сұрақтар берілген сәтте). Шешім ағашын қандай да бір сұрақтың оң жағы (бір топ) мен сол жағын (екінші топ) талқылау барысында да қолдануға болады.

Аяқталмаған сөйлем тәсілі. Қатысушыларға аяқталмаған сөйлем оқуға беріледі және сөйлемнің соңына келген сәтте қатысушы ойына келген бірінше сөзді айтып аяқтауы керек. Сөйлемді оқу барысында оқушыларда шектеулі мүмкіндік болмайды, кез келген сөзбен жалғастыруына болады. Сөйлемдер әртүрлі өмірлік саламен байланысты және неше түрлі қызықты тақырыптарды қамти алады.

Топтық әңгіме (хикая). Аталмыш тәсіл алдыңғы тәсілге ұқсас, алайда, басталған хикаяны оқушылар сөзбен емес, ендігі сөйлеммен жалғастырады. Белгілі бір белгі бойынша (немесе минут берілуі мүмкін) аяқталмай қалған хикая жазылған қағаз шеңбер бойынша оқушыларға кезекпе-кезек беріледі. Хикая аяқасты және өте күлкілі болып шығады (бұл тәсілді шет тілі сабағында етістіктің шақтарына қатысты жүргізуге болады.) [4].

Постер құрастыру. Белгілі бір мәселені шешу барысында оқушылар бірігіп жұмыстанады. Бұл тәсілде мұғалім тақырыпқа қатысты туындаған мәселені

оқушыларға баяндайды. Оқушылар 3-4 адамнан құралған шағын топқа бөлініп, берілген мәселеден шығу жолдарын іздестіріп, постерге (өзге атауы флипчарт) шешімдерін түрлі түсті қаламммен жазады (мұғалім шектеулі уақыт бере алады, мысалы, 15-20 минут). Постерді құрастыруда қиындық туындамас үшін оқушыларға алдын ала критерийлер беріп таныстырып өтуге болады (түрлі түсті қарындаштар шектеулі тұрғыда қолданылуы керек, плакатта жазылған сөздер айқын көрінуі керк және т.с.с.). Плакатты құрастырып болғаннан кейін әрбір топ қорғауға шығады. Қорғау барысында өзге топ мүшелері тыңдап отыруы үшін, тақырыпқа қатысты сұрақтар дайындап отыруын міндеттеуге болады.

Бес тармақ (cinquain) тәсілі. Бұл тәсіл оқушыларға өз ойын жүйелеп, белгілі бір айқын сөздермен жеткізуіне мүмкіндік береді. Аталмыш тәсілде сөз қолданысы шектеулі – 11 сөзді қамтуы тиіс. Әрбір бес жолда сөз таптарына қарай сөздер жазылады. Бұл тәсілдің сонымен қатар, бес жол өлең деген атауы бар. Тәсілді қолдану реті:

1. Бір зат есімнен құралған сөз.
2. Екі сын есімнен құралған сөздер.
3. Үш етістіктен құралған сөздер.
4. Төрт кез келген сөз табынан құралған сөздер.
5. Бұл тармақтағы сөз бастапқы сөзге синонимдес болып келеді.

Бес жол өлең оңай жазылатын болып көрінгенімен, оқушылар үшін терең ойлануды қажет етеді. Олар мағынаны ашатын, сәйкесімді сөзді іздеумен болады [5].

Төрт сөйлем. Аталмыш тәсілді сабақ соңында қолданған жөн. Оқушылардың жаңа тақырыпты меңгеру деңгейін тексеріп, кері байланыс ретінде, өзін-өзі бағалауға да қолдануға болады. Бұл тәсіл төмендегідей тапсырмаларды қамтиды:

- *Пікір* (оқушылар тақырыпқа қатысты өз пікірін бір сөйлем төңірегінде айтуы керек).
- *Дәлел* (айтылған пікірге тағы да бір сөйлеммен дәлел келтіреді).
- *Мысал* (пікірін тағы бір негіздеу үшін 1 сөйлемнен құралған мысал айтады. Мысалды өз ойынан келтіруге болады, я болмаса, мақал-мәтелдер, даналық сөздер, ұлы данышпандардың пікірімен де келтіруге болады).
- *Қорытынды* (айтылған ойын қорыта келіп, бір сөйлемнен тұратын шешім айтуы қажет).

Сөздерден әңгіме құрастыру. Мұғалім оқушыларға өз ойларынан бір сөзді ойластырып, оны тақтаға жазуын сұрайды. Кейін оқушыларды бірнеше шағын топтарға бөліп, тақтадағы жазылған сөздерден өз өмірлерін бейнелейтін әңгімені құрастырып шығуын тапсырады (дайындыққа екі минуттай уақыт беруге болады). Берілген уақыт аяқталысымен оқушылар топ-тобымен өз әңгімелерін баяндап береді. Кейін, топ өзара бірін-бірі бағалайды.

Ақыл-ой бейнесі тәсілі. Қалыптасатын дағдылар:

- Креативті амал;
- Ақыл-ой, шешім қабылдау;
- Мәселені шешу.

Бұл әдістің қолданылуы оқу барысында тақырыпты түсіндіру кезінде пайдалы болуы мүмкін. Ол оқушылардың өзара пікір алмасып, нақты сұрақ төңірегінде ұйымдастырылған пікірталаста белсенді түрде ат салысуын қамтамасыз етеді. Тәсілді қолдану жолдары:

1. Оқушылар ақпаратты көздерін жұмып тыңдайды.
2. Мұғалім қандай да бір сюжетті оқиды немесе сынып оқушыларының келесі әрекетіне қатысты бағдарламаны түсіндіреді.
3. Оқушылар мұғалімнің оқып жатқан ақпаратын ойша көз алдарына елестету қажет.
4. Мұғалім ақпаратты оқуын тоқтатқан сәтте, оқушыларға сол тұстан сюжетті ойша одан әрі жалғастыруын ұсынады.
5. Содан кейін оқушылар өз «санасындағы бейнені», яғни хикаяның жалғасын бүкіл сынып алдында немесе шағын топтарда баяндап береді.
6. Аталмыш әдіс қандай да бір сұрақты талқылау кезінде тиімді, ол оқушылардың әртүрлі оқиға желісін ойластырып табуға жағдай жасайды.

Уздіксіз бағалау тәсілі. Тәсілдің маңыздылығы – әрбір оқушының бойында өзіндік пікірдің, бірлескен әрекет дағдыларының қалыптасуы. Бұл тәсілде екі жақты қарама-қарсы пікірді білдіру үшін арқан немесе жіпті қолдануға болады. Қатысушыларға қандай да бір айтылған ойға өз көзқарастарын білдіру маңызды. Оны жүзеге асырудың бірнеше жолдары бар: оқушылар орнынан тұрып, жіп немесе арқан арқылы жүргізілген сызықтың бір жағын таңдап тұруы қажет («келісемін» немесе «қарсымын»). Немесе, олар өз топтарында ойларымен бөлісіп, кейін топ басшысы өз тобының нышаны бар белгіні немесе карточканы өздерінің қабылдаған шешіміне қатысты сызықтың бір жағына қояды. Бұл тәсіл түрлі сұрақтарға берілген жауапты салыстыру үшін және олардың ойларының айырмашылықтарын анықтауда қолайлы әрі тиімді.

Айналмалы бекет тәсілі. Бұл тәсіл көптеген ойлардың негізінде мәселелерді толығымен қабылдау дағдысын қалыптастыруға бағытталған. Сабақ барысында сынып бірнеше «бекетке» бөлінеді. Сынып оқушылары шағын топтарға бөлінген. Қажетті заттар: түрлі түсті қағаз, түрлі түсті қалам. Ендігі әрбір топ өз «бекетінің» тұсында тұрады. Қатысушылар берілген даулы мәселені талқылап, өз ой-пікірлерін тақтаға немесе қағаз бетіне түсіреді (10 мин уақыт беріледі). Уақыт тәмамдалған сәтте топтар өзге бекеттерге барып, осыған дейін болған топтың ойын одан әрі жалғастырып талқылайды. Топ әр 10 минут сайын алмасып отырады. Сөйтіп, олар барлық бекетті аралап, өз пікірлерін жазып шығуы қажет. Ең соңында әрбір топтың бекетінде жазылған ой-пікірлер сынып алдында оқылады [4].

Қорыта келе, рөлдік ойын мен өзге де тапсырмалар арқылы жұмыстың ең тиімді нәтижесіне қол жеткізуімізге болатынын айтып өткен жөн. Олардың оң жақтарын қарастырып шығалық: оқушылар қоршаған орта әрекетіне байланысты ситуацияда оқыған тілдік материалын қолданады. Әсіресе ойын көмегі арқылы олар еріксіз есте сақтау дәрежесіне қол жеткізеді. Әртүрлі қызықты тапсырмалар оқушылардың ойланып сөйлеу әрекетін тереңінен дамытуға септігін тигізеді. Олар оқушылардың бойында сабақ кезінде және сабақтан тыс уақытта шет тілінде сөйлесуге қызығушылықтарын арттырады. Яғни, оқушылардың шет тілін оқуға деген ынта-жігері арта түседі. Интерактивті әдіс-тәсілдер қолданып өткізілген сабақ шынайы, әртүрлі эмоцияға толы күйде өткізіледі, әрі оқушылар өздерін жайлы сезініп, әр іске белсене қатысады.

Төменде мысал ретінде, өз тәжірибемнен алынған интерактивті әдіс-тәсілдерді қолданып жүргізген ағылшын тілі сабағымнан үзінді беріп отырмын.

The world of work.	
Grade:	7-8
Learning objectives that this lesson is contributing to:	**C1** use speaking and listening skills to solve problems creatively andcooperatively in groups; **S6** link comments with some flexibility to what others say at sentence and discourse level in pair, group and whole class exchanges; **S7**use appropriate subject-specific vocabulary and syntax to talk about a growing range of general topics, and some curricular topics; **L7** begin to recognize typical features at word, sentence and text level of a limited range of spoken genres. **Upbringing:**to bring up patriotism, respect for the country and a right choice of a profession.

Lessonobjectives:	**All learners will be able to**: get some information about types, skills and characteristics of jobs; learn some subject-specific words related to occupations; **Most learners will be able to**: act out the role play situations; **Some learners will be able to**:analyze questions critically and give full-extended answers.	
Procedureofthelesson		
Lessonstages	**Plannedactivities**	**Resources**
Introduction	Teacher greets students and explains them the aims of the lesson.	
	In order to repeatprevious vocabulary related to famous job/occupations (journalist, artist, singer and so on.) students do the matching task. They should match different pictures of professions with related items.	Appendix 1
	After that teacher divides them into three groups with the help of cards according to the types of professions and introduces new words providing definitions. Teacher asks them what they know about *president, freelancer, and manual workers: (President-the political leader of a country that does not have a king or queen; Freelancer-working for several different organizations, and paid according to the hours you work; Manual worker-a person whose job involves physical work.)*	Cards
Main part	1st group: “President”; 2nd group: “Freelancer”; 3rd group: “Manual workers”.	Handout paper
	After that, ten students prepare for the role-play. Teacher announces other ten students that they are going to press conference in order to enlarge their knowledge about profession. In this regard, they will be observers.	
	Teacher gives handout papers where half of students should complete the table based on role-	

	playing in a press conference (in 3 groups). Teacher gives instructions:	
	What kind of professions did you notice in this role-play?	
	Could you describe the skills and characteristics of these professions?	Video: Kashagan oil field
	Further students who are responsible for the role-play act out their roles in a press conference:	
	“Meeting of Presidents: Attraction of investment of oil industry”.	
	(Course of the press conference: there will be a meeting of president Nazarbayev, president Putin, Minister of oil and gas – UzakbayKarabalin, entrepreneurs of Eni and NCOC companies, oil workers, translator, journalist and camera man. Each of them should deliver a speech and discuss about a progress of Kashagan oil field. In the end, both countries will come to the uniform agreement.)	Flipchart Appendix 2
	After the press conference students-observers check their answers.(They give feedback to press conference).	
Conclusion	Then they should make flipcharts answering the following questions:	Petals and leaves of flowers
	- Advantages and disadvantages of their professions (president, freelancer, manual workers).	
	For this, each group should defend their projects and other groups should give their marks.	
	Giving feedback:	
	Students are givenparts of flowers (multi-colored petals and leaves). They should write new	

information that they have learnt during the lesson on petals and they write questions about what they would like to study on next lesson. Then they hang out them on the board in the form of a flower.

Әдебиеттер:

1. Васильева И.В. Учебное сотрудничество на уроках» // Авантаж. – 2013. – №50. – С. 18-20.
2. Суворова Н. Интерактивное обучение: Новые подходы. – М., 2005. – 268 с.
3. Сопова Е.А. Ролевые игры на уроках интерактивного языка // Педагогический Поиск. – 2013. – №48. – С. 42-45.
4. Парфирьева И.В. Тренинг как нетрадиционная форма воспитания // Учитель. – 2013. – №22. – С. 34-39.
5. Әлімов А.Қ. Оқытудағы интербелсенді әдістер. – Астана, 2014. – 186 б.

Кисметова Г.Н., Аманбаева З.Ж., Даулетова А.У.

Содержание и виды интерактивных методов, применяемых в изучении иностранного языка

Одним из основных требований современного общества – найти способы оптимизации организации учебного процесса в школе. Новый мир информационных и коммуникационных технологий имеет большое значение в нашей жизни. Использование их на уроке иностранного языка вызывает интерес студентов в повышении познавательной деятельности, расширяет кругозор, дает возможность применить личностно-ориентированные технологии интерактивного обучения. Урок, проводимый с использованием интерактивных методов, позволяет ученикам иметь возможность глубоко думать, понимать и анализировать.

Ключевые слова: *Интерактивное обучение, коммуникативное умение, ролевая игра, навыки, инновационные методы, образовательно-познавательный процесс.*

DauletovaA.U., Kismetova G.N., Amanbaeva Z.Zh.

The content and types of interactive methods used in the study of a foreign language

One of the key requirements of a modern society is to find ways to optimize the organization of educational process at school. The new world of information and communication technology takes a great importance in our lives. Their use in the classroom of a foreign language motivates students to improve their cognitive activity, elevates their mind, and makes it possible to apply student-oriented interactive learning technology. The lesson conducted using interactive methods allows students to be able to think deeply, understand and analyze.

Keywords: *Interactive learning, communicative skill, role-playing game, skills, innovative techniques, educational and cognitive process.*

УДК: 37.04:796

Испулова Р.Н. – кандидат педагогических наук,
доцент, ЗКГУ им. М.Утемисова
E-mail: IspulovaR.N.@ mail.ru
Омаров Е.Ш. – магистрант ЗКГУ им. М.Утемисова
E-mail: ezh1983@inbox.ru

ПРОФЕССИОНАЛЬНАЯ ОРИЕНТАЦИЯ ВЫПУСКНИКОВ НА СПЕЦИАЛЬНОСТЬ «ФИЗИЧЕСКАЯ КУЛЬТУРА И СПОРТ»

Аннотация. *Рассматриваются вопросы проведения профориентационной работы с выпускниками общеобразовательных школ на специальность «Физическая культура и спорт». Предлагается использовать различные формы и методы работы в этом направлении.*

Ключевые слова: *Выпускник, профориентационная работа, физическая культура и спорт, учитель, тренер.*

Физическая культура направлена на укрепление здоровья и развитие физических способностей человека.

Развитым в физическом отношении считается человек, регулярно занимающийся спортом. Именно в детском и подростковом возрасте закладываются основы физической культуры, когда формируется потребность в занятиях физическими упражнениями, вырабатываются навыки и умения.

Физическая культура и спорт является частью большой программы обучения детей методам поддержания здоровья.

В последние годы в силу высокой учебной нагрузки в школе и дома у большинства школьников отмечается недостаточная двигательная активность, которая может вызвать ряд негативных изменений в организме школьника.

При систематических занятиях физической культурой и спортом происходит непрерывное совершенствование органов и систем организма человека. Структура здорового образа жизни представляет собой динамическую систему, которая допускает изменение и выборочное использование тех или других элементов и ситуаций в соответствии с физическим состоянием человека.

Значительная роль физических упражнений в сохранении и укреплении здоровья подрастающего поколения, поддержании высокого уровня работоспособности доказана многочисленными исследованиями, которые свидетельствуют, что оптимальная физическая нагрузка в сочетании с рациональным питанием и образом жизни является наиболее эффективной в предупреждении многих заболеваний и увеличении продолжительности жизни. Физические упражнения благоприятно воздействует как на физиологические процессы, так и на интеллектуальные процессы. Аэробные движения тренируют все системы организма учащихся.

Дети школьного возраста, имеющие большой объем движений в течение дня, характеризуются средним и высоким уровнем физического развития, более высокими адаптационными возможностями организма, низкой подверженностью простудным заболеваниям.

Слагаемыми физической культуры являются: крепкое здоровье, хорошее физическое развитие, оптимальный уровень двигательных способностей, знания и навыки в области физической культуры и спорта, мотивы и освоенные способы (умения) осуществлять физкультурно-оздоровительную и спортивную деятельность.

С древних времен профессия учителя всегда была одной из самых уважаемых. Учитель имел и имеет огромное значение в формировании знаний и взглядов на окружающую действительность, морально-нравственные принципы подрастающего

поколения. Именно от казахстанских учителей в настоящее время зависит каково будет мировоззрение будущего общества, поэтому для достижения цели инновационного развития страны начинать надо с качественного школьного образования. Именно школа является базой для всех видов профессионального образования, поэтому она должна быть гибкой, иметь разнообразные учебные планы и программы, рассчитанные на потребности общества и индивидуальные способности и склонности учащихся. Современная школа принимает важное участие в воспитании личности, готовой к жизни в высокотехнологичном, конкурентном мире. Результаты международного исследования PISA свидетельствуют о том, что ни один фактор, ни объем средств, вкладываемых в образование, ни размер страны, ни показатели равенства образовательных возможностей не дали такой жесткой корреляции с результата, как качество преподавательских кадров [1]. Преобразование общества начинается со школы, с учителей, поэтому в Республике Казахстан немало делается в этом направлении. С 2016 года изменен порядок проведения вступительных испытаний на педагогические специальности - введен творческий экзамен, цель которого - обеспечение качественного приёма, выявление склонностей абитуриента к педагогической специальности. В 2016 году госзаказ на педагогические специальности составляет 5000, гуманитарные науки – 700, право – 100, искусство – 170, социальные науки – 700, естественные науки – 1470, технические науки и технологии – 12593, военное дело и безопасность – 60, медицинские специальности – 3000, сельское хозяйство и ветеринария – 2690 грантов [2].

Модернизация системы образования предусматривает поднятие престижа профессии учителя как в моральном, так и в материальном плане. Например, с 01 января 2016 года в Казахстане повышена заработная плата учителям на 29% [2].

Любая деятельность должна быть качественной. Качественное педагогическое образование, полученное выпускниками педагогических вузов и колледжей влечет за собой и повышение качества достижений выпускников школ.

Ученые указывают, что «…учащиеся, у которых были хорошие учителя по какому-либо предмету существенно улучшают свои показатели по этой дисциплине; учащиеся в классах высококвалифицированных учителей прогрессировали в три раза быстрее, чем дети, которые попали к учителям низкой квалификации» [3].

Мотивами выбора педагогической профессии абитуриентами, в основном, являются: постоянный профессиональный рост учителей, многообразная деятельность, разнообразное общение с коллегами, учениками, родителями.

Условия формирования новой государственности Казахстана тесно связаны с созиданием личности нового общества. В настоящее время важнейшим фактором мирового влияния становится культура, поэтому усиливается противоборство за духовное и социально-политическое влияние, которое заключается в том, чтобы сделать себе подобными общество и людей по политической и экономической системе, социальному строю, идеологии, психологии, культуре. И здесь одним из действенных механизмов реализации духовной безопасности является нравственно – духовное воспитание, поэтому для создания справедливого, правового общества необходимо формирование личностей с творческим типом мышления, с развитой мировоззренческой культурой, призванной содействовать реализации задач социально-экономического, гуманно-нравственного образования общества, способного сохранить и упрочить мир и согласие между народами Республики Казахстан. Сложности современного мира обусловлены тем, что общество забыло свою основную миссию – быть Человеком. Мы увлеклись материальной стороной бытия, не обращая внимания на глубинные процессы духовной жизни. В связи с этим казахстанские ученые с учетом мирового опыта, культурного и духовного наследия наших предков разработали программы для формирования общечеловеческих ценностей у подрастающего поколения общества, итогом которого явилось, что в образовательный процесс республики введен курс

«Самопознание». Казахстан оказался в числе стран, которые серьезнейшим образом решают проблемы воспитания нового поколения. Казахстанская педагогическая общественность должна воспринять идеалы современного гуманизма, воссоздать в процессе обучения и воспитания молодежи систему общечеловеческих ценностей как норм повседневности и, тем самым, помочь молодым поколениям в самоопределении своей судьбы, в понимании гражданского долга. Школа, формирующая патриота и гражданина Казахстана, умеющего жить в общественном согласии с разными нациями и народами, может стать школой, которая воспитывает инициативных, компетентных, свободных, нравственных граждан, отвечающих требованиям современности. А преподаватель должен быть гуманным, дипломатичным, добрым, интеллигентным, трудолюбивым, честным, обладать чувством собственного достоинства, гибкостью ума, быть разумно требовательным, чутким, внимательным, ответственным за свое дело, самокритичным, аккуратным, эрудированным, коммуникабельным, выдержанным, обладать чувством долга, быть принципиальным, творчески мыслить, быть целеустремленным, душевно щедрым... [4].

Одной из важных задач является задача подготовки молодых поколений к вступлению во взрослую жизнь, выбор своей профессии. Проблема выбора профессии является актуальной для выпускников общеобразовательных школ и, в некоторой степени, выпускников колледжей. При выборе будущей профессии необходимо учитывать не только способности, интерес, личностные качества, а также и психологические особенности, которые должны соответствовать будущей педагогической деятельности преподавателя или тренера. По мнению многих ученых, на выбор будущей профессии влияют: старшие члены семьи; друзья и подруги; тренеры и учителя; личные профессиональные планы; способности; уровень притязаний на общественное признание; информированность; склонности, т.е. интересы, подкрепленные определенными способностями, психофизиологические особенности профессиональной ориентации и др. Проблема формирования личности будущего профессионала изучается, как комлекс профессионально важных качеств, способностей, знаний, умений и навыков, необходимых для успешной профессиональной деятельности в той или иной области. «Вхождение» будущего специалиста в профессиональную деятельность, профессиональное обучение является важнейшим этапом формирования личности, при которой профессиональные личностные особенности будут важны не только в сфере непосредственно будущей профессиональной деятельности, но и во всех сферах жизнедеятельности человека. И, конечно, педагогическая профессиональная принадлежность будет накладывать своеобразный отпечаток на человека, его мышление, поведение, отношение к миру. Содержание будущей профессии составляют профессиональные установки и ценности, особенности восприятия профессионально значимых объектов и поведения по отношению к ним. Проблема становления личности профессионала, формирования профессиональной ментальности носит междисциплинарный характер:

Проблема профессионального отбора будущих специалистов – это проблема, которая формируется и базируется на стыке физиологии, психологии, социологии, педагогики, медицины и других научных дисциплин.

Именно в школе учителя могут и должны помочь молодежи достичь гармоничного развития, а это означает: раскрыть в каждом ученике творческие способности; выработать адекватное миропонимание; научить адаптироваться к жизненным условиям; сформировать положительные установки. Важным секретом людей, работающих на педагогическом поприще состоит в любви к детям. Именно современный учитель прививает чувства прекрасного, патриотизма, гуманизм, учит гордиться Родиной, своей историей, литературой, культурой. Таким образом, учитель не только профессия, - это высокая миссия. Использование современных технологий, повышение престижа профессии педагога и образования приведут к лучшим изменениям.

Все выше изложенное касается и учителя физической культуры и тренеров по различным видам спорта. Профессиональная ориентация на поступление в колледж или высшее учебное заведение на такую специальность образования как физическая культура и спорт, предусматривает сдачу творческих экзаменов по двум дисциплинам: нормативы по видам спорта и нормативы по специализации [5].

Востребованность профессии, связанной со спортивно-педагогической деятельностью, вызвана еще и тем, что Президент Республики Назарбаев Н.А. 14 декабря 2012 года в своем Послании народу Казахстана «Стратегия «Казахстан-2050» - новый политический курс состоявшегося государства» отметил: - «Физическая культура и спорт должны стать особой заботой государства. Именно здоровый образ жизни является ключом к здоровью нации. В этой связи Правительству и местным органам необходимо принять меры по развитию физкультуры, массового спорта и строительству физкультурно-оздоровительных объектов по типовым проектам, в том числе дворовых. Начать эту работу надо уже в следующем году» [6].

Правильная организация профориентационной работы со школьниками-спортсменами, обеспечивает правильный выбор профессии – профессии учителя или тренера по какому либо спорту, а задача учителей в школе и у преподавателей в вузе соответственно - сформировать устойчивый интерес к ней и сохранить его уже у студентов. Профессиональная ориентация призвана формировать правильное представление о своей будущей профессии, которая повлияет на качества подготовки специалистов в области физической культуры и спорта. Выбор жизненного и профессионального пути учащимися начинается ещё в школе. В связи с этим в школе должны создаваться условия для самоопределения выпускников, для профессиональной мобильности в современных условиях. Этому может содействовать профессионально ориентированная работа, соответствующая не только потребностям и запросам общества, но и возможностям и способностям отдельного школьника. Именно профориентационная работа является одной из самых перспективных психолого-педагогических форм помощи учащейся молодёжи, когда сложно сделать правильный выбор профессии из-за большого его многообразия. Повышению эффективности профориентационной работы может способствать хорошо организованная система «школа-вуз», представляющая собой многоуровневую структуру высшего образования. Государственная важность и социально-экономическая значимость проблем, связанных с самоопределением молодёжи, вызывает большую активность учёных и практиков различных областяй знаний, работающих над разработкой ряда аспектов профориентационной работы.

Важным фактором сознательного выбора профессии является практическое ознакомление с нею. В этом плане функция учителя физической культуры состоит в том, что школьников, занимающихся спортом, он может ориентировать на выбор своей профессии. Для этого он должен показывать специфику своего труда, учитывая индивидуальные особенности учащихся и т.д., стараясь, чтобы интерес школьников-спортсменов постепенно переключался с результата спортивной деятельности на процесс деятельности педагога. Только тогда дети начнут понимать творческий характер труда учителя физической культуры, увидят внутреннюю привлекательность этой профессии. Вследствие чего у школьников может пробудиться интерес к технологии процесса физического воспитания, им самим захочется попробовать проявить свои силы в новой роли тренера-общественника, инструктора физической культуры.

В связи с этим важным этапом профориентационной работы учителя физической культуры является создание условий для школьников возможности проверить свои возможности, способности, например, в качестве помощников на уроке физической культуры, в качестве спортивных судей на соревнованиях, при проведении спортивных кружков с младшими школьниками. Учитель физической культуры может ознакомить школьников с системой подготовки специалистов по

физической культуре на факультетах физического воспитания педагогических институтов, в физкультурно-педагогических училищах, на отделениях физического воспитания педагогических училищ. Ближе к окончанию школы рассказать об условиях поступления в учебные заведения, о сроках учебы в них; организовать встречу со студентами, приобретающими профессию учителя физической культуры. Только положительный опыт учителей физической культуры, имеющих высокий уровень профессионального мастерства, будет направлять учащихся на выбор профессии учителя физической культуры.

Выбор профессии – важный этап в жизни каждого молодого человека, ведь это не только средство материального обеспечения, но и способ самоутверждения, творческое самовыражение личности. Трудность заключается в том, что сделать это необходимо по окончании 11 класса, когда нет достаточного опыта и устоявшихся взглядов и убеждений. На выбор профессии оказывают влияние родители, учителя, тренеры, друзья, знакомые и другие люди. И в этот момент правильное проведение профоринтационной работы, правильный выбор организационных форм, методов и средств, направленных на формирование профессиональной направленности, играет немаловажное значение. Эффективными методами профориентационной работы являются лекции, например, о роли здорового образа жизни в продлении жизни человека; дискуссии, например, на тему «Что я выбираю? Занятия спортом или компьютерные игры?», ситуации, игровые профориентационные упражнения, тренинги на темы, касающиеся физической культуры и спорта, беседы с известными спортсменами, тренерами, преподавателями вузов по специальности «Физическая культура и спорт» о будущей профессии, участие в предметной олимпиаде, соревнованиях. Профориентационную работу на профессии, связанные с физической культурой и спортом лучше всего осуществлять при взаимодействии школы, спортивной школы и непосредственно вуза, где будет обучаться будущий студент. Преподаватели высшего учебного заведения ознакомят с историей университета, последними достижениями университета, успехами не только профессорско - преподавательских кадров, но и студенческой молодежи в самых различных ее аспектах: учебной, научной, воспитательной, спортивной в том числе организации досуга студентов, а также возможностью получения дополнительных специализаций, международной академической мобильностью и другими моментами студенческой жизни, что создаст условия для формирования профессиональной направленности выпускников школ различного профиля.

Учитывая опыт работы в этом направлении по другим педагогическим специальностям, например, в школе для спортивно-одаренных детей можно предложить включить в план работы классного руководителя, работы школы с выпускниками такие темы как: «Каким я вижу себя специалистом», «Особенности профессии тренера», «Лучшие учителя физической культуры и тренеры моего города, области, республики», «Роль учителя физической культуры, особенности его педагогической деятельности», «Современные оздоровительные системы», «Выдающиеся спортсмены Казахстана». Объявить конкурс научных проектов по физической культуре и спорту, участие в городских, областных олимпиадах по физической культуре и многое другое.

Деятельность при проведении профориентации требует, чтобы ведущими мотивами у поступающих на специальность были не только любовь к предмету, любовь к избранному виду спорта, дальнейшее повышение спортивного мастерства, но и интерес к будущей руководящей деятельности в сфере физической культуры и спорта, потребность творчески применять знания в будущей деятельности, приобрести компетенции, в том числе профессиональные. В школе, например, в рекреации возле спортивного зала желательно оформить стенд на тему профессиональной ориентации на профессию учителя физической культуры, специалиста в области физической культуры и спорта в различных направлений,

например, таких как менеджер в области спорта, спортивный психолог, тренер по виду спорта, тренер по фитнесу, методист по спортивной работе и многое другое.

В настоящее время в Казахстане система образования ориентирована на внедрение в мировое образовательное пространство. Этот процесс происходит в педагогической теории и практике учебно-воспитательной деятельности, где особое внимание уделяется физической культуре и спорту, поддержанию здорового образа жизни как условию профессионального становления и жизненного самоопределения выпускников общеобразовательных школ.

Современное развитие спорта, массовой физической культуры, успехи казахстанских спортсменов на международной арене еще более способствуют профессиональному ориентированию выпускников на профессии, связанные со спортивной направленностью. Таким образом, можно отметить, что профессиональная ориентация старшеклассников, занимающихся спортом на специальность «Физическая культура и спорт», а также ее специализации должна быть целенаправленной совместной деятельностью школы, родителей, тренеров, вузов и направлена на сознательный и обоснованный выбор учащихся будущей профессии в соответствии с личными склонностями, интересами, способностями выпускника. Профориентационная работа, проводимая в старших классах, будет способствовать формированию профессиональной направленности, благодаря тщательному подбору форм и методов работы в этом направлении.

Литература:

1. Тряпицына А.П. Педагогика. Учебник для вузов / Под ред. Тряпицыной А.П. – СПб: Питер, 2013. – 304 с.

2. В 2016 году в Казахстане выделено около 32 тысяч грантов на обучение. – http://24.kz/ru/news/top-news/item/125947-v-kazakhstane-vydeleno-okolo-32-tysyach-grantov-na-obuchenie. Дата обращения: 10.07.2016 г.

3. Барбер М., Муршед М. Как добиться стабильно высокого качества обучения в школах // Вопросы образования. – 2008. – №3. – С1-54.

4. Ispulova R.N. Education of universal values in the student s tnvironment The collection includes // The International Conference on the Transformation of Education proceedings Held by SCIEURO. – London,2013. – P. 33-40.

5. Приказ Министра образования и науки Республики Казахстан от 25 апреля 2013 года № 153 // Об утверждении перечня специальностей, требующих специальной или творческой подготовки, и Правил проведения специальных или творческих экзаменов.

6. Послание Президента Республики Назарбаева Н.А. народу Казахстана «Стратегия «Казахстан-2050» 14 декабря 2012 года. – Астана, 2012.

Испулова Р.Н., Омаров Е.Ш.

«Дене шынықтыру және спорт» мамандығы бойынша түлектерге кәсіптік бағдар беру

«Дене шынықтыру және спорт» мамандығы бойынша жалпы білім беретін мектеп түлектеріне кәсіби бағдар жұмысын жүргізу мәселесі. бойынша жұмыс жасауға түрлі нысандар мен әдістер пайдалануға ұсынылады.

Тірек сөздер: *Түлек, кәсіби бағдар жұмысы, дене шынықтыру және спорт, оқытушы, жаттықтырушы.*

Ispulova R.N., Omarov E.Sh.

Professional orientation for graduates «Physical culture and sport»

The question of professional orientation work with graduates of general education schools in the special physical culture and sports. It is proposed to use different forms and methods of work in this direction.

Keywords: *Graduate, professional orientation work, physical culture and sport, teacher, coach.*

ӘОЖ: 511.1

Жұмағалиева А.Е. – физика–математика ғылымдарының кандидаты, доцент, М.Өтемісов атындағы БҚМУ
Джамбулова Ж.М. – М.Өтемісов атындағы БҚМУ магистранты
E-mail: ms.zhaki25@mail.ru

МАТЕМАТИКА САБАҚТАРЫНДА ПРОБЛЕМАЛЫҚ ОҚЫТУ ЭЛЕМЕНТТЕРІН ҚОЛДАНУ

Аңдатпа. *Мақалада проблемалық оқыту теориясының тарихына қысқаша шолу жасалынған. Негізгі мәселелері нақты математикалық есептермен ашылып, көрсетілген. Проблемалық жағдайлар мәселенің сипатына, мазмұнының қызықтылығына, проблемалық деңгейіне, ақпараттың сәйкессіздік түріне, басқа методикалық ерекшеліктеріне байланысты әр түрлі болуы мүмкін.*

Тірек сөздер: *Проблемалық оқыту, графтар теориясы, ықтималдықтар теориясы.*

Болашақ мұғалімдер даярлайтын жоғары оқу орындары студенттерінің кәсіби іскерліктері мен дағдыларын жоғары деңгейге көтеруде, олардың танымдық белсенділігін арттыруда және шығармашылық деңгейін қалыптастыруда проблемалық оқыту маңызды орын алады.

Проблемалық оқыту (грек тілінен аударғанда «problem» - есеп, тапсырма) – білім беру процесінде ұсынылған оқу мазмұнында ұйымдастырылған педагогтің белсенді әрекеті, ғылымның қарама – қайшылық ақиқатымен араласуы, нәтижелі қатынасқа түсу, білімнің шығармашылығын меңгеру.

Проблемалық оқыту – мәні проблемалық ситуация туғызу мен білім алушылардың оқу проблемасын дербес шешулері бойынша іс-әрекеттерін басқару болып табылатын оқыту түрі. Проблема деп шешілуі білім алушылардан білім алу үшін белгілі әрекеттерді талап ететін есептердің, тапсырмалардың, теориялық немесе тәжірибелік мәселелердің әртүрлілігін түсінуге болады. Проблемалық оқыту – ойлау операциялары логикасын талдау, қорытындылау және білім алушылардың ізденіс әрекетінің заңдылықтарын проблемалық ситуация, танымдық қызығушылығының, қажетсінуін ескере отырып оқу мен оқытудың бұрыннан мәлім тілдердің қолдану ережелерінің жаңа жүйесі.

Адамның бүкіл өмірі оның алдына тұрақты түрде күрделі және шұғыл міндеттер мен проблемаларды қояды. Осындай проблемалардың қиыншылықтары, күтпеген жағдайлардың пайда болуы бізді қоршаған ортада әлі де белгісіздіктің, жасырынғандықтың бар екендігін көрсетеді. Олай болса, дүниені әлі де тереңірек тану керек, ондағы жаңа үдерістерді, қасиеттерді, адамдардың және заттардың өзара қатынасын ашудың қажеттігі туындайды. Сондықтан заман талабына сай жоғары оқу орнында қандай да бір жаңалықтар енгізілсе де, бағдарламалар мен оқулықтар өзгерсе де остуденттердің проблемалық әрекетін қалыптастыру негізгі жалпы білімдік және тәрбиелік міндет болып қала береді.

Проблемалық оқыту – бұл абсолютті жаңа педагогикалық құбылыс емес. Проблемалық оқытудың элементтері Сократтың эвристикалық әңгімелерінде, Ж.Ж. Руссоның әлемге даярлаған сабақтарында көрініс тапты. Бұл мәселеге әйресе К.Д. Ушинский жақын келді. Мысалы, ол былай деп жазды: «бүкіл жастар үшін біздің пікірімізге механикалық комбинацияларды ақылдылыққа ауыстырудың ең жақсы тәсілі Сократтың атымен аталған Сократтың эвристикалық әңгімелері. Сократ өз ойларын тыңдаушыларға міндеттемей, бірақ олардың санасында нашар сәулеленеген ойлар мен фактілердің бір біріне жақын, олардың қайшылықта екенін біліп, оларды түйістірді немесе бірін бірі жоққа шығарды немесе үшінші оймен келістірілді» [1, 41 б.].

Проблемалық оқыту алдыңғы қатарлы практикамен оқыту теориясының жетістігінің нәтижесі ретінде пайда болды. Ол оқытудың дәстүрлі типімен ұштасып, студенттердің жалпы және интелектуалды дамуының тиімді құралы екенін дәлелдеді.

Проблемалық оқытудың тарихы зертеушілік әдісі енгізілгеннен басталады. Оның көптеген ережелерін буржуазиялық педагогикада Джон Дьюи жасады. Проблемалық оқытудың аясындағы терең зерттеулер 60-шы жылдары басталды. Бірақ, педагогика тарихында сұрақ қою арқылы жауап іздеуді қиындаттыру Сократтың әңгімелерінен, пифагориялық мектебінен, софистерден белгілі. Ж.Ж. Руссоның, И. Песталоцци, Ф.А. Дистервегтің, К.Д. Ушинскийдің еңбектерінде оқушыларды зерттеушілік әрекетке тарту арқылы оқытуды белсендету идеясы көрсетілген [2, 33 б.].

XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басында оқушылардың ойлау әрекетін белсендетудің тәсілдері жасалды, яғни жекелеген эвристикалық (Г.Э. Амстринг), тәжірибелік – эвристкалық (Ф.А. Винергальтер), пәндер оқытылды, лабораториялық сабақтар әдісі қолданылды (К.П. Ягодский). Ал Б.Е. Байков олардың мәні бірдей болғандықтан, оларды «зерттеушілік әдіс» деп атады.

XX ғасырдың басында американдық педагогикада проблемалық білім берудің негізгі тұжырымдамасы белгілі болды. Дж. Дьюи оқытудың бүкіл түрлерін және формаларын проблемалық шешу жолдары арқылы өздігінен білім алумен алмастыруды ұсынды [3, 29 б].

XX ғасырда проблемалық оқыту идеясы қарқынды дамыды және ілім беру практикасында кеңінен таралды. Шетел педагогикасында проблемалық оқытудың тұжырымдамасы Дж. Дьюи идеясының әсерімен дамыды. «Біз қалай ойлаймыз?» (1909) атты еңбегінде американ философы, психологы, педагогикада дәстүрлі оқытуды қабылдамай және оған мәселелерді шешуге білім алушылардың дербес практикалық әрекетін қарсы қояды. Дж. Дьюи пікірінше, ойлау бұл проблемалық шешу болып табылады.

Осы кітаптың екінші басылымында (1933) Дж. Дьюи проблеманы шешу қабілетінің психологиялық механизімдерін негіздейді. Оның пікірінше, проблеманы шешудің қабілеті негізіне олардың табиғи ақыл – ойы жатады. Индивидтің ойы есепте бәрі түсінікті болғанға дейін қозғалады, сөйтіп келесі кезеңдерден өтеді [4, 34 б.]:

1. мүмкін шешімдердің немесе ұсыныстардың бәрі зейінге алынады;
2. индивид қиыншылықты ұсынады және шешуге қабілетті проблеманы қояды;
3. жорамалдар болжам ретінде қабылданады, ол бақылауды және фактілерді жинауды анықтайды;
4. дәлел келтіріледі және табылған фактілерді тәртіпке келтіреді;
5. қойылған болжамдардың дұрыстығын практикалық немесе ойша тексеру жүргізіледі.

Жоғарыда аталған кезеңдерді қолданып, графтар теориясының элементтерін білім алушыға түсіндірер кезінде, алдымен өмірде кездесетін әртүрлі жағдайлардан қарапайым есептер құрастырылып, студентке граф ұғымы түсіндіріледі. Мысалы, үстел тенисі бойынша топ біріншілігіне 6 студент қатысты: Азамат, Берік, Виктор, Гүлдана, Дамир және Еңлік. Біріншілік айналу жүйесі бойынша өткізіледі – жарысқа қатысушы әрбір адам қалғандарымен бір – бір рет ойнап шығады. Бұған дейін бірнеше ойын өткізілген болатын: Азамат Берікпен, Гүлданамен және Еңлікпен; Берік бұрын айтылғандай, Азаматпен және Гүлданамен; Виктор – Гүлданамен, Дамирмен және Еңлікпен; Гүлдана – Азаматпен және Берікпен; Дамир – Виктормен және Еңлік – Азаматпен және Виктормен ойнаған (1 – сурет). Бұған дейін неше ойын ойналған және тағы неше ойын қалды?



1 – сурет. Үстел тенисі біріншілігінің айналу жүйесі.

Немесе бес үйдің тұрғындары бір – бірімен ұрысып қалды (2 – сурет). Құдық басында кездесіп қалмау үшін оларды (құдықтарды), әр үйдің иесі «өз» жолымен «өзінің» құдығына баратындай етіп, бөлмек болды. Олар осылай жасай алар ма екен?



2 – сурет. Бір – бірімен ұрысып қалған көршілер.

Бұл есептер біршама қарапайым. Оларды оңай шешудің бір ғана жолы бар, оны графтар теориясы деп атайды. «Граф» түбірі гректің «графо» деген сөзінен шыққан, ол «жазамын» дегенді білдіреді. Граф ұғымын мысал арқылы түсіндірген оңай. Одан кейін студентке графтың анықтамасын «Граф деп $G = \langle M, R \rangle$ түріндегі алгебралық жүйені айтады, мұндағы – жүйенің негізгі жиыны, ал R жиыны – екі орынды предикаттық символ» деп зейінге ала отырып, оның түрлері және берілу әдістері түсіндіріледі. M -нің элементтері G графының *төбелері* деп, ал $R \subseteq M^2$ бинарлық қатынасының элементтері графтың *доғалары* деп аталады. Сонда графтың доғалары – бұл $(a, b) \in R$ болатын төбелер қосы. Бұл жағдайда (a, b) доғасы a төбесінен шығып (басталып), b төбесіне кіреді (келеді) деп есептеледі [5, 108 б.].

$G = \langle M, R \rangle$ графының кескіні – әртүрлі нүктелерді жазықтықта орналастырып, егер $(a, b) \in R$ болса, онда a төбесінен b төбесіне қарай қойылған стрелкамен көрсетіледі. Білім алушыға негізгі ұғымдар түсіндіріле отырып, шешуге қабілетті қиындық ұсынылады. 3 – суретте келтірілген G графының кескінінен төбелерінің жиыны мен доғаларының жиынын табу проблемасы қойылады.

3– сурет. G графының төбелер жиыны мен доғалар жиыны.

Индивид өзіне мәлім болған мағұлматтарымен жорамал жасай отырып, оны болжам ретінде қабылдайды. Ол бақылауды және фактілерді жинап, берілген проблеманы анықтайды. Яғни, төбелерінің жиыны $M = \{1,2,3,4\}$, доғалар жиыны болатыны анықталады.

Білім алушыға Графтар теориясына осыған дейін білім алған пәндерінен дәлел келтіру ұсынылады. Мысалы, графтар теориясынан білімін нақтылауда ықтималдықтар теориясының бір есебін қарастырайық:

Тапсырма: Жәшікте 4 ақ және 3 қара шар бар. Жәшіктен кез келген біреуін алып, қайтадан жәшікке салады. Және араластырып кез келген тағы бір шар алады. а) 2 ақ, б) 2 қара, в) әртүрлі түсті шарлар алынуының ықтималдығы қандай? Білім алушы бұл проблеманы шешуге алдымен өзінің ықтималдықтар теориясынан алған білімін пайдаланады. Ақ шар алудың

ықтималдығы , қара шар алудың ықтималдығы . Олардан әрбір мүмкін жағдайдың ықтималдығын біле отырып, екі рет алынған шарлар коминациясының сәйкестігінің ықтималдық графын құрастыру талап етіледі. Графтың төбелері – орындалған жағдайлар, ал орындалу реті графтың қабырғалары (4 – сурет).



4 – сурет. Жәшіктегі шарлардың ықтималдық графы.

Индивид өзінің болжамдарының дұрыстығын практикалық немесе ойша тексереді.

Проблемалық оқыту теориясын дамытуда американдық психолог Дж. Брунердің тұжырымдамасы мәнді рөл атқарады. Оның негізіне оқу табиғатын құрылымдау идеясы және жаңа білімді меңгеруде түйсіктік ойлаудың рөлі басым екендігі жатады. Дж. Брунер әсіресе мына сұрақтарға мән берген:

– оқытуды ұйымдастыруда білімді құрылымдаудың мәні;
– оқудың факторы ретінде білім алушының оқуға деген даярлығы;
– түйсіктік ойлау ақыл – ой әрекетін дамытудың негізі ретінде;
– қазіргі қоғамдағы мотивация ілімі.

Ғалымға білімнің құрылымдық мәселесі кілттік болып табылады. Оның пікірінше, оған білім жүйесінің қабілетті элементтері және білім алушылардың даму бағытын анықтайтыны енеді.

Дж. Брунердің тұжырымдамасын оқушыларға ғана емес жоғары оқу орны студенттеріне де пайдалануға болады. Студенттің графтар теориясын оқуға деген даярлығын тексеру мақсатында оған көнеден келе жатқан Кенигсберг көпірлері туралы есепті ұсынылды. Яғни, берілген жеті көпірден бір рет басылған көпірді екінші рет баспай, барлық көпірден қалай өтуге болады? (5 – сурет)



5 – сурет. Кенигсберг көпірінің сұлбасы.

Студенттің ойлау әрекетін ескере және дамыта отырып, бұл есептің шешімін графтар теориясы түрінде берілуін талап еткен жөн.

Екі американдық авторды жақындататын жалпы ой мынадай: оқытудың мақсаты логикалық ойлауды дамыту екенін мойындай келе, Дж. Дьюи және Дж. Брунер оқытудағы проблемалық тұрғының маңыздылығын көретеді.

Екінші тұжырымдаманың мәні мынада: психологиялық қорытындыны оқу процесіне механикалық түрде қолдану. В.Бертонның пікірінше, оқыту жаңа реакцияларға ие болу немесе ескілерді өзгерту, сөйтіп оқыту процесін қарапайым және күрделі реакциялармен шектеу. Ол білім алушының ойлауын дамытатын орта мен тәрбиенің жағдайларын есепке алған жоқ [4, 34 б.].

Қазіргі проблемалық оқыту тұжырымдамасының дамуына Дж. Брунердің («Процесс обучения» 1960) еңбегінің әсері мол болды. Оның негізіне оқу табиғатын конструктілеу идеясы және эвристикалық ойлау негізінде жаңа білімді меңгеруде түйсіктік ойлаудың рөлі басым деген пікір жатты.

Педагогикалық басылымдарда проблемалық оқыту идеясы XX ғасырдың 50 жылдарының екінші жартысында белсенді қарастырыла бастады.

Көрнекті дидактиктер М.А. Данилов, В.П. Есипов оқыту процесінің белсендетудің ерекшеліктерін анықтады, олар проблемалық оқытуды ұйымдастырудың ұстанымдарын көрсетті:

– білім алушыларды жалпылауға үйрету, оларға дайын анықтамалар мен ұғымдарды бермеу;

– білім алушыларды ғылым әдістерімен таныстыру;

– шығармашылық тапсырмалар арқылы дербес ойлауды дамыту.

60 жылдардың басында әдебиетте жаратылыстану және гуманитарлық пәндерді оқытуда зерттеушілік әдістерді кеңінен қолдану қажеттігі насихаттала бастады.

Ірі ғалымдар проблемалық оқытуды ұйымдастырудың ұстанымдары туралы мәселені қайта көтерді. Зерттеушілік әдістің элементтерін, дәлірек айтқанда зерттеушіліктің принциптерін кеңінен қолдану мәселесі көтерілді. Қойылған міндет мынадай: білім алушыларды ғылымның әдістерін қолдануға үйрету, оларда дербес ойлауды дамыту міндеті қойылды.

Білім алушыларға формальды түрде білімді бермей, оларға білімді шығармашылық түрде, қозғалыста және дамыта беру қажеттігі әр уақытта да өзекті мәселе.

Білімді қозғалыста және дамуда беру керек деген ой оқу материалдарын проблемалық баяндаудың маңызды ұстанымы және проблемалық оқытуды ұйымдастырудың тәсілінің белгісі. Проблемалық оқытудың теориясын дамытуда, психологтардың еңбектерінде, ақыл – ой дамуы алған білімнің көлемі мен сапасымен сипатталып қоймай, сонымен бірге ойлау процестерінің құрылымымен, логикалық операциялардың және ақыл – ой әрекеттері жүйесімен де көрініс табады (С.Л. Рубенштейн, Н.А. Менчинская, Т.В. Кудрявцев). Проблемалық оқытудың теориясын дамытуда, ойлау мен оқытуда проблемалық жағдаяттың рөлі туралы негіздеменің үлкен мәні болды (А.М. Матюшкин). Проблемалық оқыту

теориясын дамытуда М.И. Махмудовтың, А.М. Матюшкиннің, А.В. Брушлинскийдің, Т.В. Кудрявцевтің, И.Я. Лернердің, И.А. Ильницкаяның және т.б. еңбектерінің рөлі зор.

Жекелеген элементтерді мектепте қолданудың тәжірибесі М.И. Махмудовтың, И.Я. Лернердің және т.б. еңбектерінде көрсетілген.

Проблемалық оқытудың теориясын жасағанда іс – әрекет теориясының негіздемелері қолданылады (С.А. Рубенштейн, Л.С. Выготский, А.Н. Леонтьев). Проблемалық оқыту оқушының ақыл – ой әрекетінің заңдылықтарының бірі ретінде қарастырылды. Әртүрлі оқу пәндерде проблемалық жағдаятты жасаудың тәсілдері табылады, олардың күрделігін бағалаудың өлшемдері анықталады [6, 57 б.].

Оқытудың шығармашылық танымдық әрекетінің дамуына проблемалық оқытудың үлкен әсері бар. Кейде проблемалық оқытуды дәстүрлі оқытуға қарсы қояды. Бұл қате пікір. Оқытудағы проблемалық кез келген ғылыми негізделген жүйеде және кез келген оқыту процесінің формаларында баршылық. Дегенмен, проблемалық оқытуда дәстүрлі оқытуға қарағанда ешбір жаңалық жоқ деген пікір шындыққа жанаспайды. Ол қойылған міндеттің шешімін шығармашылықпен іздестіруге және білімді меңгеруде жетілдірілген әдістерді қолдануға, өздігінен білімін толықтыруға жағдай жасайды.

Әдебиеттер:

1. Вилькеев Д.В. Познавательная деятельность учащихся при проблемном характере обучения основам наук в школе. – Казань, 1967. – 282 с.

2. Мочалова Н.М. Методы проблемного обучения и границы их применения – Казань, 1978. – 328 с.

3. Кудрявцев Т.В. Исследование и опыт проблемного обучения – М., 1969. – 294 с.

4. Буланова – Топоркова М.В., Духавнева А.В., Кукушин В.С., Сучков Г.В. Педагогические технологии – М., 2004. – 336 с.

5. Судоплатов С.В., Овчинникова Е.В. Элементы дискретной математики – М., 2002. – 280 с.

6. Гальперин П.Я. Методы обучения и умственное развитие ребенка – М., 1985. – 338 с.

Жумагалиева А.Е., Джамбулова Ж.М.

Использование элементов проблемного обучения на уроках математики

В статье сделан краткий обзор истории теории проблемного обучения. Основные проблемы раскрыты с помощью математических задач. Проблемные ситуации могут быть различными по характеру неизвестного, интересности содержания, уровню проблемности, виду рассогласования информации, другим методическим особенностям.

Ключевые слова: *проблемного обучения, теория графов, теория вероятности.*

Zhumagalieva A.E., Jambulova Z.M.

Using the problem-based learning in math class

In this article we reviewed a history of problem – based leaning. Main problems are explained through maths objects. Problematic situations may be different according to the nature of the unknown, interesting content, the level problematical, mean error information, other methodical features.

Keywords: *problem – based leaning, theory graph, probability theory.*

ӘОЖ: 378

Кулдашева Н.У. – аға оқытушы, М.Өтемісов атындағы БҚМУ
E-mail: nadezhda.2277@mail.ru

ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫНДА ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУДІ ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ НЕІЗГІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Аңдатпа. *Бұл мақалада жоғары оқу орындарында инклюзивті білім беруді енгізідің негізгі мәселелері қарастырылған. Автор инклюзивті білім беруді дамытудың мақсаты мен міндеттерін жүзеге асыру жолдарына және стратегиялық бағыттарына тоқталған.*

Тірек сөздер: *Инклюзивті білім беру, мүмкіндігі шектеулі тұлға, кристалданған орталық, кедергісіз қол жетімді орта, қолайлы жағдай жасау деңгейі, қосу деңгейі, орта сапасы, кедергісіз аймақтар, тасымалдаушы проблема, толеранттылық.*

Қазіргі таңда барлық әлем жұртшылығының назарын аударып отырған мәселе балалардың жеке сұраныстары мен ерекшеліктеріне ортаның, отбасының қатысуымен білім беру үрдісіне толық қосуды қарастыратын инклюзивті білім беру.

Тұжырымдамалық тәсілдер Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес инклюзивті білім беруді дамытудың жоғары көрсеткіштеріне жетуге, білім беруді ресурстық қамтамасыз етуге, нормативтік-құқықтық және ұйымдастырушылық-экономикалық негіздерін қамсыздандыруға мүмкіндік береді [1, 2 б.].

Инклюзивті білім берудің негізгі ұғым түсініктерін қарастырушы ғалымдар Н.В. Борисова, С.А. Прушинский, М.Перфильеваның редакциялауымен жарық көрген «Инклюзивное образование: ключевые понятие» оқу құралында ең негізгі ғылыми аппаратқа тоқтала отырып, ұғым түсініктердің мәнін ашады. «Инклюзив» сөзі француз тілінен аударғанда (inclusif -өзімді қосқанда) ал, латын тілінен аударғанда (includo-қосамын) деген мағынаны білдіреді. Ал, инклюзивті білім берудің негіздерін зерттеуші Қазақстандық ғалымдар А.Т. Искакова, З.А. Мовкебаева, Г.Закаева, А.Б. Айтбаева, А.А. Байтурсыновалардың еңбектерінде, алдымен ізгіліктілік-философиялық сипатына, құқықтық-нормативтік негізіне, көппәнділік жүйесіне сай жайлы орта құруға, білім беру процесіне бейімдеу мен өзгерістер енгізуге, отбасымен жұмыс істеуге, білім нәтежесін бағалауға мән бере отырып арнайы педагогиканың мүмкіндіктері мен ерекшеліктерін жан-жақты ашады [4, 37 б.].

Инклюзивті білім беру баршаның сапалы білімге қол жетімділігін қамтамасыз етуге бағытталған білім беру жүйесін тарату процесінің бірі болып табылады. Ол балалардың дене, психикалық зияткерлік, мәдени-этникалық, тілдік және басқада ерекшеліктеріне қарамастан, сапалы білім беру ортасына айрықша білім алу қажеттіліктері бар балаларды қосуды, барлық кедергілерді жоюды, олардың сапалы білім алуы үшін және олардың әлеуметтік бейімделуін, социумге кірігуін көздейді. Кең мағынада инклюзивті білім беру- кедергілерді жоюға және оқыту процесіне ерекше оқытуды қажет ететін барлық адамдарды қосу мен сапалы білімге тең қолжетімділікті қамтамасыз ету мақсатында оларды әлеуметтік бейімдеуге бағытталған білім беру процесі. Инклюзивті білім берудің дамуы инклюзивті құндылықтарды жүйе деңгейіне саясат пен тәжірибені жетілдірусіз және инклюзивті құндылықтарды толық, сондай-ақ олардың жеке институттары деңгейіне ендірусіз мүмкін емес. Инклюзивті білім беру әр адамды түрлі жолдармен белсенді инклюзиялауды, дербестендірілген ықпалды және ерекше оқытуды қажет ететін тұлғаларға білім беру процесіндегі кедергілерді жою негізінде оқыту мен оқу ортасын жетілдіру арқылы тең мүмкіндіктер жасауды көздейді [5, 116 б .].

Инклюзивті білім беру мәселесі шет елдерде 1970 жылдан бастау алады, ал 90 жылға қарай АҚШ пен Еуропа өздерінің білім беру саясатына осы бағдарламаны

толық енгізді. Ал, біздің елімізде инклюзивті білім беру жүйесінің дамуы туралы ресми дерек «Қазақстан Республикасының Білім беруді дамытудың 2010-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында» көрсетілді [2, 2 б.].

Мемлекеттік бағдарлама негізінде 2020 жылға қарай мектептерде мүгедек балалар үшін көтергіш жабдықтар, пандустар, санитарлық бөлмелерде арнайы құралдар орнату, тұтқалармен, арнайы парталармен, үстелдермен және басқа да арнайы компенсаторлық құралдармен жабдықтау арқылы «кедергісіз аймақтар» құруы жоспарланған. 3030 мектепте мүмкіндіктері шектеулі балаларды оқытуға және тәрбиелеуге тең қол жеткізу үшін жағдайлар жасалу міндеті (мектептерде педагог-дефектологтардың, балаларды психологиялық-педагогикалық сүйемелдеудің, арнайы жеке техникалық және компенсаторлық құралдардың болуы) алға қойылған. Үйде білім алатын мүгедек балалар жеке мүмкіндіктері мен қажеттіліктері ескеріле отырып, компьютерлік техникамен қамтамасыз ету сияқты істері жүзеге асырылмақшы. Осыған байланысты инклюзивті білім беру түбегейлі өзгерістер жасауға және білім беру мақсатын қайта бағдарлауға ықпал ететін инновациялық процестердің « кристалданған орталығы» болуы тиіс.

Бүгінгі таңда инкюзивті білім беру басымдық танытуда. 2015 жылы туылғаннан 18 жасқа дейінгі 141 952 мүмкіндіктері шектеулі балалар немесе жалпы бала санының 2,8 %-і анықталды. Анықталған мүмкіндіктері шектеулі балалар 7-12 % әлемдік көресткішпен салыстырғанда 2,8 %-ды құрайды [3, 3 б.].

Жоғары оқу орындарындағы мүмкіндіктері шектеулі студенттер саны 570-ті құрайды. Оның ішінде 1-топ мүгедектігімен -16 адам, 2 -топта-88 адам, 3-топта 466 адам бар.

Жоғары білім алуға мүгедектердің құқығын қамтамасыз ету бойынша ҚР Үкіметінің 2012 жылғы 28 ақпандағы №26 қаулысына сәйкес жоғары оқу орнына қабылдау квотасы бекітілген (2012 жылдан бастап мүгедектерге арналған квота көлемі 1%, бұрын -0,5%).

Әлемдік тәжірибеде инклюзивті білім беру ерекше оқытуды қажет ететін адамдарды оқыту мен тәрбиелеуде жеке тәсіл арқылы іске асырылады.

Ерекше оқытуды қажет ететін балаларға мыналар жатады:

- мүмкіндіктері шектеулі балалар:
- мигранттардың, оралмандардың, босқындардың, саны аз ұлттардың отбасыларынан шыққан балалар;
- қоғамда әлеуметтік бейімделуде қиындықтары бар балалар (жетім балалар, виктимді балалар, девиантты мінез-құлықты балалар, әлеуметтік-экономикалық және әлеуметтік-психологиялық мәртебесі төмен отбасынан шыққан) [6, 41 б.].

Инклюзивті білім беруде:

- біріншіден баланың жеке қажеттілігіне сай білім беруді ұйымдастыруды;
- екіншіден, баланың мүмкіндіктерін ескере отырып білім мазмұнын дұрыс іріктеп алуды;
- үшіншіден, оқыту бағдарламасына сай білім мазмұны толық қарастырылған оқулықты қажет етеді.
- төртіншіден, ата-аналардың сұраныс-тілектеріне көңіл аударып, олармен ынтымақтастықта жұмыс істеу көзделеді.

Инклюзивті оқытудың негізгі принциптері:

1. Адам құндылығы оның мүмкіндігіне қарай қабілеттілігімен, жеткен жетістіктерімен анықталады;
2. Әрбір адам сезуге және ойлауға қабілетті;
3. Әрбір адам қарым - қатынасқа құқылы;
4. Барлық адам бір - біріне қажет;
5. Білім шынайы қарым - қатынас шеңберінде жүзеге асады;
6. Барлық адамдар құрбы - құрдастарының қолдауы мен достығын қажет етеді;
7. Әрбір оқушы үшін жетістікке жету - өзінің мүмкіндігіне қарай орындай алатын әрекетін жүзеге асыру;
8. Жан-жақтылық адам өмірінің даму аясын кеңейтеді.

Инклюзивті білім беруді дамытудың міндеттері:

- инклюзивті білім беруді дамытудың нормативтік-құқтық және ұйымдастырушылық-экономикалық негіздері мен тетіктерін жетілдіру;

- инклюзивті білім беруді дамытудың әдіснамалық, оқу-әдістемелік негіздерін жетілдіру (оқу жоспарлары мен оқу бағдарламаларын, оқулықтарды, оқу-әдістемелік кешендерді бейімдеу және модификациялау, оқу жетістіктерін бағалаудың критериалдық жүйесін ендіру);

- «кедергісіз қол жетімді орта» құру және білім алушыларды компенсаторлық құралдармен қамтамасыз ету;

- инклюзивті білім беруді жүзеге асыратын ұйымдарды кадрлық қамтамасыз етуді жақсарту [4, 12 б.].

Мектепке дейінгі, жалпы, орта, кәсіптік және жоғары оқу орындарындағы білім беру жүйесінде қағидаттық өзгерістерді айқындай отырып, инклюзивті білім берудің мынадай стратегиялық бағыттарын көрсетуге болады;

- инклюзивті білім беруді дамытуға арналған жағымды жағдайларды қамтамасыз ететін институционалдық ортаны жетілдіру;

- ерекше оқытуды қажет ететін адамдарға сапалы білім берудің қол жетімділігін қамтамасыз ететін ғылыми-педагогикалық, кадрлық және оқу-әдістемелік әлеуетін нығайтудың негіздерін әзірлеу;

- мектепке дейінгі жастағы балаларға ерте бастан диагностика жасау және түзету-педагогикалық қолдау жүйесін дамыту;

- мүмкіндіктері шектеулі тұлғаларды кәсіби-еңбекке даярлауға қажетті жағдай туғызу;

- инклюзивті білім беруді дамытудың теориялық және әдістемелік мәселелері бойынша ғылыми зерттеулер жүргізу.

Инклюзивті білім беруді дамыту қағидаттары:

- инклюзивті білім берудің жүйелілігі мен үздіксіздігі;

- ерекше оқытуды қажет ететін балаларды уақытылы анықтауды қамтамасыз ету және алдын алу, педагогикалық-түзету шараларын дер кезінде қолдану;

- білім беру модельдерінің бейімділігі және әр оқушының ерекшеліктеріне, қажеттіліктері мен мүмкіндіктеріне сәйкес оны жеке оқыту мен дамыту;

- еріктілік және ерекше оқытуды қажет ететін тұлғалардың жеке бейімділіктері мен ерекшеліктерін ескере отырып білім беру ұйымдарын таңдау құқығы;

- білім беру ортасының ерекше оқытуды қажет ететін барлық тұлғалар және олардың ата-аналары үшін қолжетімдігі, ашықтығы;

- кешенді медициналық, әлеуметтік және білім беру қызметтерінің үйлесімділігі мен түрлі ведомстволар, әлеуметтік институттар, қоғамдық және ата-аналар ұйымдарының өзара іс-қимылы арқылы кешенді ықпал және әлеуметтік серіктестік, тәртіпаралық өзара әрекет;

- мүгедектік немесе басқа да даму ерекшеліктері « тасымалдаушы проблема» болып қарастырылмайтын адамның шектеулі мүмкіндіктеріне әлеуметтік ықпал;

- денсаулығы мен әлеуметтік мүмкіндігіне сүйене отырып, тұлғалардың даму проблемаларынан арылуды қарастыратын инклюзивті білім берудің түзете-дамытушылық және әлеуметтік -бейімделушілік бағыттылығы [7, 58 б.].

Инклюзивті білім берудің тиімділігін бағалау индикаторы:

«Орта сапасы» - инклюзивті білім беруге барлық қажетті жағдайларды жасаған ұйымдардың жалпы білім беру ұйымдарының жалпы санынан үлесі, бұл көрстекішті білім берудің түрлі деңгейлері тұрғысында бөлек қолданылуға болады. Аталған индикаторда кедергісіз орта сапасының көрсеткіштері, инфрақұрылым қолжетімділігі, әлеуметтік және психологиялық-педагогикалық қолдау, білім беру бағдарламалырының бейімділігі және бағалау жүйесі, тең құқылы қарым-қатынас атмосферасы қамтылады;

«Қамту сапасы» -білім берудің әртүрлі деңгейі және ерекше оқытуды қажет ететін адамдардың түрлі категориялары (мүмкіндіктері шектеулі, оралмандар, жетімдер және басқа категориядағы адамдар) бойынша ерекше оқытуды қажет ететін тұлғалардың жалпы санындағы инклюзивті біліммен қамтылған тұлғалар санының үлесі;

«Қосу деңгейі» - ерекше оқытуды қажет ететін тұлғалардың және олардың өкілетті өкілдерінің білім беру қызметтерін сапалы ұсыну және жалпы білім беру ұйымдарына олардың қажеттіліктерін ескеру деңгейімен қанағаттану дәрежесін шамалау;

«Қолайлы жағдай жасау деңгейі» - бейімделген, қолайлы білім беру кеңістігін қалыптастыру, кемсітушілікке, бөлектеуге жол бермеу бойынша шаралар қолдану, білім алуға қатысушылар арасында келіспеушіліктерді болдырмау, қоғам мен ата-аналар комитеті арасындағы мониторинг жүргізу мен бағалаудың транспаренттілігін қамтамасыз ету; қолайлы оқыту ортасын жасау деңгейіне сұрау салу, сауалнама жүргізу тәсілімен зерделеу [5, 78 б.].

Инклюзивті білім беру жағдайында ағымдағы әлеуметтік-педагогикалық үрдістерді түсінетін жаңа тұжырымдамалық ойлау жүйесі бар педагогтарды дайындау қажеттілігі туындап отыр. Жұмысы тек дені сау балаларға ғана емес, сонымен қатар әр түрлі әлеуметтік факторларды, жақын айналадағыларының және әлеуметтенуінің ерекшеліктерін есепке ала отырып дамуында түрлі ауытқулары бар балаларға бағытталған жоғары білікті мектеп мұғалімдері аса қажет. Бұл жағдайдың маңыздылығы халықаралық және отандық құқықтық құжаттарда айқындалған. Мысалы, «Дүниежүзілік мүгедектік туралы баяндамада» инклюзивті білім беруді дамытуда жалпы білім беретін педагогтың арнайы дайындығы шешуші мәнге ие екендігі бекітілген [6, 78 б.]. Берілген құжатта «Мемлекеттік жалпы мектеп мұғалімдерінің арнайы оқытылуы олардың сенімділігін нығайтып, мүгедек балаларды оқыту дағдыларын жақсартуы мүмкін. Инклюзия қағидалары мұғалімдерді дайындау бағдарламаларына ендірілуі және мұғалімдерге инклюзивті білім беру саласында кәсіби білім мен тәжірибе алмасуға мүмкіндік беретін басқа да бастамалармен қосылуы керек» деп жарияланған. Алайда, ұзақ уақыт бойы жүзеге асырылып келе жатқан мектеп мұғалімдерін даярлаудың дәстүрлі түрі көбіне дамуында ешқандай ерекшеліктері жоқ «қалыпты» балаға білім беруге бағыттауды қарастырады. Сондықтан инклюзивті білім беруді тәжірибеде жүзеге асыратын мұғалімдер даму мүмкіндігі шектеулі балаларды оқыту үшін мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының талаптарын және оқу пәндері бойынша бағдарлама мазмұнын бейімдеуде қиналатыны, олардың даму ерекшеліктері мен мүмкіндіктерін, қабілеттерін түсінбеуі, жекеленген оқытудың белгілі бір әдістемелерін қолдана алмауы, ерекше қажеттіліктері бар балалар мен қалыпты балалар арасында тұлға аралық қарым-қатынасты орната алмауы және т.б. білмеуі бұл заңды құбылыс.

Инклюзивті білім беру жағдайындағы мұғалімді даярлау ерекшелігі білім беру үрдісінің нәтижесі білім мен дағдылар жүйесі емес, басты құзыреттер жиынтығы болатын құзыреттілік ыңғай жасауға бағытталуы керек. Негізгілері ретінде академиялық құзыреттер (жаңа білімдерді алуға қабілетін анықтайтын); әлеуметтік-тұлғалық құзыреттер (мемлекет пен қоғамның идеологиялық, адамгершілік идеалдарын сақтау қабілеті); кәсіби құзыреттер (проблеманы, міндеттерді қою, оны шешу жолдарын анықтау, жоспарларды жасау және оларды педагогикалық әрекеттің әр түрлі салаларында орындау) деп бөлуге болады.

Инклюзивті білім беру жағдайында педагогтың кәсіби құзыреттілігіне тоқталатын болсақ. Адамның кәсіпқойлығының қажетті құраушысы кәсіби құзыреттілік болып табылады. Кәсіби құзыреттілік зерттеушілермен маманды даярлау сапасының сипаттамасы және еңбек әрекетінің нәтижелілігінің әлеуеті ретінде қарастырылады. Ал педагогтың кәсіби құзыреттілігі пәндік салада, сонымен қатар педагогика және психология саласында ғылыми-теориялық білімдер жүйесі кіретін маман тұлғасының сапалық сипаттамасын көрсетеді. Педагогтың кәсіби құзыреттілігі – бұл мұғалімнің теориялық білімдер жүйесі мен оларды белгілі педагогикалық жағдайларда қолдану, педагогтың құндылықтары, оның мәдениетінің интегративті көрсеткіштерінен (сөйлеуі, сөйлесу мәнері, өзіне және жұмысына қарым-қатынасы, т.б.) тұратын көпфакторлы құбылыс. Мұғалім өз жұмысында басым рөлден жаңа түсінікке ауысуы, яғни арнайы педагогика саласындағы білім

жеткіліксіздігін, даму мүмкіндігі шектеулі балалардың дене және психологиялық ерекшеліктерін түсінуі, мамандардан көмек сұрай және қабылдай алу маңызды [8, 93 б.].

Қазақстандық зерттеуші И.А. Оралканова өзінің бастауыш сынып мұғалімдерінің инклюзивті білім беру жағдайында жұмыс істеуге даярлығын қалыптастыруға арналған диссертациялық зерттеуінде мұғалімдердің инклюзивті білім беру жағдайында жұмыс істеуге даярлығын қалыптастырудың келесі компоненттерін, критерий мен деңгейлерін бөліп көрсетіп, сипаттайды: а) адаптивті, ә) репродуктивті, б) оптималды [9, 78 б.]. Адаптивті деңгейге, автор инклюзивті білім берудің идеологиясы мен философиясын толыққанды қабылдамау және жеткіліксіз түсінуді, даму мүмкіндігі шектеулі балалармен жұмыс істеуге құлықтың болмауын, балаларға нәтижелі инклюзивті білім берудің формалары, әдістері мен құралдары туралы түсініктің фрагменттілігін жатқызды. Репродуктивті деңгейдегі мұғалімдердің инклюзивті білім беру жағдайында жұмыс істеуге даярлығының критерийлеріне шартты түрде сәйкес келумен сипатталады: даму мүмкіндігі шектеулі балаларға инклюзивті білім беру саласында білімін жетілдіруге мотивацияның әлсіз болуы, түсініктерінің болмауы, инклюзивті білім беру үдерісінде кәсіби міндеттерді шешу жолдарын нашар меңгеру. Оптималды деңгей мұғалімдердің инклюзивті білім беру жағдайында жұмыс істеуге даярлығының критерийлері мен көрсеткіштеріне сәйкестігін қамтып көрсетеді: оқу-кәсіби міндеттерді шешуде саналылық, өз беттілік, рефлексивтілік байқалады, инклюзивті білім берудің идеологиясын түсіну мен қабылдау, балаларға инклюзивті білім беруге сананың бағыттылығы мен тұлғалық бағдарлығы.

Атақты неміс педагог-дефектологы П.Шуман айтқандай, баланың психикалық даму деңгейі төмен болған сайын, мұғалімнің білім деңгейі соғұрлым жоғары болуы керек. Берілген пікір инклюзивті білім беру жағдайында жұмыс істеу үшін ерекше білімнің қажеттілігін айқындайды. Себебі, инклюзивті білім беру жағдайында мұғалімнің позициясы өзгереді. Мұғалім өзінің автономдығын жоғалтып, арнайы педагогпен, психологпен, логопедпен, әлеуметтік педагогпен және ата-аналармен өзара тығыз әрекеттестікте жұмыс істейді [10, 114 б.].

Инклюзивті білім беру жағдайында педагог өз әрекетінде білім мазмұнын бейімдеу, тұлға аралық қарым-қатынасты дамыту сияқты т.б. қосымша міндеттер мен қызметтерді атқару керек.

Ресей зерттеушісі Е.Г. Самарцеваның пікірінше, педагогтың инклюзивті білім беруге кәсіби даярлығы – инклюзивті білім беруді нәтижелі жүзеге асырудың іргелі шарты, инклюзивті білім беруді іске асыруға бейімділігі мен қажеттілігі белсенді түрде болатын ұстанымдарымен сипатталатын, инклюзивті білім беруді жүзеге асыратын арнайы білімдер, іскерліктер мен дағдылар ретінде көрінетін динамикалық, интегративті, кәсіби- тұлғалық білім.

Кәсіби даярлық инклюзивті білім беру жағдайында баланы толыққанды оқыту мен тәрбиелеуді жүзеге асыру бойынша кәсіби әрекетті орындау қабілеті мен педагогтың ойлау бағыттылығынан көрінеді. Е.Г. Самарцева жасаған балаларға инклюзивті білім беру педагогының кәсіби даярлығы құрылымына келесі түйінді, мазмұнды компоненттер кіреді: тұлғалық-мәндік (инклюзивті білім берудің идеологиясын қабылдауға педагогтың рефлекстелген ұстанымы, педагог санасының, ерік, сезімдерінің балаларға инклюзивті білім беруге уәждемелік), когнитивті (балаларға инклюзивті білім беруге қажетті кәсіби-педагогикалық білімдер кешені) және технологиялық (мектепке дейінгі балаларға инклюзивті білім беруді жүзеге асырудың кәсіби-тәжірибелік іскерліктер кешені) [7, 23 б.]. Э.А. Гафари жалпы білім беретін мектеп мұғалімінің даму мүмкіндігі шектеулі балаларды оқытудағы рөлінің маңыздылығын айта отырып, 8 инклюзивті білім беруді жүзеге асыру үшін жағымды ынталандырудың болуы қажет деп санайды. Автор мұғалімдердің сенімдері, олардың инклюзивті білім берудің философиясы мен саяси бағытын мойындауы инклюзивті білім беруді іске асыруда барлық әрекеттердің нәтижелі болуының маңызды алғышарты екендігін ерекшелейді. Даму мүмкіндігі шектеулі оқушылар мұғаліммен мойындалған жағдайда ғана өзіне лайықты орын табады. Ғалымның пікірі оң

көзқарасты қалыптастырып, инклюзивті білім беру жағдайында жұмыс істеуге мұғалімнің тұлғалық дайындығының қажеттілігін дәлелдейді. Автор педагогтың маңызды деп бөліп көрсеткен уәждеме мұғалімдердің психологиялық дайындығының маңызын растайды [9, 223 б.].

Жоғары оқу орындарында кәсіби сапалы маман даярлау өзара байланысты екі мәселені шешумен анықталады. Оның бірі – әлеуметтік тапсырысқа сай маманды кәсіби деңгейде дайындаудың нәтижесі мен мазмұнының сәйкес болуы, яғни кәсіби-педагогикалық міндет. Бұдан маманның моделін жасау, біліктілік сипатын анықтау келіп шығады. Екінші міндет – маман дайындаудың соңғы нәтижесін білім берудің мақсатына сәйкестендіре отырып, педагогикалық-психологиялық жүйені құрастыру. Осы жоғарыда аталған екі міндет бір мезгілде, бірдей шешілсе, маман дайындауда жоғары көрсеткішке қол жеткізуге болады.

Жоғары оқу орындарында инклюзивті білім беруді енгізу үшін:

- мүмкіндігі шектеулі балаларды инклюзивті және кіріктіріп оқытудың әдіснамалық және оқу-әдістемелік негіздерін әзірлеу, ерекше оқытуды қажет ететін студенттерге оқу жоспарларын, оқу бағдарламаларын бейімдеу;
- инклюзивті тәжірибені іске асырушы ұйымдардағы педагогтардың дайындығын қамтамасыз ету;
- инклюзивті білім беруді жүзеге асыратын ұйымдарға арналған педагог кадрлардың, оның ішінде мектепке дейінгі ұйымдардың ерте жастағы балалары үшін дефектолог-мұғалімдер мен педагогтардың біліктілігін арттыру және қайта даярлау бағдарламасын жетілдіру;
- ЖОО -да мүгедектерге білім беру процесін психологиялық-педагогикалық қолдау мақсатында штаттық қызметкерлерді: тьюторды, арнайы психологты, сурдоаудармашыны қосатын арнайы құрылымдық бөлім құруды қажет етеді.

Мүмкіндігі шектеулі балаларды енгізу жағдайындағы білім беру үдерісінің сапасын арттыру мақсатында, оның барлық субъектілеріне, яғни әкімшілік, педагогтар, мамандар, студенттер мен ата-аналарға келесі ережелерді сақтау ұсынылады:

- әрдайым бір-бірімен өзара әрекеттестікте жұмыс істеу;
- өзін мамандар тобының мүшесі ретінде мойындау;
- бір-біріне сыйластықпен қарау;
- көмек беруге және алуға, кеңестер беруге, сыни ескертулер жасауға және оны тыңдауға дайын болу;
- топтың ортақ мақсатын мойындау және сол мақсатқа жету үшін еңбектенуге тырысу.

Сонымен қорыта айтқанда, инклюзивті білім беру- тұлғаның тең құқығын анықтайды және ұжым іс-әрекетіне қатысуға, адамдармен қарым-қатынасына қажетті қабілеттілікті дамытуға мүмкіндік береді. Инклюзивті білім беру арқылы барлық студенттердің мұқтаждықтарын ескеріп, ерекше қажеттіліктері бар студенттердің білім алуын қамтамасыз ететін жалпы білім үрдісін дамытуға болады. Мұндай оқыту түрі арнаулы білім беру жүйесінде дәстүрлі түрде қалыптасқан және даму үстіндегі формаларды ығыстырмайды, қайта жақындатады. Инклюзивті бағыт арқылы мүмкіндігі шектеулі студенттердің оқуда жетістікке жетуге ықпал етіп, жақсы өмір сүру мүмкіншілігін қалыптастырады. Осы бағытты білім беру жүйесіне енгізу арқылы тұлғаны адамгершілікке, ізгілікке, қайырымдылыққа тәрбиелей аламыз. Сонымен қоса, инклюзивті оқыту үрдісі студенттерді толеранттылыққа тәрбиелеудің бастауы болмақ.

Әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы / Қазақстан Республикасының Президентінің 2010 жылғы 7 желтоқсандағы №1118 Жарғысы – Астана, 2010.

2. Мүмкіндіктері шектеулі балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзетудегі қолдау туралы Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 11 маусымдағы №343 Заңы. – Астана, 2010.

3. Мүгедектердің құқықтары туралы Конвенция: БҰҰ. – Астана, 2007.
4. Бгажнокова И.М. Школа для детей с нарушениями интеллекта: тенденции перспективы развития. – М., 2004. – 455 с.
5. Краузе М.П. Дети с нарушениями развития: психологическая помощь родителям: Учеб. пособие для студ. высш. пед. учеб. Заведений. – М.: Издательский центр «Академия», 2006. – 208 с.
6. Астапов С.М., Лебединская О.И., Шапиро Б.Ю. Теоретико-методологические аспекты подготовки специалиалистов социально-педагогической сферы для работы с детьми, имеющими отклонения в развитии. – М., 1995. – 321 с.
7. Грачев Л.К. Программа социальной работы с семьями, имеющими детей-инвалидов. – М., 1992. – 345 с.
8. Мовкебаева З.А. Вопросы подготовки педагогических кадров в Республике Казахстан к работе в условиях инклюзивного образования // Педагогика и психология. 2013. – № 2 (15). – С. 6-11.
9 Мовкебаева З.А., Оралканова И.А. Включение детей с ограниченными возможностями в общеобразовательный процесс: Учебное пособие. – Алматы: ИП «Сагаутдинова М.Ш.», 2014. – 236 с.
10. Панасенкова М.М. Методические рекомендации для педагогических работников образовательных учреждений по организации работы с детьми, имеющими ограниченные возможности здоровья в условиях инклюзивного образования / Автореферат. дис. на сост. уч. степ. канд. пед. наук. – Ставрополь, 2012. – 46 с.

Кулдашева Н.У.

Актуальные проблемы организации инклюзивного образования в вузах

В данной статье рассматриваются проблемы внедрения инклюзивного образования в высшие учебные заведения. Также рассмотрены цели, задачи, стратегические направления и пути реализации инклюзивного образования.

***Ключевые слова**: Инклюзивное образование, точкой кристаллизации, безбарьерная среда, лица с ограниченными возможностями, качество среды, качества охвата, уровень включения, уровень комфортности, сопроваждающая проблема, толерантность.*

Kuldasheva N.U.

Actual problems of organization of inclusive education in universities

This article considers the problems of inclusive education in high educational institution. Aims, problems, strategic directions and ways of realization of inclusive education are also reviewed.

***Keywords:** Inclusive education, points of crystallization, unhurdle environment, persons with the limited abilities, quality of environment, quality of range, level of inclusion, level of comforts, accompanying problem, tolerance.*

УДК: 371.3:33

Егзалиева А.Б. – старший преподаватель, ЗКГУ им. М.Утемисова
E-mail: Asel.e.80@mail.ru
Черемухина О.В. – преподаватель, ЗКГУ им. М.Утемисова
E-mail: o.cheremukhina@mail.ru
Тогжанова А.К. – преподаватель, ЗКГУ им. М.Утемисова
E-mail: gasmin2@mail.ru

ОСОБЕННОСТИ МЕТОДИКИ ПРЕПОДАВАНИЯ ЭКОНОМИЧЕСКИХ ДИСЦИПЛИН В СОВРЕМЕННЫХ УСЛОВИЯХ

Аннотация. *В данной статье рассмотрены значение и особенности преподавания экономических дисциплин, раскрыты основы методики обучения, подходы преподавания, рассмотрены основные формы учебного процесса в преподавании общественных наук.*

Ключевые слова: *Методика преподавания, экономическое образование, эффективность обучения, лекция, методы обучения, интегрированное обучение, межпредметные связи.*

Эффективность образовательного процесса во многом определяется методикой преподавания. Понятие «методика» переводится с древнегреческого как путь исследования, теория, учение. Отсюда методика в самом общем смысле слова – это способ обучения определенному учебному предмету.

Роль и значение методики преподавания экономики в современных условиях постоянно возрастает. Это поясняется рядом факторов:

- любой специалист выступает не только исполнителем, но и творцом, следовательно, он должен уметь квалифицированно и четко довести свои идеи и замыслы до подчиненных и коллег;
- экономическое, идеологическое, политическое настолько переплелись, что очень важно уметь выделять и разрабатывать экономические задачи;
- экономическая практика нуждается в теоретическом обосновании и теоретически подкованных специалистах;
- право преподавать должно подкрепляться соответствующей профессиональной психолого-педагогической подготовкой.

При всей свободе творчества педагог должен придерживаться важнейших требований методики, выделенных как принципы обучения. Принципы определяют требования к содержанию, организации и методике процесса обучения. Система принципов следующая:

- принцип научности преподавания – научное изложение материала с учетом последних достижений, аргументированный отказ от устаревших экономических концепций и взглядов;
- принцип практической направленности – учебного процесса подразумевает раскрытие особенностей развития экономики в современных условиях, использование практических наработок в области учебного курса, психологическую подготовку к будущей практической работе;
- принцип систематичности и последовательности изложения материала;
- принцип доступности обучения по глубине, объему и наглядности с учетом экономической грамотности обучаемых;
- принцип наглядности;
- принцип коллективизма и индивидуального подхода к обучению, учитывающий индивидуальные особенности обучаемых (успевающих и отстающих).

Методика преподавания экономических дисциплин – фактор повышения качества экономического обучения и образования в целом, синтезирует в себе не только базовые экономические знания и закономерности, но и психологические и социально-политические закономерности восприятия этих знаний.

Качество успеха процесса обучения зависит от того, как передать тот или иной учебный материал и насколько серьезным и профессиональным будет результат обучения. Важный методический подход в обучении проявляется в формировании у учащихся потребности учиться. В процессе обучения экономике можно организовать работу обучаемых по решению проблемных ситуаций, а также самостоятельной исследовательской деятельности.

Современная система подготовки конкурентоспособных специалистов по экономике требует усовершенствования системы оценивания навыков и умений, которые лучшим образом проявляются не при оценке качества усвоения понятийно-категориального аппарата и навыков решения типовых экономических заданий, а при проведении интерактивных занятий. Применение интерактивных методик позволяет активизировать возможности учащихся. Современная культура обучения должна помочь людям раскрыть свои таланты, не только информировать учащихся, но и научить их применять экономическую информацию в практической жизни.

Методическая теория выдвигает следующие особенности преподавания экономических дисциплин:

- необходимость аргументации и доказательности экономических процессов;
- привлечение статистических материалов, сравнительных таблиц и графиков;
- в процессе преподавания экономических дисциплин в качестве иллюстраций постоянно используются цифры и факты из практики.

Таким образом, в преподавании экономических дисциплин используются следующие методы: статистический (сравнительный анализ, математический, графических изображений); соцопрос (анкетирование, интервью) [1].

В учебной практике сложились вполне оправдавшие себя следующие формы учебного процесса в преподавании общественных наук:

- лекции,
- семинары,
- самостоятельная работа,
- консультации,
- зачеты,
- экзамены,
- различные формы внеаудиторной работы.

Ни одна из этих форм не может быть признана универсальной, способной заменить другие. Формы учебного процесса находятся во взаимосвязи, взаимообусловленности и логической последовательности. Методика одной формы работы оказывает существенное влияние на другую.

В этой связи по-прежнему актуальной остается такая форма устного общения преподавателя с аудиторией с целью передачи научных знаний как урок-лекция.

Лекция как форма учебного процесса имеет ряд отличительных черт, в частности:

- она дает целостное и логичное освещение основных положений учебной дисциплины;
- вооружает учащихся методологией изучения данной науки;
- лучше и полнее других форм компенсирует устаревание или отсутствие современных учебников и учебных пособий, оперативно знакомит с последними данными наук;
- органично сочетает обучение с воспитанием;
- нацеливает учащихся на самостоятельную работу и определяет основные ее направления.

Лекционная форма преподавания обладает рядом достоинств:

- это наиболее экономичный способ обучения, эффективна по степени усвоения;
- одно из наиболее действенных средств формирования мировоззрения и убеждений;
- средство прямого личного воздействия преподавателя на большую аудиторию одновременно [2].

Однако лекция не свободна и от недостатков, в частности:

марапаттаушы немесе қолдаушы сөз тіркестерін пайдалану, оқушының кішкене жетістігі болса да, жоғары бағалап, мадақтап, көтермелеудің аса қажеттілігін түсіндім. Педагог студенттің дарынды немесе талантты екенін қалай анықтайды? деген сұраққа жауап іздесек бұл төмендегідей: Студенттер бір пәннен емес бірнеше академиялық пәндерден олардан күткеннен жоғары деңгей көрсетуі мүмкін: мысалға,әртістік,спорттық,музыкалық және басқа таланттарымен танылуы ықтимал.Сонымен қатар олар бір салада дарынды болса,басқа салада қиындыққа тап болуы мүмкін;олар дамудың бір кезеңінде өте қабілетті болса,келесі кезеңдерде қабілеттерін танытпауы мүмкін. Бұл дарындылық пен қабілеттіліктерді мұғалімдер,ата-аналар,топтың басқа мүшелері немесе балалардың өздері айқындай алады. Балалардың қабілеттіліктерін,біліктілігін,әлеуетті мумкәндіктерін көрсету үшін оларға жағдай туғызу қажет және де бұл ерте жасында олар үшін өте қиынға соғуы мүмкін. Британдық оқыту және оқу академиясы талантты және дарынды балаларды дамыту тәжірбиесінен алынған жағымды мысалдарды көрсететін көптеген кейс-стади әзірленген және тәжірбиеде қолданылып,оң шешімін тапқан. Мен өзімнің тәжірибелік сабақтарымда дарынды және талантты балаларды анықтау үшін, кең ауқымды әртүрлі әдістерді мүмкіндігінше қолдануға тырыстым. Мысалы білімгерлер аудиториясына топтық жұмыс арқылы автор орындығы, джигсо тәсілі, «Бірге ойлаймыз», эссе жазу, сөйлемді аяқтау, сұрақ-жауап сияқты әдіс-тәсілдерді қолдану арқылы сабағымды тиімді өткіздім.

Сабақтарымда джигсо тәсілі, «Бірге ойлаймыз», эссе жазу әдістері сабақ барысында студенттердің белсенділігін оятуда өте әсерлі болды. Балалардың шығармашылық жұмысы сәтінде өз тарапымнан құптаушылық көзқарас білдіру, сезімдері мен көңіл-күйін бақылау, қамқорлық таныту сияқты әрекеттерім олардың бойындағы сөйлеу ерекшеліктерінің, бейімділіктерінің, қабілеттерінің, қызығушылықтары мен ынталарының дамуында алға жылжуға септигін тигізгеніне көзім жетті. Мұғалім дарынды балалармен жұмыс істеу барысында білімдердің нақты жиынтығын берумен ғана емес, оларға жеке қорытындылар мен жаңалықтар ашуға көмек беруі қажет. Мұндай бағытта мұғалім дұрыс жауап эталонын анықтамайды, студенттер бір-бірімен пікір таласқа түседі де, әр түрлі жауаптар мүмкіндігін бағалайды.

Жеті модульдің барлық тәсілдерін қолдану менің білімімді дамытып қана қоймай, тәжірибемде оң әсерін тигізді. Мысалы, сабақ барысында, жаңа сабақты бекіту кезінде қалыптасқан бірсарынды жүйені топпен жұмыс жасау барысында өзгерте отырып, олардың диалогтық, топтық жұмыс арқылы бір-бірімен әңгіме айтып, ортаға тасталған мәселені жұптасып шешуі, сыни тұрғыдан ойлануына мүмкіндік беріп, салыстыру, іздену, табу. Студенттер тобындағы балаларды үлгерімі бойынша анықтай отырып, қабілеттері бойынша араластыра оқыту студенттердің белсенділігін және қызығушылығын арттырады, сондықтан оқу үлгерімі мен сапасы жақсарады.

Мен іс-тәжірибе жүргізу барысында оқушылардың физиологиялық, психологиялық ерекшеліктеріне сәйкес тақырыптар бере отырып, олардың сол тақырыпты қабылдауы, түсінуі, есте сақтауына мән бердім. Бұл жерде байқағаным әр бала ақпаратты әртүрлі деңгейде қабылдайды екен. Балаларға тапсырма беру барысында, олар берілген білімді автоматты қабылдайды ма, әлде саналы түрде ме деген сұрақ туындайды. Күнделікті сабақта өтілген материалдарды сұрау барысында студенттердің кейбірі автоматты түрде түсінетініне көз жеткіздім. Яғни, мен үшін бұл алда жұмыстанатын сабақ бөлімі болатындығына көзім жетті.

Әсіресе, АКТ-ны сабақта қолдану студенттердің белсенділігін, қызығушылығын арттырады, сыни ойлауға, басқалармен ой бөлісуге, өз тәжірибесін шыңдауға, АКТ пайдалану машықтарын арттыруға көмектеседі. Аудиторияда білімі төмен немесе селқос білімгерлер де білімін шыңдауда осы АКТ-ның қосар үлесі мол болды. Визуалды және ауызша түрдегі негізгі ақпарат студенттердің тәуелсіз

ойлауына және олардың ой қорыту, өзіндік түсініктеме беру қабілетіне ықпалын тигізеді. Сындарлы және ашық диалогке қатысу студенттердің өз идеясын сенімді түрде білдіруіне, түрлі көзқарастарға көңіл бөлуге және оларды бағалауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, студенттердің жауабын бақылау, жазып алу мен талқылау сауатты оқытуға ықпал етеді.

Мен өз тәжірибемде дарынды балалармен жасалынатын жұмыс түрлері нәтижесінде төмендегідей жетістіктерге қол жеткізуге болатына нық сенімді болдым:

- біріншіден, дарынды оқушының интеллектуалдық, эмоционалдық және әлеуметтік дамуы мен ерекшеліктері өзіндік көзқарас тұрғысынан дамиды;
- екіншіден, жан-жақты ақпаратты қабылдауы, сол ақпараттар негізінде өз ойын жеткізіп, өмір ағымына сай көзқарасы пайда болады;
- үшіншіден, дарынды оқушының шығармашылық әлеуеті деңгейі дамып, кез-келген ортады өзін еркін ұстау мүмкіншілігі арта түседі;
- төртіншіден, дарынды оқушының қоршаған ортаға «өзін-өзі жарнамалау» деңгейі яғни өз білімін көрсете білуі дұрыс жолға қойылады.

Дарынды балалармен жұмыс істеу барысында қисынды ой әрекеті нақты қызметтермен өзара байланысқан, бір-біріне ауысып отыратын ойлардың әрқилы әдістері – талдау, біріктіру, салыстыру, жоққа шығару, нақтылау және қорытындылауы жүйелі қалыптасқан студенттердің бұрынғы дәстүрлі оқыту тәсілінен қарағанда Кембридждік білім беру факультеті ұсынған оқыту стратегиялары арқылы олардың сұранысын толық қанағаттандыру мүмкіншілігі туатынына да нақты көз жеткіздім.

Филлердің «Бойыңда білімің бар екен,онда басқаларға өз шырақтарын жағып алардай жағдай туғыз» - деп айтқанындай, мұғалім үшін кәсіби шеберлікке жету, өз мамандығының данышпаны болу бір күнде пайда болатын дүние еместігін мен жақсы түсінемін және өмір бойы ізденушілікті, зерттеушілікті талап ететін мамандық екенін анық аңғарғанда ғана толық нәтижеге жетуге болатынын да нық сенімді болдым.

Қазіргі үздіксіз білім беру жүйесі өмірге жан-жақты дайындалған, еңбексүйгіш, ынталы, шығармашылықпен ойлайтын, ақыл-ой және адамгершілік тұрғысынан бай, жоғары білімді, жоғары жетістіктер потенциалын меңгерген жеке тұлғаны оқытып-тәрбиелеу қажеттілігін дамытуды көздейді. Сыныптағы бағалау тек қана техникалық тәсіл емес. Мұғалімдер жазбаша немесе ауызша түрде баға қою арқылы бағалайды. Олар қолданатын кез келген нысанның артында тек қана обьективті немесе жеткілікті дәрежеде объективті емес нормалар мен стандарттар ғана емес,сонай-ақ баланың дамуы,оқуы және ынтасы туралы түсінік,сонымен қатар өзін-өзі бағалау, қабілеттілік және куш-жігер сияқты ұғымдарға қатысты құндылықтар жатады [4, 15 б.].

Бағалау-одан арғы оқу туралы шешім қабылдау мақсатымен оқытудың нәтижелерін жүйелі түрде жинақтауға бағытталған қызметті белгілеу үшін қолданылатын термин.

Қалыптастырушы және жиынтық бағалау арасындағы айырмашылық 1960 жылдардан бастап белгіленген,бірақ берілген екі терминнің мәнін нақты анықталмаған.

Іс жүзінде нақты баға қою және есеп беру үшін өткізілетін оқуды бағалау мен нақты мақсаты бағалауды оқушылардың оқуына ықпал етуге арналған оқытудың бөлігі ретінде қолдану болып табылатын оқу үшін бағалау арасында анығырақ айырмашылық жүргізілген.

Оқытуды, оқытуда қолданылатын әдіс-тәсілдерді жақсарту мүмкіндіктерін және осы мүмкіндіктерді іске асыру түрлерін анықтауға бағытталған бағалау қалыптастырушы немесе оқу үшін бақалау (оүб) деп аталады.Мұғалімдерді және әдістеме жасаушыларды ақпараттандыру мақсатымен 1989 жылдан бастап жұмыс жүргізілген Ұлыбритания академиктерінен құралған Бағалауды Реформалау Тобы

1999 жылы «Оқу үшін бағалау»(ОүБ) деген кітапша жариялады. Соның нәтижесінде оқу үшін бағалау ұғымы дербес тұжырымдама ретінде кеңінен тарала бастады.

Егер бағалау мақсаты баға қою, сертификаттау немесе оқытудың алға жылжуын тіркеу үшін оқыту қорытындысын шығару болса,онда өзінің функциясы бойынша бағалау жиынтық болып табылады және кейде оны оқуды бағалау деп атайды. Жиынтық бағалау оқушының, мұғалімнің немесе мектептің мәртебесіне немесе болашағына ықпал ететін (яғни,анықтайтын мәнге ие) шешім қабылдау үшін қолданылған жағдайда өлшемдердің сенімділігін қамтамасыз ету керек,яғни бұл ақпараттың мазмұны мен оның қандай жағдайларда жиналғанын қатаң қадағалау қажет.

Бағалаудың мақсаты неде? дейтін болсақ ол төмендегідей:

Әрбір мұғалім бағалау әдістемесін білуге тиісті,яғни бұл ретте:дәрісханада тек емтихан өткізуді ғана емес,сонымен бірге емтихан неге кім үшін өткізілетінін білуге тиісті.

Бағалаудың негізгі мақсаттарының тізбесі төменде қысқаша айтылады.

1. Оқудағы қиындықтарды анықтау. Орта мектептерде мысалы ,сауаттылық және арифметика саласындағы проблемаларды анықтау үшін тестілер өткізілуі мүмкін; одан кейн өзіндік түзету және тестілеу жұмыстарын қайталап өткізуге болады.

2. Жетістікке жеткендігін көрсететін кері байланыс(оқушылар,мұғалімдер мен ата-аналарға ұсынылған).Мұндай кері байланыс бейресми түрде ауызша бағалаудан бастап ресми жазбаша тестілерге дейін түрленуі мүмкін ,бірақ негізгі мақсат оқушылар мен мұғалімдерге жетістіктер мен даму,мысалы, білім, түсіну және дағды туралы хабар беру болып табылады.

3. Уәж.Кері байланыс көбінесе уәж түрінде көрінеді.ЫНталандыру ретінде тестінің немесе емтиханның өткізілуі әдетте кейбір оқушылар мен мұғалімдерді ойларын жинақтап,әрекет етуге итермелейді.Мұндай сыртқы ынталандыру оқуға шабыттанып кірісуге түрткі болуы мүмкін,бірақ мұқият бақылау жүргізілмесе, мәжбүрлеу құралына айналуы да ықтимал.

Шығармашыл мұғалімдер білім беруде барынша жоғары жетістіктерге қол жеткізу үшін балаларға қолайлы орта жасауға тырысады. Менің тәжірибелік сабақтарыма қатысты міндеттер – білім саласында ойлауды, талқылауды және мұқият жоспарлауды балалардан талап ету, бірақ бұл едәуір күрделі мәселе.

Оқу материалдарының мәнісіне тереңдеп бара алмай, оларды жәй жаттап алып, өз бетінше пікір айтуда шорқақтық танытатындар да бар. Осындай үлгерімі орташа студенттер өз достарынан қалай оқу керектігін, өз ойларын қалай дәлелді жеткізуге болатындығын, топ ішінде өз пікірлерін ашық айтуды, достарының алдында пікірім қате болмай ма немесе ойымды ашық әрі анық жеткізе алам ба деген ойдан арылып, өз ойларын қысқа да нұсқа жеткізе білуге үйренді. Әрине, бұл жетістіктер алғашқы сабақтарда бірден бола қойған жоқ. Студенттердің жетістікке жетуіне менің де бірінші сабақтарда жіберген қателіктерімді қайталамауға тырысып, сабақтарымда жүйелі сұрақтар мен тапсырмалардың реттілікпен ұйымдастыруыма байланысты болды. Қате ой немесе бұрыс жасалған жауаптарға өз тарапымнан ынталандырушы тілектер айтылған сәттерде білімгерлердің тосылып қалмай, ары қарай жауаптарын нақтылауға ізденіп, шешім қабылдағандары да байқалды. Нәтижесінде студенттер бір-бірінің пікірлері мен ойларына құрметпен қарап, кез-келген тақырыпта берілген сұрақтарға өздерінің құнды ойларын қоса алатындығына көз жеткізді.

Мен өз сабағымда формативтік бағалауды оқыту үшін бағалау ретінде қолданудың өте маңызды екендігіне көз жеткіздім. Студенттердің сабақ айту кезіндегі жіберіліп жатқан кемшіліктеріне қарамастан, олардың еңбегін, ынтасын мақтап отыру аса қажет екен. Кемшіліктерді, яғни қайсыбір қателіктерді өз беттерімен анықтауына талпындырдым. Ол үшін түрткі сұрақтар беріп, олардың әрі қарай терең ойлана жауап берулеріне, жан-жақты ізденулеріне бағыт-бағдар беріп отырдым. Екінші сабағымда студенттердің сабақты толық игергендігіне көз жеткізуім үшін постерлерді пайдаландым. Студенттердің көбісі бәрі түсінікті деген

постерлерді көргенде өзім де осы курстағы оқып үйренген тәсілдерді пайдаланғанына риза болдым.

Оқуды бағалау үшін, яғни студенттерге жиынтық баға қою үшін бағалау критерийлеріне сүйендік және жиынтық баға ашық түрде қойылды. Ол үшін бағалау критерийлеріне сүйендік. Мысалы, студенттерге «5» деген баға алуы үшін тапсырманың мазмұны ашылу керек, жүйелі баяндалу керек, жауап нақты болуы керек. Егер белгіленген өлшемдердің бірі орындалмаса – «4» деген баға, екеуі орындалмаса – «3» қойылатындығы сабақ басында келісілді. Бұл балалардың әділ бағалануының кепілі екендігіне оқушылардың да көзі жетті. Сабаққа қатысқан 15 студенттің төртеуі – «5», төртеуі – «5», екеуі – «2» деген баға алды. Әрине сабақтың оң нәтижеге жетіп, табысты болуы үшін мұғалім құзыры жоғары дәрежеде болу керек. Ол үшін мұғалім бойында Шульман «мұғалімнің үш көмекшісі» деп атаған қасиеттер міндетті түрде болу керек. Шульман көздеген кәсіби түсінік пен оқытудың тәжірибелік дағдылары мұғалімнің басты құралы болып келгені дәлелдеуді қажет етпейтін аксиома. Ал жүрек жылуын басшылыққа алатын Шульманның үшінші көмекшісі – кәсіби деңгейлік тұтастық. Мұғалімдер ұстаз мамандығының этикалық және моральдық құндылықтарын ұстанып, балаға мейірім және құрмет көрсете білетін әділ жан бола білгенде ғана, шәкірт сеніміне ие болып, өзі де жасанды емес құрметке ие бола алады. Осылайша оқытудың жаңа тәсілін қолдана отырып, өткізген сабағымнан өзімде кішкене болса да прогресстің болғанын сезіндім. Сабақтың соңында Кері байланыс парағына оқушылар сабақтың қызықты өткендігі туралы жазыпты. Бағалау жай ғана техникалық қондырғы емес. Мұғалімдер студенттің қабілетін баға мен сөздің көмегімен бағалайды. Олардың қандай тәсілді қолданғанына қарамастан, олардың артында жай объективті және жартылай объективті нормалар мен стандарттар ғана емес, балалардың дамуы, оқуы мен ынтасы туралы болжамдар; құндылықтар – жеке қадір-қасиетін сезіну, қабілеттер мен күш-жігердің маңыздылығы да тұрады. Сондықтан сабақ барысында төмендегі бес мақсатты назарға алдым.

- біріншіден, оқушылардың өз бетінше жұмыс істеу тиімділігін арттыру;
- екіншіден, жеке, жұппен, топпен жұмыс жүргізу;
- үшіншіден, ойлау қабілетіне қарай деңгейлік тапсырмалар беру;
- төртіншіден, оқушылардың сауаттылығына баса назар аудару;
- бесіншіден, айтылған ойға сыни көзқарас таныта білуді меңгерту және оқушылардың өз жұмысына рефлексия жүргізе алу мүмкіндігін беру [3,77 б.].

Мұғалімнің еңбегі үнемі шығармашылық ізденісті, әдістемелік шеберлігін жетілдіруді талап етеді. Сондықтан кез-келген пәнді оқыту барысында студенттердің таным белсенділігі мен ойлау қабілетін, ізденісін дамыту үшін, сабақтың әр түрлі типтерін ұйымдастырып, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолданып отыру керектігін түсіндім. Тәжірибелік сабақтарымдағы жеті модуль түрлері өте тиімді, балаларға өте қызықты және тапсырмалардың оңай орындалуына бағыт беруім және «өзін-өзі бағалауы» мен стикер арқылы бүгінгі сабаққа пікір білдіріп, ұсыныс айтуы өзіме де студенттерге де қызықты болды. «Екі жұлдыз,бір тілек» жазу сабақ мақсатына жеткендігі жөніндегі бағаны беру арқылы, алдағы қажетті әрекеттеріме бағыт алдым.

Шәкірттің білімді меңгеруі, мұғалімнің сабақ оқытуы, екеуі де – «сабыр түбі-сары алтын» дегендей өте үлкен шыдамдылық қажет етеді. Мәселен, мұғалім балаға бұрыннан таныс нәрсені ығыр қылып айта берсе, осы жағдай онда ақыл-ой керенаулығын, кейде тіпті оқудан жиренушілікті туғызуы мүмкін. Сондықтан ұстаз әркез шәкірттің рухани тілектерін, таным белсенділігін шөліркетпей, оны ұдайы қанағаттандырып, оның табиғатты, өмірді, адамдар еңбегін білуге құштарлығын түртпектеп дамытып отыруы қажет деп ойлаймын.

Қорыта айтқанда, ескі элитаның орнын жаңа буын алмастырады. Олар жаңаша ойлап,тантаурын болған сүрлеумен емес,соны соқпақтармен жүруі қажет.Сонда ғана

жастар білімнің тұғырына жетіп,нұр үстіне нұр жаудырар еді және «жоғары оқу орнында білім берудің мақсаты – жылдам өзгеріп отыратын заман ағымында алынған терең білімнің, кәсіби дағдыларының негізінде еркін бағдарлай білуге, өзін-өзі дамытуға және өз бетінше дұрыс, адамгершілік тұрғысынан жауапты шешімдер қабылдауға қабілетті жеке тұлғаны қалыптастыру» деп атап көрсетілгенін естен шығармауға тиіспіз. Бүгінгі білім алушы-ертенгі маман.

Әдебиеттер:

1. Формирование общества,основанного на знаниях. Новые задачи высшей школы. / Пер. с англ. – М., 2003. – 200 б.

2. Ерматов Ш.Р. Дарынды балаларға арналған мектеп оқушыларының шығармашылық белсеңдылыгын дамыту туралы // Білім-образование. – 2009. – №5. – Б. 15-17.

3. Мирсеитова С. Оқыту ізденіс ретінде және ізденіс оқыту ретінде. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012 - 2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 25 маусымдағы № 832 Қаулысы // Егемененді Қазақстан. – 2012. – №2. – Б. 8.

4. Мұғалімге арналған нұсқаулық. – Астана: «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББББҰ, 2015. – 100 б.

Сариева Р.Д.

Учет индивидуальных и возрастных особенностей обучающихся

В статье рассматриваются педагогически оправданные пути целесообразного учета индивидуальных и возрастных особенностей обучаемых и воспитуемых.

Ключевые слова: *Форма обучения, типы урока, структура урока, урок – основная форма обучения.*

Sariyeva R.D.

Taking into account individual and age characteristics of students

The article considers expedient way pedagogically justifiable taking into account individual and age characteristics of students and educability.

Keywords: *Forms of education, d types of the lesson, structure of the lesson, lesson is basic form of learning.*

ӘОЖ: 159.923.2

Жантуреева А.А. – оқытушы, М.Өтемісов атындағы БҚМУ
Ойлыбаева Л.Н. – оқытушы, М.Өтемісов атындағы БҚМУ
E-mail: aigulps.82@mail.ru

ӨЗІН – ӨЗІ ТАНУДЫҢ ФИЛОСОФИЯЛЫҚ ҚЫРЛАРЫ

Аңдатпа. *Мақалада өзін-өзі танудың философиялық қырларының теориялық зерттеулеріне талдау жасалған. Сонымен қатар жеке тұлғаны дамыту мен қалыптастырудағы өзін-өзі тану пәнінің маңыздылығы қарастырылған.*

Тірек сөздер: *Жеке тұлға, тәрбие, құндылық, өзін-өзі тану, сана, қажеттілік, соцuум, мүмкіндіктер.*

«Өзін-өзі тану» пәні Еліміздің бірінші ханымы С.А. Назарбаеваның идеясы негізінде дайындалып, 2001-2010 жылдарға дейін эксперименттік байқаудан өткізіліп, 2010-2011 оқу жылында жаппай Қазақстан Республикасының білім беру тәжірибесіне енгізілді. «Өзін-өзі тану» рухани-адамгершілік білім беру тұжырымдамасы рет-ретімен қолданылатын барлық тұрғылардың жиынтықталуының маңызын танытатын теориялық тұрғыны сипаттайды. Ол Қазақстан Республикасының «Білім беру жөніндегі» Заңындағы халықаралық конве нциялардағы, сондай-ақ өкіметтің және Қазақстан Республикасының білім және ғылым министрлігінің басқа да нормативтік құжаттарындағы тұжырымдамалы идеяларды бірізділікпен дамытуға мүмкіндік беретінімен міндеттелінген. Сонымен бірге «Өзін-өзі тану» тұлғаның адамгершіліктік-рухани сауатын ашуға бағытталған мүлдем басқа бағдары, ұстанымдары, теориялық тұрғылары мен әдістемелері бар жаңашыл курс бола отырып аталған құжаттардың шегінен асып түседі. Бүгінгі таңда он жылдық қана тарихы бар «Өзін-өзітану» курсы осыған дейінгі шетелдік ғалымдардың ой-пікірлерін зерделей отырып, отандық ғалымдардың зерттеулері мен тұжырымдарының негізінде білім беру саласына жаппай енгізілуде. Қазақстандық ғалымдар: А.Н. Нысанбаев және Г.Г. Соловьева Рухани-адамгершілік білімнің философиялық тұрғысын, К.Ж. Қожахметова педагогикалық және этнопедагогикалық тұрғысы, М.Х. Балтабаев оқушыларды рухани-адамгершілікке тәрбиелеудегі мәденилік тұрғысын, Х.Т. Шерьязданова рухани-адамгершілік білім берудегі психологиялық тұрғысын зерттеді. Хасанов М.Ш., Дмитов Б.К., Алмұхамбетов Б.А., т.б өзін-өзітану курсының концептуалды-теориялық негіздерін және оны білім беру жүйесіндегі реформаларға сәйкес тәжірибеге енгізудің жолдарын қарастырса, М.Ж. Жадрина, Ғ.З. Байжасарова, т.б осы курсты білі беру ұйымдарына енігзуде оны жалпы мемлекеттік сатандарттарын дайындап, нормативтік-құқтық негіздерін жасады, ал, «Бөбек сауықтыру, білім беру орталығының мамандары білім беру жүйесінің әр сатысындағы: балабақша, бастауыш сыныптар, орта буын және жоғары мектептерген арналған оқу әдістемелік кешендерін дайындап бірнеше жылдың көлемінде байқаудан өткізіп, өңдеулер мен түзетулер енгізіп, жаппай тәжірибеге дайындады.».Қоғамдық өндірістің негізгі аумағыбілім беруекені белгілі. Дәл осысалада индивид әлеуметтенеді және оның әлеуметтік-мәдени тәжірибесі ашылады, дамиды. Алайда Қазақстан Республикасындағы білім беру рационализмнің еуропалық дәстүріне, батыстағы педагогтық үлгілер мен парадигмаларға бағдарлана қойған жоқ. Осы үлгілерге сәйкес, білімберудің негізгі міндеті білімдердің жиынын меңгеру, кәсіби іс-әрекетке даярлану ретінде қалыптасады. Уақыт талап етіп отырған едәуір тереңірек міндет-жақсылық жасау және әлемге махаббаттың сәулесін әкелу, адамгершіліктік-рухани ағарту екінші реттегіаса маңызы жоқ міндет ретінде түсінілуде.

Өзін-өзі танудың пәндік саласы әр студенттің ішкі жан дүниесін байыту және өзіндік қайталанбас жеке даралығын пайымдауы арқылы табиғи қабілеттіліктері мен жасампаздық әлеуетін ашуға бағытталған мақсатты білім беру үдерісін ұйымдастыруды көздейді. «Өзін- өзі тану»пәні бүгінгі заманда өте қажет.

Өмірдің мағынасы – ол адамның санасындағы субъективті ең маңызды құндылық және оның мінез-құлқының басты реттеушісіне айналған құндылық. Адам дамуының шыңы - осы процесте өз денсаулығының белгісі бойынша адам организімінің, құратын қатынастардың адамгершілік нормаларға сәйкестілік белгісі бойынша тұлғаның еңбектегі және қарым-қатынастағы, сондай-ақ қоршаған орта мен өзін-өзі танудағы сәттіліктер белгісі бойынша іс-әрекет субъектісі ретіндегі қабілеттерінің жететін ең жоғарғы көрсеткіші. Өзгелермен қарым-қатынас барысында қайталанбас тұлға ретінде қалыптасу, басқалармен дұрыс қарым-қатынас жасай білу – баға жетпес байлық. Осы байлыққа ие болған адам қоғамда өз орынын тауып, үйлесімді өмір сүре алады. Оған жету жолы сан түрлі. Соның бірі – өзін-өзі тану.

«Өзін-өзі» тану курсы қазіргі таңда ғылыми жаңа бағыт болып табылады. Оның стратегиялық бағдары, тұлға болып қалыптасуы, дүние жүзілік көзқарасын кеңейту, әлеуметтік – экономикалық тапсырмаларды, күнделікті өмірдегі көкейкесті мәселелерді шешу, қарым-қатынас жасауға тағы басқа бағытталған.

Тұлғаның өзін-өзі тануының негізгі құрамдас бөліктерін эксперименттік түрде анықтау мақсатымен оның төрт негізгі аумағын және олардың параметрлерін бөліп қарастырсақ, оларды төмендегідей көрсетуге болады:

1. Тұлғаның мотивациялық аумағы: мінез-құлықтың және іс-әрекеттің мотивтері, әлеуметтік қажеттіліктер.

2. Белсенділік аумағы: интерналдылық, инициативтілік, өзіне-өзі сенімділік, өзін-өзі таныту.

3. Тұлғаның құндылықтық-мағыналық аумағы: құндылықтық бағдарлар, өмірдің мағынасы мен мақсаттары.

4. Тұлғаның этникалық өзіндік санасының аумағы – этникалық жаңсақ нанымдардың негізінде қалыптасатын этномәдени сәйкестілік [1, 90 б.].

Өзін-өзі тану сияқты күрделі психологиялық феноменнің мазмұнына қатысты әр-түрлі көзқарастар бар. Тұлғаның өзін-өзі тану теориясының негізін салушы К. Маслоудың анықтамасы бойынша, өзін-өзі танып білуі – адамның өзінің барлық тұлғалық мүмкіндіктері мен шығармашылық қабілеттерін толық ашуға және дамытуға үздіксіз ұмтылысы [2, 45 б.].

Р.С. Немов өзін-өзі тануды психологиялық білім негізінде қарастыра, маңызды қайнар көздерін атап көрсетеді:

1. Қоршаған орта: ата-ана, туған-туыс, достар т.б баланың іс-әрекетіне қарап баға беріп, ал бала сол берген бағаны сенім ретінде қабылдап, қандай да бір өзіндік баға бала бойында қалыптасады.

2. Адам өз іс-әрекетін өзгелердің іс-әрекетімен салыстыра бағалауы.

3. Өзін-өзі тану мен өзгені тану көбінесе әртүрлі өмірлік жағдайлардан, әртүрлі тесттер арқылы жүзеге асыруға болады [3, 9-19 бб.].

С.В. Кондратьева бойынша өзін-өзі тануды зерттеуде әртүрлі бағыттар, психологиялық механизмдер жайлы сұрақтар, басқа жеке адамды тануда өзара байланыс ерекшелігі және өзін-өзі тануы жеткілкті дәрежеде зерттелінбеген. Өзге адамды түсінуде және өзара байланыс механизмін, мазмұнын айқындауы, мінез-құлық рефлексивті қасиетін анықтауға жол ашады деп көрсетеді [4, 36 б.].

Л.Н. Десен тұлғаның өзін-өзі тануы мен өзге адамдардың ол жайлы білуі, тануының арасындағы өзара байланысын зерттеуде, ең алдымен қоршаған адамдар ортасында қарым-қатынастың деңгейін анықтау. Зерттеу мазмұнында тұлғаның қарым-қатынасы өзінің құрбыларымен, қарама-қарсы жынысты адамдар арасындағы қарым-қатынасы әсер етеді [5, 101 б.].

Ж.Маралов бойынша, «өзін-өзі тану» – бұл өзінің потенционалды және жеке бас қасиетін, интеллектуалды ерекшелігін, мінез-құлқын, өзінің қатынасын өзге адамдар арқылы өзін тану процесі.

Өзін-өзі танудың ғылыми тұрғыдан қарастырғанда, психологияда кеңінен ашылып көрсетіледі:

- өзін-өзі тану – психологиялық кемелді және ішкі үйлесімділікті қабылдау құралы.

- өзін-өзі тану – тұлғаның психикалық және психологиялық денсаулықты қабылдау жағдайы.

- өзін-өзі тану - тұлғаның өзіндік дамуының бірден-бір жолы және оның жүзеге асырылуы. Бұл мәндер өзара тығыз байланыста болып келеді және олар бір-бірін толықтырып отырады [6, 9-10 бб.].

Классикалық психоанализде өзін-өзі тану бейсанада ығыстыру ұғымымен сипатталынады. Австриялық психолог және психиатр З.Фрейд ығыстыруға агрессивті және сексуалды тенденцияны жатқызады. Психоаналитиктің мұндағы рөлі емделушіге (пациентке) арнайы психоанализ техникасын қолдана көмек беру.

З.Фрейд шәкірті австриялық психиатр А.Адлер өзін-өзі танудың мән-мағынасын адамның өзінің алдына қойған шынайы мақсатын танудан көреді.

Гештальттерапияда өзін-өзі тану адамның тұлғалық кемелге жетудегі жетістік құралы ретінде қарастырылады. Неміс психологы Ф.Перлз тұлғалық кемел сапасындағы көрсеткішін мынандай түрге бөліп көрсетеді.

1. Басқаларға емес, өзіне демеулік, көмек көрсете алу.
2. Жауапкершілікті өз мойнына алу.
3. Қиын жағдайда өзіндік ресурсын жеделдету.
4. Дағдарыстан шығу үшін тәуекелге бару [6, 23 б.].

Гуманистік психологияда өзін-өзі тану тұлғаның өзіндік даму жағдайымен, өзін-өзі жетілдірумен қарастырылады. Бұл бағыттың өкілі американдық ғалым К.Роджерс адам құрамын реалды «Мен» және идеалды «Мен» деп бөліп көрсетеді, ал адам өміріне әсерін тигізетін әлеуметтік ортаны қосымша етіп алады.

Реалды «Мен» – өзі туралы ой, сезімі, талпынысы тағы солсияқты елестету жүйесі.

Идеалды «Мен» – адам болашақта қандай болғысы келетіні, терең ойлауы мен өзінің тәжірибесі.

Әлеуметтік орта – бұл басқа адамдардың баға беруі (адамның құндылығы, көзқарасы, іс-әрекеті, нормасы тағы сол сияқты).

Реалды «мен» және идеалды мен өзара сәйкес келмеуі мазасыздықты, әрекеттің бейімделе алмауы, әртүрлі психологиялық мәселелер туындайды.

Позитивті мәні – кез келген жұмыс жағдайы, белгілі бір мақсатқа жету үшін, жұмыс сәтті болу үшін талаптың қойылуы, қарым-қатынасты нығайтуда, өз мүмкіншілігін арттыру және бұл қасиеттерді адам өз бойынан тануы.

Негативті мәні – өзі жайлы жақсы танып біле алмағандықтан, адам күшті және әлсіз жақтарын мұттәйім мақсатта қолдануы, өз амбициясын, өз талаптарын қанағаттандыру тағы басқа.

Психологияда өзін-өзі тану саласын алғаш атап көрсеткен американдық психолог У. Джеймс. Сыртқы дүние арқылы өзін-өзі тану - қарым-қатынаста, іс-әрекетті орындауда өз қылығын бағалау, өз мүмкіншілігін және қабілеттілігін көрсете алу. Ішкі дүние арқылы өзін-өзі тану - уайымдау, сезім, арман, ой, қалау тағы сол сияқты ішкі дүниені сыртқа шығарып, тану үшін қызықты жұмыспен шұғылдану абзал [6, 15 б.].

Арена - мен өзім жайлы білетінім және мен туралы қоршаған ортадағы адамдардың білуі.

Соқыр дақ – мен жайлы басқа адамдардың білуі, бірақ мен өзім білмеуім.

Жасырын аймақ – мен өзім жайлы білуім, бірақ өзге адамдар мұны байқамайды.

Белгісіз – мен өзім жайлы және өзге адамдарда мен туралы білмеуі.

Өзіндік сана – «Мен» образын тану субьектісі ретінде «Мен» іс-әрекеті. «Мен» образы, «Мен» субьективті ретінде құрылымындағы реттеуші қызмет. Өзіндік сана құрылымының төмендегідей көруге болад:

1. Эмоционалды құндылық қатынасы;
2. Өзін-өзі тану;
3. Өзін-өзі реттеу;
4. Өзін-өзі бақылау;
5. Өзін-өзі бағалау.

«Мен» субьект ретінде әртүрлі белсенді іс-ірекеттердің әсерінен өзін-өзі тану қызметін атқарады, оның өзі эмоционалды құндылық қатынасымен тығыз бірге жүреді.

Өзін-өзі тану қорытындысында «Мен» образы түсіндіріледі және кейде жаңа «Мен» образы жинақталынады. Тұлғаның талпынысы «Мен» образы бірден пайда болмайды, ең алдымен тұлға қасиеттері, қылық, әрекет ерекшеліктері тағы сол сияқты өзі жайлы ойлар қалыптасады. Мұнда басты орынды өзгелермен салыстыруы, өзін-өзі бағалауымен ерекшеленеді. Егер «Мен» образы рационалды түсінікті қабылданған мезетте «Мен концепциясы» жоғары деңгейде болады, ол адам өміріне әсерін тигізіп, мақсатын, жоспарын анықтауға әсерін тигізеді [6, 19-20 бб.].

Отандық психолог В.В. Столин адам ұйымының үш деңгейін көрсетті:

1. Биологиялық индивид;
2. Әлеуметтік индивид;
3. Тұлға.

Биологиялық индивид деңгейінде өзіндік сана «Мен» физикалық мүмкіндігін, өз дене бейнесін құру мүмкіндігін көрсетеді.

Әлеуметтік индивид деңгейінде өзіндік сана өзгелердің көзқарасын қабылдау, ата-анасымен өзін ұқсастыруы, әрекетті орындаудағы үлгілерді игеру, өзін-өзі бағалауының қалыптасуы; кейіннен кәсіби идентификациясы; өзін-өзі бақылай алуы тағы сол сияқты қалыптасады.

Жеке адам деңгейінде өзіндік сана өзіндік әлеуметтік құндылығымен, өткен, қазіргі және болашақ жайлы елестетуі мен ондағы өзгерістердің көрінісімен сипатталынады [7, 37 б.].

В.Г. Маралов сипаттамасында өзін-өзі тану – бұл әрекеттің дәйектілігі мен жиынтығы. Алдымен қандайда бір тұлғалық қасиеті немесе іс-әрекет сипатын анықтап алу, бұл өте маңызды, онсыз өзін-өзі тану мәні жойылады. Оны санамауға бекітіп, талдау соңында адамның тұлғалық қасиеттер құрылымын, оның шекарасын қарастырып бағалауы да «Мен концепциясын» қабылдамайды. Өзін-өзі тану процесі – бұл өзінің бойынан қандайда бір қасиетті анықтау.

1. Өзін-өзі танудың түсіну және түсіне алмау деңгейі. Адам қарапайым өмір сүреді, оқиды, еңбектенеді, қарым-қатынасқа түседі, өз-өзімен сөйлеседі. Өмір барысында көптеген дәйектер жиналып (өзге адамдар жайлы, өзі жайлы), бір мезетте санада бекітіліп, түсініп немесе түсіне алмауы, яғни өзіне деген қатынасына бақылау жасай алмауы қабілетінің төмендегі байқалады.

2. Мақсаттылық. Жеке адам өз алдына қандайда бір мақсат қояды және бағыттылығын, қабілеттілігін, тұлға қасиеттерін қолдана отырып, сол мақсатқа жетуге тырысады. Осы жағдайда әрекет арқылы өзін-өзі бағалауы, талдауы, өзін-өзі тануы жүзеге асады. Тұлға неғұрлым іс-әрекетте өзін-өзі тануын жүзеге асырған сайын, соғұрлым терең өзі жайлы біле түседі. Бұл жерде кері модел де кездеседі, егер эмоционалды күй жоғары деңгейде болса, өзін-өзі тануы объективті болмайды, әртүрлі комплекстер пайда болады.

3. Өзін-өзі танудың қанығуы әртүрлі өмірлік жолдарында кездеседі. Тұлға тек жағдайды, өзге адамдарды біліп қана қоймай, өз мүмкіндігін, қасиетін, өзінде білген жөн.

4. Өзін-өзі танудың аяқталмауы - бұнда ересек адамдардың өмірі бай және шынайы тұлға. Өзіңді толық тану мүмкін емес, тіпті әлеуметтік ортада орны зор, қабілетті деп санайтын адамның өзі де жоғары деңгейде өзін-өзі тани алмайды [6, 28-32 бб.].

Р.М. Жақыповтың айтуынша, өзіндік тану, өзіндік сана, рефлексия және әлеуметтік талаптарды еске алу арқылы өзін-өзі дамыту тұлғаның өзін-өзі танытуының алғы шарттары болып табылады [8, 40 б.].

Өзін-өзі танытанын тұлғаның негізгі қасиеттерінің бірі белсенділік. К.А. Абульханова көзқарасы бойынша, белсенділік - бұл тұлғаның қажеттіліктерді, қабілеттерді, өмірге қатынастарды және қоғамның тұлғаға қоятын талаптарын интеграциялау негізінде тұлғаға ғана тән, өмірді ұйымдастыру, реттеу және өзіндік реттелу тәсілі [1, 96 б.].

А.А. Бодалев белсенділік және оның құрамдас бөліктері тұлғаның өзіне-өзі сенімділік сияқты мінездемесімен тығыз байланысты деп көрсетеді. Сондықтан өзін-өзі танытатын тұлғаның маңызды қасиеті өзіне сенімділік проблемасы отандық психологтармен аз зерттелінген. Шетелдік психологтар тұлғаның бұл сипаттамасын теориялық және эксперименттік түрде зерттеуге тырысты. Бірақ, алғашында ол психокоррекция мәселелерімен байланысты зерттелінді. Өзіне сенімділіктің аз немесе тіпті болмауы көп жағдайда пессимизм мен қысылуда көрініс табатын тұлғаның невротикалық симптоматикасына әкеледі. XX ғасырдың 40 жылдары АҚШ-тағы невроз клиникасының бас дәрігері Андре Сальтер өзіне сенімсіздікті коррекциялау, емдеу және әлсірету проблемасымен ең алғашқы болып айналысты [9, 55 б.].

Жеке адамның қайнар көзінің белсенділік көзі - қажеттілік. Қажеттілік кең мағынада - бұл мұқтаждық, ал тар мағынада - қалып, яғни адамның жағдай тәуелділігінің көрінісі. Қажеттілік биологиялық және әлеуметтік болып бөлінеді. Биологиялық қажеттілікке – су, жылу, ауа, тамақ, сексуалды қатынас т.б., ал әлеуметтік қажеттіліктің негізі – еңбек ету, тануда, қарым-қатынас, жетістікке жету т.б. Өзін-өзі тану процесі ретінде көрініс береді және оның түп негізінде қажеттілік жатыр, ол өзін-өзі танудағы қажеттілік деп атауға болады. Өзін-өзі танудағы қажеттілік – бұл тану қажеттілігі. Ол «Мен» қажеттілігімен тығыз байланысты. Оларға жататындар: өзін-өзі сыйлаудағы қажеттілік, өзін теңестірудегі қажеттілік, өзгелердің көзқарасы бойынша өзін мойындау т.б.

Өзін-өзі сыйлауға деген қажеттілігі адамның өз талаптарына және қоршаған ортадағы адамдардың талаптарына жауап беруімен жоғары дәрежеге жетуімен көрініс береді. «Мен»-ің тұтастығына деген қажеттілігі «Мен» образының соңына жету [1, 32-36 бб.].

Барлық қажеттіліктер бір-бірімен тығыз байланысты және бір-бірін толықтырып отырады. Өзін-өзі сыйлау және «Мен» тұтастығы, олар өзін-өзі тану қажеттілігін күшейтеді. Өзін-өзі тану қажеттілігі басқа да қажеттіліктердің қанағаттануымен жеңілдетіледі. Мысалы, өзіңе талапты қоя білу үшін, ең алдымен өзіңді білу қажет, ал өзіңді жақсы білсең тұтастығыңды құрай аласың және «Мен» образына ешқандай қарама-қарсылық тумайды.

Мұндай қажеттіліктің қанағаттандырылуы өзіндік дамуымен байланысты. Өзіңді білу үшін және өзін-өзі тану қажеттілікті күшейту үшін, көбірек қарым-қатынас жасау керек, ал қарым-қатынасқа түсу үшін өзіңді жақсы білу қажет, ал бұл жетістіктегі қажеттіліктердің қанағаттануымен жүзеге асады. Жетістікке жету үшін де өзіңді білген жөн.

С.М. Жақыпов жек мағыналық құрылымдарды емес, тұлғаның танымдық іс-әрекетінеде көрінетін ішкі психикалық құрылымдардың тұтас жүйесін қарастырды. Ол мотивацияның іс-әрекетке байланыстығын, мағына және мақсаттың пайда болуымен түсіндірді. Адамдардың бірлесіп әрекет етуіндегі ортақ мотив түрін бөлді. Ортақ мотив – іс-әрекеттің ортақ обьектісінен және іс-әрекетке қатысты тұлғалардың мағыналық жүйесінің өзара сәйкестілігінен байқалады, ол әрекет тиімділігіне едәуір әсер етеді [8, 47 б.].

А.А. Бодалев өзін-өзі танудың оптимальді мүмкіндігі адамдармен қарым-қатынас негізінде көрінеді, ал субьективті маңыздылығы субьект жағынан құндылықтар қатынасымен қарастырды. Мұндай қатынас негізінің сапасында

субьектінің тану эталоны тұлғаның құнды қасиеттері жайлы, басқа адамдар және өзі жайлы білудің жиынтығы [9, 57 б.].

Моделдеу – бұл өзін-өзі танудың арнайы тәсілі. Мысалы, психологтың көмегіне сүйену, алайда, психологпен әңгіме жүргізуде, қарым-қатынас жасауға кез келген адам жете бермейді. Сондықтан өзіндік нәтижесін өңдеу жұмысын дербес жүргізуге болады. Моделдеу – жеке дара қасиеттердің бейнеленуі. Мұның қарапайым әдістері – өзін суреттеу, «Мен қазіргі шақта», «Мен болашақта», «Мен дос ретінде», «Мен студент» т.с.с. сурет өзіндік талдауды жеңілдетеді (мен қандаймын?, менде қандай қасиеттер басым?, мен нені қажет етемін?, мен не істей аламын?). Егер суретте белгілер айқын көрсетілген кезде, бұл тәсіл тиімді болады. Сондай-ақ, практика өзін-өзі тану процесін жеңілдетеді және өзіне басқа жағынан қарауға көмектеседі. Мысалы, рөлдік ойындар, психодрама [11, 38-39 бб.].

В.Г. Маралов бойынша өзін-өзі тану нәтижесінің негізі – өзі жайлы білімнен келіп туады. Бұл білімдер жақындық принципі бойынша топтастырылады. Сондықтан да өзін-өзі тану процесі аяқталмайды. «Мен» концепциясын жете білу көбінесе адамның өзіне байланысты, яғни, өзін-өзі қабілеттілігі, талпынысы және өзін-өзі тану жүйесімен айналысуы.

Өзін-өзі тану нәтижесі ретінде өзіне деген эмоционалды құндылық қатынасы бойынша төмендегідей тұлғаның компоненттерін айтуға болады. Олар ұқсастық, өзіндік қабылдау және өзін сыйлау [6, 42-43 бб.].

А.А. Крылов бойынша тұлға өзін жоғары бағалауы, өзіне қатынасы, өз жетістіктеріне, өзін мақтау. Егер өзін-өзі сыйлауы төмен болғанда, адам өзін жақсы көруі төмендеп, ішкі қақтығыстардың бар болуы, ал өзін-өзі сыйлауы жоғары болса, өзгелерге кемсіту көзқараспен қарауы өзіне сенімділік, эгоцентризм және өзіне жағымды жақтарды ұстануы мен талаптану, шынайы жетістікті салыстырмен қалыптасады.

Американ психологы У.Джеймс жеке адамның талаптануы мен жетістікке жету табыстарымен байланыстырып, төмендегі формула жобасын көрсетті.

Өзін-өзі сыйлау = табыс /талаптану

Табыс неғұрлым жоғары болса, талаптану соғұрлым төмен болады және керісінше талаптану жоғары болса, табыс төмен болады. Адам толығымен талаптанудан бас тарта алмайды, сәттілік пен сәтсіздік шынайы категория, ол жағдайға және жеке адамның өзінен байланысты болады.

Өзін-өзі сыйлау қоршаған ортадағы адамның дәлме-дәлдігімен анықталады. Егер өзін-өзі сыйлауы төмен болса, адам өз-өзін алдауы, шындықтан қорқуы, көптеген психологиялық қорғаныс түрлерінің дамуы, сондай-ақ, өзін-өзі сыйлау өзге адамдармен өзара қатынас сипатын анықтайды. Өзін-өзі сыйлаудың дәлме-дәлдігі тәрбиеге байланысты [12, 285 б.].

Н.В. Крогус бойынша өзін өзге адамдармен салыстырса, субьект өзін-өзі бағалау ретінде қабылдайды. Егер субьект өзіндік «мен»–ің қалыптастыра тұлға реттеу мүмкіндігін, өзін дамыу ретінде өзіне белсенді әрекет жасайды [13, 71 б.].

Австриялық ғалым К. Лоренц адамның өзін тануға қалауының болмауы, өзін табиғаттың бір бөлігі ретінде қарастырғысы келмегендіктен деп есептейді. Кедергі келтіретін топтарды төмендегідей көрсетті.

1. Талдау, бағалау, қабылдау әрекеттерінің қалыптасуынан, ұқсастыру мен рефлексия құралдарының дұрыс қолдана алмауы, өзін тұлға ретінде қабылдауға, дәлме-дәл қабілетінң төмен болуы.

2. Өзін тануда қорқыныш сезімнің болуы, қоршаған ортаның талабына сай өзін бағалауға тырысу [15, 55 б.].

Аталған кедергілерді жеңуде адамның бойындағы үрейді, қорғаныс және сақтануды қалыптастыру, өзін-өзі сыйлау деңгейі мен өзін-өзі тану әдісі арқылы адамды оқыту, өзін-өзі тәрбиелеуде ең тиімдісі болып табылатын – бұл адам алдына өз бетінше мақсат қоя білу, сол мақсатқа жетуге өз еңбегімен жетуге тырысу.

Философиялық ағымдардың қай-қайсысы болмасын келесі үлкен сұрақтарға жауап береді. Адам жағалай қоршаған ортаның шындығын танып біле ала ма әлде біле алмай ма? Бұл сұрақ философияның үлкен тараулары- бірі гносеологияның өзегін құрайды. (gnosis-грек сөзі,тану білу, logos-ілім). Кейде гносеология ұғымымен қатар эпистемология деген термин қолданылады. (episteme-грек сөзі,-білім). Матереалистік бағыттағы философияның көпшілігі дүниені адамның танып біле алатынына ешқандай күмән келтірмейді. Ал объективті иднализмге келетін болсақ, олардың бір бөлігі дүниені танып білуге болады десе, келесілері бұл мәселені теріс шешеді. Ал адам дүниенің терең мәнін танып біле алмайды, ол мүмкін емес деген көзқарасқа агностипизм деген атақ берілді. (а-теріс,gnosis-тану) Енді дүниені қалай таниды? алам дүниені тану жолында қаншалықты дәрежеге көтеріле алады? Тарихи бірінші сұраққа үш түрлі жауап берілді. Тарихи алғашқы пайда болған жауап «қайсібәр таным тәжірибеден шығады». Мұндай танымдық тұжырымға эмпиризм деген атақ берілді (emperia-грек сөзі,-тәжірибе). Сонау көне заманда пайда болған эмпиризм танымдық тұжырымдама ретінде XV-XV ғ.ғ. қалыптасады. Сонымен, егер танымның негізгі көзін тәжірибеде,-деп мойындаса, ондай танымдық бағытты біз эмпиризмге жатқызамыз. Эмпиризмге өте жақын тұрған танымдық ағым, ол-сенсуализм.(sensus-латын сөзі, сезім, қабылдау, түйсік). Сенсуализм таным үрдісіндегі сезімдік қабылдауды негізгі жол деп есептейді. Сенсуализмнің негізгі тұжырымдарының бірі – «алғашқы сезімде болмаған, ақыл-ойда жоқ» Келесі таным теориясындағы ағым-рационолизм (ratio-латын сөзі-ақыл). Бұл ағым адамның ақыл-ойын, щзердесін танымның өзегі, негізі ретінде қарайды. Рационолизм таным тұжырымы ретінде XX ғ. дүниеге келді. Тарихи рационолизмнің негізі сонау көне заманда пайда болды. Грек ойшылы Парменид сол көне заманда сезімдік таным тек қана жалған пікірлер туғызады, ал ақыл-ой -арқылы ғана нағыз ақиқатқа жетуге болады,-деген ой айтқан. 17-18 ғ. ғылымның дамуы тіпті Европа топырағында үлкен идеологиялық ағымды-француз ағартушыларының ақыл негізінде дүние тануға, қоғамды қайта құруға, адамдарды тәрбиелеудегі ақыл-ойдың құдіретті күшіне деген зор сенім арттыруына әкеліп соқты. Бұл замандағы рационолизмді қолдайтын ойшылдар дүниені түрлі ақыл-оймен қорытудың сезімдік танымнан анағұрлым терең екенін көрсете білді. Егер сезімдік таным жеке құбылыстарды, кездейсоқ нәрселерде ғана танып, шегіне жеткен жалпылық, қажеттік деңгейіне көтеріле алмаса, ақыл-ой, зерде арқылы адам сондай дәрежеге көтеріле алады. Сонымен ғылыми білімнің қайнар-көзі, ақиқаттың анықтамасының бәрі-ақыл-ой, зердеде. Сондықтан Лейбниц сенсуализмнің «алғашқы сезіидже болмаған, ақыл-ойда да жоқ», - деген тұжырымдамасына «ақылдың өзінен басқа» деген сөздерді қосып, адамның рационалдық танымының құдіретін көрсеткісі келді. Сондықтан, И.Кант-«сезімдік таным ақыл-ойсыз-толық емес, ақыл-ой сезімдік танымсыз-мазмұнсыз» деген пікір айтып танымның екі жағын бір біріне ұштастырды. Алайда, Кант мұндай көзқарасты тек қана құбылыстар әлеміне таратып «жаттың өз ішіндегісін» танудан бас тартты. Рационолизмнің ең биік шыңы ретінде Гегельдіңфилософиясын алуға болады. Бұл кісі дүниені абсолюттік идеяның басқа болмысы ретінде қарап, таным үрдісінің өзі бабсолюттік идеяның өзін-өзі танып біліп,өзіне жаңа дәреде-абсолюттік рух ретінде қайтып оралуы деп түсінді. Сондықтан дүниенің дамуын, адмзат тарихын Гегель абсолюттік идеяның логикалық жолмен өзіне-өзі тереңдеуі деп түсініп, панлогизиді (pan-бәрі, logos-білім,ақыл-ой) тудырды. Соңғы жылдары танымның өте күрделі үрдіс екендігі, оны праксеологиямен ұштастырып қоймай, сонымен бірге аксиологиялық тұрғысынан қарау керектігі анықталды. Енді жоғарыда қойылған келесі сұраққа-дүниетану дәрежесіне келетін болсақ, оған да екі түрлі жауап алуға болады. Жаңа дәуірдегі әртүрлі таным теориялпры көп ғасырлар бойы ғылымдардағы ашылған жаңалықтар мәңгілік сол күйіндде қалады, егер болашақта ол теріске шығарылса, онда оның алғашқы ашылған кезінде ақ қат е болғаны, - деген пікірде болды. Яғни ғылымдағы тану үрдісінтдегі табылған білім әрқашанда толық,

кемеліне келген, әрі қарай мазмұнын өзгертпейтін құбылыс ретінде қаралыды. Гносеологиядағы мұндай пікірге «догматизм» (dogma-грек сөзі,шешім, ілім) деген атақ берілді. Келесі гносеологиялық ілімдер қайсібір ғылыми жаңалықты,білңмлң толық емес, салыстырмалы, тарихи жүре келе тереңдетңлетін құбылыс ретінде қарайды. Яғни ғылымдағы жетістіктерді де шексіз әрі қарай дамытып тереңдете беруге болады. Сондықтан,ғылым әрі-қарай дамыған сайын ғалымдар өткен уақыттағы ашылған білім салаларына жаңа көзқараспен қарап,оның шынды жағыг кеңейтілген жаңа теориятның құрамына кірогізіп,ал жалған жақтарын сырттатады. Танымдағы мұндай бағытқа «релятивизм» деген атақ берңлді (relayivus-латын сөзі-салыстырмалы).

Адамзат тарихында ұлы адамдарға өмірлік бағдарламасын нақты орындауға көмектескен өзін-өзі түзету мысалдары өте көп кездеседі. Өзін-өзі түзету өзін-өзі жетілдірудің тиімді тәсілдерінің бірі. Л.Н. Толстой «Өзін жетілдіруге деген ұмтылыстан басқа еш нәрсе адамның өз игілігі мен басқа адамдардың игілігіне септігін тигізе алмайды»- деп бекер айтпаған.

Тәрбиенің демократиялық жүйесі баланың, басқа адамдар ықпалына бағынышты болмай, керісінше өзінің қабілеттері мен күштерін бағалап, өз дамуын өздігінше анықтауға үйрететін бірден-бір жүйе болып саналады. Тәрбиенің осындай нәтижесі тек қана педагог пен өсіп келе жатқан баланың тығыз ынтымақтастығы негізінде ғана мүмкін болады.

Тәрбие әдістерінің ықпалын, оның сапасын және нәтижесін анықтау және талдау үшін мінез-құлық пен іс-әрекетке бақылау жасау, адамның өзін-өзі бақылауы және өзіне-өзі баға беру әдістері қолданады.

Өзін-өзі байқау және бақылау әдістері тобындағы әдістің бірі – тәрбиелейтін жағдаят туғызу әдісі. Тұтас педагогикалық процесте жеке адам ең алдымен әр түрлі әрекеттер барысында қалыптасып дамиды. Сондықтан баланың өмірін, қоршаған ортаға деген қарым-қатынасын ұйымдастыру ісі белгілі міндетті шешуге барынша жауап беретіндей ұйымдастырылуы керек.

Балаға өмірде әр түрлі жағдаяттарды шешуге тура келеді. Зерттеулер бұл жағдайда баланың дайындығы жеткіліксіз екендігін дәлелдеді. Автобуста отырғанда жаныңа келген қарт кісіге орын бересің бе? Ескертуді естімеген боласың ба? - деген мұғалімнің сұрағына бала өзінің көзқарасына, мінез-құлқына сүйеніп жауап беруі жаңа талаптарға сай іс-әрекеттері мен қарым-қатынасын өзгертеді.

Тәрбие жұмысының нәтижелерін балалардың мінез-құлқы мен іс-әрекетін, өзін-өзі тәрбиелеуін педагогикалық бақылау жүргізу арқылы білуге болады. Педагогикалық бақылау әдісі тәрбиелілікті анықтауға арналған. Ауызша және жазбаша сауалнама, тестілер, тәрбиелік мақсат көзделген шығармалар, балаларды өзін-өзі сендіруге үйрету, балалардың барлық іс-әрекетіне талдау жасау қорытынды шығару әдістері - баланың өзіндік педагогикалық психологиялық ерекшеліктерін тану-дамыту мақсатында кеңінен қолданылуда. Тәрбие әдістерін дұрыс таңдау және оларды тиімді пайдалану. Тәрбие жұмысында әдістерді таңдап алу балалардың жас және дербес ерекшеліктеріне, өмір тәжірибесіне, педагогикалық жағдаяттарға тәуелді.

Тәрбие әдістеріне қойылатын педагогикалық-психологиялық талаптар:

– балалардың жас және дара ерекшеліктерін зерттеп, оқу-тәрбие процесін бала дамуының заңдылықтарына сүйеніп ұйымдастыру.

– тәрбие процесінің үздіксіз, әрі кешенді ерекшелігін ескеру.

– педагогтардың жеке басының және еңбек мәдениетінің жоғары дәрежеде болуы.

Тәрбие әдістері бір-бірін толықтырады, олардың бірлігі тәрбие жұмысына игі әсер етіп, балалардың білімін, іскерлігі мен дағдысын тереңдетеді, қоғамдық өмірге, еңбекке баулиды, адамгершілік тәжірибесін байытады. Әдістермен бірге мұғалім тәрбиенің тәсілдерін және құралдарын қолданады.

Өзіне-өзі бұйыру дегеніміз адамның өзіне-өзі берген қысқа, үздік-үздік үкімі.

Өзіне-өзі бұйыру адам өзін нақты бір іс-әрекет жасау керектігіне сендіріп, енді басқаша әрекет жасауға болмайды деп сезгенде ғана қолданылады. Бұйырықты түрде

өзінен бір іс-әрекетің орындалуын талап ету қажеттілігі адамның өз кемшіліктерін анық көріп тұрып, бірақ сол жоспарланған істі орындауға күші жетпей тұрған кезде қолданылады. Өзіне-өзі бұйыру еріктік процесспен тығыз байланысты. Өзіне-өзі бұйыруда жаттығу үшін адам өзіне дауыстап бұйырық беріп оны қайта-қайта қайталап орындап отыруы қажет. Өз бұйырығын екі апта аралығында орындап жүрген адамда өз бұйырығын автоматты түрде орындау әдеті пайда болады.

Адамның өзін-өзі тәрбиелеуде өзін-өзі құптаудын маңызы зор. Әр адамның есінде өздерінің үлкен жетістіктерге жеткен кездері жақсы сақталып қалады. Адамның жетістіктері оған рухани, интеллектуалдық, күш-жігерлік қорларының ішкі мүмкіншіліктерін байқатып, өмірдің жаңа белестерін жеңе алатынына сенімділік тудырады. Кейбір өмірлік жағдайларда адам «өткенді ойлап» осындай жағдайдан қалай жол тауып шыққанын еске түсіргені абзал.

Өзін-өзі бақылау – адамның өз іс-әрекеттерін, психикалық процесстер мен көңіл-күйлерін түсінуі, бағалауы және реттеуі. Бұл тәсіл адамға айналадағылармен сабырлы қарым-қатынаста болу іскерліктерін, басқа адамдардың кемшіліктеріне, әлсіздіктеріне, қателіктеріне шыдамды болуды үйретеді. Аталған тәсіл көмегімен адам шиеленіс жағдайларды реттеп, ұстамдылыққа, күрделі жағдайларда байсалдылық, сабырлық сақтауға үйренеді.

Өзін-өзі түзету адамға өз мінез-құлқын, кемшіліктерін, қателіктерін және басқа адамдарға деген қарым-қатынасын өзгертуге мүмкіндік береді. Өзін-өзі түзету адамның өзіне сын тұрғысынан қарауына байланысты болады.

Қорыта айтқанда, өзін-өзі тану – бұл өзін тану мен тұлғалық, интеллектуалдылық ерекшеліктері және қасиеттері, басқа адамдармен қарым-қатынас, өз бойынан белгілі бір қасиеттерді қабылдау процесі.

Өзін-өзі тану өзіндік сана құрылым компонент ретінде әрекет етеді. Өзін-өзі тану аймағына және саласына сана, бейсана, адамның сыртқы және ішкі дүниесіндегі әрекет, тұлғаның позитивті сәйкестілігінің қалыптасуы, оның өзін-өзі тануына қолайлы жағдайлар тудырып, өзін-өзі жетілдіру мен өзін-өзі жүзеге асыруына ықпал етеді.

Өзін-өзі тану процесі – өзін тану, білу мақсатына жету әрекеттердің ауысуы, ал өзін-өзі тану құралы – өзін-өзі бақылау, өзіндік талдау, өзін басқалармен салыстыру. Өзін-өзі бақылау өз іс-әрекетін, қылығын, ішкі жағдайларына бақылау жасау және ол мақсат-бағдарлы болып келеді. Өзін-өзі бақылау – мінездік сипатын, қарым-қатынас ерекшелігін, тұлға қасиеттерін анықтауға мүмкіндігін тудырады [10, 9-10 бб.].

Өзін-өзі талдау, өзін-өзі бақылау арқылы және бақылаудың соңында талдау жасалынады. Алайда, адам өзін үнемі өзгелермен салыстырады, ал салыстыру әдісі өзін-өзі тану компоненті ретінде өзін-өзі бағалауы қалыптасады [6, 37-38 бб.].

Өзін-өзі танудың психологиялық механизмі – ол тұлғаның құндылық мағыналық өзіндік реттелуі, өзінің барлық жеке дара, типтік қасиеттерін, эмоционалдылық-еріктік, мотивациялық танымдық жетілдіруі.

Сонымен, өзін-өзі тану пәнінің қорытындысы Арена терезесін жоғары деңгейге көтеру, кеңейту, ал соқыр дақ аймағын тарылту, жасырын аймағын нақтылау, яғни нені өзге адамдардан жасыру, нені ашық көрсету мен мақсатқа жету үшін нені қолданған пайдалы және оны жетілдіру. Осындай модельді қолданса тұлға өзіндік бақылау жасай отыра, өзге адамдардың тұлға жайлы не ойлайтынын біле алады [6, 64-73 бб.].

В.Г. Маралов бойынша өзін-өзі тану – өзіндік тәжірибені меңгеру құралы: адам өзін-өзін тануда тұлғалық өсу қабілетін, өзін-өзі жетілдіру, өмір қуанышын сезіну, өмір мәнін түсіне алуы. Өзін-өзі танудың мәні позитивті және негативті болып екіге бөлінеді.

Өзін-өзі тани білу – өзіндік сананың қалыптасуынан туады. Жеке адамның адамгершілік санасының дәрежесі оның мінез-құлқы мен іс-әрекетін анықтайды. Сананың қалыптасуы баланың дүниеге келгеннен бастап оған жақын адамдардың қарым-қатынасынан басталады.

Қоршаған ортаға , жанындағы достарына, тәрбие берген мұғаліміне қарап өзін тани алады.

Өзін-өзі тану – нағыз адам болудың сыры мен қырын үйретететін пән. Нағыз адам болу – Отан алдындағы борышыңды өтеу, адами қарым-қатынасың, қоршаған ортамен үйлесімділігің.

Э. Хемингуэй: «Әрбір адам қандай да бір іс үшін туады. Жер басып жүрген әрбір адамның өмірде өз міндеттері бар» деп айтқандай, әрбір адам өмірге келгеннен кейін оны артында ізі қалардай мәнді өткізе білуі қажет. Сондықтан да адамның танымы неғұрлым биіктей берген сайын, дүниенің көкжиегі де соғұрлым кеңейе бермек.

Өзіңді-өзің тану деген - өзіңді қоғамдық, әдептілік тұлға ретінде қарастыру арқылы барлық адамдарға тән негізгі қасиеттер төңірегінде этикалық ұғымдар қалыптастыру. Өзіңді білу, бұл – өз тарихыңды, дәстүріңді, ата-бабаларыңның игі жақсылығын біліп, үйрену.

Әдебиеттер:

1. Абульханова К.А. Психология и самосознания личности. – М.: Московский психолого-социальный институт, 1999. – 224 с.
2. Брудный А.А. Понимание и общение. – М.: Знание, 1989. – 64 с.
3. Буева Л.П. Общественные отношения и общение // Методологические проблемы социальной психологии. – М.: Наука, 1975. – С. 136-150 с.
4. Гиппенрейтер Ю.Б. Общаться с ребенком. Как. – М.: МАССМЕДИЯ, 1995. – 238 с.
5. Давыдов В.В. Виды обобщения в обучении. – М.: Педагогика, 1986. – 240 с.
6. Дерябо С., Ясвин В. Гроссмейстер общения. – М.: Смысл, 2000. – 192 с.
7. Десен Л.Н. Некоторые социально-психические особенности школьников юнешеского возраста // Вопросы психологии. – 1973. – №2. – С. 99-104.
8. Джакупов С.М. Экспериментальные исследовния этнических предубеждений // Межвузовский сборник научных трудов «Теоретические и прикладные проблемы социолизации личности». Часть III. / Под. ред. С.М. Джакупов. –Алматы, 2002. – 162. – С. 25-45.
9. Диллман Б. Результаты на мишени. – СПб.: Белый кролик, 1995. – 232 с.
10. Доценко Е.Л. Механизмы межличностной манипуляции // Вестник Московского университета. Серия 14. Психология. – 1993. – №4. – С. 3-12.
11. Зейгарник Б.В. Теории личности в зарубежной психологии. – М.: Изд-во Моск. ун-та, 1982. – 179 с.
12. Кондратьева С.В. Межличностные понимание и его роль в общении / Автореферат. дис. ... докт. психол. наук. – Л., 1979. – 36 с.
13. Майерс Д. Социальная психология. – СПб.: Питер, 1999. – 637 с.
14. Маралов В.Г. Основы самопознания и саморазвития. – М.: Издательский центр «Академия», 2002. – 256 с.
15. Немов Р.С. Практическая психология. – М., 1999. – 378 с.

Жантуреева А.А., Ойлыбаева Л.Н.

Философские аспекты самопознания

В статье дается анализ теоретических исследований философских аспектов самопознания, также значимость предмета самопознание в воспитании и развитии личности как гражданина своей страны.

Ключевые слова: *Личность, воспитание, ценность, самопознание, сознание, потребность, социум, возможности.*

Zhantureeva A., Oilybaeva L.

Philosophical aspects of self-knowledge

In article is given analysis to theoretical recearches about the philosophical aspects of self-knowledge, also the importance of a subject self-knowledge in education and development of the personality as a citizen of the country.

Keywords: *Personality, education, value, self-knowledge, consciousness, requirement, society, opportunities.*

ӘОЖ: 378.2:78

Габбасова М.Т. – оқытушы, магистр,
М.Өтемісов атындағы БҚМУ
E-mail: meiramgul.gabbasova@mail.ru

БОЛАШАҚ МУЗЫКА МҰҒАЛІМДЕРІНІҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ДЕРБЕСТІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Аңдатпа. *Мақалада болашақ музыка мұғалімдерінің шығармашылық дербестігін қалыптастырудың мәселелері қарастырылған. Шығармашылық дербестікке қатысты оқу мотивінің, сұраныстың рөлдері көрсетіледі. Болашақ музыка мұғалімдерінің шығармашылық әрекетін қалыптастырудың жолдары айқындалады.*

Тірек сөздер*: Жоғары оқу орны, оқыту-тәрбиелеу үдерісі, студент, шығармашылық, шығармашылық дербестік, мотив, сұраныс.*

Тәуелсіз Қазақстанның алдағы уақыттағы дамуы жан-жақты дамыған, мамандығын жақсы игерген, патриоттық сана-сезімі қалыптасқан жас ұрпаққа байланысты. Осы мақсатты орындауға байланысты білім беру саласындағы реформалар білім беру жүйесін модернизациялаудың бағыттарын анықтауда. Осыған орай, ұлттық жоғары мектепте білім берудің әлемдік деңгейіне жету жөнінде шаралар қабылданды: Қазақстан Еуропалық білім кеңістігіне енді, Болон Декларациясына қосылды [1, 9 б.].

Осындай шаралар Қазақстанның жоғары мектебі дүние жүзілік білім деңгейіне жетуге және бірыңғай білім беру жетістігіне енуге мүмкіндік беруде. Алға қойған мақсаттарға жету механизмі Болондық процестің өлшемдерін орындау болып табылады. 1999 жылдан бері Еуропа елдерінің тегіс қолдап отырған Болон декларациясының басты принциптері еліміздің жоғары оқу орындарында жүзеге асырыла бастады. Атап айтқанда, жоғары білім берудің үш деңгейін бекіту: бакалавриат, магистратура, докторантура; оқыту процесін ұйымдастырудың және оқыту нәтижесін бағалаудың еуропалық кредит жүйесін енгізу.

Жоғары білім – маманға білім, іскерлік және дағды ғана беріп қоймайды, ол жеке тұлға қалыптастырады. Бүгінгі таңда маман дайындаудың көкейкесті мәселелері – әлемдік білім беру кеңістіне сай бейімді білім алу, кәсіби қалыптастырудың сапасын жақсарту, біліммен қамтамасыз етудің ғылыми-әдістемелік жүйесін түбегейлі жаңарту, оқытудың әдістері мен ұйымдастыру түрлерін қайта қарастыру, алдыңғы қатарлы оқу-тәрбие тәжірибелері мен қазіргі қоғамның сұраныстарының алшақтығын жою, білімдегі жаңашылдықты саралау, білімді жетілдіру үдерісіндегі үздіксіздікті қамтамасыз ету.

Мұндай жағдай, қазіргі уақытта мектептің, жоғары оқу орнының алдына қоятын мақсаты – жаңаша ойлайтын, еркін, жаңа заман талабына сай әрекет жасай алатын, жоғары білікті, белсенді маманды даярлап шығару болып табылады. Болашақ мамандардың ойлау қабілетін жетілдіру, өзіндік пікірінің болуын және еркіндігін дамыту, олардың өздігінен жаңа ақпаратты меңгеруге деген ұмтылысын қалыптастыру, алынған теориялық білімді практикамен ұштастыра білу білігі, яғни, болашақ маман ретінде қәсіби біліктіліктерін меңгерту және жетілдіру – жоғары мектептің алдында тұрған мәнді және орындалуға тиісті мақсат ретінде болады. Еліміздегі оң реформаларға, жан-жақты жаңалықтарға түсіністікпен қарап әрекет жасай алатын, пайда болып жатқан жаңа мақсаттарды жаңа технологиялармен шеше білетін мамандарды даярлау талап етілуде. Қазақстан Республикасының білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасында оқитындардың өзін барынша көрсете білу және қоғам өміріне пайдалы түрде қатысу

үшін (құзыреттілік) ақпаратты өз бетінше табу, талдау, құрылымдау және тиімді пайдалану дағдысын бойына сіңіру әлдеқайда маңызды да күрделі деп көрсетілген [2].

Студент өз мамандығына қатысты пәндердің мазмұнын сапалы игеріп, қажетті ситуацияда іс жүзінде пайдалана білуге, практикалық талаптарға даяр болуы тиіс. Осыған орай, жоғары оқу орнында оқыту және тәрбиелеу үдерісінің жаңа талаптарға сай жүргізілуі, онда әдістемелік және ғылыми-практикалық жаңалықтардың қолданылуы міндетті түрдегі қажеттілік болып отыр. Заман сұраныстарына сай білікті мамандарды даярлаудың негізі жоғары оқу орнында жүргізіледі, сондықтан ондағы оқыту және тәрбиелеу үдерісінің маңызы зор болады.

Жоғары оқу орнында кредиттік оқыту технологиясына дейін студентке басым түрде ойлауды, өздік жұмысты көп талап етпейтін оқу жадығатын беріп келді. Мұның өзі оның танымдық сұранысы мен білімге деген ұмтылысының қалыптасуына толық мүмкіндік бермеді. Ал жұмыс орындарының жаңа талаптары бойынша студент өзінің дербестігінің, ойлай білу функциясының, творчестволық жұмыстануының қорытындысында мамандығы бойынша шеберлікке бастама болу керек. Қоғамның өзгеруіне байланысты білім жүйесінде демократиялық және гуманистік ұстанымдарын қолдана бастауына сәйкес оқыту процесіндегі оқытушы - студент байланысындағы қарым-қатынас жаңа сипатқа ие болды. Осының нәтижесінде студент оқыту-тәрбиелеу үдерісінің жаңа статусына, яғни субъект ретінде қарастырыла бастады. Оқытушылар ұжымы студенттің танымдық белсенділігін мен мотивациясын пайдаланып, оны болашақ қызметіндегі керекті білімдермен, іскерліктермен және дағдылармен таным жарақтандыруы қажет. Студенттің дербестігі артқанмен практика оқытушының ролінің кемімегенін көрсетіп отыр. Сондықтан да, педагог және студент - оқу үдерісінің екі жақты белсенді субъектілері болып табылады. Осыған орай, соңғы жылдары оқыту үдерісіне қолдана бастаған оқыту технологиялардың, оқытудың техникалық жабдықтары (электронды кітаптар, компьютерлік оқыту технологиялары, дистанциялық білім беру) қолдануы студенттің жекелік білім алу процесін сапалы жүргізуге мүмкінлік пайда болды. Осыдан жоғары мектептің оқыту пәндерінің және технологияларын студенттің мүмкіндігін, меңгеріп жатқан мамандығына қызығушылығын, талпынысын есепке алу, оқыту процесіне кредиттік оытудың талаптарын ескеру, оқытудың практикалық жағына мән берудің ролі артты.

Практика студенттерге білім беруде, білік, дағдыларды қалыптастыруда, ойлау және таным қабілеттерін дамытуда оқытудың жалпы психологиялық заңдылықтарын білуі қажет екендігін көрсетті. Осыған орай, студенттердің оқу үдерісіндегі әрекеттеріне көңіл бөлудің жан жақты мәні бар.

Мұғалімнің кәсіптік іс-әрекетінде «музыкалық білім беру» ұғымы «шығармашылық дербестік» ұғымымен байланысты болғандықтан ерекше мәнге ие болады. Болашақ музыка мұғалімінің кәсіптік даярлығына қойылатын негізгі талаптардың бірі – оларда шығармашылық өзін - өзі жүзеге асыру білімдерін, іскерліктерін және дағдыларын қалыптастыру болып табылады. Осыған орай, болашақ музыка мұғалімінде шығармашылық дербестікті қалыптастыру үшін өзін - өзі танудың, өзін- өзі жүзеге асырудың, өзін- өзі өзектендіретін міндеттерін шешуге бағытталған педагогикалық үдерісті тиімді ұйымдастыруға назар аудару керек.

Қазіргі қоғамның жоғары музыкалық-педагогикалық білім жүйесінің алдына қойған кәсіптік өсу мақсаты болашақ мұғалімдерді жан-жақты дамыту мен кәсіптік дайындықтың жетілдіруін, музыкалық және толықтай орындаушылық қызметте шығармашылық дербестікті және кәсіпқойлықты қалыптастыруды талап етеді. Олай болуының себебі болашақ музыка мұғалімінің шығармашылық дербестігі мен орындаушылық шеберлігінің қалыптасу деңгейі, оның болашақ кәсіптік еңбегіне дайындығының жалпы деңгейін айтарлықтай көрсетеді. Осыған байланысты, болашақ маманның орындаушылық шеберлігін қалыптастырудың жолдары мен әдістері жоғары мектептің теориясы мен практикасында қарастырылады, бірақ

тәжірибе осы мәселеге қатысты біраз маңызды сұрақтардың шешімі табылмай келетінін көрсетіп отыр. Музыкалық-педагогикалық мамандықтағы кәсіби білімнің басты мақсаттарының бірі – болашақ музыка мұғалімінде шығармашылық дербестікті, ойлауды, қабілетті тудыру және кәсіптік педагогикалық шындықты қайта құру болып табылады. Осыған байланысты жоғары оқу орнындағы оқыту-тәрбиелеу үдерісі болашақ мамандарда шығармашылық дербестікті, өзін өзі дамытуға және өзін өзі жетілдіруге, мамандығына керек білімді, іскерлікті және дағдыны меңгертуге бағытталуға тиісті.

Болашақ мұғалімнің шығармашылық потенциалын қалыптастырудың және дамытудың мәселесі О.Г. Сущенко, И.А. Полунина, В.П. Королевтың, С.Л. Рубенштейннің, В.А. Сластениннің және т.б. еңбектерінде қарастырылды. Ал, Г.М. Цыпин, Н.А. Горлинская, Л.Г. Арчажникова, Н.Л. Белая, Л.А. Рахимбаева, Б.М. Бекмухамедов Г.М. Мамыкова және т.б. жоғары оқу орнында аспаптық даярлық үдерісінде болашақ музыка мұғалімдерінің шығармашылық дербестігін зерттеді.

Онда авторлар шығармашылық іс-әрекетті қарастырады, соның ішінде болашақ музыка мұғалімдерінің шығармашылық дербестігін екі астарда қозғайды: қалыптастыру позициясынан (С.Л. Рубинштейн, В.А. Сластенин, Л.Г. Арчажникова, Г.М. Мамыкова және т.б.) және дамыту позициясынан (Г.М. Цыпин, Н.А. Горлинская, Л.А. Рахимбаева, Б.М. Бекмухамедов және т.б.).

С.И. Ожеговтың сөздігінде «қалыптастыру» ұғымы «белгілі бір форма беру, аяқталғандық, тудыру» деп беріледі, ал қазіргі түсінік бойынша «қалыптастыру» – бұл жасау, құру, ұйымдастыру, тудыру [3, 853 б.]. Біздің пікірімізше, қалыптастыру – бұл тұқым қуалаушылықтың, ортаның мақсатты бағытталған тәрбиенің және жеке адамның өзінің белсенділігінің объективті әсерінің нәтижесіндегі жеке адамның құрылуының процесі.

Шығармашылық дербестікті қалыптастырудың негізіне ең алдымен мотивациялық аяны дамыту жатады. Ең маңызды мотивтердің бірі – қызығушылық болып табылады. Белгілі бір әрекетпен айналысу көпшілік жағдайда оған деген қызығушылығының болуымен байланысты. Ол өз кезегінде, студенттерде білімдерін, іскерліктерін және дағдыларды жетілдіруге мүмкіндік береді. Осы мәселемен айналысатын ғалымдардың тұжырымдамасы бойынша қызығушылық туа біткен сапалық қасиет емес, ол тұлғаның қалыптасуының және дамуының нәтижесі болып табылады.

Жоғары оқу орнындарында болашақ мұғалімдерді даярлау үдерісінде оқудың мотивтері білімді меңгерудің және ақыл-ой дамуының маңызды шарты болып, оқу-шығармашылық әрекетінің сипатына, білімнің тереңдігіне және беріктігіне, білімді кеңейтуге және жаңғырту сұранысына тікелей әсер етеді. Оқудың мотивтері, шығармашыл тұлғаны дамытудың ішкі қозғаушы күші ретінде болып, сонымен бірге психикалық әрекетке де жалпы стимулдаушы әсер етіп болашақ музыка мұғалімінің даярлау сапасына оң септігін тигізеді.

Сұраныс туралы әңгіме болғанда А.В. Ениннің пікірінше, шығармашылық немесе эстетикалық сұраныстарды тек жаңаны, шындықты ашумен немесе әсемдікпен әсерленумен қанағаттанбайды. Оларды қанағаттандыру үшін шығармашылық белсенділік қажет, ол өз кезеңінде эмпирикалықты немесе сезімталдықты күту процесін әлдеқайда күшті және көпқырлы қылады. «Күту процесінің» өзі шығармашылық белсенділіктің көрінісінің формасы ретінде болып, сұраныстарды толық қанағаттандырудың механизмі ретінде болады, яғни қанағаттанған сұраныстар ғана дамиды [4, 37 б.]. Әрі қарай А.В. Енин мынадай қорытынды жасайды: сұраныстардың қанағаттандық дәрежесі және олардың дамуы ең алдымен тұлғаның шығармашылық белсенділігіне пропорционалды тәуелділікте болады [4, 38 б.]. Осы мәселеге байланысты А.И. Ковалев мынадай пікір білдіреді: осындай функцияны шығармашылық және қарым-қатынас сұраныстары да орындайды. «Болашақ музыка мұғалімінің шығармашылық дербестігін

қалыптастырудың негізгі көздері – тұлғаның шығармашылыққа және кәсіптік қарым-қатынасқа деген имманетті сұраныстары болады, олардың ашылуына және қанағаттандырылуына жоғары оқу орнының оқыту-тәрбиелеу үдерісі бағытталуы тиіс» [5, 7 б.]. А.И. Ковалев шығармашылық және қарым-қатынасқа сұранысын оң эмоциямен тығыз байланыстың басты белгілері ретінде сипаттайды. Шығармашылық және қарым-қатынас сұранысы адамның жоғары сұраныстарына жатады және олар белсенділікті қанағаттандыруда көрінісін табады [5, 8 б.].

Шығармашылық адамның жасаушы іс-әрекеті ретінде, оның көрінісі әр алуан болады. Осыған байланысты А.В.Торопова мынадай пікір айтады: көріністері шығармашылық әрекеттен шешімді іздеу процесінен кейін, оның нәтижесі ретінде жаңаның пайда болуы, ерекше шығармашылық қабілеттен шығармашылық әрекеттің дағдысына дейін болады [6, 105 б.].

Оқытудың кредиттік жүйесі оқытушы педагогикалық іс -әрекетте жүріп, міндетті түрде шығармашылық нәтижесі көрініс табатын инновациялық процеске түсуді талап етеді. Шығармашылық нәтиже тұлғаның өзгеруінен көрінеді және инновациялық іс-әрекет үш деңгейлі құрылымнан тұрады. Оның негізін рефлексия – өзіндік іздену, шығармашылық іс-әрекетін ой елегінен өткізу, креативті – қайта өзгертетін іс-әрекет және біріккен шығармашылықты құрайды.

Шығармашылық деген сөздің сырына үңілсек, «шығармашылық» сөзінің төркіні – «шығару», «іздену», «ойлап табу» дегенге келіп саяды. Ол тарихи және қоғамдық мәні бар, жаңалық ашатын адамның әрекеті. Шығармашылық – адамның мақсатты ісіне жету жолындағы талаптануы мен талпынысынан, жігері мен сұранысы мен ізденісінен құралып, ақыл ой мен сезімнің, қиялдың ерекше бітімінен көрінеді.

Шығармашылық – бұл адамның өмір шындығында өзін өзі тануға ұмтылуы, ізденуі. Өмірде дұрыс жол табу үшін адам дұрыс ой түйіп, өздігінен сапалы, дәлелді шешімдер қабылдай білуге үйренуі керек. Адам бойындағы қабілеттерін дамытып, олардың өшуіне жол бермеу адамның рухани күшін нығайтып, өзін- өзі табуына көмектеседі. Өйткені, адам туынды ғана емес, тудырушы, жаратушы да. Адамның өз болмысын тануына көмектесіп, тереңде жатқан талап тілегін, қабілеттерін дамыту, сол арқылы оған толыққанды өмір сүру үшін жаңа рухани күш беру білімнің ең маңызды мақсаты.

Шығармашылық – жаңа рухани және материалдық құндылықтарды жасау жолындағы адам әрекетінің нәтижесі, жемісі. Шығармашылық тек адамға ғана тән құбылыс.

Шығармашылық іс- әрекеттің негізгі белгілері адамның жемісті тіршілігін қамтамасыз ете отырып, оның қабілеттіліктеріне негізделеді. Тұлғаның белгілі бір әрекетке қабілеттілігі қаншалықты жоғары болса, соншалықты оның бойында сол әрекетке қызығушылығы көп артады.

Шығармашылық – бұл нақты іс- әрекет барысында жүзеге асырылатын өз бастауы, өту барысы және нәтижесі болатын үрдіс. Бұл үрдіс үш кезеңнен өтеді: дайындық, ізденіс, орындау. Осы деңгейлерге сәйкес шығармашылық қабілеттердің құрылымын анықтайды, өз бойынан оларды талдайды, бағыттай отырып дамытады және жетілдіреді.

Шығармашылық бастапқы дайындау деңгейінде ізденіс объектісі алынып, проблема қойылады, шешімін табу үшін міндеттер белгілейді және т.б. Педагог әрекетінде бұл сұрақтар, проблемалар, міндеттер әрдайым болып тұрады. Дегенмен, интеллектуалды дамыған адамның шығармашылық тұлғадан басты айырмашылығы – оның алдына өзгелер қойған міндетті шешетін болса, шығармашылық тұлға – проблемаларды өз бетімен қойып, оның шешімін өзі табады. Қорыта келгенде, шығармашылық рухты оқу үдерісіне енгізу мұғалімнің кәсіптік даярлығына, азаматтығына, шығармашылығына байланысты болады.

Болашақ музыка мұғалімінің шығармашылық дербестік әлуетін, оның кәсіби дайындығында дамыту студенттерді оқытудың нақты әдіс-тәсілдерінің ішкі

механизмдері мен құралдарының мақсатының, мазмұнының бірлігі негізінде алға қойылған міндеттерді табысты түрде жүзеге асыруға деген саналы, мақсатты түрдегі күш салуларына негізделген оқыту үдерісін талап ете отырып, қайта құру бастамасы үшін маңызды ынталандыру болып табылады.

Болашақ музыка мұғалімдерін оқытудың және тәрбиелеудің мақсаты ретінде шығармашылық дербестікті, бастамашылықты, танымдық белсенділікті дамытуды қарастыра отырып, көптеген ғалымдар педагогикалық үдерістің басты психологиялық механизмдеріне шығармашылық қызметінің өзінің көрініс табуын – өзінің бағыты бойынша шығармашылық болып табылатын кәсіби мәселелерді талдау мен шешуде жетекші құралдар ретінде әрекет ететін алдын алуға, болжауға, болжамдар ұсынуға, баламаларды талдауды іске асыруға, үлгі жасауға және т.б. мүмкіндік беретін ойлардың, ұстанымдардың, қатынастардың, бағалаудың, сезімдердің субъективті жаңашылдығын жатқызады. Нәтижесінде болашақ музыка мұғалімін даярлаудың оқушылардың шығармашылық қызметін ынталандыруды, дамытуды қамтамасыз ететін объективті – сапалы жаңа, іздеуші-жасаушы нәрсені құру үдерісі ретіндегі әдістемелік жүйесі қалыптасады, ол өз бетінше қызметтің көптеген түрлерінің бірі болып табылмай, тек оның сан алуан түрлерінің қоғамдық мазмұнын ғана қамтиды.

Жалпы және музыкалық педагогикада болашақ мамандарды дайындаған кезде шығармашылық дербестікті дамытудың жеткілікті дәрежедегі түрлері мен әдістерінің жинақталғанын тәжірибе көрсетіп отыр. Қолда бар педагогикалық тәжірибенің қай үздігі болашақ музыка мұғалімінің шығармашылық қызметінің негізінде бола алады, әрі болуы керек. Бұл жағдайда студенттің жеке тұлғасының шығармашылық қасиеттерін ынталандыруға және дамытуға айтарлықтай тиімді ықпал ететін оқыту әдістерінің жүйесін әзірлеу маңызды орын алатыны сөзсіз.

Болашақ музыка мұғалімін кәсіби даярлау үдерісі осы дайындықта жеке тұлға мен ұжымның қалыптасуына ықпал ететін барлық нәрсені қамтитын педагогикалық үдеріске қатысушылардың белсенді ынтымақтастығын ұйғаратын жеке тұлғалық-шығармашылық ыңғайға басты орын берілетіндей ұйымдастырылуы керек.

Мұғалімнің музыка-педагогикалық дайындығындағы ең маңызды астарлардың бірі, біздің пікірімізше, шығармашылық дербестікті, бастамашылықты, айтарлықтай нәтижелерге қол жеткізуге деген талпыныcты көтерудегі шығармашылық еркіндік болып табылады. Болашақ музыка мұғалімі кәсіби тұрғыдан маңызды білімдер мен икемділіктерді алған кезде еркін таңдау жағдайларында болу керек.

Педагогиканың және музыкалық білім берудің әдіснамалық астарлары бойынша, егерде тұлға адамдармен, жағдайлармен, құбылыстармен ерекше қатынаста болса, онда музыка мұғалімі әлдеқайда үлкен мүмкіндіктерге және артықшылықтарға ие болады екен.

Біздің музыкалық-педагогикалық аяда музыканттың оптимальды «тірі» қозғалыс актіні құруда мысалға келтіруге болады, онда организмнің шығармашылығы жаңа тезникалық және көркемөнер міндеттерді Н.А. Бернштейннің айтуынша, «қайталау қайталаусыз» сәйкесті орындаушы қозғалыстар арқылы толық жүзеге асады. Педагог-музыканттардың пікірінше, шығармашылыққа үйретуге болмайды, бірақ шығармашылықпен жұмыс істеуге үйретуге болады, ол үшін шығармашылық өзін өзі жүзеге асырудың ішкі кедергілерді еңсеретін жағдайларды жасау қажет.

Ғалым-зерттеушілер қандай ішкі импульстар тірі күштерді жасауға, іске асыруға ұмтылдырады деген сұрақты қарастырып, бүкіл тірінің үздіксіз шығармашылығының мәні жанамалау деген қорытындыға келеді. Сонда бұл не деген құбылыс?

Жанамалау – бұл адамның өмірлік әрекетінің психофизиологиялық және психологиялық механизмі. Ол арқылы қажетті мақсатты «айналмалы» жолмен орындайды, яғни субъекті мен объектінің арасына қандайда бірді салу арқылы жүзеге

асады. Көркемөнер шығармашылығында ойлар және сезімдер көркемөнер белгілерімен және құралдарымен жанамаланған, яғни сөздермен, бояулармен, дыбыс-интонациямен (ноталық белгілер), қозғалыстармен.

Музыка мұғалімінің кәсібі педагогика және музыка өнерінің ажырамас бірлігі болып табылады, бұл өз кезегінде жалпыпедагогикалық және арнайы қабілеттердің кең кешенін талап етеді. Музыкалық-педагогикалық іс-әрекетте музыкалық-шығармашылық қабілет қажетті әрі міндетті компонент болып табылады.

Болашақ музыка мұғалімінің шығармашылық дербестігіне субъектінің (студенттің) таным объектісіне (оқу жадығатына) өзгертетін қатынас тән. Аспаптық даярлық процесінде осындай өзара әрекет барысында, тек қана объект өзгеріп қоймай, оның нәтижесінде музыкалық шығармашылықты өзіндік интерпретациялау, оның орындалуы, шығармашылық сипаттағы өзіндік жұмыстың жүзеге асуы, өздігінен білім алуы. Оқытудың мақсаты үшін маңыздысы өзара әрекеттің субъектісінің өзі, яғни студент өзгереді.

Болашақ музыка мұғалімін шығармашылық процеске қатыстыру нәтижесінде, оларда жаңадан пайда болатыны – музыкалық-шығармашылық қабілеттері, оған қоса музыкалық-шығармашылық іскерліктері мен дағдылары, олардың сапалық көрсеткіштері музыкалық-шығармашылық қабылдау болады, бұлар өз кезегінде белсенді музыкалық-практикалық әрекетпен көрініс табады. Осыған орай, Л.Г. Арчажниковаңың пікірінше, жоғары оқу орнында аспаптық даярлау процесінде болашақ музыка мұғалімінің шығармашылық әрекеті әртүрлі шығармашылық сатылардан тұрады: шығармашылық қабылдау, шығармашылық орындау және зерттеу, әрекетінің түрі ретінде [7, 119 б.]. Бұл пікір Б.В. Асафьевтің ойынан қолдау көріп отыр, яғни музыканы музыкалық-шығармашылық қабылдау практикалық әрекетпен ұштасып, олар музыкалық аспаптар арқылы орындауы тиіс [8, 81 б.].

Музыкалық-орындаушылық әрекеттің шығармашылық дербестігінің өзіндік ерекшеліктері бар. Атап айтқанда, олар шығарманың мазмұнына өзіндік бір көркемөнер-ассоциативтік тұрғымен байланысты. Педагогикалық әрекеттің стратегиясы мен тактикасында оқушы-музыканттың шығармашылық потенциалын байытуға және дамытуға деген бағыт маңызды орын алуы керек.

Осы айтылғандардан шығаратын қорытынды: жоғары оқу орнында аспаптық даярлаудың білім беру процесінде болашақ музыка мұғалімінің музыкалық-шығармашылық қабілеттерін және шығармашылық дербестігін дамытуға мол мүмкіндік бар.

Болашақ музыка мұғалімдерін оқытудың және тәрбиелеудің мақсаты ретінде шығармашылық дербестікті, бастамашылықты, танымдық белсенділікті дамытуды қарастыра отырып, көптеген ғалымдар педагогикалық үдерістің басты психологиялық механизмдеріне шығармашылық қызметінің өзінің көрініс табуын – өзінің бағыты бойынша шығармашылық болып табылатын кәсіби мәселелерді талдау мен шешуде жетекші құралдар ретінде әрекет ететін алдын алуға, болжауға, болжамдар ұсынуға, баламаларды талдауды іске асыруға, үлгі жасауға және т.б. мүмкіндік беретін ойлардың, ұстанымдардың, қатынастардың, бағаудың, сезімдердің субъективті жаңашылдығын жатқызады. Нәтижесінде болашақ музыка мұғалімін даярлаудың оқушылардың шығармашылық қызметін ынталандыруды, дамытуды қамтамасыз ететін объективті – сапалы жаңа, іздеуші-жасаушы нәрсені құру үдерісі ретіндегі әдістемелік жүйесі қалыптасады, ол өз бетінше қызметтің көптеген түрлерінің бірі болып табылмай, тек оның сан алуан түрлерінің қоғамдық мазмұнын ғана қамтиды.

Әдебиеттер:

1. Кулекеев Ж.А., Гамарник Г.Н., Абдрасылов Б.С. Основы кредитной системы обучения в Казахстане. – Алматы: Қазақ университеті, 2004. – 132 с.

2. Қазақстан Республикасының білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасы // Қазақстан Республикасының Президенті мен Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілер жинағы. - 516-құжат. №39. – Астана, 2010. – 179 б.

3. Ожегов С.И. Словарь русского языка. – М.: Русский язык, 1989. – 1130 с.

4. Енин А.В. Внеклассная работа в системе воспитания творческой активности подростков / Дисс. канд. пед. наук. – М.,1998. – 130 с.

5. Ковалев А.И. Формирование творческой активности будущего учителя музыки в процессе изучения дисциплин музыкально-испольнительского цикла / Дисс. канд. пед. наук. – Минск, 2001. – 146 с.

6. Торопова А.В. Музыкальная психология и психология музыкального образования. – М., 2008. – 190 с.

7. Арчажникова Л.Г. Теоретические основы профессионально-педагогической подготовки учителя музыки / Дисс. док. пед. наук. – М., 1996. – 350 с.

8. Асафьев Б.В. Избранные статьи о музыкальном просвещении и образовании. – Л.: Музыка, 1985. – 260 с.

Габбасова М.Т.

Формирование творческой самостоятельности будущего учителя музыки

В данной статье рассматриваются проблемы формирования творческой самостоятельности будущего учителя музыки. Раскрывается роль мотивов и потребностей в формировании творческой самостоятельности будущего учителя.

Ключевые слова: *Высшее учебное заведение, студент, творчество, творческая самостоятельность, мотив, потребности.*

Gabbasova M.T.

Forming of creative independence future music master

In this article examined problems of forming of creative independence of future music master. The role of reasons and requirements opens up in forming of creative independence of future teacher.

Keywords: *Higher educational establishment, student, work, creative independence, reason, necessities.*

УДК: 796.011.3

Бессмертнов П.А. – преподаватель, ЗКГУ им. М.Утемисова
E-mail: *bessmertnovy@mail.ru*
Бессмертнова А.Л. – учитель, СОШ №6 им. А.С. Макаренко

ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ФИТНЕС-ТЕХНОЛОГИЙ НА УРОКАХ ФИЗИЧЕСКОЙ КУЛЬТУРЫ

Аннотация. *Авторы статьи, предлагают внедрение нетрадиционных форм урока с использованием фитнес-технологий на уроках физической культуры. Исследуют уровень мотивации к урокам физической культуры у учениц старших классов через анкетирование и раскрывают методику преподавания урока, одного из направлений оздоровительной аэробики-фитбол. Такие уроки удобно применять для малокомплектных школ, где нет спортивных залов или спортивного инвентаря. Статья подготовлена в помощь учителям физической культуры.*

Ключевые слова: *Мотивация, фитнес-технологии, оздоровительная аэробика, фитбол.*

Формирование мотивации учащихся к
занятиям физической культурой и спортом
«Все наши замыслы, все поиски
и построения превращаются в прах,
если у ученика нет желания учиться»
В. А. Сухомлинский

Проблема изучения мотивации занятий физической культурой и спортом, как и вцелом проблема мотивации поведения деятельности детей, занимает в настоящее время одно из центральных мест в теоретико-прикладных исследованиях педагогики и психологии, так как знание и понимание мотивационной сферы учащихся будет способствовать формированию положительно активного отношения к занятиям физической культуры и спортом.

Термин «мотивация» обозначает сложную систему отношений, побуждений, мотивов, потребностей, интересов, идеалов, стремлений, которые определяют направленность активности человека и др. Что касается механизма действия мотивов, то они в подростковом возрасте возникают на основе сознательно поставленной цели и сознательно принятого намерения [1, с. 11].

Целый ряд исследований (Е.П. Ильин, А.Н. Леонтьев, С.Л. Рубинштейн, А.Ц. Пуни) посвящен изучению мотивационной сферы детей, играющей определенную роль в процессе организации занятий физической культуры и спортом с учащимися.Исходя из этого, целью исследования послужило изучение мотивации учащихся занятий физической культурой и спортом на базе СОШ №6 им. А.С. Макаренко. Для этого были использованы анкеты: «Определение мотивации учащихся к занятиям физической культурой», «Отношение учащихся к нетрадиционным формам урока с внедрением фитнес-технологий».

В анкете учащимся предлагалось выразить свое отношение к занятиям физической культурой и спортом.

В предлагаемые утверждения заложены следующие мотивы:

- сохранение здоровья;
- внутренняя мотивация к здоровому образу жизни;
- положительные эмоции;
- приобретение практических навыков;
- самосовершенствование.

Анкета

Оценка мотивации учащихся к занятиям физической культуры.

1. Нравятся ли тебе уроки физической культуры?

а) да

б) нет

2. Считаешь ли ты урок физической культуры таким же важным, как все остальные?

а) да

б) нет

3. Считаешь ли ты уроки физической культуры полезными для себя?

а) да

б) нет

в) безразлично

4. Какой из разделов программы физической культуры тебе более интересен?

а) лёгкая атлетика

б) спортивные игры

в) гимнастика

5. Какие трудности ты испытываешь на занятиях физической культурой?

а) не желание бегать

б) мне не интересно

в) не желание играть

г) другое

6. Чем бы ты хотел больше заниматься на уроках физической культуры?

а) больше играть

б) больше упражнений на коррекцию фигуры, осанки

в) другое

7. Какую пользу ты хотел бы получить от уроков физической культуры?

а) оздоровительный эффект

б) подготовка к сдаче нормативов, с целью получения хорошей оценки

в) приобретение знаний, умений, навыков для самостоятельных занятий

Исходя из полученных данных, можно констатировать, что у большинства школьников недостаточно четко сформирована система мотивов, побуждающих к физкультурной деятельности.

Также полученные результаты анкетирования показывают, что у большинства учащихся преобладает средний и высокий уровни сформированной мотивации к занятиям физической культурой и спортом.

Как повысить мотивацию учащихся?

Рисунок 1. Отношение к нетрадиционным формам урока
с внедрением фитнес-технологий

1. Если бы на уроках физической культуры применялись фитнес-технологии, твой интерес к уроку возрос?

а) да

б) нет

2. Как ты относишься к применению нетрадиционных форм урока с внедрением фитнес-технологий?

а) это интересно

б) это полезно

в) отрицательно

г) безразлично

3. Хотел бы ты, чтобы больше отводилось уроков на занятия по фитнес-технологиям?

а) да

б) нет

в) безразлично

4. Какой результат ожидаешь от занятий по фитнес-технологиям?

а) коррекция фигуры

б) коррекция осанки

в) научиться выполнять упражнения в самостоятельных условиях

г) оздоровительное действие

5. Нравятся ли тебе нетрадиционные формы уроков с внедрением фитнес-технологий?

а) да

б) нет

в) безразлично

В процессе внедрения данного метода обучения было проведено анкетирование девушек 8-11 классов, с целью выяснения, насколько им интересно заниматься по предложенной методике. Были получены следующие результаты:

	8-11 класс	8 класс	9 класс	10 класс	11 класс
всего	105	36	30	20	19
заинтересовались	89	30	26	17	16
безразличны	16	6	4	3	3

Результаты анкетирования показывают, что девушки старших классов проявляют большой интерес к занятиям по фитнес-технологиям, а это не только оптимизирует учебный процесс, но и повышает эффективность урока, тем самым повышается мотивация к урокам физической культуры.

Таким образом, для обеспечения эффективности физкультурной и спортивной деятельности следует изучать мотивы и на основе полученных результатов формировать необходимые мотивационные комплексы по их развитию. В настоящее время в системе физической культуры разрабатывается большое количество инновационных технологий, методик и оздоровительных программ. Это предопределило появление в теории и практике физической культуры новых терминов: «инновационные технологии» «здоровьесберегающие технологии», «фитнес-технологии» и др.

Среди различных физических упражнений, способствующих всестороннему физическому развитию, большая популярность принадлежит фитнес-технологиям. Различные виды фитнеса популярные и новые входят составной частью в жизнь многих людей. Все виды фитнеса преследуют одни и те же цели – улучшить самочувствие, нормализовать работу различных систем, повысить жизненный тонус. Вместе с тем каждая дисциплина имеет определённую направленность, помогает достичь конкретную цель. Одно из направлений оздоровительной аэробики-фитбол, представляет собой комплекс упражнений, что выполняются с помощью надувных мячей. Способствует укреплению мышц ягодиц, пресса и спины. Упражнения, направленные на коррекцию осанки, развитие гибкости и укреплению мышечного корсета, а также укреплению сердечной мышцы, улучшению работы лёгких, подвижности позвонков и суставов. Зная результаты воздействия упражнений с

фитболом на организм школьников, можно целенаправленно влиять на их физическое развитие.

Фитнес-технологии – это, прежде всего, технологии, обеспечивающие результативность в занятиях фитнесом. Более точно их можно определить как совокупность научных способов, шагов, приёмов, сформированных в определённый алгоритм действий, реализуемый определённым образом в интересах повышения эффективности оздоровительного процесса, обеспечивающий гарантированное достижение результата, на основе свободного мотивированного выбора занятий физическими упражнениями с использованием инновационных средств, методов, организационных форм занятий фитнеса, современного инвентаря и оборудования [3, с. 6-10].Анализируя возникновение фитнес-технологий, их истоки и современное содержание, следует отметить, что больше всего их появляется в фитнес-индустрии, которая, развиваясь быстрыми темпами, берет для решения своих задач всё самое ценное, наработанное за многие годы в оздоровительной физической культуре (основой являются как традиционные, так и инновационные методики, программы, технологии и др.), модернизирует и на этой основе создает фитнес-технологии, описание которых встречается как в научных исследованиях, методических разработках, образовательных программах, так и в разных видах физической культуры, где они с успехом применяются (рис. 1).



Рисунок 1. Алгоритм создания фитнес-технологий

Так как в основе идеологии фитнеса и его целеполагания лежит приоритет здоровья человека, то создаваемые фитнес-технологии имеют преимущественно оздоровительную направленность. Однако можно отметить, что появляющиеся в фитнес-индустрии фитнес-технологии выходят далеко за её пределы и находят своё применение во всех видах физической культуры. Так, грамотное и целенаправленное внедрение фитнес-технологий в систему непрерывного физкультурного образования, в занятия физической культурой для оздоровления, развития и воспитания детей и подростков, учащейся молодёжи является в настоящее время одной из основных и актуальных задач модернизации учебных планов, программ дошкольных учреждений, школы, средних профессиональных и высших учебных заведений. Условием для грамотной разработки фитнес-технологий, достижения их эффективности и комплексности оздоровительной направленности (повышение уровня физического, психического и социального здоровья) являются единые требования к ее составлению. К ним относятся: конкретно поставленные цель

и задачи; научно-обоснованный подбор средств и методов фитнеса, имеющих оздоровительную ценность, рационально сбалансированный по направленности, мощности и объёму в соответствии с индивидуальными возможностями учащихся и зависящий от приоритетной направленности занятий (оздоровительной, профилактико-коррегирующей, развивающей и др.); комплексное использование упражнений, направленных на развитие аэробной выносливости, силы и гибкости; педагогического контроля за физическим развитием, уровнем физической подготовленности, развитием двигательных способностей, регуляцией психоэмоционального состояния занимающихся (рис. 2).

Рисунок 2. Схема разработки фитнес-технологий

Проведённые нами исследования (анализ научно-методической литературы, педагогические наблюдения, опрос специалистов, многочисленные педагогические эксперименты, анкетирование учащихся и учителей) позволили определить эффективность применения фитнес-технологий на уроках физической культуры [4, с. 301].

Результаты исследования показали, что целенаправленный подбор и применение фитнес-технологий в различных частях урока с гимнастической, легкоатлетической и игровой направленностью не только обновляет методические подходы и способствует повышению интереса школьников к занятиям физической культурой, но и содействует повышению уровня физической подготовленности занимающихся, развитию их двигательных способностей (общей выносливости и скоростной; быстроты; координации движений и гибкости, характерных для данных видов физкультурно-спортивной деятельности.

Фитнес (от англ. «tofit»-быть в самый раз, соответствовать) – это комплекс физических упражнений, предназначенных для оздоровления организма.

Какие виды фитнеса бывают?

Направлений фитнеса достаточно много, но все они преследуют одни и те же цели – улучшить самочувствие, нормализовать работу различных систем, повысить жизненный тонус. Вместе с тем каждая дисциплина имеет определённую направленность, помогает достичь конкретную цель – развить выносливость, укрепить мышечный каркас, привести в порядок фигуру.

Все существующие сегодня виды фитнеса можно условно разделить на две группы:

1. Популярные направления;
2. Новые направления.

Виды фитнеса

Виды аэробики

1. Оздоровительная аэробика

Направленная на улучшение здоровья и самочувствия: фанк-аэробика, стрит-джем, степ-аэробика, слайд-аэробика, аквааэробика, тай-бо, фитбол, фитбокс, каратэ-аэробика, його-аэробика, памп-аэробика, superstrong и др.

2. Спортивная аэробика

Основана на движениях оздоровительной аэробики, с 1995 года является официально признанным видом спорта.

3. Прикладная аэробика

Может иметь профилактическую, лечебную и спортивную направленность. Применяется для реабилитации инвалидов, подготовки спортсменов в разных видах спорта и работников на крупных производствах.

Фитбол

Фитбол изобретён швейцарским физиотерапевтом Сюзан Кляйнфогельбах. На самой заре своего создания фитбол применялся исключительно для реабилитационных занятий с людьми,, имеющих травмы позвоночника, или нарушениями ЦНС. Но с каждым годом врачи находили всё больше и больше полезных преимуществ в использовании фитбола, и довольно скоро швейцарский мяч появился в каждом фитнес-центре и пользуется авторитетом.

Представляет собой комплекс упражнений, что выполняются с помощью надувных мячей. Способствует укреплению мышц ягодиц, пресса и спины. Упражнения направленные на коррекцию осанки, развитие гибкости и укреплению мышечного корсета. Активные занятия лёжа и сидя на мяче динамического и статического характера. Нагрузка на суставы минимальна. При этом активно снижается масса тела. Фитбол подходит и тем у кого превышение веса очень значительно, если есть проблемы с венами, варикоз, артриты, остеохондроз, а также возраст. Эффективность занятий в том, что прорабатываются все группы мышц, а также мышцы находятся в постоянном напряжении, чтобы удерживать равновесие, а это способствует их активной работе.

Чтобы использовать фитбол наиболее эффективно, необходимо его тщательно подобрать.

Диаметр фитбола	Рост человека
45 см	ниже 152 см
55 см	от 152 до 164 см
65 см	от 164 см до 180 см
75 см	от 180 до 200 см
85 см	выше 200 см

Или можно воспользоваться другим способом – сесть на мяч и поставить ноги перед собой, вес тела распределён равномерно на обе ноги. В таком положении колени должны быть на уровне и немного ниже, чем таз. То есть угол между голенью и бедром составляет примерно 90-100 градусов.

Результаты занятий фитболом

Коррекция осанки

Для того чтобы постоянно поддерживать равновесие тела во время занятий на фитболе, вовлекается большое количество мышц торса, которые практически не задействованы при других видах физических упражнений.

Рельефный пресс живота

Упражнения с фитболом позволяют произвести целевую нагрузку на мышцы брюшного пресса, основная нагрузка при становлении равновесия на мяче ложится на мышцы живота и мышцы спины.

Общая мышечная сила и выносливость

Так как фитбол помогает проработать все группы мышц, это позволяет развить их силу и выносливость, поднять их тонус. Также упражнения с фитболом отлично укрепляют мышцы спины, помогают избавиться от болей в спине и улучшают её гибкость и пластичность.

Гибкость тела

Упражнения с фитболом позволяют наиболее эффективно сделать растяжку тех мышц, которые нельзя качественно проработать другими упражнениями.

Коррекция веса

Как и при любой тренировке, занятия с мячом увеличивают метаболизм (обменные процессы), что позволяет более интенсивно сжигать жировые запасы.

Оздоравливающий эффект занятий фитболом.

– укрепляет сердечную мышцу, улучшает работу по кровоснабжению всех органов тела, нормализует кровяное давление;

– улучшает работу легких, увеличивает глубину дыхания;

– улучшает подвижность позвонков, обеспечивает активную деятельность мышц спины, плеч, поясницы, грудной клетки, шеи, живота, рук и ног;

– разблокирует суставы рук и ног, нормализует их функционирование, устраняет боли в суставах;

– повышает тонус центральной нервной системы и вызывает массу положительных эмоций.

Комплексы упражнений составляются и подбираются очень многообразные в зависимости от возраста, физической подготовленности и цели занятий.

Методические указания

- Подбирать мяч надо по росту.
- Начинать с простых упражнений, постепенно переходя к более сложным.
- Ни одно упражнение не должно причинять боль и доставлять дискомфорт.
- Избегать быстрых и резких движений, скручиваний в шейном и поясничном отделах позвоночника.
- При выполнении упражнений лёжа на мяче, не задерживать дыхание.
- Физическая нагрузка должна дозироваться в соответствии с возрастными особенностями учащихся.
- Следить за техникой выполнения упражнений, соблюдать приёмы страховки и учить само страховке на занятиях фитболом.
- Соблюдать режим отдыха во время занятия.

Ценность уроков с использованием фитбола значима, так как во время занятия прорабатываются все группы мышц, упражнения направлены на коррекцию осанки и веса. В комплексе соблюдается последовательность упражнений, даются методические указания. Эффективность таких уроков доказана повышением мотивации к занятиям физической культурой у девушек старших классов. Такие уроки удобно применять для малокомплектных школ, где нет спортивных залов или спортивного инвентаря.

Литература:

1. Ильин Е. П. Психофизиология физического воспитания. – М.: Просвещение, 1980. – 198 с.
2. Погодаев Г.И., Кузина В.В., Никандрова Н.Д. Физкультура и спорт. – М., 1998. – 495 с.
3. Сайкина Е.Г., Пономарёв Г.Н. Семантические аспекты отдельных понятий в области фитнеса // Теория и практика физической культуры. – 2011. – №8. – С. 6-10.
4. Сайкина Е.Г. Фитнес в модернизации физкультурного образования детей и подростков в современныых социокультурных условиях: монография. – СПб.: Образование, 2008. – 301 с.

Бессмертнов П. А.,Бессмертнова А. Л.

Дене шынықтыру сабақтарында фитнес-технологияларды қолдану

Мақала авторлары дене шынықтыру сабақтарындағы дәстүрлі емес сабақтарды фитнес-технологияларды қолдану арқылы енгізуді ұсынады. Дене шынықтыру сабағына деген ынталандыру деңгейін жоғарғы сынып оқушысын сауалнама арқылы тексеру барысында оқу-әдістемелік сабақтың әдістерін,аэробика-фитбол сауықтыру бағыттарының бірін ашты.Мұндай сабақтарды спорт залы немесе спорттық жабдықтары жоқ шағын мектептерде қолдану ыңғайлы. Мақала дене шынықтыру пәнінің мұғалімдеріне арнап дайындалған.

Тірек сөздер: *Ынталандыру, фитнес-технология, сауықтыру аэробикасы, фитбол.*

Bessmertnov P.A.,Bessmertnova A.L.

Using fitness technologies at the physical culture lessons

Authors of article offer introduction of nonconventional forms of a lesson with using fitness technologies at the physical culture lessons. They investigate motivation level to physical culture lessons at schoolgirls of the senior classes through questioning and reveal a technique of teaching a lesson, one of the directions of improving aerobics-fitball. It is convenient to apply such lessons to small schools where there are no gyms or sport equipment. The article prepared for the helping to teachers of physical culture.

Keywords: *Motivation, fitness-technology, improving aerobics, fitball.*

ӘОЖ:784

Утегенова Г.Е. – оқытушы, М.Өтемісов атындағы БҚМУ
E-mail: Gulmirautegenova@mail.ru

ВОКАЛДЫҚ МУЗЫКАНЫҢ ДАМУЫ ЖӘНЕ ЖАС ӘНШІНІ ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ ДАУЫС ЖАТТЫҒУЛАРЫНЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Аңдатпа. *Дауыс жаттығулары - әншілік өнердің ажырамас серігі. Әрбір әнші сахнаға шығар алдында міндетті түрде дауыс жаттығуларын жасауы кажет. Себебі дауыс жаттығулары дауысты бір формада ұстау үшін әнші дауысының маңызды бір бөлігі болып саналады.*

Тірек сөздер: *Вокал, дауыс жаттығуы,тыныс алу, глиссандо, стоккато, дыбыс шабуылы,интонация.*

«Певческий голос - это замок,
строившийся в воздухе.
Воображение – архитектор этого замка.
Нервы осуществляют задуманное.
Мускулы – рабочие.
Душа его исцеляет»
Франческо Ламперти

Музыкалық өнердің соның ішінде вокалдық өнерінің қалыптасуы сонау ерте заманнан бастау алады. Музыканың дамуы әртүрлі халықтардың өмір сүру салтынан, сатылық ауыз әдебиетінен, сөйлеу немесе дыбыстау мәдениетінен туындап, белгілі бір биіктіктердің үндесуімен қалыптасқан болатын. Музыка дауыстың көтеріліп түсу арақашықтығынан (глиссандо- скальжение звуков) және сөздік мәтіннің байланысынан туындады. Бұл байланыстардан музыкалық жанрлар қатар түзеп, белгілі бір музыкалық өнер түрінің қалыптасуына алып келді. Музыканы психологиялық ойлаумен жадымызға сақтаудың арқасында, музыкалық қабілет интонация пайда болды.

Вокалдық музыканың даму тарихында XVIII ғасырда Европада әуенді формалар мен аспаптар дами қоймаған кезде, әуен контрапунктік күрделендірусіз қарапайым аккордтармен сүйемелденген кезде әнші қажырлы еңбегімен өз дауысын толық бағындырып, вокалдық техниканың барлық қиындықтарын жеңу арқылы мінсіз музыкалық білім алуы тиіс еді. Ескі итальян ән мектебінің құдіреті әншінің кез келген концонаны немесе арияны орындаудағы көпшілікке эмоциялық әсер ететіндігінді. Сол кезде бұл мектеп дыбыстың толыққанды шығуын, жылулық пен құштарлықты, тыныс алудың жақсы дамуын, фразалардың мінсіздігін, сонымен қатар вокалдық шығарманы орындап, мағынасын жеткізудегі дұрыс түсінікті талап етті. Бүгінде біз вокалдық шығармалардың өміршеңдігінің бастаушы күші контрапунктік және аспаптық әсірелеулер жағына ойысып, адам дауысы өз даралығын жойып полифониялық жүйенің бөлшегіне айналғандығына тап болдық. Дирижер – міне осы формалардың шынайы билеушісі. Бүгінгі күні дирижерлардың өз назарын таза вокалдық құрылымнан гөрі музыкалық драма формасына аудартуы бекер емес. Белгілі болғандай әрбір дәуір өз жаңалығын енгізеді және өткен уақытқа байланысты мұнда ешқандай өкініштің болуы мүмкін емес. Вокалдық технологияның тыныс алу, вокалдық қиындықтарды меңгеруде дауыс қозғалтқыштары техникасының толыққанды жұмыс жасауы, ән шырқау жаттығуы секілді мызғымайтын түсініктері қалады. Аталған түсініктердің көпжылдық мәдениетін қолдана отырып ұлы педагогтардың тәжірибиесі негізінде өткен уақыттағы әуендердің орындалу жетістіктері секілді қазіргі уақыт әуендерінің орындалу жетістіктеріне үміт етуге болады. Зерттеу тақырыбын вокалдық музыкаға байланысты болғандықтан вокалдық

өнер тарихына тоқталуды жөн санадым. Вокалды өнердің қайнаған кезеңі сонау италиядан бастау алады. Себебі италияның ұлы композиторлары жеке дауысқа арналған тамаша туындылар жаза бастады. Италины опера өнерінің отаны деп білеміз. Сол кезеңде вокалдық өнерін насихаттайтын италия ән айту мектептері дүниеге келе бастады. Вокалық техниканың қыр-сырын зерттеген педагог-музыканттарда біртіндеп көбейе бастады. Сондай, XVIII ғасырдағы атақты вокал педагогтарының бірі, неополитандық опера мектебінің өкілі, композитор Никола Порпора бірде жас әнші-кастраттан былай деп сұрапты: «Мен сенің ұстазың болғанша маған бағынамын және сөзімді екі етпеймін деп көзіңді жұмып тұрып сөз бере аласың ба?» «Иә, сөз беремін сізге, маэстро», - деп жауап берді ол. Сол кезде Порпора сызықты қағаздың бетін алып, оған диатоникалық және хроматикалық гаммаларды, жоғары көтерілетін және төмен түсетін трелаларды, групеттоны, форшлагтарды, түрлі вокализдардың үзінділерін және қиын интервалдарды белгіледі. «Осы бетті әндет»,- деді Порпора өзінің оқушысына. Берілген бетті оқушы бір жыл бойы әндетті. Ақыр соңында оқушы бір нәрсені қайталаудан шаршай бастады, бірақ ұстазы оның берген уәдесін есіне салды. Бұл жаттығулар тағы екі жыл орындалды. Төртінші жылдың соңында маэстро бұған артикуляция, декламация және дұрыс айту сабақтарын қосты. Содан соң мезі болған оқушы өзін әншілік білімінің даму үстіндемін деп ойлап жүргенде, Порпора оған былай деді: «Ұлым менің, бар, енді сен үйренетін еш нәрсе қалған жоқ, сен Италья мен әлемнің бірінші әншісісің!» Ол шындықты айтқан еді себебі бұл оқушы Каффарелли есімін жамылған Гаэтано Майорано болған еді. Аманат - өлең XYIII ғасырдан бастап монастырларда шіркеу хорының әншілерінің орындауынан қалыптасты. Бұл сол Итальядағы маэстро Н.Порпорадан келді деген наным бар. Бұл туралы 1965 жылы хор регенты Александро-Невский лавры сөз еткен. Осы кезден бастап жеке-дара вокалдық музыканың орындаушылары дүниеге келе бастады [1, 35 б.].

Вокал – *жеке тұлғаның жан-жақтылығын дамытатын әсерлі құбылыстардың бірі. Мұнда адам өз дауысын басқаруды, дұрыс тынысты қалыптастыруды, жалпы бұл өнер түрінен тән рахатына бөленуді үйренеді. Вокалдық сабақ жеке дайындықты талап етеді. Вокалдық орындаудың өзі бірнеше түрге бөлінеді. Олар: Классикалық, эстрадалық, рок және джаз және т.б Бірақ барлығыда бір мақсатты көздеп, дұрыс вокалдық орындау мәдениетін қалыптастыруды көздейді. Қандайда болмасын вокалдық орындау бірдей вокалдық музыканы меңгертудегі кәсіби құзыреттілікке жетелейтін әдіс-тәсілдер механизміне сүйенеді (1-сурет) [2, 10 б.].*

Жас әншіні қалыптастыруда осы механизм міндетті түрде сақталу керек. Әрбір жас әншіні қалыптастыруда дауыс бояуы, диапазоны, мүмкіндіктері әртүрлі болып келеді. Құзыретті вокал пәні мұғалімінің алдына қойылатын мақсат, студенттің табиға дауыс деңгейін жоғары деңгейге жеткізу болып табылады. Әрине бұл жерде тек мұғалімнің үйреткенінен студент өседі деуге болмайды, студент тарапынанда вокал пәніне деген жауапкершілік болуы тиіс. Ол бірнеше жылдық сабақтарды талап ететін үрдіс. Қиын да күрделі процесті талап ететін вокалдық өнерінің бастамасы вокалдық дауыс жаттығуларынан бастау алады. Жас әншіні қалыптастырудың алғашқы сатысы әншінің физиологиялық және психологиялық дайындығымен дене қалыпын реттеуден басталады. Әнші алғашқы сабаққа келгеннен бастап өзін, денесін әншілік қалыппен әншілік аппаратын еркін ұстауды меңгеруі керек. Мұғалімнің кіріспе сөзінен кейін әр сабақ сайын, дауыс жаттығуларынан басталады. Дауыс жаттығулары не үшін керек? Дауыс жаттығу әншінің кәсіби қалыптасуына септігін тигізетін, дауыс бояуын ашатын, дауыс арақашықтығын кеңейтетін, тембрін анықтайтын үлкен процесс. Дауыс жаттығуының өзі бірнеше сатыдан тұрады.

Бастапқы сатыдағы вокалдық жаттығулар:

1. Ең бірінші орындаушының физикалық және психологиялық дайындықты тексеру. «Ва», «ма» или «да» буынында ыңғайлы тесситура іштегі тыныс таусылғанша дыбыстай бастаймыз. Дыбыстау кезінде дауыстың әдемілігімен дыбыстың біркелкілігін бақылып отыру керек.

2. Әншілік қалыптың дұрыс орналасуын тексере отырып, дауысты дыбыстан құралған буынды біресе forte, біресе piano- да орындау керек. Дыбыстау кезінде әншілік тынысқа, дыбыс сапасына, таңдайдың еркіндік жұмысын қадағалау;

3. Бір нотада барлық дауысқы дыбыстарды айту (а, э, и, о, у; а, о, э, и, у), асықпай бір тыныста. Дыбыс сапасын және оның біркелкілігін тексеріп отыру. Бір нотада дыбыстау артикуляцияның еркін жұмысын, дыбыстың біркелкі шығуына көмек береді.

4. Ауызды жауып дыбыстау «м» дыбысы арқылы жүзеге асады. Ол үшін бірінші ауызды ашып әншілік аппаратты дұрыс орнастыру керек. Кейін ерінді жаймен түйістіріп "МММ" дыбысында дыбыстайды. Дыбыстау кезінде ерінмен таңдайда кішігірім діріл және азғана қытық сезілуі керек. Дыбыстау кезінде тілдіді еркін жатқызамыз, егер тіл көтеріңкі болса бұл сезілмейді.

5. Бір нотада буындарды айту.Олар:«ма, мэ, ми, мо, му». Дыбыстау кезінде алғашқы буын "М" әріпін созып "ММа" асықпай алдыңғы жаттығудағыдай біркелкі дыбысбау арқылы жүзеге асырылады. Темпті жай бастаймыз. Бұл жаттығу әншілік опораны сезуге, дыбысты алға итеруге қолайлы.

6. Атақты Гарсиа и Ламперти сияқты вокалисттердің еңбектерінде вокалмен алғашқы айналысып жүргендерге мынадай кеңестер берілген. Яғни бір нотада «mamma mia» деген сөзді орындау берілген.

7. Жас әншіні қалыптастыруда дауыссыз әріптің бірі «л». Мұнда жас әнші бір нотада немесе кіші және кішігірім интервалдарда ла, лэ, ли, ло, ля, лу, ло буындарын айту [3, 19-22 бб.].



1-сурет. Жас әншіні ән айтып үйретудегі механизмі

Жас әнші мыналарды білулері керек:

1. Дауыс жаттықтыру алдында әншілік қалыппен, әншілік аппаратты қыздыру жаттығуларын;

2. Дауыс жаттығуларының түрлерін;

- Аааа
- ааааааааааааа веееееееее мариияяяяяяяяя
- бела ро о о о за, ро о о о за, ро о о о за.
- Ми,мэ,ма,мо,му (айту кезінде жарты тонға көтеру):
- Тру-тру-тру-тру-зи-зизи-зи-тру-тру-тру-тру-тру!
- М-м-м-м-м-м-м-м-м-м
- Мииияаамииияаами
- Мама миа,мама миа, ма, ма, ма,ма,ма,ма,ма
- Ла-лэ-ли-ло-лу,да-дэ-ди-до-ду,на-нэ-ни-но-ну

«Ра-….Са…Ма…,дауыс жаттығу кезінде әріптер ауысып отыру керек.

- Фа – ре – фа – ре – фа – ре – фа – ре – фа
- соль – фа – фа – ми – ми – ре – ре – до – до

3. Дикцияға арналған жаттығуларды; (р-р-р-р-р-р-р-р-р-р-р-р-р-р-р-р…)

1. На, на, на (соңғы «на» буынын көбірек ұстаймыз.)

2.мА-мЭ-мИ-мА-мЭ-мИ-мА-мЭ-мИ…мА-мЭ-мИ-мО-мУ!!

3. До до-ре-до, до-ре-до,до-ре-до-ре-до-ре до-ре-до-ре-дооо…

4. Тыныс жүйесін қалыптастыратын жаттығуларды;

1.Кең тыныс алып мыналарды айту керек:

- он бірінші этаж
- тоғызыншы этаж
- он алтыншы этаж. Әсіресе 1-20 -шы этажға дейін санап, кең тыныста орындау керек.

5. Тыныстыбақылауға арналған жаттығуларды;

Терең демді ішке алып, сссссс… буынын дем таусылғанша дыбыстау.

6. Дауыстың тембрлік ерекшелігін жетілдіруге арналған жаттығуларды;

1. А-Э-О әріптерінде (10 рет) жаймен дыбыстау. Немесе, до ре ми фа соля си ноталарын айту.

2. иу……..уи……(сигнализация)

7. «Метро»деп аталатын жаттығуларды;

1. Глиссандо да бірінші октаваның «до» нотасынан керекті жоғары нотаға дейін дыбыстау. Кейін ең жоғарғы нотадан төменгі нотаға дейін орындау. Бұл жаттығу диапозонды кеңейтуге арналған.

2.и«До-о, де-е, ди» немесе «Бра –бре- бри- бро – бру». Жарты тонға үнемі көтеріп отырамыз.

3. Іштегі престі қатты үстап. «О-о» буынын секіртпелі шеге қаққандай етіп айту. Жарты тонға үнемі көтеріп, басты төмендеу ұстаймыз.

- калина-лина-лина ,малина-лина-лина ,марина-рина-рина ,карина-рина-рина
- ma-me-mi-mo-mu
- Рррррррооооооооззззза.
- Рррррррррррррр, және Тттттттттттттт.

Гаммаларды айту.

- До! До-ре-до! До-ре-ми-ре-до! До-ре-ми-фа-ми-ре-до! До-ре-ми-фа-соль-фа-ми-ре-до!

8. Дикцияға аранлған жаттығуларды;

- Лам-пам-пумбр, Лам-пам-пумбр, Лам-пам-пумбр, Лам-пам-пумба-пумба-пумбр, лам-пам-пумбр
- ырылдау арқылы айту (ыырррр, ыырррр;)
- Уууууаааааааа, Уууууаааааа.

9. Мажорлық 3- дыбыстылықты айтуды;

- Соль- ми-до! кері қарай И-и-и-и- я…я әріптері арқылы

- до-соль, ре-соль, ми-соль, фа-соль, ми-соль, ре-соль, до!
- соль-до, фа-до, ми-до, ре-до, до…

Ра-а-а-Ро-о-о-Ри (жоғарға до-ми-соль-до, төменге соль-ми-до)

10. Дыбыс үндестігіне арналған жаттығуларды;

- пта-пто-пту- птэ- пты- пти;
- хта-хто-хту- хтэ- хты- хти ;
- мта-мто-мту- мтэ- мты- мт;и
- кта-кто-кту- ктэ- кты- кти ;
- ста-сто-сту- стэ- сты- сти .

11. Дикцияны жетілдіругер арналған жаңылпаштарды;

* У быка бела губа была тупа.
* Обычай бычий, ум телячий.
* Купи кипу пик.
* От топота копыт пыль по полю летит.
* Пол четверти четверика гороху без червоточинки.
* Расскажите про покупки. Про какие, про покупки? Про покупки, про покупки, про покупочки мои.
* На дворе трава, на траве дрова Раз дрова, два дрова, три дрова.

12. Сәби жасындағы балаларға арналған жаттығуларды;

1. «А» дыбысы арқылы (ла, ма, на, ра, па, ба, да, мра, нра)

до,ре\МИ\ми-фа-ми-ре\ДО

2.«О»дыбысы (но, мо, ло, до, по, го, со)

соль-фа-ми-фа\ми-ре, до\

3. Жаңылтпаш айту "Жүгіреміз жағалауды, жағалай, жағалай біз жағалауда жағадай."

4. НИ-нна,НА-нна, спи, моя крошка,

Пусть заглянут звёзды в окошко.

МИ,до\МИ,до\ре,до,ре\МИ,до\

МИ,до\МИ,до\ре,до,ре\ДО,до\

Ой, звоны звонят, злого волка гонят, По болотам, по оврагам, где люди не ходят

5.Ми,до-до,ре,до\ми-ми,до-до,ре,до\ми-ми,до-до,ре-ре,до-до\ми-ми,до-до,ре,до.

13. Артикуляция реттейтін жаңылтпаштарды;

✓Прохор и Пахом ехали верхом.
✓Галка села на палку, палка ударила галку.
✓От топота копыт пыль по полю летит.
✓У быка бела губа была тупа.
✓Водовоз вез воду из водопровода.
✓У Фени фуфайка, у Фаи туфли.
✓На семеро саней по семеро в сани уселись сами.
✓Цыпленок цыпли цепко цеплялся за цепь.
✓Пришел Прокоп – кипел укроп.
Ушел Прокоп – кипел укроп.
Как при Прокопе кипел укроп,
так и без Прокопа кипел укроп.

14. Дауысты және дауыссыз дыбыстарды таза айтуға арналған жаңылтпаштарды;

✓Ою ою ойым бар-ды,
Ойналмастан ойын қалды.
Орындалмай ойымдағы
Ойылмады ою-дағы.
Орашолақ, олақпын ба,
Оя алмадым оюларды?
✓Біреуі көрікті кісі,
Біреуі бөрікті кісі.

Көрікті кісі – зорықты,

Бөрікті кісі – қорықты.

Міне, жоғарыда көрсетілген міндеттемелерді меңгерген болашақ педагог-музыканттың кәсіби сапасы жоғары болатыны сөзсіз. Дауыс қойылымы тез қалыптасатын әрекет емес. Ол күнделікті дайындықпен іздемпаздылықты қажет етеді. Дауысты жетілдіру кезеңінде міндетті түрде дауыс жаттығуларына қойылатын талапты ескеру керек [4, 49 б.].

Дауыс жаттығуларына қойылатын талаптар:

- Негізгі дыбыстарды созып айту;
- Әнші диапозонын кеңейту;
- Дауысты біте-бірте жаттықтыру;
- Дауыстың қатты шығуына жол бермеу;
- Еркін дауыспен орындауға үйрету;
- Дыбыстың тазалығына көңіл бөлу;
- Дыбыстың біркелкілігін бақылау;
- Дауыстың әдемілігіне көңіл бөлу.Мақалада дауыс жаттығуларының түрлерімен әдіс- тәсілдері толығымен көрсетілді. Ендігі кезекте дауыс жаттығуларымен қатарлас жүретін әншілік процесс- ол тыныс алу.

Тыныс алу жасанды түрде жасалған ән салатын тыныс алу, табиғи секілді үш сатыдан тұрады:

1) дем жұту немесе инспирация;

2) алынған демнің кідіруі;

3) ішке алма-кезек дем тарту немесе экспирация.

Жасанды тыныс алудың табиғи тыныс алудан айырмашылығы ән шырқауда үлкен маңыздылыққа ие және үнемі жүзеге асыруды талап ететін бүтіндей әрекеттер кешенін құрайды. Бұлшық еттер жүйелі кернеуге үйренісуі үшін демді өз ішіңе жаймен тарту керек.

Дем алудың дұрыстығын сезіну үшін тік тұрып кеудеңді алға жіберіп сол кезде демді ішке толтыру керек. Іштің бел бөлігінде қабырғалардың төменгі жағын қозғалтып ауаның өз орнын алғандығындай сезінесіз. Содан соң демді ұстап тұрып сәл көтерілу керек (жаттығудың келесі бөлігі басталады). Бұл бөлік қажетті иілімділікке баулиды. Демді ішке алу демді шығару секілді жаймен, кенеттен пайда болған соққыларсыз тығыз жұмылған ерін арқылы жүзеге асырылуы керек. Еріннен шыққан ауаның түзулігін тексеру үшін 3 см қашықтықта саусақты ұстап ауаның тығыздығын сезінуге болады. Дұрысы демді мұрын арқылы алған жөн, осылайша бұлшық етке күш әлсіз және жай түседі. Бұл жаттығуды таңертең 5 минуттан 10 минутқа дейін жасауға кеңес беріледі.

1-кесте. Жаттығу жасаудың үлгілері

Демді ішке сору	Демді ұстау	Демді шығару	Демді ішке сору	Демді ұстау	Демді шығару
5- секунд	5-секунд	5- секунд	6- секунд	10- секунд	6-секунд
5- секунд	6-секунд	5- секунд	7- Секунд	10- секунд	7-Секунд
5- секунд	7-секунд	5- секунд	8- секунд	10- секунд	8-секунд
5- секунд	8-секунд	5- секунд	9- секунд	10- секунд	9-секунд
5- секунд	9-секунд	5- секунд	10-секунд	10- секунд	10-секунд
5- секунд	10-секунд	5- секунд	10-секунд	15- секунд	10-секунд

Тек осындай жолмен ғана абдоминалды яғни терең дем алудың дұрыстығын сезінуге болады. Оқушы абдоминалды дем алуды байқағанда ғана кеуденің алға еңкеюін тоқтатуға болады. Оқушының дем алу тұлғасына қарай педагогтің жеке өзі дем алу жаттығуларын таңдай алады.

Көптеген вокалдық педагогтар музыка-педагогикалық репетуардың бірнеше түрін көрсетеді, олар: вокалдық жаттығу, вокализдер, халық әндері, көркем шығармалар, камералық шығармалар.

Педагогтің міндеті - дауысты реттеу, қалыптастыру, және репертуар таңдай білу. Материалды таңдау барысында белгілі бір мақсат болуы тиіс. Педагог нақты материалдарды пайдалана отырып студент бойында қандай вокалдық-техникалық қабілеттер мен дағдыны дамытқалы отырғанын білуі керек. Мақсатсыз таңдалған музыка-педагогикалық материалдар әншінің вокалдық-техникалық дамуының тежелуіне алып келуі мүмкін.

Заманауи авторлардың шығармаларын таңдауда ерекше мұқияттылық танытқан жөн .Сонымен қатар педагог өз жұмысында оқытылып отырған контингенттің жасерекшелігіне (15-19 жас) сай психофизиологиялық өзгерістерін есепке алуы тиіс.

Жүйелі түрде сапалы, біріндеп күрделендірілген репертуар қашанда вокалдық-техникалық және орындаушылық дамуы жағынан оқушыға сәйкес келеді, сондықтан да әншінің жан-жақты дамуына, жұмысына жақсы түрткі болады. Жүйелендіру барлық белгісіне байланысты жүргізілуі тиіс: көркем образдың күрделілігі, музыкалық және эмоционалдық мазмұнның күрделілігі, вокалдық-техникалық қиындықтар (диапазон кеңдігі, тесситура, қозғалғыштық және т.с.с.) [5, 78-82 бб.; 6, 200 б.].

Вокалдық кеңес:

1. Интервал ұлғайған сайын көбіне студенттер ырғаққа сенімсіз бола бастайды; бірінші дыбысты орындау кезінде келесі дыбысты анық сезінуі қажет.
2. Егер сіз дыбыс күшін жоғары регистрда сақтап қалғыңыз келсе, онда төменгі нота регистрында дыбысты шығындамаңыз, әсіресе интервал ұлғайған сайын.
3. Ойдан жасалған шаршаңқылықтан өзін аулақ ұстау үшін студент шығармаларды жарты дауыспен жаттап алады. Бұл әдіс күш жұмсаудың орнына өзін сақтап, жеңіл әсермен баурап алуы мүмкін. Сондықтан да шығарманы орындауда толық дауыспен жаттығу қажет. Тек осындай жолмен ғана мақсатқа жете аласыз, олай болмаған жағдайда құлдырайсыз.
4. Әндету өнеріне үйрету вокалдан басталады. Ол екі мақсатты көздейді:
   а) дауысты дамытып барлық вокалдық талаптарға сай ету;
   б) түрлі стильдерде фразалау арқылы сөздің көмегінсіз музыканы орындауға үйрену.
5. Түрлі тілдік кедергісі бар әншілерге ортақ ереже бар: кейбір дауыссыздардың белгіленуі. Бұл әндетудің нақтылығы мен түсініктілігіне көмектеседі.
6. Бастапқыда еркін шықпайтын дауыстағы жоғары және төменгі ноталар бірінші жаттығудан бастап орталық регистрды қолданса өздігінен жетілетіндігі белгілі. Сонда педагогта да оқушы дауысының шынайы сипаты туралы күмәндар да болмайды, себебі орталық регистр дем алысқа тұрады да алмасып отырған тонның нотасы анық қарастырылады.
7. Қандай болмасын белгілі бір атақты әртіске еліктеуден сақтаныңыз және сіздің даралығыңыз шынайы еліктеушілердің қалауына айналады.
8. Әндететін дауыс – аспап, оның қалыптасуы мен дамуы әрбір адамның жеке мүмкіндігіне тәуелді. Сондықтан да дауыс нағыз әртістің жаны мен санасына тән сипаттама болып табылады. Бұдан шығатыны әдемі дауысты иеленген, бірақ ақылынан алжасқан әнші қашанда орта дауысты бірақ ақылды әншіден төмен тұрады.
9. Жас әншіге ескерту: дауыстың тазалығы мен сақталуына жету үшін, барлық тапсырмаларды белгіленген тәртіппен орындаған жөн. Мұның қорытындысында дауыстың қорытындысы мен нағыз негізі жатыр.
10. Мұғалім өзін студентпен рухани жағынан да байланысатынын есте сақтауы тиіс. Мұғалімнің оқыту ісіндегі тәкаппарлық алшақтығы оның қалыптаспағандығының бет пердесі секілді.

11. Мұғалімнің студентін атақты етуге ұмтылысы өз ісінің білгірі болғанда ғана жүзеге асады. Педагог қаншалықты кәсіпқой сауатты болса, соншалықты қарапайым.

12. Мұғалім сабағын жандандырып, үн жұрғасының түскенін байқаса студенттерді қолпаштап отыруы тиіс. Бұл жандандыру оқушыға ауысып, мұғалімнің сеніміне енуге барын салып кіріседі.

Сөзімді қортындылай келе ән өмірдің ажары, халқымыздың ғасырдан-ғасырға жалғасып келе жатқан қазынасы. Ал жақсы әнді адамзатқа аманат етіп жеткізетін ол - Әнші. Әнші болу табиғаттан беріледі және құзыретті оқытушылардың білімінің арқасында дамып жетіледі. Жас әнші вокалдық білімді алғаш үйренген уақыттан бастап, оқытушының үйреткен әдіс- тәсілдерін, ескертулерін естерінде сақтауы керек. Ал, дауыс жаттығулары әншілік өнердің ажырамас серігі. Әрбір әнші сахнаға шығар алдында, міндетті түрде дауыс жаттығуларын жасауы кажет. Себебі дауыс жаттығулары дауысты бір формада ұстау үшін әнші дауысының маңызды бір бөлігі болып саналады.

Әдебиеттер:

1. Луканин В.М. Обучение и воспитание молодого певца. – Л.: Музыка, 1977. 77 с.

2. Виардо П. Упражнения для женского голоса. 2-е изд., испр. – М., 2013. – 144 с.

3. Құжақов Қ.К. Бастауыш деңгейдегі жас әншіні қалыптастырудағы практикалық жұмыс және дауыс жаттығуларының кейбір мәселелері. – 2008. – 56 б.

4. Варламова А.Е. Полная школа пения. 4-е изд., стер. – Лань, 2012. – 120 с.

5. Овчаренко Н.А. Анализ вокально-педагогической деятельности будущих учителей музыкального искусства в концепции деятельностного подхода // Вестник Томского государственного педагогического университета. – 2013. – Выпуск 9. С. 78-82.

6. Серебрякова Е.А. Индивидуально-групповая форма вокальной подготовки студентов музыкальных факультетов / Автореферат канд. пед. наук. – М., 2005. – 205 с.

Утегенова Г.Е.

Особенности формирования вокальной музыки и развитие певческого голоса

Голосовые упражнения являются неотъемлемой частью певческого искусства. Каждому певцу перед выходом на сцену, необходимо сделать в обязательном порядке голосовые упражнения. Певица в форме, потому что выполнение голосовых упражнений являются важным моментом для поддержания голоса в форме.

***Ключевые слова**: Вокал, распевка, дыхание, глиссандо, стоккато, атака звук, интонация.*

Utegenova G.E.

To develop of voice of singer and music in forming vocal essence of exercises

Voice exercises is the one of the part of song art. Every singer should do a voice exercises before you go on stage.Because voice exercisesis the important part singer in order to keep in one shape.

***Keywords:** Vocal, stokkato, breathing, glissando, attack of sound, Intonation.*

ФИЛОЛОГИЯ
ФИЛОЛОГИЯ
PHILOLOGY

ӘОЖ: 81'373

Исакова С.С. – филология ғылымдарының докторы, профессор,
Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті
E-mail: sabira-i@yandex.ru

КОГНИТИВТІК ТЕРМИНТАНЫМДАҒЫ ТІЛ МЕН БІЛІМ МӘСЕЛЕСІ

Аңдатпа. *Мақалада когнитивтік терминтанымдағы тіл мен білім мәселесі қарастырылады. Терминнің белгілі бір ғылым саласындағы ғалымның немесе маманның іс-әрекеті нәтижесінде пайда болған ғылыми ұғым атау екені нақты мысалдармен дәлелденеді. Терминге атау беруде де, оның анықтамасын белгілеуде де арнаулы сала маманының күрделі ойлау үдерісі маңызды орын алатындығы сөз болады. Мақалада терминнің дәстүрлі атауыштық қызметі, жаңа білімді бекіту қызметі, бағыт-бағдар беру қызметіне талдау жасалынады.*

Тірек сөздер: *Когнитивтік терминтаным, тіл мен білім, кәсіби іс-әрекет, атауыштық қызмет, білімді бекіту қызметі, когнитивтік қызмет.*

Терминтанымның ғылыми-ұғымдық аппаратының толығу фактілері қазіргі терминологиялық ғылымның үздіксіз даму сипатын айқындайды. Тілдік бірліктердің арақатынасы мен оларда бейнеленген кәсіби (теориялық және практикалық) білімнің құрылымы арасындағы байланыс терминтанымның басты мәселесіне айналып отыр.

Терминтанымда когнитивтік ұғымдар мен терминдердің ықпалымен пайда болған маңызды идеялар қатарына мыналарды жатқызуға болады:

1. «Концепт», «концептуалды құрылымдар», «білім форматы» сияқты ұғымдардың терминологиялық айналысқа түсуіне байланысты термин мен ұғым арақатынасына деген көзқарастар өзгерді. Дәстүрлі құрылымдық-жүйелілік зерттеу үлгісінде термин дегеніміз — белгілі бір ғылым, білім, техника саласының заттары мен құбылыстарының атауы. Терминнің өзіндік белгілері:

1. Терминдер негізінен сөз немесе сөз тіркестері болады.

2. Терминдер негізінен тілдік бірліктер (символ-сөз, сан, географиялық таңба түріндегі терминдер де бар. Бірақ терминологиядағы олардың үлес салмағы термин-сөздерге қарағанда әлдеқайда төмен).

3. Термин – белгілі бір терминологияның мүшесі.

4. Термин деген – ұғым аты.

5. Терминнің міндетті түрде анықтамасы (дефинициясы) болады.

6. Терминдердің негізгі басым бөлігі жалпы есімдер, сөз табына қатысы жағынан зат есімдер болады.

7. Терминдер атауыштық қызмет атқарып, негізінен ғылым тілінде, арнаулы сала шеңберінде қолданылады [1].

Терминге берілген анықтамадан байқап отырғанымыздай, терминнің ғылыми ұғым атауы екені, тілдік бірлік, белгілі бір терминология мүшесі, оның анықтамасының болатындығы, негізінен қандай сөз таптарынан жасалатыны, атауыштық қызметі, арнаулы салада қолданылатынына назар аударылған. Ал термин арқылы берілетін білім мазмұны, оның ғылыми таным арқылы пайда болатыны,

белгілі бір ғалымның немесе маманның ойлау үдерісінің нәтижесі екендігі туралы айтылмаған. Соңғы жылдары пайда болып, қарқынды дамып келе жатқан тіл білімінің жаңа зерттеу үлгісі терминнің аталған қырларына ерекше назар аударып отыр. Осымен байланысты термин мен оның анықтамасына, жалпы терминдік жүйеге деген когнитивтік көзқарас қалыптасып келеді. Когнитивтік тіл білімі тілдік құбылыстарды тіл сөйлеменінің танымы мен ойлау үдерісінің нәтижесі ретінде қарастырады. Егер қарпайым жалпы қолданыстағы сөз тіл сөйлеменінің қоршаған ортаны танып, оның ерекше белгілерін негізге ала отырып, күрделі ойлау үдерісінің нәтижесінде затқа немесе құбылысқа берген атауы болса, термин белгілі бір ғылым саласындағы ғалымның немесе маманның іс-әрекеті нәтижесінде пайда болған ғылыми ұғым атауы болып шығады. Терминге атау беруде де, оның анықтамасын белгілеуде де арнаулы сала маманының күрделі ойлау үдерісі маңызды орын алады. Мысалы, *қазақ тіл білімінде құрмалас сөйлем туралы алғашқы түсінікті А. Байтұрсынұлы «Тіл-құрал. Сөйлем жүйесі мен түрлері» атты еңбегінде береді. Оны* **сыйыса құрмаласу** және **қиыса құрмаласу** *деп бөліп қарастырады. Автордың сыйыса құрмаласу деп берген сөйлемдері (Қарабай мен Сарыбай аңға шықты) қазіргі замандағы тілдік таным тұрғысынан талдағанда бірыңғай мүшелі жай сөйлем деп танылғанымен, аталған сөйлемнің оны құрмалас сөйлеммен барабар ететіндей әлдебір тілдік заңдылықтың негізінде қалыптасқандығын жоққа шығара алмаймыз (салыстырыңыз: Қарабай да аңға шықты, Сарыбай да аңға шықты). Қиысқан құрмаластарды салалас, сабақтас деп жіктеп, салаластарды мағынасына қарай жиылыңқы, қайырыңқы, айырыңқы, сұйылыңқы және қойылыңқы деп бөлсе, сабақтастарды бастауыш бағыныңқы, анықтауыш бағыныңқы, пысықтауыш бағыныңқы деп бөледі* [2, 300-310 бб.].

Берілген мысалдан А.Байтұрсынұлы тіл білімінің синтаксис саласының негізгі ұғымының бірі болып табылатын құрмалас сөйлем туралы түсінік беріп, оның түрлерін ажыратуы тілшінің ғылыми тәжірибесі барысындағы ойлау үдерісінің нәтижесі. Тіліміздегі күрделенген ойды білдіретін сөйлемдердің құрмалас екенін, олардың мағынасына қарай бірнеше түрлерге бөлінетіндігін айқындап беру ғалымның ғылыми танымының, ой-өрісінің, тілдік түйсігінің жоғары екенін және үздіксіз зерттеу нәтижесі екенін дәлелдейді. Айтылғандардан шығатын тұжырым: термин – арнаулы, ғылыми білімнің тілдік таңбасы, ол ғылыми танымның вербалданған нәтижесі, шынайы дүниенің ғылыми бейнесінің көрінісі және маманның ойлау үдерісінің нәтижесіне тәуелді бірлік. Термин кәсіби дискурстың негізін құрайтын арнаулы тілдік бірлік болып есептеледі. Термин – арнаулы білімді жеткізу құралы.

Терминнің дәстүрлі атауыштық қызметі немесе білімді бекіту қызметімен салыстырғанда оның когнитивтік қызметінің маңыздылығы мойындалды. Когнитивтік қызметтердің ішінде барынша маңыздысы терминнің бағыт-бағдар беру қызметі болып есептеледі [3, 43-44 бб.]. Атауыштық қызмет тек терминге ғана емес, тілдегі сөз атаулының бәріне тән қызмет. Сөз болсын, термин болсын ол өзі белгілеп тұрған ұғымды атайды.

Атауыштық таңба ретінде терминдердің ерекшелігі олардың тек ерекше семиотикалық кеңістікте, яғни белгілі бір кәсіби іс-әрекет кеңістігінде коммуникативті және когнитивті маңызды заттарды, құбылыстарды, қатынастарды белгілеу үшін жасалынатындығында жатыр. Терминді бұлай түсінгенде біз Б.Н. Головиннің анықтамасына сүйенеміз: «Термин дегеніміз – нысандарды, олардың арасындағы қарым-қатынасты белгілі бір мамандық тұрғысынан тану және меңгеру процестерінде қолданылатын, кәсіби ұғымдарды білдіретін, жасайтын кәсіби мағынасы бар сөздер мен сөз тіркестері» [4, 218 б.]. Ғалым Ш.Құрманбайұлы бұл туралы былай деп жазады: «Кез келген ғылым саласында жаңа ұғым пайда болған сайын бір жаңа термин дүниеге келеді. Ол термин сол ғылым саласындағы ұғымдар жүйесінен тиісті орын алып, терминологияның мүшесі ретінде орнығады. Терминдер

саны ұлғайып, ғылым дамыған сайын терминологиялық өріс кеңи түседі. Термин адам қызметінің арнаулы бір саласындағы ұғым атауы болғандықтан, ол сол ұғымдар жүйесімен тікелей байланыста өмір сүреді. Адам баласы өзі ашқан сол ұғымдар жүйесінің белгілі бір шегі бар. Ұғымдардың бір-бірімен тығыз байланыста өмір сүретін шектеулі аймағы өріс болып табылады. Термин тілдік формасы бар ұғым атауы ретінде, сол өзі атау болып отырған ұғым қатысты болатын ұғымдар жүйесінде, яғни терминологиялық өріс ішінде ғана терминге тән барлық қасиетін сақтай алады. Сол себепті терминді терминологиялық өрістен бөліп қарауға болмайды» [5, 69 б.]. Кәсіби сала шеңберінде ғана терминдер жүйелі болып, өздерінің басты қасиеттерін көрсетіп, оларға жүктелген көптеген қызметтерді атқарады.

Егер жалпы қолданыстағы тілдік құралдармен алынған ақпараттың негізінде адамдардың бір-бірімен, ортамен өзара қарым-қатынасы, мамандық шеңберінен тыс алынған әр түрлі тәжірибе жатса, терминдерде ең бірінші адамдардың нақты кәсіби іс-әрекет үдерісінде қоршаған дүниемен, заттар мен құбылыстармен өзара қарым-қатынас тәжірибесінің нәтижесінде алынған, тіл арқылы бейнеленген ақпаратты, білімді бекіту қызметі атқарылады.

Кәсіби тәжірибе адамға генетикалық жолмен берілмейді. Оны автоматты түрде қабылдау да мүмкін емес. Бұл - жеке тұлғаның белгілі бір мақсатқа бағытталған үздіксіз әрекеті мен еңбегінің нәтижесінде келетін тәжірибе. Кәсіби қарым-қатынас аясы арнайы тілмен, яғни кәсіби қарым-қатынас тілі арқылы жүзеге асырылады. Бұл тілде қолданылатын бірліктер ақпараттың мазмұнына қарай бірнеше топқа бөлінеді: терминология, ауызша кәсіби лексика, кәсіби жаргондар, номенклатура. Кәсіби қарым-қатынас тілінің мұндай құрылымы оны әдеби тілдің функционалды түрі ретінде қарастыруға мүмкіндік береді.

Терминдерде тілдік бірлік ретіндегі білімнің үш түрі жинақталады: тілдік (күнделікті таным нәтижесі ретіндегі) білім, рационалды (рационалды-логикалық, энциклопедиялық, ғылыми) білім және арнайы (кәсіби тәжірибеге негізделген және кәсіби танымның нәтижесі ретінде пайда болған) білім. Терминде жинақталған тілдік білімнің мұндай түрлері адам мен қоршаған орта байланысының белгілі бір тәжірибесіне негізделеді.

Көрсетілген білім түрлеріне сәйкес тәжірибенің төмендегідей түрлерін атап өтуге болады:

1) күнделікті қарым-қатынас барысында жинақталған тәжірибе;

2) формальды оқу процесіне және рефлекстік сана жұмысының қорытындысы болып есептелетін дүниені рационалды тану тәжірибесі;

3) кәсіби қарым-қатынас шеңберінде жинақталған арнайы тәжірибе.

Күнделікті тұрмыстық деңгейдегі қарым-қатынас белгілі бір мақсатқа бағытталған сипаттаманы емес, бұл қатынас барлығынан бұрын адамның әлеуметтік биологиялық қажеттілігін қолдауға бағытталған, күнделікті тұрмыстық қатынас жиынтығын қамтиды. Бұл қатынасқа адам бірте-бірте үйреніп, оны табиғи түрде қабылдайды.

Ал, кәсіби ортадағы қарым-қатынас белгілі бір әрекетке бағытталады, яғни, мұнда тілдік құралдарды қолдану шектеулі болады. Бұл қатынасқа да адам дүниеге келе салысымен бейімделе алмайды. Оған бейімделу үшін біраз уақыт пен білім қоры қажет. Адам өзін дамытып кәсіби ортадағы қарым-қатынасқа төселуі үшін таным-түсінігін кеңейтіп, сол деңгейге жететіндей білім алуы қажет.

Кәсіби қарым-қатынас тілін құрайтын барлық бөлімдер денотаттық құрамымен ерекшеленеді. Егер терминдер мен кәсіби сөздер жинақталған денотатты: заттар, құбылыс және қарым-қатынасты білдірсе, ал кәсіби жаргондар мен ұжымдық бірліктер жалпы құбылыстар мен заттарды білдіреді.

«Тілдік тұлға» деген түсінік «тұрмыстық тілдік тұлға» және «кәсіби тілдік тұлға» секілді екі ұғымды қамтиды. Аталған екі ұғым өз кезегінде бір-бірін толықтырып отырады.

Кәсіби тілдік тұлғаның жүйесі мен түрлері туралы қарастыратын болсақ, оның қоғамдағы бірнеше қызмет саласын қамтитынына көз жеткіземіз. Яғни, ол қамтитын қызмет салалары; заң, саясат, медицина, сауда-саттық, білім беру, өндірістік сала т.б. Кәсіби қарым-қатынас тілін заң, медицина салаларында қарастыру заңдылық. Бұл арнайы кәсіп саласының тілі емес, нақты кәсіби тіл, яғни ол белгілі бір кәсіби ортадағы тілдік құралдардың кешені.

Логика-лингвистикалық категория ретіндегі терминдер кәсіби қарым-қатынас тілі дамуының кез келген сатысында көрініс табады. Бұл туралы Б.Н. Головиннің «Терминдерді теориялық білім мен ғылым дамыған кезде ғана пайда болатындай қылып көрсету аңғалдық. Өткен кезеңде де, қазіргі кезеңде де кез келген мамандық, кез келген еңбектің түрі өз терминдерін туындатты» [4, 261 б.] деген пікірін келтіруге болады.

Аталған ғалымның пікірін қорыта келе Е.И. Голованова «Терминдер кәсіби қарым-қатынастың маңызды элементін және кәсіби ортаға бейімделудің лингвкогнитивтік құралын білдіретін кәсіби ойлаудың вербалданған нәтижесі» деген тұжырым жасайды [6, 58 б.].

Терминдерде белгілі бір ғылым саласының таным механизмдері көрініс табады. Оны тілдегі тарихи категория ретінде қарастыруға болады.

«Кәсіби тілдік тұлғаның» маңызды сипаттары қатарына мыналар жатады:

1. Арнайы (кәсіби саладағы іс-әрекет) ғылымның түрлі қиындықтарынан біртіндеп өту арқылы дүниенің ғылыми бейнесін меңгеру деңгейіне байланысты жасалатын іс-әрекет; нәтижесінде адам әр түрлі қиындықтағы кәсіби іс-әрекетті істей алуға қабілетті болады.

2. Дүниені түрлі деңгейде меңгеруді талап ететін, бірнеше әлеуметтік рөлдерді атқаруға қабілетті әлеуметтік көп қызметтілік; әдетте, бұл рөлдердің көпшілігі қарапайым сананы талап етеді, бірақ әлеуметтік рөлдерді орындау кезінде міндетті түрде адамның санасында дүниенің ғылыми бейнесін қалыптастырудың арқасында іс жүзіне асатын кәсіби рөл болады.

3. Білім алу үдерісінде дүниенің ғылыми бейнесін қалыптастыру; Дүниенің ғылыми бейнесін қалыптастыру үдерісі дүниенің қарапайымнан ғылыми бейнесіне қарай біртіндеп өтуді білдіреді.

Белгілі бір кәсіп саласында қызмет ететін тұлғалар күнделікті өмірде қарапайым тілден ғылыми сипаттағы тілге жиі ауысып отырады. Мәселен, дәрігерлер емделушіге науқасы туралы түсіндіргенде оны барынша қарапайым тілмен түсіндіреді. Ал оны қағазға мәтін етіп түсіргенде немесе өзара кеңестерде ғылыми тілде талдайды. Бұл қатарға оқытушыларды да жатқызуға болады. Олар күнделікті аудиториядағы дәрісте білім алушыларға арнайы терминдерді ғылыми тілмен қағаз бетіне түсіртіп, оның мәнін айқындауда, талдап-түсіндіруде баршаға түсінікті қарапайым тіл элементтерін қолданады. Әлеуметтік рөл мен тілдік құрылымдарды қажетінше ауыстыра білу тілдік тұлғаның біліміне негізделеді.

Кәсіби қарым-қатынас барысындағы тілдік тұлғалар арасындағы қатынастың негізгі екі типін атап өтуге болады:

1) ресми, статустық-рөлдік қарым-қатынас.

2) бейресми, топтық немесе тұлғааралық байланыс.

Қарым-қатынастың алғашқы типі субординация ережесін қалыптастыруға жетелейтін қалыпты жағдайлардың шектеулі жиынтығымен ерекшеленеді. Мұнда коммуниканттар кәсіби білімді тасымалдаушы дербес субъект ретінде қарым-қатынасқа түседі.

Бұл қарым-қатынастың ең негізгі мақсаты - кәсіби әрекетті оңтайландыру, оның қысқа және ұзақ мерзімдік бағдарламасын жасау.

Коммуниканттар, кәсіби қарым-қатынас тілінің стандартталған, нормативтік бірліктерін қолдана отырып, мәтінде вербалданған кәсіби ақпараттың шынайылығына көңіл аударады және бір-біріне имплицитті әсер етеді. Қарым-

қатынастың бұл саласы коммуниканттардың жағдаятты бағалауын (нәтижені, әрекеттің шынайылығын, әріптестерін, олардың әрекетін, қарым-қатынасын) көрсетпейді.

Қарым-қатынастың екінші түрі - бейресми - түсіндірудің көптеген формаларына ие және бұл қатынастағы жағдаяттардың жиынтығы шектеусіз. Мұндағы біріктіруші бастама, нақты бір жағдаят шеңберіндегі мәселенің шешімін табу, микротоп шартында әртүрлі кәсіби бағдарламаларды қалыптастыру болып табылады. Мұндағы кәсіби қарым-қатынастың бірліктері объективтенбеген, керісінше, игерілген білім субъективтенген. Оларда күнделікті, қайталанатын әрекетте актуалданған кәсіби ақпараттың бөлігі айқындалған. Сондықтан олар тәжірибе арқылы - адамның жеке әлеміне жақындап, оның айналасындағы жақындарының шеңберін құрайды.

Когнитивтік терминтанымның кәсіби тілдік тұлға категориясына сүйенуінің өзектілігі қазіргі таңдағы кез келген ғылым саласында қарым-қатынастың көбеюімен байланысты болса керек. Мысалы, қоғамдық ғылымдарды, оның ішінде тіл, әдебиет, психология, педагогика, тарих, заң салаларын алатын болсақ, кәсіби қарым - қатынастың шеңберінің күннен күнге ұлғайып отыратындығын айтуымызға болады.

Терминнің аталған қызметімен бірге соңғы кездері оның когнитивтік қызметін, яғни арнайы білімді алу, өңдеу, сақтау және оны жеткізу қызметін атап көрсетіп жүр [7, 24-27 бб.]. Терминнің бұл қызметі адамның менталды жүйесімен тікелей байланысты. Басқаша айтқанда терминде ғалымның немесе маманның ғылыми ойлау іс-әрекеті қалай бейнеленеді, қалай көрініс табады дегенге саяды. Бұл туралы біз В.А. Татариновтың «Терминология как один из инструментов научного познания имеет наиболее тесную связь с мыслительными категориями, являясь одновременно как формой их бытия, так и способом их осуществления» [8] деген пікірін құптаймыз.

Терминнің когнитивтік қызметінің ішінде бағыт-бағдар (ориентирующая) беру қызметін ерекше атап көрсетуге болады. Арнаулы сала тілінің негізін құрайтын терминдерді кәсіби мамандар іс-әрекетінің когнитивтік-коммуникативтік кеңістігі тұрғысынан қарастыру оның когнитивтік қызметін анықтауға ықпал етеді. Әрбір арнаулы когнитивтік-коммуникативтік кеңістікте терминдер маманның концептуалды құралы ретінде қызмет атқарады, маманның кәсіби ойлауына бағыт-бағдар береді, кәсіби іс-әрекет пен ойлау үдерісіне түрткі болады, соның нәтижесінде ғылымда жаңа ойлар, пікірлер, ұғымдар мен түсініктер, терминдер қалыптасады. Терминнің бағыт-бағдар беру қызметі термин алғаш пайда болған кезден көрініс табады. Мысалы, А.Байтұрсынұлының жоғарыда атап көрсеткен құрмалас сөйлем туралы ғылыми тұжырымының пайда болуына, сөйлемнің түрін ажыратуына әрине, ғалымның тек қазақ тіл білімі емес басқа тілдердің синтаксистік жүйесіне назар аударып, олардағы құрмалас сөйлемдердің жіктелуіне, анықталуына талдау жасауы, олар туралы ой-пікірлерді қорытындылап, мысалдармен дәлелдеп, қазақ тілінде құрмалас сөйлем, оның түрлеріне т.б. терминдерге ғылыми анықтама беріп, қалыптастырғаны даусыз. Ғалым аталған терминдерді жасау барысында тек қана өзі зерттеп, талдап, қорытынды жасап қана қоймай, басқа тілші ғалымдармен пікір алысып, осы мәселелерді бірлесе талқылап, қазақ тілінің табиғатына тән атауларды термин ретінде тұрақтандыруға тырысты. Демек, ғалым когнитивтік-коммуникативтік кеңістікте кәсіби іс-әрекет нәтижесінде күні бүгінге дейін қолданылып келе жатқан тіл білімі терминдерін жасады.

Терминді үнемі даму, толығу үстінде болатын тілдік бірлік ретінде қарастырады, осымен байланысты оның анықтамасы да қатып қалған нәрсе емес, шартты болып табылады [9]. *Мысалы, А.Байтұрсынұлы қиысқан құрмаластарды салалас, сабақтас деп жіктеп, салаластарды мағынасына қарай жиылыңқы, қайырыңқы, айырыңқы, сұйылыңқы және қойылыңқы деп бөлсе, сабақтастарды бастауыш бағыныңқы, анықтауыш бағыныңқы, пысықтауыш бағыныңқы деп*

бөледі. Құрмалас сөйлемді «күрделі сөйлем» деп атаған Қ.Жұбанов оны салалас және сабақтас деп жіктеп қарастырады [10, 104 б.]. *1936 жылы орта мектептің 5-7 сыныптарына арналған «Қазақ тілінің программасында» құрмалас сөйлемдердің жасалу жолдары мен амал-тәсілдері көрсетіліп, мағыналық түрлеріне тоқталған. Құрмаласты жасайтын амал-тәсілдер салаласта: алғашқы сөйлем баяндауышы құрамындағы еді көмекші етістігі, шартты рай тұлғасы, көсемшенің –п тұлғасы, да, және, сосын дәнекерлері, сол себепті, сондықтан, сөйтіп, бірақ, сөйтсе де, я, әйтпесе, не болмаса, үйткені, неге десең т.б. жалғаулықтары, осы, сол, бұл есімдіктері; сабақтаста, негізінен, құрамында қатыстық сөздері бар шартты рай тұлғалы етістіктерге негізделген. Салалас құрмаластарды өз ішінде ыңғайлас, ереуіл, талғама, себеп-салдар, шарт жағдай деп бөледі де, сабақтастарды анықтауыш бағыныңқылы, толықтауыш бағыныңқылы, пысықтауыш бағыныңқылы деп саралайды* [11, 359 б.].

Құрмалас сөйлемді зерттеуді алғаш рет практикалық мақсатта емес, ғылыми тұрғыдан қарастырған С.Аманжолов құрмалас сөйлемдерді салалас, сабақтас, аралас және тиянақсыз сабақтас деп төрт түрге бөліп қараса [12, 359 б.], *құрмалас сөйлемдерді арнайы зерттеген Н.Сауранбаев бұл мәселеде бірнеше пікір ұсынды: алғашқы топтастыруда құрмаластарды салалас және сабақтас деп жіктесе* [13, 46 б.], *кейінірек салалас құрмалас, сабақтас құрмалас және іргелес құрмалас деп топтайды* [14, 34-106 бб.], *ал соңғы топтастыруда құрмаластарды 4-ке бөледі: салалас, сабақтас, аралас, үйірлі мүшелі сабақтастар* [15, 520 б.], *С.Жиенбаев құрмаластың тек салалас және сабақтас деген 2 түрі бар екенін, ал аралас құрмаластың "өз алдына бір бөлек заңдары жоқ" екенін айтады* [16, 33 б.]. *Н.Сауранбаев сөйлемнің бұл түрін сабақтас, салалас, іргелес деп үш үлкен топқа бөледі. Автор құрмаластың жалғаулықсыз байланысқан түрін жеке алып «іргелес» деп қарастырады.*

Берілген мысалдан ғылымның үнемі дамып, толығып, жаңарып отыратындығын аңғару қиын емес. А.Байтұрсынұлы жіктеген құрмалас сөйлемнің түрлері өзінен кейінгі тілші ғалымдарға ой салып, әрі қарай тереңірек зерттеуге жетелегені, соның нәтижесінде Қ.Жұбанов құрмалас сөйлем емес күрделі сөйлем деген терминді ұсынып, оны салалас және сабақтас деп топтастыруға әкеледі. Одан кейінгі ғалымдардың осы мәселе бойынша ғылыми ойлау үдерістері мен когнитивтік-коммуникативтік кеңістіктегі кәсіби іс-әрекеттері құрмалас сөйлемнің анықтамасына көптеген толықтырулар енгізгенін байқау қиын емес. Демек, терминді кәсіби когниция мен кәсіби қарым-қатынастың өзара байланысы нәтижесінде пайда болған тілдік бірлік деп тануымыз қажет.

4. Терминді талдауға деген көзқарастың күрделенуі: оны жүйелілік-ұғымдықтан категориалды-матрицалық тұрғыдан түйсіну.

5. Терминді гносеологиялық (эпистемологиялық) тұрғыдан қарастырудан бас тарту, термин арқылы тек қана ғылыми (теориялық) білім ғана беріліп қоймайды, сонымен бірге кәсіби білім мен тәжірибенің нәтижесі бейнеленеді.

6. Терминнің мазмұнының дамуы мен қалыптасу үдерісі туралы ғылыми көзқарастардың тереңдеуі: арнайы білімнің стихиялық жиынтығы ретіндегі концептіден оны теориялық тұрғыдан тұжырымдап, түсінуге жетелейді.

7. Ұғым мен концептінің арасында когнитивтік негіз ретінде тығыз қарым-қатынас болады: ұғым концептінің негізінде құрылады, уақыт өткен сайын ұғымның мазмұны концептінің мазмұнына қосылады, бұл өз кезегінде ұғымның әрі қарай дамуына ықпал етеді.

Демек, когнитивтік лингвистиканың әсерінен терминологиялық зерттеулердің мақсаты кәсіби таным, кәсіби қарым-қатынас және кәсіби іс-әрекеттермен байланысты терминнің тілдік бірлік ретіндегі ішкі мағыналық табиғатынан терминологиялық және басқа арнаулы бірліктердегі білімнің берілу мәселесіне ауысты.

Когнитивтік көзқарас жаһандану контексінде арнайы білімнің дамуы мен пайда болуын талдауға, адамдардың құбылмалы когнитивтік-коммуникативтік

қажеттіліктерін ескере отырып, терминологиялық (кәсіби) атау беру үдерістерінің механизмдері мен себептерін анықтауға мүмкіндік береді. Осылардың барлығы терминдік жүйелердегі тарихи үдерістерді тереңірек түсінуге ықпал етеді, арнайы білім құрылымдары (және сана) мен тілдік құрылымдардың арасындағы күрделі қатынастардың дамуын анықтайды. Сонымен бірге, терминтанушы ғалымдар атап көрсеткендей, аталған көзқарас термин туралы толық және жан-жақты түсінік қалыптастыруға көмектеседі, өйткені дүниенің қарапайым тілдік бейнесінде көрінетін прототиптік категорияларды ескере отырып, терминді «интеллектуалды», «толық пісіп жетілген» таңба ретінде таниды және арнайы қарым-қатынас саласында өзінің айқын шекарасы бар ұғым ретінде анықтайды [17, 45-48 бб.].

Сонымен, қазіргі тіл білімінің (антропоцентризм, неофункционализм, экспансионизм) бейнесін айқындайтын жоғарыда аталған әдіснамалық қағидаттар қарқынды даму үстіндегі пәнаралық зерттеу саласы болып табылатын терминтанымға да тән.

Бүгінгі таңда терминдер мен терминдік жүйелер өзімен-өзі зерттелмейді, олар адамның кәсіби танымы мен кәсіби іс-әрекетіндегі орнын ескере отырып, онда берілген білімнің түрлері мен қарым-қатынас аясындағы қызметтеріне байланысты зерттеледі. Терминтанымда алғаш рет арнайы атаулардың кәсіби тілдік тұлға типімен және оған тән когнитивтік стилмен байланысы мәселесі көтеріліп отыр [18; 17].

Термин өзгермейтін бірлік ретінде емес, өзі қолданылып тұрған дискурстың сипатына қатысты қарастырылады. Дискурстың әрбір типі онда қолданылатын тілдік бірліктердің мазмұны мен формасына өзіндік шектеу қояды.

Егер бұрын терминтаным терминді талдаумен және оны бейнелейтін терминдік жүйені зерттеумен шектелсе, когнитивтік бағыт терминтанымды кең көлемдегі пәнаралық зерттеулерге «есігін ашты», яғни терминдер мен терминдік жүйелерді мәдени контексте зерттеуге мүмкіндік берді. Осыған орай С.В. Гринев когнитивтік терминтанымды терминологиялық зерттеулердің болашағы бар бағыты деп атап көрсете келе, оның маңыздылығын «ғылыми танымның даму ерекшелігін зерттеуге ғана емес <...>, адамзат мәдениетінің және жалпы өркениеттің даму жолдарын зерттеуде» деп көрсетеді [19, 31-34 бб.].

Қорыта айтқанда, бүгінгі терминтаным фактілер мен құбылыстарды жай ғана сипаттап қоймай, оларды түсіндіруге тырысады, бұл қазіргі ғылыми білімнің көп үлгілі ерекшелігімен байланысты түсіндіріледі. Когнитивтік көзқарас терминшіге ұғымдардың қатаң құрылымдық жүйесінен шығып, дүниенің қарапайым және ғылыми бейнесінің, күнделікті және абстрактілі-логикалық білімнің арасында болатын өзара байланыстарды анықтауға мүмкіндік береді.

Осыған байланысты когнитивтік терминтанымды жеке зерттеу бағыты ретінде емес, осы пәнаралық ғылымның даму кезеңінің заңды жалғасы деп қарастыруға болады.

Әдебиеттер:

1. Реформатский А.А. Термин как член лексической системы языка // Проблемы структурной лингвистики. – М.: Наука, 1968. – 356 с.

2. Қазақ грамматикасы.Фонетика, сөзжасам, морфология, синтаксис. – Астана: Нурпринт, 2002. – 695 б.

3. Кубрякова Е.С. В поисках сущности языка // Международный конгресс по когнитивной лингвистике. – Томбов: Знание, 2008. – С.43-44.

4. Головин Б. Н. Терминология // Березин Ф. М., Головин Б. Н. Общее языкознание. – М.: Просвещение, 1979. – 347 с.

5. Құрманбайұлы Ш. Қазақ лексикасының терминденуі. – Алматы: Ғылым, 1998. – 208 б.

6. Голованова Е.И. Введение в когнитивное терминоведение: Учеб.пособие. – М.: Флинта: Наука, 2011. – 224 с.

7. Лотте Д.С. Основы построения научно-технической терминологии. – М.: АН СССР, 1961. – 158 с.

8. Татаринов В.А. Теория терминоведения: в 3-х т. Т. 1. Теория термина: история и современное состояние. – М., 1996. – 227 с.

9. Лейчик В.М. Терминоведение: предмет, методы, структура. 3-е изд. – М.: КомКнига, 2006. – 256 с.

10. Жұбанұлы Қ. Қазақ тіл білімінің мәселелері / Құраст.: Ғ.Әнес. – Алматы: «Абзал-Ай» баспасы, 2013. – 640 б.

11. Жубанов К. Исследования по казахскому языку. – Алматы: Ғылым, 1966. – 362 б.

12. Аманжолов С. Қазақ әдеби тілі синтаксисінің қысқаша курсы. – Алматы: Санат, 1994. – 320 б.

13. Сауранбаев Н.Т. Грамматика казахского языка: Учебник для педучилищ. – Алма-Ата: Знание, 1944. – 189 с.

14. Сауранбаев Н.Т. Система сложного предложения в казахском языке. – Алма-Ата: Знание, 1948. – 265 с.

15. Сауранбаев Н.Т. Проблемы казахского языкознания. Избранные труды. – Алма-Ата: Знание, 1982. – 297 с.

16. Жиенбаев С. Синтаксис мәселелері. – Алматы: Білім, 1941. – 173 б.

17. Лейчик В.М., Шелов С.Д. Российское терминоведение: опыт синтеза «старой» и «новой» парадигмы // Научно-техническая терминология. – 2004. – Вып. 1. – С.45-48.

18. Голованова Е.И. Профессиональная языковая личность: принципы и параметры лингвистического описания // Языки профессиональной коммуникации: сб. ст. Т.1. Челябинск: Принта, 2009. – С. 16.

19. Гринев С.В. Терминоведение на пороге третьего тысячелетия // Научно-техническая терминология. – Вып. 1. – 2000. – С. 31-34.

Исакова С.С.

Проблема языка и знании в когнитивном терминоведении

В статье рассматриваются проблемы языка и знаний в когнитивном терминоведении. На основе примеров приводятся аргументы о том, что термин является результатом деятельности ученого или специалиста в определенной отрасли науки. Определена важность сложного мыслительного процесса в сознании специалиста определенной отрасли при наименовании термина и определения дефиниции к нему. В статье подвергаются анализу традиционная номинативная функция, фиксация новых знаний, ориентирующая функция термина.

Ключевые слова: *Когнитивное терминоведение, язык и знание, профессиональная деятельность, номинативная функция, фиксирующая функция знаний, когнитивная функция.*

Isakova S.S.

Problem language and knowledge in cognitive terminovedeniya

In article problems of language and knowledge in a cognitive terminovedeniye are considered. On the basis of examples arguments that, the term is result of activity of the scientist or the expert in a certain branch of science are adduced. Importance of difficult thought process in consciousness of the specialist of a certain branch at the name of the term and definition of a definition is defined to it. In article traditional nominative function, fixing of new knowledge, the focusing function of the term are exposed to the analysis.

Keywords: *A cognitive terminovedeniye, language and knowledge, professional activity, nominative function, the fixing function of knowledge, cognitive function.*

ӘОЖ: 81’372

Хасанов Ғ.Қ. – филология ғылымдарының докторы, профессор,
М.Өтемісов атындағы БҚМУ
E-mail: hasan.gabit@mail.ru

ҚАЗАҚ ТІЛ БІЛІМІНДЕ КОГНИТИВТІ СЕМАНТИКАНЫҢ ҒЫЛЫМ РЕТІНДЕ ҚАЛЫПТАСУЫ

Аңдатпа. *Бұл мақалада қазақ тіл білімінде қалыптасып келе жатқан когнитивті семантика ғылымы сөз болады. Бұл мақалада когнитивті семантиканың когнитивті тіл білімімен тығыз байланысы және когнитивті семантиканың өзіндік ерекшеліктері туралы ғалымдардың пікірлері сипатталады. Сонымен қатар, когнитивті семантиканың басты мәселелері мен маңызды сұрақтары қарастырылады. Когнитивті семантиканың басты категориялары болатын мәдени константтар, концепт, концепт құрылымы, құрылымдық үлгі, теңеу, когнитивті метафора, бинармды метафора және т.б. талданады.*

Тірек сөздер: *Концепт, когнитивті метафора, лексическалық семантика, фрейм, скрипт, сценарий, гештальт, концептуальды сана, тілдік сана, ұлттық-мәдение кеңістік, концептілік үлгі, теңеу, бинармды метафора, ұлттық ментальдық.*

Адам тілінің ұлттық танымын көрсететін тілдік ерекшеліктерді зерттеуді ең алғаш шетел тілшілері қарастыра бастады. Бұл зерттеулер когнициялық зерттеулер негізінде жүзеге аса бастады. Антропоцентристік зерттеу когнитологиялық зерттеулер шоғырын құрайды, сондықтан когнитологиялық зерттеулер үлкен зерттеулердің салаларын қалыптастырды және қалыптастыруда екенін айтқан жөн.

Когнитивтік тіл білімі негізінде когнитивтілік ұғымы жатыр, ал когнитивтілік – бұл когнитология ғылымынан бастау алатын үлкен ғылыми бағыт. Когнитология ғылымы адамның ой-өрісі мен тілдің өзара ара-қатынасын, антропоцентристік ерекшеліктерін, сонымен қатар, индивидтің санасында жүзеге асатын танымдық әрекеттің ерекшеліктерін зерттейді. Танымдық әрекетке байланысты қабылдау кезінде Г.Фреге, Ф. де Соссюр жазған тілдің таңбалық жағдайы жүзеге асады, себебі, Ф. де Соссюр сөзімен айтқанда, «Тіл – таңбалар жүйесі». «Тіл мен адамның біртұтастығы» туралы орыс ғалымы И.А. Бодуэн де Куртенэ былай дейді: «Язык существует только в индивидуальных мозгах, только в душах, только в психике индивидов или особей, составляющих данное языковое общество» [1, 6 б.]. Осындай пікірлер негізінде адамның танымдық қызметіндегі тілдің қызметінің ерекшелігі туындайды. Бұл ерекшелік тәрбиелік және ұлттық танымнан туады.

Когниция және когнитивизм – бір-біріне қабысып жатқан қабылдау, білім және ойлауға байланысты болатын егіз ұғымдар. Бүгінгі күні когниция ұғымы адамзаттың рухани болмысын, ұлттық танымын сипаттайтын білім, сана, ақыл-ой, ойлау, шығармашылық, жоспарлау, логикалық қорытынды жасау, сәйкестендіру, армандау, қиялдау әрекеттерінен ғана емес, сонымен қатар, қабылдау, еске түсіру, зейін аудару, тану процестерінен де құралады. Н.Ф. Алиференко: «Когниция дегеніміз – бұл танымның өзгеше сипаты, ол адамды қоршаған шынайы болмыс туралы жан-жақты мәлімет беретін, сезім, эмоция, жады, қиял, қабылдау, ақыл-парасат сияқты әрекеттермен бірлікте дамитын құбылыс ретінде айқындалады», – деп жазады [2, 196 б.]. Ал В.А. Маслова когнитивизм ұғымы туралы былай деп жазады: «Когнитивистикада адам когниciясына басты назар аударылады, көзге түскен іс-әрекеттер ғана емес, олардың ментальді репрезентациялары (ішкі таным), ішкі көріністері, модельдері, тілдегі когнитивтік модель ретіндегі символдың түрлері, адамның көзқарасы

тұрғысынан қарастырылады, демек, адамның когнитивтік әлемі оның ойлау әрекеті мен тәжірибесі арқылы анықталады» [3, 9 б.]. Бүгінде когнитологиядан когнитивизм бөлініп, жеке ғылыми салаға айнала бастады деуге әбден болады. Бұл мәселені өз еңбегінде В.А. Маслова одан әрі тереңдетіп, когнитивтіліктің ең басты ұғым екенін көрсетеді. Оның ойынша, когнитивизм ұғымына мына мәселелер енеді:

– адамның «ойлау механизмін» зерттеудің бағдарламасы;
– адамға әртүрлі арналар арқылы келетін ақпаратты өңдеуді зерттеу;
– әлемнің менталды үлгілерін құру;
– әртүрлі тектегі когнитивті актілерді қамтамасыз ететін жүйелердің құрылысы;
– нақты тілде берілген ойларды адамның және компьютерлік бағдарламаның ұғынуы және қалыптастыруы; соның ішінде мәтінді сүзетін және түсінетін компьютерлік бағдарламаның моделін құру;
– ойлау актілеріне қызмет ететін психикалық процестердің кең спектрі [4, 8 б.].

И.А. Стерниннің көрсетуі бойынша когнитивті лингвистика алғаш жеке ғылым ретінде пайда болуы шартты түрде 1989 жылы Германияның Дуйсбург қаласында өткен ғылыми конференцияда жарияланады. Когнитивті лингвистиканың алғаш пайда болуының американдық бағыты Дж. Лакофф, Р.Лангакер, Р.Джакендофф және т.б. тілшілердің еңбектерінен З.Д. Попова, И.А. Стернин: «Бұл екі бағыт – классикалық американдық басталса, ресейлік бағыты Е.С. Кубрякованың еңбектерінен басталады. когнитивизм және ресей құрылымды-семантикалық зерттеулер – бір-бірінен тыс дамып, әртүрлі терминологияны қолданса да, осы зерттеулер нәтижесінде ашылған категориялар көп жағдайларда қиылысып жатады» – деп жазған болатын [5, 12 б.]. Еуропада 1990 жылдары Ф.Унгерер, Х.-Й. Шмидттің «Когнитивті лингвистикаға кіріспе» (1996) және Б. Хайненің «Грамматиканың когнитивті негізі» (1997) атты еңбектері жарық көрді [3, 22 б.]. Когнитивті лингвистиканың ресейлік бағытында басты екі ғылыми бағыт қалыптасады: лингвомәдени бағыт және лингвокогнитивті бағыт. Лингвомәдени бағыт өкілдеріне Ю.С. Степанова, В.И. Карасик, В.В. Красных, В.А. Маслова, Н.Ф. Алефиренко, В.П. Нерознак, А.П. Бабушкин, Ю.Н. Караулов, Г.Г. Слышкин, В.Т. Клоков, С.Г. Воркачев, В.А. Пищальникова т.б. ғалымдар жатса, лингвокогнитивті бағытқа Е.С. Кубрякова, А. Вежбицкая, Н.Д. Арутюнова, В.Н. Телия, Е.В. Рахилина, Д.И. Павиленис, З.Д. Попова, И.А. Стернин, Р.А. Плунгян, Н.Н. Болдырева және т.б. зерттеушілер жатады. З.Д. Попова, И.А. Стернин: «Когнитивная лингвистика исследует ментальные процессы, происходящие при воспрятии, осмысления и, следовательно, познании дейсвительности сознанием, а также виды и формы их ментальных репрезантаций», – деп жазады [5, 12 б.].

Қазақ тіл білімінде Э.Н. Оразалиева «Когнитивті тіл білімі» атты зерттеуінде қазақ тілін танымдық тұрғыдан зерттеу ерте басталғанын дәлелдейді. Ол қазақ когнитивті тіл білімі А. Байтұрсынов еңбектерінен басталғанын сөз етеді.

Ж.И. Исаева өз зерттеуінде былай дейді: «ХХ ғасырдың алғашқы ширегінде А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов, С.Аманжолов еңбектерінде бой көрсеткен антропоцентристік парадигманың алғашқы нышандары қазақ тіл білімінде Р.Сыздық (ақын-жыраулар поэзиясындағы этномәдени дереккөздер), Ә., Ж. (тіл мен этностың арақатынасы, этнолингвистиканың негіздері, тіл мен этнос сабақтастығының мәдени бірліктердегі көрінісі), Ш.Сарыбаев, О.Нақысбеков, Т.Жанұзақов, Е.Жанпейісов, Р. Шойбеков (этномәдени атаулардың этимологиялық негіздері), Н. Уәлиев, Г. Сағидолда, Г.Смағұлова, С.Сәтенова (фразеологизмдердің этномәдени, ұлттық-танымдық аспектілері), Қ.Жаманбаева (тілдік қолданыстардың психолингвистикалық астары), М.Копыленко, З.Ахметжанова, С.Исабеков (тіл мен этнос мәдениетінің салғастырмалы теориясы) т.б. ғалымдар зерттеулерінде өз жалғасын тауып келеді. Ресейлік лингвистикалық мектептер өкілдерінің «тіл: мәдениет», «тіл: қоғам», «тіл: этнос» қатыстылығына арналған зерттеулері бүгінгі таңда қазақ тіл білімінде этнос болмысын, ұлттық мәдениетті ұлт тілі призмасында қарастырған зерттеулердің ғылыми-теориялық және методологиялық негізіне алынып отыр» [6, 11 б.].

Когнитивті семантиканың баспалдақтары шетел, орыс тіл білімінде 60-70 жылдары қарастырыла бастаған. Когнитивті концепттің құрамында семантикалық өріс, атауыштық өріс, ассоциативтік өрістер және ойдерек, ойсурет, фрейм, схема, түсінік т.т. күрделі болып келуі бойынша, құрылымындағы сөздер мағыналарының бірлікте, араласа келуі себебінен, олардың мағыналарының ұштасуын аңғару қиын істердің бірі. Дәстүрлі мағыналық құрылымға талдау жасау арқылы олардың синтагмалық байланыс ерекшелігін аңғаруда тағы бір қиындық тудыратыны концепті құрамында тілдік бірліктер көп болуы, яғни фразеологизмдер, идиомалар, полисемия, синонимдер, тіпті, мақал-мәтелдердің қабаттаса келуі. Дегенмен де концепті лексикалық мағына тәрізді мәндік құрылым болғандықтан, олардағы когнитивті белгілердің түрлері бойынша және концептіні құраушы, білдіруші когнитивті семалар бойынша концептіге мағыналық талдау жүргізуге болады. Лексикалық мағына мен когнитивті концепті құрылымындағы семалардың өзектеніп, нақтылануы мағынада семалармен көрінсе, концептіде мағыналық қатынастар арқылы байқалады. Мәселен, В.А. Маслова «соғыс» концептісін қарастырғанда, бұндағы тірек сөз «соғыс» лексемасының тіркесімділікке түсу мүмкіндіктеріне елуден астам сөздердің тіркесімдерін атайды; «*соғыс себебі, соғыс саясаты, соғыс көру, жеңіске дейін соғысу* т.т.» [4, 208 б.]. Когнитивті концептінің көрінісін беретін құрылымдық үлгілері әрдайым лексикалық синтагматика негізделген сөздердің өзара мағыналы түрде үйлескен сөз тізбектері арқылы концептіде тұрақталады. Бір менталды аяға біріккен сөздердің өзара үйлесімді кейіпте тілдік жағдайда жүзеге асуы қашанда топтасқан жағдайда өтімді келеді. Жеке дара сөздердің лексикалық бірлесуінен гөрі бір танымдық аспектідегі басты семалары арқылы бірлесуі сөздердің тілдік қолданыста концептілік деңгейге көтеріліп, өмір сүруіне жасалған жағдайы болады. Біздіңше, когнитивті семантиканың басты бірліктері болатын концепт және теңеулердің құрылымы да осындай қалыптағы сөздердің қиын, аңғарымды мағыналық байланыстарынан құрылған. Концепттің мәні басты хабар құралының ақпарат өзегі болғандықтан, мағыналар құрылымындағы ассоциативтік белгілер жоғалып, солғынданып, кейде жарқырап отырады. Сол кезде олардың ерекшелігін когнитивті лингвистика тұрғысынан қарастыра алмайсың, себебі сөздер аралығында синтагматикалық қатынас, валенттілік саны, мағыналардың сапалық құрылымының өзгеруі күрделеніп кетеді. Сондай-ақ, дәстүрлі лексикология тұрғысынан да зерттеу қиынға соғады, себебі лексикалық семантика құрылымы өріс сияқты ұсақ емес, ірі құрылым. Оның үстіне, концепті құрамында әртүрлі сөз таптары келсе, лексикалық семантикада бір-екі сөздің семантикасын ғана зерттей аламыз. Сондықтан, концепт семантикасын, оның құрылымындағы макросемалардың түрленуін, оның мәндік ішкі байланысын, синтагматикасы мен парадигматикасын когнитивті семантика тұрғысынан зерттеуге болады. Адамзат тілін зерттеу бар да, адамзаттың ойлауы мен танымын көрсететін тілді зерттеу бар. Бұлар өз алдына іргелі мәселелер болғандықтан, XX ғасырдың орта шенінен бастап, танымдық тілді тану деген ұмтылыс жалпы лингвистикада қарқын ала бастады. Бұл бағытты антропоцентристік тұрғыдан зерттеу жүргізу деп ұғынған жөн. Кезінде Е.С. Кубрякова жазғандай: «Антропоцентризм (гр. anthropos – «адам», лат. centrum – орталық) – адам феноменін Ғаламның басқа да феномендеріне қарсы қоя отырып, адамды ғаламның орталығы ретінде танытатын, дүниедегі болып жатқан процестердің мақсатын адам факторымен байланыстыратын ғылыми бағыт» [7, 8 б.]. Ал Ж.А. Манкеева: «Қазақ тілін зерттеудің когнитивтік негіздері» атты мақаласында: «Адам дүниені жалпы адамзаттық және ұлттық қоғамдық-тарихи тәжірибе негізінде бейнеленген тіл арқылы таниды. Сонда ұлттық тәжірибе тілдің ерекшелігін анықтап, соның негізінде, сол тілде сөйлеушінің санасында, соған сай өзіндік дүниенің тілдік бейнесін жасайды», – дейді [8, 42 б.]. Қ. Жаманбаева – сөзді когнитивтік ғылымның аспектісі ретінде алғаш қарастырған қазақ тілшісі. Ол былай деп жазған болатын: «Сөз біздің мәндер дүниесіне өтуімізге көмектеседі. Сөз қандай

құдіретке жеткенде өзі де өздігінен энтелехияға (ішкі ниетке) айналады. Адамның сөз әлемі – оның бүкіл тағдыры» [9, 67 б.].

Концепт, оның түрлері, когнитивті мағына, когнитивті мағынаның құрылымы, когнитивті семантика ғылымы, лексикалық семантика мен когнитивті семантиканың өзара байланысы мәселелері бүгінде әлі зерттелу үстіндегі өткір сұрақтар болып отыр.

Когнитивті семантикадағы концепт ерекшелігі күні бүгінге дейін арнайы қарастырылған емес. Когнитивті лингвистикада концепт басты бірлік болса, когнитивті семантика ғылымы үшін де басты зерттеу нысаны, яғни басты бірлік ретінде зерттеледі.

Концепт ғаламның сыртқы бейнесіндегі вербалданбаған және вербалданған заттар мен нысандар бейнесінің жиынтығы болады. Когнитивті концепт лексикалық мағынадан ірі жүйелі құрылым түрінде көрінеді. Концепт – когнитивті лингвистиканың басты бірлігі. Оның әр зерттеу тұрғысына және әр мектептерге қатысты көптеген түрлері бар. «Концепт» термині «ұғым, мағына» терминдерімен бірдей мағынада қолданылады. Ғалымдар бұл терминдердің ара жігін былайша ашып көрсетеді. Мәселен, бұл терминді кеңес тіл білімінде 1928 жылы ең алғаш қолданған С.А. Аскольдов-Алексеев: «Концепт – лексикалық мағынаға қарағанда ауқымы кең дүние», – деп таниды [10, 267 б.]. В.А. Маслова «Концепт» пен «ұғым» терминдері ішкі формасына қарай бірдей: концепт латынның «conceptus – ұғым» сөзінің калькалық аудармасы» – деп түсінеді [4, 49 б.]. Бірақ бұл ұғымдардың мағынасы бірдей емес. Егер ұғым танылатын нысанның мәнді, мазмұнды қасиеттерінің жиынтығы болса, ал концепт – ұлттық болмысқа негізделген ментальді, яғни ділдік білімдердің жиынтығы. Когнитивті тіл білімін қарастырған А. Ислам концептіні: «Концепт дегеніміз – этномәдени санада сақталатын, белгілі бір ұлттың ұрпақтан ұрпаққа берілетін ықшам, әрі терең мағыналы шындық болмыс, ұлттық мәдени құндылықтары жөніндегі сан ғасырлық түсінігін білдіретін құрылым. Концептінің басты қызметі – дүниенің тілдік суретінің басты элементтерін атау», – деп анықтайды [11, 56 б.].

«Концепт» ұғымының әр қырынан қарастырылуын А.Б. Әмірбекова былай топтайды:

«1. Лингвомәдениеттанымдық аспектіде, концепт – ақиқат дүниенің санадағы мәдени, рухани, этикалық, әлеуметтік танымын айқындайтын бірлік ретінде танылады (Н.Д. Арутюнова, А.М. Мороховский, Д.С. Лихачев т.б.).

2. Психолингвистикалық аспектіде концепт – ақиқат дүние туралы психикалық қабілеттер (қабылдау, жадыда сақтау, көру, есту, ұғыну, сезу) арқылы қабылданған алғашқы ментальді түсініктер ретінде танылады (Р.И. Павиленис, Дж. Келли, Дж. Каган).

3. Лингвокогнитивтік аспектіде, концепт – ақиқат дүниенің санада жан-жақты жинақталып тұжырымдалған ақпараттары мен когнитивтік семантикасы арқылы танылған көрінісі (бейнесі). Әрбір концепт тіл арқылы көрініс табады, концептіні танытуда тілдік семалар қызмет атқарады (Е.Н. Кубрякова, А. Вежбицкая). Дүниені танытатын әрбір сема санада фрейм, сценарий, ойсурет, схема секілді фонға салынған ситуациялар мен бейнелер арқылы таңбаланады» [12, 20 б.]. Бұған қоса, А.Б. Әмірбекова концепт ұғымына берілген тұжырымдарды зерттеу нәтижесінде концептіні танытатын мынадай критерийлердің бар екендігін көрсетеді:

«– концепт дүниенің құндылықтарын танытады;
- концепт санадағы дүниенің мәнін бейнелейді;
- тіл арқылы объективтенеді;
- субъектінің біліми деңгейін танытады;
- белгілі бір ұлттың мәдени деңгейі мен менталитетін көрсетеді;
- әрбір ұлттың танымдық белгілерінің мазмұнын ажыратады;
- тұлғаның өзіндік танымдық стилін айқындайды;
- концепт – адам тәжірибесіндегі идеалды түсініктің ең кішкене бірлігі;
- концепт – білімді тарату, сақтау және өңдеудің негізі бірлігі;
– концепт – белгілі бір мәдени болмыстың негізгі ұясы» [12, 20 б.].

Концепт – адам санасының ойлау көрсеткіштері мен психикалық ерекшелігін, білім мен тәжірибенің бейнелі суретін құрайтын, терең мазмұнды құрылымдарды түсіндіруге мүмкіндік беретін негізгі ұғымдардың бірі. Когнитивті тіл білімінен басқа тіл салаларында концептіні таныту мақсатында кез келген тілдік бірлік, лексикалық мағынасы бар сөздер қолданылады. Ал концепт ретінде барлық ұғымды ала алмаймыз, тек белгілі бір мәдениетті тануда қолданылатын және автор үшін маңызы зор деп танылатын күрделі ұғымдарды, ең бастысы, жалпыадамзаттық, жалпыхалықтық, жалпыұлттық құндылықты таныта алатын ұғымдарды тани аламыз. Мысалы, А.Б. Әмірбекова былай дейді: «Қазақ халқы үшін *киіз үй, шаңырақ, қамшы, жазық дала, көш, бөрік, бесік, домбыра, тұмар* т.б. сөздер лингвомәдени бірлік ретінде ұлттық-мәдени концепт деп таныла алады» [12, 15 б.]. Бірқатар ғалымдар концепт пен ұғымның тағы бір өзгешелігі: ұғым өз бойына мәнді, маңызды белгілерді жинайды, ал концепт – бұнымен қоса, мәнді емес қасиеттерін де қамтиды деп жазады. Ұғым мазмұндық құрылымына қарағанда концепт құрылымының шеңбері едәуір кең екені түсінікті. Ұғым құрылымында тек мазмұндық элементтер болады, оған концептілік құрылымдағы барлық компонент ене бермейді. В.А. Маслованың пікірінше, концептінің әрқашан эмоционалды, экспрессивті, бағалауыш сәулелері көрінеді. Демек, А.Б. Әмірбекова жазғандай, «концепт бойынан адамның объект (дүние) туралы жағымды, жағымсыз бағасы, әсері, эмоциясы, ойы, танымы көрінеді» [12, 16 б.]. Сонымен, В.А. Маслова айтқандай, «концепт пен ұғым – екі түрлі термин. Ұғым – логика мен философия термині, ал концепт – математикалық логика, мәдениеттану, когнитивті тіл білімі термині. Концепт пен мағына да біржақты ұғымдар емес. Концепт дүние туралы тұрақты мәліметтер жинайды, ал сөз өз мағынасымен концептінің бір элементін ғана танытады. Дегенмен, концептіні анықтауда оны танытып тұрған мағыналар мен сөзге, сөйлемдерге, дискурсқа сүйенеміз» [4, 40 б.]. З.Д. Попова, И.А. Стернин: «Концептіні беретін сөздердің мағынасы концепті мазмұнының кейбір бөліктерімен, фрагменттерімен сәйкес келгенімен, бірақ олардың бір де біреуі концепті мазмұнын тұтас қамти алмайды», – деп жазып, ерекшелігін сызбамен көрсетеді [5, 100]. Ал А. Әмірбекова бұлардан басқа метафизикалық концепт, ұлттық-мәдени концепт, эмоционалды концепт, контрастылы концепт, калейдоскоптық концептілер түрлерін көрсетіп, оларға анықтама береді [12, 22 б.]. Осыларға сүйенсек, концепті ұғымын бүгінде когнитивті лингвистикада жалпы төрт түрге бөліп қарастыру кеңінен тарағаны байқалады, яғни; лингвомәдени концепт, ұлттық-мәдени концепт, мәдени концепт, когнитивті концепт. Лингвомәдени концепт лингвомәдени түсініктер мен ұғымдардың тілде көрініс табуы, яғни лингвомәдени ұғымдардың лингвокультуремалармен жинақтала суреттелуі болады. В.И. Карасик, Г.Г. Слышкин: «Лингвомәдени концепт – тілді, ұлттық сананы, және мәдениетті кешенді зерттеуге бағытталған шартты менталды бірлік», – деп анықтап, оның үш сферада қатынасы мынадай түрде, яғни «сана – концепттің болу аймағы; мәдениет – концептіге әсер етуші; тіл – концептінің көрінуі түрінде болады», – дейді [13, 75 б.]. Ұлттық-мәдени концепт «тек ұлттық танымда ғана жан-жақты ақпаратымен жүйеленіп, сол ұлттың мәдени құндылығын көрсететін концептілер (*дала, көш, домбыра, қамшы, тары*)» [12, 22 б.]. Когнитивті концепт шындық болмыстың адам санасында бейнеленіп, сөзді қолдану мен мәннің байланысы ретінде түсініледі. В.А. Пищальникова: «Индивидтің білуі, ойлауы, қоршаған шындық болмыстың заттары мен құбылыстарын шамалауы когнитивті концепт болады», – дейді [14, 49 б.]. Сондай-ақ, когнитивті семантикадағы концепт тілдің концептуалды жүйесінің бөлшегі ретінде қарастырылады. Концепттің құрастырылуы тәжірибе және танымның негізінде жүйеге асқандықтан, бұл когнитивті концепт лингвомәдениеттанудан алысырақ жатыр. Мәдени концептіде ұлттық мәдениет, ғасырлар бойы жинаған салт-дәстүр, мінез, менталдық т.т. ұғымдардың жиынтығы құрамдас бөліктер болады. Концепт құрылымы бейне, ақпараттық мазмұн, интерпретациялық өріс, ал өріс әртүрлі аймақтардан тұрады. Ал

концепт құрамы түсінік, схема, ұғым, фрейм, сценарий (скрипт), ойсурет, ойдерек (сигнификат), гештальт сияқты құрамды бөліктерден тұрады. Концепттің мәнін ашып, құрылымын талдау үшін когнитивті интерпретация жүргізу керек болады. Бұнда, алдымен, концепттің атауыштық өрісі құрылады да, концептің көрсеткіші болатын тілдік бірліктердің барлық семалары түрлеріне сәйкес бір концепттің біртұтас когнитивті белгілері ретінде түсіндіріледі. Одан соң когнитивті белгілерді аймақтар бойынша, яғни орталық, шеткері аймақтарға бөле қарастыру жүргізіледі. Бұнда сөз-стимулдардың әсерлері мен концепттегі айырушы когнитивті белгілерді нақтылау жүзеге асады, сонда ғана лексикалық синтагматиканы құраушы семемалардың концептілік өрісіндегі басты когнитивті мағына беруші ерекшелік айқындалады. З.Д. Попова, И.А. Стернин «орыс тілі» концептісінің ассоциативті өрісін құру үшін эксперимент жүргізіп, оны анықтайтын 7190 сөзді көрсетеді. Мәселен, жазушылар бұған қатысты *красивый* сөзін 846 рет, ал *богатый* сөзін 560 рет, *родной* сөзін 232 рет және т.б. сөздерді қолданғанын айтады, мәселен, *прикольный язык, веселый язык, удобный язык, своебразный язык* т.т. [5, 236 б.]. Бір ұғымды мәнді білдіретін сөздер, тізбек, тіркесімдер когнитивті концептілерде әртүрлі жүйелік байланыстарға сүйеніп құрылған.

А.Б. Әмірбекова М. Мақатаев өлеңдеріндегі «көктем» концептісінің құрылымдық көрінісін ақын жолдарымен, яғни мынадай когнитивті метафоралық үлгілермен береді: «*көктем – тіршілік; көктем – мәңгілік жасыл; көктем – жарқын көңіл, көктем – жастық шақ; көктем – жылылық; көктем – гүлдену; көктем – құмарлану, шабыттану*» [12, 98-99 бб.]. Концептілер таным, ойлау ұғымды білдіретін сөз бірліктерінің өрісінен туған тезаурус құраса, оның ішіндегі бір ұғымдық бөлікке бағынған сөз-синтагмалар да кездеседі. Тіпті, сөздердің мән-мәтіндегі орны жылжымалық қатынасқа сүйенеді де, бір концептідегі үйлескен сөздер жоғары дәрежедегі қолданысқа түседі. Сонымен қатар, тілдік тұлға өзіндік ұлттық бояуға толы экспрессияларға сөз бірліктерін айналымға қосқанда, бір концепті аясына басқа өрістегі сөз-синтагмаларда араласа келуі мүмкін. Бұған мағынада жүзеге асқан концепттің бейнелі потенциалды семалары іспеттес ірі құрамдас бөлшектері еніп отырады. Концепттің мәні басты хабар құралының ақпарат өзегі болғандықтан, мағыналар құрылымындағы ассоциативтік белгілер жоғалып, солғынданып, кейде жарқырап отырады. Сол кезде олардың ерекшелігін когнитивті лингвистика тұрғысынан қарастыра алмайсың, себебі сөздер аралығында синтагматикалық қатынас, валенттілік саны, мағыналардың сапалық құрылымының өзгеруі күрделеніп кетеді. Сондай-ақ, дәстүрлі лексикология тұрғысынан да зерттеу қиынға соғады, себебі лексикалық семантика құрылымы өріс сияқты ұсақ емес, ірі құрылым. Оның үстіне, концепті құрамында әртүрлі сөз таптары келсе, лексикалық семантикада бір-екі сөздің семантикасын ғана зерттей аламыз. Сондықтан, концепт семантикасын, оның құрылымындағы макросемалардың түрленуін, оның мәндік ішкі байланысын, синтагматикасы мен парадигматикасын когнитивті семантика тұрғысынан зерттеуге болады.

Әдебиеттер:

1. Бодуэн де Куртенэ И.А. Избранные труды по общему языкознанию. Т. 2. – М., 1963. – 255 с.
2. Алиференко Н.Ф. Спорные проблемы семантики. – М.: Гнозис, 2005. – 326 с.
3. Маслова В.А. Когнитивная лингвистика: Учебное пособие. – Минск: ТетраСистемс, 2004. – 255 с.
4. Маслова В.А. Введение в когнитивную лингвистику. – М.: Флинта: Наука, 2007. – 296 с.
5. Попова З.Д., Стернин И.А. Когнитивная лингвистика. – М: Восток-Запад, 2007. – 314 с.

6. Исаева Ж.И. Дүниенің паремиологиялық бейнесі (лингвомәдениеттанымдық аспект) / Филол. ғыл. канд. ... дисс. – Алматы, 2007. – 127 б.

7. Серебренников Б.А., Кубрякова Е.С., Поставалова В.И. и др. Роль человеческого фактора в языке. Язык и картина мира – М.: Наука, 1988. – 216 с.

8. Манкеева Ж.А. Қазақ тілін зерттеудің когнитивтік негіздері // Тілтаным. – 2001. – № 4. – Б. 39-43.

9. Жаманбаева Қ. Тіл қолданысының когнитивтік негіздері: эмоция, символ, тілдік сана. – Алматы: Ғылым, 1998. – 137 б.

10. Аскольдов С.А. Концепт и слово // Русская словесность: Антология. – М.: Academia, 1997. – 280 с.

11. Ислам А. Ұлттық мәдениет контексіндегі дүниенің тілдік суреті / Филол. ғыл. докт. ... дисс. – Алматы: Абылай хан атындағы ХҚжӘТУ, 2004. – 251 б.

12. Әмірбекова А.Б. Концептілік құрылымдардың поэтикалық мәтіндегі вербалдану ерекшелігі (М.Мақатаев поэзиясы бойынша) / Филол. ғыл. канд. дисс. – Алматы, 2006. – 122 б.

13. Карасик В.И., Слышкин Г.Г. Лингвокультурный концепт как единица исследования // Сб. науч. тр. «Методологические проблемы когнитивной лингвистики» / Под ред. И.А. Стернина. – Воронеж: ВГУ, 2001. – С. 75-80.

14. Пищальникова В.А. Концептуальная система индивида как поле интерпретации смысла художественого текста // Материалы Всероссийской науч. конф. «Язык. Человек. Картина мира». В 2 ч. – Ч. 1. – Омск, 2000. – С. 45-51.

Хасанов Г.К.

Становление когнитивной семантики как наука в казахском языкознании

Данная статья посвящена развитию когнитивной семантики в казахском языкознании. В статье описывается тесная связь когнитивной семантики с когнитивной лингвистикой и мнения ученых об особенностях когнитивной семантики. А также рассматриваются главные проблемы и важные вопросы когнитивной семантики. Анализируются главные категории когнитивной семантики как культурные константы, концепт, структура концепта, структурная модель, сравнения, когнитивная метафора, бинармная метафора и т.д.

Ключевые слова: *Концепт, когнитивная метафора, лексическая семантика, фрейм, скрипт, сценарий, гештальт, концептуальное сознание, языковая сознания, национально-культурное пространство, концептная модель, сравнения, бинармная метафора национальная ментальность.*

Hasanov G.K.

Formation as a science cognitive semantics in the Kazakh linguistics

This article focuses on the development of cognitive semantics in the Kazakh linguistics. The article describes a close relationship with cognitive semantics and cognitive linguistics opinions of scientists about the features of cognitive semantics. And also discusses major issues and important questions of cognitive semantics. It analyzes the main categories of cognitive semantics as a cultural constant, concept, the concept of structure, structural model, comparison, cognitive metaphor, binarm metaphor etc.

Key words: *concept, cognitive metaphor, lexical semantics, frame, script, script, gestalt conceptual consciousness, linguistic consciousness, national-cultural space, kontseptnaya model comparison, binarmnaya metaphor national mentality.*

ӘОЖ: 929:811.512.122

Есенова Қ.Ө. – филология ғылымдарының докторы, профессор,
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
E-mail: kalbike_65@mail.ru

ПРОФЕССОР Ж.МАНКЕЕВА ЕҢБЕКТЕРІНІҢ МӘДЕНИАРАЛЫҚ ҚАТЫСЫМ СУБЪЕКТІСІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ МАҢЫЗЫ

Аңдатпа. *Аталған ғылыми мақалада профессор Ж.Манкееваның «Қазақ тіліндегі этномәдени атаулардың танымдық негіздері» атты монографиясы халқымыздың өзіндік болмысын, ұлттық мінезін, мәдени байлығын кешенді түрде қарастырған іргелі зерттеу екендігін, лингвомәдениеттанымға ғана емес, тіл тарихына, этнолингвистикаға, лексикология мен фразеологияға, аталым теориясына, сондай-ақ тіліміздің сөзжасам саласына өзіндік үлесін қосқан сүбелі еңбек екендігі туралы сөз болады.*

Тірек сөздер: *Тіл білімі, лингвомәдениеттаным, ұлттық дүниетаным, ғалам бейнесі, этнолингвистика, лексикология, фразеология, аталым теориясы, сөзжасам.*

Тіл мен мәдениет арақатынасына арналған зерттеулер қаншалықты көп болса, оның толық шешімін таппаған тұстары да аз емес. Бұл бір жағынан аталмыш ұғымдардың күрделі табиғатынан туындайды. Ғылыми әдебиетте мәдениет ұғымына берілген анықтамалардың саны екі жүзге жуық екендігі осының дәлелі. Ал көп қырлы тіл ұғымымен байланыстырғанда бұл мәселенің күрделене түсуі заңды. Этностың тұрмыс-тіршілік қажеттілігіне орай жасалатын заттық ортасы қаншалықты дамыған, жетілген болса, ондағы әрбір бұйым мен өнімге берілетін атаулар кіретін тіл жүйесі де соншалықты ауқымды болмақ. Бұл халық тілінде көрініс табатын заттық мәдениетке қатысты мәселе. Ал ұлттық дүниетаныммен ұштасатын рухани мәдениет саласы бұдан да күрделірек, бұдан да ауқымдырақ болатыны аян. Сондықтан осы екі феноменнің өзара байланысын және сабақтастығын қарастыратын аралық ілім – лингвомәдениеттанымның қалыптасуы – ғылым дамуының бүгінгі деңгейі талап еткен қажеттілік.

Әрине бір ғана шектес салада екі үлкен феноменге қатысты барлық проблемалар шешімін таба қою – екіталай нәрсе. Дегенмен бұл тіл мен мәдениеттің мәнін анықтаудағы негізгі бағыттар мен әдістанымдық тәсілдерді мөлшерлеуге мүмкіндік береді.

Осы тұста **тіл** мен **мәдениеттің** арасындағы айырмашылықтарға тоқтала кеткеніміз жөн. Өйткені бұл екеуінің ұқсас белгілерімен қатар айырым нышандары да көп. Осындағы ортақ белгілер бұл екі феноменнің өзара әрекеттестігін біртұтас әдістанымдық негізде қарастыруға жол ашады:

1-ден, **мәдениет** пен **тіл** жеке тұлғаның және халықтың дүниетанымын бейнелейтін сана формалары;

2-ден, бұл екеуі өзара тығыз байланыста болады; өйткені сөзжұмсам субъектісі мен адресаты қашан да мәдениеттің субъектілері болып табылады;

3-ден, екеуінің өмір сүру формалары индивидуалды немесе қоғамдық формада болады, яғни мәдениет пен тілдің субъектісі үнемі индивид немесе социум немесе тұлға, қоғам болады.

4-ден, тіл мен мәдениетке ортақ белгі – олардың **нормативтілігі,** яғни екеуінің де белгілі бір қалыпқа түсірілген қағидалары болады.

5-ден, тарихилық тіл мен әдениеттің аса бір мәнді қасиеттердің бірі.

6-ден, мәдениеттің өзі халықтың өзіндік сипаты бар тарихи жады болып табылса, тіл кумулятивті қызметінің арқасында ұжымдық жадты сақтайды және байытады.

Ал енді **айырым белгілері:**

1) Тіл – коммуникация құралы болғандықтан онда жаппай бұқаралық адресатқа ерекше мән берілсе, мәдениетте элитарлық бағаланады.

2) Екеуі де таңбалық жүйе болғанымен мәдениет өздігімен ұйымдасуға қабілетсіз.

3) Тіл мен мәдениет әралуан семиотикалық жүйелер болып табылады.

Былайша қатар қою мәдениет пен тілдің құрылым жағынан ерекшелендіреді [1, 32 б.].

Тіл табиғаты мен мәні әдетте функционалды, жүйелік-құрылымдық, салыстырмалы тарихи тіл білімімен, лингвосемиотика, психолингвистика, социолингвистика және прагмалингвистика тұрғысында қарастырылады. Алайда мәдениеттаным үшін маңызы зор ғылымдардың қай-қайсысы да жекелей алғанда тіл мен мәдениет арасындағы нәзік астырт байланыстың мәнін толықтай ашу мүмкін емес. Бұл жерде тілдегі Адам факторының әрекетін қамтамасыз ететін тетіктермен байланысты тілдік құбылыстардың табиғатын ашатын лингвомәдениеттанымдық теориялық қажеттілігі бой көтереді. Яғни мұнда тілдің қоғамдағы қолданысы ғана емес, белгілі бір этнотілдік ұжымның тұрмыстық т.б. әрекетімен байланысты дүниенің барлығын тіл арқылы жеткізудің тәсілдері мен құралдарына назар аударылады. Осымен байланысты мәдениеттің жүйелік, антропологиялық немесе гносеологиялық теориялары ғана емес, ақпараттық-қызметтік негізге сүйенген мәдени концепциялар да айрықша маңызға ие болады. Әуел бастан мәдениеттің дамуында тілдің орны ерекше болған. Себебі адамзат қоғамының ақпараттық-қызметтік спецификасы ұжымдық жадта емес, ұжымдық ақпараттың жинақталу, сақталу және жеткізілу жүйесінен көрінеді. Сондай жүйелердің маңыздысы ретінде тіл жүйесі саналады.

Мәдениентке қызмет ететін бірқатар семиотикалық құралдардың ішінде тілге жүктелетін айрықша рөль оның мәдениетінің пайда болуының алғышарты, өмір сүруінің және ұғынылуы мен дамуының негізгі тәсілі екендігімен байланысты. Мәдениеттің төмендегідей негізгі функцияларын атқаруының ең басты шарты да, құралы да тіл болып табылады: 1. қоршаған ортаны игеру және жаңғырту; 2. коммуникативтік қызмет (әлеуметтік маңызды ақпарат алмасу); 3. ғалам бейнесін тілдік (таңбалық) тұрғыдан модельдеу; 4. кумулятивтік (ақпаратты жинақтау және сақтау); 5. реттеуіштік (адамдардың қоғамдағы мінез-құлқын реттеу); 6. директивтік немесе әсер етушілік; 7. адаптивтік (этнотілдік қауымдастықтың қоршаған ортамен үйлесімділігін қамтамасыз ету). Яғни адамзат болмысын жүйелеу және үйлестіру [2, 270 б.].

Қалай десек те адам қалыптастырған заттық орта оның санасымен байланысты тілінде жан-жақты көрініс табады. Сондықтан мәдениеттің мәні ең алдымен тіл, ондағы атаулар арқылы ашылмақ. Осымен байланысты ұлт тілінің сөздік құрамына кіретін үлкен бір сала – мәдени лексика арнайы зерттеле бастады. Қазақ тіл білімінде аталмыш мәселе ф.ғ.д., профессор Ж.Манкееваның еңбектерінде кеңінен қарастырылған.

Ғалымның зерттеулерін тіл білімінің жаңа салалары – лингвомәдениеттаным, когнитивті лингвистика, этнолингвистиканың дамып жетілуіне өзіндік үлес қосатын құнды еңбектер деп тануға толық негіз бар.

Қазіргі ғылымда адам өмірі жөніндегі ақпарат 1-ші орынға қойылып отыр. Онда көрініс табатын адамның психикалық, әлеуметтік, этномәдени ерекшеліктер мен сипаттамалар көптеген пәндердің қарқынды түрде араласуына түрткі болды. Тіпті, қазіргі ғылымда бұрынғы қатаң шектеу жойылып, гуманитарлық және жаратылыстанымдық білімдер араласып кетті. Түрлі зерттеу бағыттарының ықпалы мен ғылымдар тоғысында шектес пәндер пайда болды. Соның нәтижесінде бұрынғы

біртұтас тіл білімі сан-салаға тармақталып; социолингвистика, психолингвистика, когнитивті лингвистика, этнолингвистика, паралингвистика, нейролингвистика, лингвомәдениеттану сияқты қызықты да күрделі салалар пайда болып қалыптасты.

Адамзат қоғамында дербес орны бар және аса маңызды саналатын аталмыш екі саланы тоғыстыра отырып зерттейтін ғылымның дүниеге келуі әлеуметтік-тарихи қажеттілік болды. Ол ***лингвомәдениеттаным*** саласы деп аталды. Лингвомәдениеттаным тілдік бірліктердің ұлттық-мәдени семантикасын олардың бүкіл мазмұны мен реңктерін түсіну мақсатында зерттейді. Басқаша айтқанда, ***лингвомәдениеттаным*** – тіл білімінің ұлттық мәдениетінің тілде бейнеленуін қарастыратын бөлігі. Екінші жағынан, ұлттық маркерлі тілдік бірліктерді анықтап, сипаттайтын болғандықтан семасиологияның бір арнасы ретінде де қарауға болады. Тағы бір назар аударуды қажет ететін қыры – сөзжұмсамның немесе сөздің мәдениетаралық коммуникация жағдайында түсінілуі проблемасын қарастыруы. Сонымен лингвомәдениеттанудың мақсаты – белгілі бір халықтың мәдени кеңістігін оның тілі, дискурсы және қатысым аясындағы мәдени фоны арқылы зерттеу және сипаттау. Осымен байланысты лингвомәдниеттану тіл деректері арқылы және солардың негізінде мәдениеттің базалық оппозицияларын айқындайды. Ол оппозициялар тілде орнығады және дискурста көрініс береді. Сондай-ақ мұнда тілде айшықталатын мәдени архетиптерге қатысты ежелгі түсініктер де назарға алынады. Осыдан келіп тілдік тұлғаның шын мәнінде коммуникативтік тұлға дәрежесіне жетуіне мүмкіндік беретін немесе жол ашатын жеке ұғым – *мәдениеттанымдық* мәселе бой көтереді. Осымен байланысты профессор Ж.Манкееваның еңбектерінде сөз болатын этномәдени атаулардың танымдық сипаты тіл үйренушілер үшін де үлкен маңызға ие болмақ. Себебі, лингвомәдениеттанымдық біліктілік тіл үйренушілердің сол тілде көрініс тапқан бүкіл мәдени құндылықтар жүйесіне қатысты білім қорын жинақтайды. Сөйтіп, лингвомәдениеттанымдық біліктілік тілдік формада болғанымен мазмұн жағынан анағұрлым тереңге кетеді. Мұндағы негізгі бірлік – лингвокультуремалар табиғаты жағынан ***нақ тілдік*** *және* ***бейтілдік*** мазмұндарды қоса қамтиды. Оларға лингвистикалық талдау жасағанда міндетті түрде когнитивтік талдау қоса жүргізіледі.

Бір айда қай тілдің болмасын грамматикасын жаттап алуға болады. Алайда, тілді қатынас құралы ретінде қолдану үшін, кеңірек мағынасында алғанда, коммуникация барысында түсіністікке қол жеткізу үшін бұл аз. Толыққанды диалог жүргізу үшін үйренілетін тіл иесі – халықтың салт-дәстүрінен, тұрмысынан, әлеуметтік-мәдени ахуалынан барынша хабардар болуы тиіс. Сонда ғана коммуникант тілдік қатысымды тиісті деңгейде жүзеге асыра алады. Басқаша айтқанда, тіл үйренуші екі тілді ғана емес, екі мәдениетті тоғыстыратын тұлға ретінде қалыптасуы қажет. Қазіргі кезде халық арасында материалдық мәдениет саласына қатысты үлкен айырмашылық байқалмауы да мүмкін. Себебі қазақ болсын, неміс немесе ағылшын болсын тұрмыстық жағдайлары ұқсас, тұтынатын заттары бірдей (автомобиль, пәтер, жиһаз, киім т.б.). Айырмашылықты құрайтын ұлттық нақыштағы заттар мен бұйымдар қазір негізінен, мұражай экспонаты іспеттес (киз үй, кілем, түскиіз, музыкалық аспаптар т.б. тұрмыстық заттар). Ал рухани мәдениет жөнінде сөз басқа. Мысалы, қазіргі қазақ қалыңдығы сәукеле немесе фата кигеніне қарамастан той басталарда беті ашылып (беташар), отқа май құяды, үлкендерге иіліп сәлем береді т.б. Демек, материалдық мәдениет неғұрлым өзгермелі сипатта болса, рухани мәдениет соғұрлым тұрақтылыққа ие деп тұжырым жасауда негіз бар.

Осымен байланысты қазақ тілін 2-ші тіл ретінде оқитын мамандарды даярлау барысында мынадай негізгі принциптерді бөліп көрсеткен жөн:

1)тілді қоғам өмірінің түрлі салаларында (ғылым, техника, экономика, жинақталған тәжірибесі мен мәдениетке қатысты аялық білімін түйістіре пайдалану;

2)мемлекеттік тілді ғылымның түрлі салаларында қарым-қатынас құралына айналдыру үшін кәсіби маман ретінде меңгертудің әдістерін дайындау және ғылыми

негіздеу. Бұл мәдениетпен, экономикамен, құқық қолданбалы математика т.б. салаларымен байланысты жүзеге асырылады;

3)ең маңызды принцип – тілді ол белсенді қолданылатын шынайы өмірі мен байланысты оқыту. Демек, мемлекеттік тілді үйренуші қоғамымыздағы барлық мүмкіндіктерді пайдаланғаны дұрыс. Әсіресе қазақы тілді адамдармен түрлі орталарда (сауда орындарында, түрлі қызмет көрсету орындарында, мәдени орындарда, қоғамдық көлікте т.б.) тікелей тілдесудің пайдасы көп. Сонымен, тілді үйрену оның иесі – сол тілде сөйлейтін халықтың рухани әлемімен және мәдениетімен тығыз бірлікте жүзеге асырылуы тиіс.

Ендеше халқымыздың материалдық және рухани мәдениетін танытатын этнографиялық атауларды зерттеу тек теорияда ғана емес, практика жүзінде де құнды болмақ.

Тіл – мәдениет – тұлға тізбегі бірнеше ғылым тоғысынан орын алатын таным объектісі ретінде ғылыми талдау мен дидактикалық зерттелімге ортақ бірыңғай нысан болып шығады. Бұған тіл мен мәдениеттің таным процесінің ажырамас бір бөлігі бола отырып, тұлғаның қоршаған әлемді тілдік тұрғыдан жаңаша концептуалдауын қамтамасыз ететін біртұтас кешен екендігі себеп болады.

Зерттеуші С.Құнанбаева болашақ «мәдениетаралық қатысым субъектісінің» саналы түрде және белгілі бір мақсатта жүзеге асырылатын қызметін жаңа когнитивтік-лингвомәдениеттанымдық кешендерді қалыптастыратындығын айтады. Ол кешендер:

1. Тұлғаның өзге тіл мен өз мәдениетті меңгеру дәрежесіне қарай оның жалпы когнитивтік механизміне енгізіледі;
2. Тұлғаның менталдық санасы мен білім қорына жаңа лингвомәдениетті енгізілуі есебінен оның лингвомәдениеттанымдық кеңістігін кеңейтеді.
3. Аталмыш кешендер негізінде тұлғаның «екінші когнитивтік санасын» қалыптастырады.
4. Өзге лингво және социомәдениеттің әлеуметтендіруші концептілер арқылы тұлғаны біртіндеп бейнеәлеуметтендіреді.
5. Тұлғаның мәдениетаралық коммуникативтік құзыретін қалыптастырудағы мақсаты құзыретін қалыптастырудағы мақсаты ме түпкі нәтижесін анықтайды [3, 67-68 бб.].

Қай халықтың болмасын мәдениетіне тән ұлттық бояуы, нақышы айқын құрамдас бөліктері болатыны белгілі. Оларды кемінде 5 топқа бөлуге болады:

1) Мәдениеттің тұрақты элементі деп саналатын дәстүрлер, мәдениеттің «соционормативтік» саласында дәстүрлер ретінде анықталатын **әдет-ғұрыптар;**

2) Дәстүрлермен тығыз байланысты тұрмыстық мәдениет, мұны көбінесе дәстүрлі тұрмыстық мәдениет деп те атайды;

3) Күнделікті қимыл-әрекет нормалары, яғни белгілі бір социумда қарым-қатынас нормасы ретінде қабылданған, дағдыға айналған әрекеттер. Мұндай әрекеттерді қандай да бір лингвомәдениет қауымдастық өкілдері мимикалық және пантомимикалық (кинесикалық) кодтар ретінде жұмсайды; (мысалы, қол беру амандасу, күлімсіреу, иіліп сәлем беру, қолын кеудесіне қою т.б.);

4) Бір мәдениет өкілдерінің ойлау жүйесіне тән ұлттық ерекшеліктерін, қоршаған әлемді қабылдау спецификасын айшықтайтын ұлттық ғалам бейнелері;

5) Этностың мәдени дәстүрлерін бейнелейтін көркем мәдениет [4, 77 б.].

Жалпы жер бетіндегі халықтарда бір-бірінен ерекшелендіретін белгілері рухани мәдениеттен гөрі заттық мәдениетте басымырақ десек қателеспеспіз. Себебі адамгершілік, ізеттілік, инабаттылық, тәрбиелілік т.б. рухани әлемді құрайтын қасиеттер қай халықта болмасын кездеседі. Яғни рухани мәдениетті жалпы адамзат баласына тән әмбебап сипаттағы дүние деуге болады. Ал әр халық мекендейтін жердің жағдайына, тіршілік климатына сай бейімделетіндіктен тұрмыстық қажеттілікке сай жасалатын заттық мәдениет өзге этностардан едәуір ерекшеленеді. Сондықтан да атаулары екінші тілге аударуға келмейтін заттық мәдениет

элементтерін спецификалық сипатта деп тану қажет. Мұны **бірегей заттық** мәдениет деуге болады.

Қазақ ұлтының түп бастауын тереңнен алатын заттық мәдениет саласы аса бай. Осыған орай оған қатысты мәдени лексика да ауқымды болып келеді. Заманауи талаптарға байланысты үлкен бір бөлігі қолданыстан шығып қалғанымен көне мәдениет ескерткіштеріне айналған заттар әлемі халқымыздың ертедегі тұрмыс-тіршілігінен хабар беретін ақпарат көзі ретінде құнды болмақ. Ал олардың әрқайсысына берілген, бірін-бірі қайталамайтын атаулары төл сөздік құрамымыздың қалың бір қабаты болып табылады.

Жалпы көзден таса болған дүниенің көңілде сайрап тұра беруі мүмкін де емес. Алайда бұл тұжырым тілге қатысты алғанда өзгермелі сипатқа ие болады. Себебі әрбір заттың ең ұсақ бөлшектеріне дейін атау беруде шеберлігімен танылған біздің халқымызды дүниежүзіндегі өзге ұлттардан айрықшалайтын маңызды бір қасиет – сөз өнерімен байланысты түсіндіріледі. Осылайша көзіне түскен кез келген затты өлең етіп өре білген бабаларымыз сол дәуір игілігі болған дүниелердің қай-қайсысы жөнінде де ақпарат қалдыра білген. Тұлпарды *темір тұлпар* алмастырған бүгінгі заманда жас ұрпаққа «торсықтың» не екенін түсіндіру үшін алдымен «термосты» алға тартамыз. Функциясы бір болғанымен жасалу технологиясы, материалы әр түрлі бұл екі заттың тіліміздегі орны да екі түрлі. «Сусын құю үшін ысталған теріден жасалған ыдыс» [5, 644 б.] пен сусынды белгілі бір температурада сақтауға арналып түрлі металдар қоспасынан құйылған ыдыстардың айырмасы жер мен көктей. Осы айырмашылық әсіресе тілдік тұрғыдан алғанда айқындала түседі. Мәселен, тіліміздегі *«шекесі торсықтай ұл»* деген тіркестегі *торсық* лексемасын термоспен алмастыру мүмкін емес. Бұл – тілдің кумулятивтік қасиетімен байланысты түсіндірілетін күрделі мәселе. Осындай күрделі мәселені оңтайлы шешу міндеті тілші ғалымдарға жүктеледі. Себебі «тіл этностың бүкіл рухани, мәдени байлығының куәгері іспетті. Ол ұлттың барлық болмысы мен өмір тіршілігін, дүниетанымы мен әдет-ғұрпын бойында сіңіріп, ата мұрасы, асыл қазынасы ретінде ұрпақтан ұрпаққа жеткізіп отырады. Сайып келгенде, кез келген тілдің ономастикалық жүйесі сол тілді тұтынушы этностың тарихына, мәдениетіне, шаруашылығына қатысты болады да, олар туралы мол деректер беретіні сөзсіз Сондықтан да халқымыздың жүріп өткен тарихындағы материалдық өндірісі мен рухани өмірінің деңгейін бейнелеген этнографиялық атауларды зерттеу тілдің көбіне көлеңкеде қалып қоятын ерекше бір қасиетіне тікелей қатысты» [6, 241 б.].

Осындай қалтарыста қалатын тұстарды аңғарып, олардың астарына үңіліп, өзіндік сипат белгілерін анықтап, көпшіліктің тұтынуына ұсынау оңай емес. Бұл бір жағынан, тілдік түйсіктің болуын талап етеді. Осындай күрделі міндетті алдына қойған профессор Ж.Манкеева оны үлкен жауапкершілікпен орындай да білген. Бұлай деуімізге ғалымның «Қазақ тіліндегі этномәдени атаулардың танымдық негіздері» монографиясы негіз бола алады. Бұл – лингвомәдениеттанымға ғана емес, тіл тарихына, этнолингвистикаға, лексикология мен фразеологияға, аталым теориясына, сондай-ақ тіліміздің сөзжасам саласына өзіндік үлесін қосқан сүбелі еңбек. Таратып айтар болсақ, тіліміздің сөздік құрамының ауқымды бір бөлігі саналатын – мәдени лексика бірліктерін көркем шежірелерден, сөз маржаны жинақталған фольклорлық шығармалардан іздеуі зерттеу дереккөздерінің бай екенін көрсетсе, XVIII-XIX ғасырлардағы қазақ ақындарының шығармаларына сүйенуі зерттеу материалдарын дәйектей түседі.

Тарих қойнауына еніп үлгерген осындай мұраларды електен өткізіп бүгінгі ғылым қажетіне жарата білу де аталмыш зерттеудің маңызын арттыра түскен.

Мәдени лексиканы құрайтын атауларды дәстүрлі зерттеу әдістерін қолдана отырып ондағы сөзжасам мәселелеріне арнайы тоқталған. Қазақ тіліндегі материалдық мәдениетке қатысты лексика түрлі тақырыптық топтарға бөлініп,

ондағы әрбір атаулардың этномәдени мәні ашылған бұл еңбектегі тілдік деректерді бүгінгі лексикография тәжірибесінде тиімді пайдалануға болады.

Ғалым тарихи мұрағаттардағы фактілерді жинақтап қана қоймай, әрбір атаудың тарихына, яғни жасалу жолына үңіліп, оған негіз болған уәждерді анықтап, іштей былайша топтастырады: 1) мәдени номинацияның лексика-грамматикалық уәждері; 2) мәдени номинацияның қалыптасуындағы сөзжасамдық уәждері; 3) семантикалық уәждер; 4) этнолингвистикалық уәждер және 5) этнографиялық уәж. Осы классификация бойынша айқындалған әрбір атаудың уәждемесі тіл білімінің этимология саласын да толықтыра түсетіні даусыз.

Сөздік құрамның тұшымды бір қабатын құрайтын – фразеологизмдер де ғалым назарынан тыс қалмаған. Әрбір тұрақты тіркеске таңылған тілдік ақпараттың этномәдени мәнін ашу зерттеудің сонылығын көрсететін ұтымды тұстарының бірі деуге болады.

Жалпы аталмыш еңбектің тіл білімі ғана емес, қоғам өмірінің басқа салалары үшін де маңызы зор деуге негіз бар. Атап айтқанда, бабалардан мирас болып қалған мәдени мұраны тарих сахнасына шығару арқылы қоғамдық санамызды жаңғыртса, әрбір атауға берілген лингвистикалық интерпретация кез келген қатардағы тіл ұстанушының аялық білімін тереңдетеді.

Қазақ тілінің мемлекеттік мәртебесіне байланысты қолданылу аясын кеңейтуге, нақтырақ айтқанда, терминжасамның өнімді бір көзі ретінде де пайдалануға болады. Сондай-ақ мектеп оқушылары мен студенттердің сөз мәдениетіне қатысты орын алып отырған проблемаларды шешуде аталмыш еңбекке сүйенуге болады. Демек, мәдени лексиканың бірліктері талдана ұсынылған бұл зерттеудің педагогика және қазақ тілін оқыту әдістемесінде жас буынның тіл байлығын арттыру үшін берері көп. Еліміздің тәуелсіздік алуымен байланысты туындаған бір мәселе – оның мәдениеті мен әдебиетін, музыкасын, қолөнерін т.б. шетелдерге таныстыру және дәріптеу болатын. Осы мақсатпен түсірілетін түрлі деректі фильмдерде де аталған зерттеу материалдарын қолдану оң нәтиже бермек. Дүниежүзілік додалардың қай түріне болмасын қатысатын үміткерлерімізді қажетті құралдарымен қамтамасыз етуде де бұл монографиялардың материалдарын тиімді пайдалануға болады. Демек, профессор Жамал Манкееваның «Қазақ тіліндегі этномәдени атаулардың танымдық негіздері» атты монографиясы халқымыздың өзіндік болмысын, ұлттық мінезін, мәдени байлығын кешенді түрде қарастырған іргелі зерттеу деп санауға болады.

Тіл, сана, ойлау жүйесінің өзара қатынасы мәселесін белгілі бір этномәдени кеңістікте қарастыру міндетін қойған зерттеушілер үшін де аталмыш бұл монография таптырмас құрал болмақ. Себебі сана мен мәдениет біртұтастықта алынса, ол бірлік қандай да бір формада тілде көрініс табады. Адам өзін қоршаған ортаны игеруде белгілі бір білім қорына сүйенер болса, сол білімді жүйелеп, сақтау және адамдардың іс-әрекеті мен рухани дамуының нәтижесі ретінде тану және бағалау ойлау жүйесінде жүзеге асырылып, тіл арқылы жеткізіледі. Тіл мен ойлаудың және сана арасында мұндай байланыстың болуы дәлелдеуді қажет етпейді. Осы байланыс тілдік деректердің ойлау жүйесіне қатысын қарастыратын жаңа сала менталингвистиканың қалыптасуына негіз болса, оның ары қарай дамуына жоғарыда талданған «Қазақ тіліндегі этномәдени атаулардың танымдық негіздері» сияқты еңбектер арқау болары сөзсіз.

Түптеп келгенде, түрлі салалардың тоғысында тұрған лингвокогнитологиялық аспектіде орындалған бұл еңбек келешекте көптеген іргелі зерттеулерге негіз болмақ.

Әдебиеттер:

1. Маслова В.А. Введение в линквокультурологию. – М., 1997. – 208 с.
2. Олшаньский И.Г. Роль человеческого фактора в языке. Язык и картина мира. – М., 1988. – 216 с.
3. Кунанбаева С.С. Теория и практика современного иноязычного образования. – Алматы, 2010. – 344 с.
4. Антипов Г.А., Донских О.А., Марковина И.Ю., Сорокин Ю.А. Текст как явление культуры. – Новосибирск, 1989. – 197 с.
5. Қазақ тілінің сөздігі. – Алматы, 1999. – 775 б.
6. Манкеева Ж. Қазақ тіліндегі этномәдени атаулардың танымдық негіздері. – Алматы, 2008. – 356 б.

Есенова К.У.

Значение научных трудов профессора Ж.А.Манкеевой в формировании субъекта межкультурной коммуникации

В данной научной статье монография «Қазақ тіліндегі этномәдени атаулардың танымдық негіздері» профессора Ж.Манкеевой рассматривается как фундаментальное исследование комплексно рассматривающий самобытность народа, национальный характер, культурное богатство казахского народа. О том что данный труд является избранной работой, внесшей своеобразный вклад в лингвокульторологию, историю языка, этнолингвистику, лексикологию и фразеологию, теорию наименования, а также в сферу словообразования родного языка.

Ключевые слова: *Языкознание, лингвокультурология, национальное мировоззрение, картина мира, этнолингвистика, лексикология, фразеология, теория наименования, словообразование.*

Esenova K.O.

Value of professor Zh.Mankeeva's scientific works in the formation of the subject of cross cultural cummunication

In this scientific article is considered with as fundamental research comprehensively considering the identity national character and cultural richness of the Kazakh people in the professor Zh.Mankeeva's monograph "Cognitive basis of ethno-cultural terms of Kazakh language". This work is a selected work which has made a unique contributionnot only to linguo-cultural study, but also to language history, ethnolinguistics, lexicology and phraseology, the theory of terms, as well as to the sphere of word formation of the native language.

Keywords: *Linguistics, cultural linguistics, national world view, worldview, ethnolinguistics, lexicology, phraseology, theory of naming unit, wordbuilding.*

ӘОЖ: 811.111-26+811.512.162

Саткенова Ж.Б. – филология ғылымдарының кандидаты, доцент,
әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
Бисегалиева Н.Қ. – әл-Фараби атындағы
Қазақ ұлттық университетінің магистранты
E-mail: b.nazira_102@mail.ru

БАЛАЛАРҒА АРНАЛҒАН ПОЭЗИЯЛЫҚ ШЫҒАРМАЛАР ТІЛІ

Аңдатпа. *Мақалада балаларға арналған поэзиялық шығармалардың тілі туралы сөз болады. Балалар әдебиеті – қоғам қажеттілігінен өрбіген әдебиеттің маңызды бір арнасы. Оның туу, қалыптасу, өркендеу тарихын жалпы қазақ әдебиеті тарихынан бөліп қарауға болмайды. Балалар әдебиетінің жас ұрпақ тәрбиесіндегі орны айрықша. Қазақ балалар поэзиясының түп-төркіні, бастауы қазақ халық ауыз әдебиетіндегі бесік жыры, мал баласын сүю, санамақ, жаңылтпаш, өтірік өлең, т.б. жанрларда жатыр. Сәби шыр етіп дүниеге келген сәттен бастап, халқымыз оған артқан үміт-арманын, тілегін әсем жырға қосып, сөз өнерінің қуатты күшімен тәрбиелей бастаған. Кішкене кезден сөз өнерінің жарқын үлгілерінен сусындап өскен бүлдіршіндердің адамгершілік тәрбие алумен қатар, дүниетанымы да рухани-эстетикалық жағынан кеңейетіндігі белгілі. Сондықтан да бүлдіршінді жеке тұлға етіп тәрбиелеп, қалыптастыруда балалар ақындарының өлеңдерінің маңызы мен тәлімдік-тәрбиелік мәні айрықша.*

Тірек сөздер: *Балалар әдебиеті, балалар поэзиясы, бала тәрбиесі, балалар ақындары, балалар жазушылары, қазақ балалар әдебиеті.*

Қазақ балалар әдебиеті – өз даму кезеңінде өзіндік тарихы бар сала. Балаларға арналған әдебиет ұлт тарихында сонау ауыз әдебиетінен бастау алып, қазіргі кезеңге дейін өзінің тілдік, стильдік жағынан, мазмұны мен құрылымы жағынан үлкен белеске көтерілді. Қазақ балалар әдебиетінің, оның ішінде балалар поэзиясының түп-төркіні, бастауы қазақ халық ауыз әдебиетіндегі бесік жыры, мал баласын сүю, санамақ, жаңылтпаш, өтірік өлең, т.б. жанрларда жатыр. Сәби шыр етіп дүниеге келген сәттен бастап, халқымыз оған артқан үміт-арманын, тілегін әсем жырға қосып, сөз өнерінің қуатты күшімен тәрбиелей бастаған. Кішкене кезден сөз өнерінің жарқын үлгілерінен сусындап өскен бүлдіршіндердің адамгершілік тәрбие алумен қатар, дүниетанымы да рухани-эстетикалық жағынан кеңейетіндігі белгілі. Қазақ әдебиетінің тарихын бағдарласақ, мұнда балаларға арнап өлең жазбаған қаламгер кемде-кем. Мұның өзі қазақ қаламгерлерінің жас ұрпақ тәрбиесіне ерекше көңіл бөлгендігін көрсетеді.Ұлттық балалар әдебиетінің атасы деп А.Құнанбаев, Ы.Алтынсарин, Б.Майлин, С.Сейфуллин, Ж.Жабаев, І.Жансүгіров, С.Бегалин, т.б. ақын-жазушыларды атасақ, одан кейінгі кезеңде жарыққа шыққан М.Әуезовтың «Бала Шоқан» әңгімесінің ізін ала, қазақ әдебиетіндегі балалар тақырыбына жазылған шығармалар да тақырыбы мен мазмұны жағынан ерекше мәнге ие бола бастады Қазақ жазба балалар әдебиеті өз бастауын Ы.Алтынсарин шығармашылығынан алады. Әдебиеттің күрделі де қызықты бұл саласының шын мәнісінде өркендеуі мен қарқынды дамуы, қайшылықтарға қарамастан, XX ғасыр, кеңес дәуіріндегі қазақ әдебиеті кезеңінде болды. Аталмыш дәуірде Т.Жомартбаев, Б.Майлин, І.Жансүгіров, А.Тоқмағамбетов, Ө.Тұрманжанов, М.Әлімбаев, Ә.Табылдиев, Қ.Мырзалиев, Ж.Смақов, Ә.Дүйсенбиев сынды т.б. қаламгерлер қазақ поэзиясына айтарлықтай үлес қосты. 1931 жылғы мақаласында І. Жансүгіров: «Бізде «Балалар әдебиеті» - жасалмаған әдебиет. Сондықтан менің бір ойым – осы әдебиеттің бізде жасалуына көмектесу еді... Енді бұл кетікке кірпіш

қалауымыз керек деймін» [1, 13 б.] деген пікірі біздің осы ойымызды қуаттай түседі. Өйткені, бұл дәуірде Ыбырай Алтынсарин қаламынан бастау алған қазақ жазба балалар әдебиетінің барлық салалары дамып, тың, соны ізденістермен толықты. Әрине, саясат жетегінде кетушілік балалар әдебиетіне де кері әсерін тигізбей қоймады.

«Балалар әдебиеті – қиын әдебиет. Оның бірталай өзіндік ерекше сипаттары бар. Балалар кітаптарында әрекеттің нақтылығы мен образдың көрнектілігі, лириктік сезімталдылық, характерлер мен оқиғаның динамикалық түрде дамуы, тіл тазалығы мен тартымдылығы қажет» [2, 74 б.] деген С.Қирабаев пікірі балалар әдебиеті сияқты әдебиеттің жеке бір арнасының өзіндік ерекшеліктері жайлы мәлімет береді. Шындығында да, балаларға арнап шығарма жазу – қаламгерден үлкен жауапкершілікті талап етері сөзсіз. Өйткені балалар ақыны жас ұрпаққа тәлім-тәрбие беретін, оның дүниетанымын кеңейтетін шынайы көркем шығармалар жазуы қажет. Қаламгердің айтпақ ойы жас оқырманның көңілінен шығып, жүрегіне жылы тиюі шарт. Сонда ғана ол шығарма балаларды ізгілік, адамгершілік, әдептілік, адалдық, еңбексүйгіштік, инабаттылық тәрізді өзге де игі қасиеттерге баулып, жалқаулық, көрсеқызарлық, тентектік, сотқарлық пен бұзақылық сияқты мінездегі міндерден сақтандырады, ал қаламгердің шебер қиюластырған сөз өрнектері бөбектерге эстетикалық тәрбие береді. И.Лейбсон «Өнер неге үйретеді» еңбегінде: «Иә, өнер, оның ішінде поэзия – тәрбиенің ең күшті құралы» [3, 13 б.] дейді. Балаларға арнап шығарма жазатын қаламгер өзін тек сөз зергері ретінде ғана емес, сонымен қатар тәрбиеші, кеңесші және нұсқаушы ретінде де сезінеді.

Алайда құрғақ уағыз балаға айтарлықтай әсер етпей, тез жалықтырып жібереді, сондай-ақ өлеңнен нәтиже шығарып, бір тоқтамға келуіне кедергі жасайды. Сондықтан балалар ақынының алдында туындайтын маңызды мәселенің бірі – айтылмақ ойды, берілмек ақылды балалар түсінігіне, талғам-тілегіне, қызығушылығына сай етіп жазу. «Жетекші дарын, жемісті еңбек» атты мақаласында Қ.Ергөбек ақынның балаларға арналған өлеңдеріне тән он екі ерекшелікті атап көрсетеді. Солардың бірі – олардың юморлық жылылығы [4, 105 б.]. Балалар аудиториясы юморды ұнатады. «Педагогтар, - И.Лейбсонның пікірінше, – күлкінің тәрбиелеу құралы екендігін біледі. Жеткіншек, бала жазалаудан қорықпауы мүмкін. Алайда, ол бала ешқашан достарының алдында күлкілі кейіпте көрінгісі келмейді. Күлкі көмегімен қалыптасып қалған міндерді емдеп қана қоймай, сонымен қатар олардың алдын алуға болатындығын естен шығармаған жөн». [3, 13 б.].

Сөзіміз жалаң болмас үшін бірер мысалдар келтірейік. М.Әлімбаевта мынадай өлең кездеседі:

– Шәкір!
Көршіні шақыр.
– Мақұл!
– Шәкір!
Тілге қой шатыр.
– Мақұл!
... – Шәкір!
Бұл – біздің батыр.
– Мақұл! [5, 310 б.].

«Шәкір-мақұл» деп аталатын бұл өлеңінде ақын Шәкір деген баланың бойындағы жалқаулықты, берген тапсырманы орындауға құлықсыздықты, үлкендер сөзіне құлақ аспаушылықты ойнақы түрде әжуалап жеткізеді. Шәкір берілген тапсырманың біріне де «жоқ» деп жауап қайтармағанымен, ешбіреуін де орындамайды. «Шәкір! Бұл – біздің батыр» деген уытты кекесін балаларды еріксіз езу тартқызары сөзсіз. Өзінің Шәкір тәрізді еріншек құрбысын көз алдына елестеткен бала оған ұқсамауға, ерінбеуге, үлкендердің айтқанын екі етпей орындауға бел байлайды. Өйткені Шәкір бейнесінен балалар өздерін танып, бір кездері ерініп, тіл алмаған сәттерін естеріне түсіреді және енді мұндай қателіктерді қайталамауға тырысады.

Белгілі балалар ақыны Әнуарбек Дүйсенбиевтің өлеңінде жалқау бейнесі өзге қырынан көрінеді:

Сен байқасаң,
Ол әрқашан
Батпақ-сатпақ,
Себебі:
Жақау –
Жалқау,
Самарқау.
... Егінді ол еккен,
Мал жеп кеткен,
Тып-типыл [6, 303 б.].

Ақынның Жақау деген кейіпкері де Шәкір тәрізді жалқау, жатыпішер. Бірақ оның Шәкірден бір ерекшелігі – мардымсыз болса да, жұмысқа араласуы, алайда сол жұмысты аяғына жеткізбей, тастап кетуінде десек болады. Жақау мінезінің бұл міні соңғы шумақта көрінеді. Жалқаулыққа салынып, өзі еккен егініне қарамай, одан айрылған еріншек бейнесі балаларды бір жағынан, күлдірсе, екінші жағынан, ондай жағымсыз міннен аулақ болуға, ерінбей еңбек етуге, бастаған істі аяқсыз тастамауға үйретеді. Демек, өлеңде көтерілген басты идея ұлы Абайдың «еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей» деген сөзімен үндес. Осыған орай С.Көбеевтің: «...еңбек тәрбиесіне де баса назар аудару керек. Еңбекке тәрбиелемей тұрып, балаға дұрыс тәрбие бердім деп айту екіталай», [7, 50 б.] – деген пікірі балаларды еңбексүйгіштікке тәрбиелеудің маңызын ашады.

Т.Жомартбаев «Балаларға жеміс» атты жыр жинағында бүлдіршіндерді оқуға үндеп, теріс қылықтардан бойды алшақ салуға үндейді. Ол «Жалқау» атты өлеңінде:

Сабаққа мойын бұрмайды,
Кітаппен кеңес құрмайды.
Мектепке ерте баруға,
Ұйқысынан тұрмайды.
Тұрса орнынан ырғалып,
Киінбей жылдам, жырғалып [8, 7 б.] – деп, жалқау баланы, оның оқуға, жұмысқа деген құлықсыздығын, еріншектігін әжуалайды.

Сонымен қатар балалар ақындары өлеңдерін жаңылтпаш, жұмбақ түрінде беріп, оларды ойландыруға, сөздік қорын молайтуға тырысады. Балалар поэзиясында көп қолданылатын дәістердің бірі – адас атаулар арқылы өлеңдердің берілуі. Балалар адас атауларды табу арқылы сөздік қорын молайтады және омоним, көп мағыналы сөздермен танысады, әрбіреуінің мағынасына жете мән беруге дағдыланады. Бұл әдіс баланың ана тілін жетік меңгеруіне, оның тереңіне үңіліп, тұнығына бойлауына жәрдемдеседі.

Ас пісірсең, әрине,
Табыламын әр үйден,
Немесе
Ата-жұрты татардың
Ежелгі бір шаһармын [5, 531 б.].

Екі бөліктен тұратын және екі түрлі затты жасырып тұрған жұмбақтың шешуі – «Қазан» деген омоним сөз. Бір сөздің бұлайша түрлі мағыналарды білдіруі балаларды қызықтырады. Бала өзі білмеген сөз мағыналарын есте сақтауға талпыныс білдіреді, мұның өзі бала танымын кеңейте түсері сөзсіз. Сондай-ақ мақал-мәтелдер, тұрақты тіркестер де жиі кездеседі. Мысалы:

Жақсы болсаң, салмағың ауыр тартар,
Жақының дай жатың да юауыр тартар.
Біліммен жетіледі кісінің ебі,
Үйренген үйрете алар кішілерді.
Түздегі мінез үйдегіден өзгеше:
Сыр берерсің қиындыққа төзбесең [5, 539 б.].

Ақынның дидактикалық сарындағы бұл өлең жолдарының тәрбиелік мәні зор болумен қатар, қарама-қарсы мағынадағы сөздердің берілуі бір жағынан шумақтардың әсерлілігін арттырса, екінші жағынан, балаға «жақсы» мен «жаманның» ара-жігін ажыратып, салыстырып, қорытынды жасауға жетелейді.

Шумақтарда қолданылған «салмағың ауыр тартар», «сыр беру» деген сияқты тұрақты тіркестер өлең экспрессиясын арттырып тұрғаны түсінікті. Жекелеген дыбыстық сәйкестіктер де айтылмақ ойдың көркем, ісері болуына игі ықпалын тигізеді.

Қазіргі тілтанымның негізгі бағыттарының бірі тілдік құбылысты тек формалды жүйе ішінде емес, әлеуметтік ортада қолданылатын қарым-қатынас құралы ретінде қарастыру болып табылады. Осыған байланысты соңғы жылдары тілді стилистикалық, когнитивтік, социолингвистикалық және т.б. жақтардан кешенді сипатты зерттеулер жүргізілуде. Соның бірі – көркем шығарма тілінің лингвистикалық ерекшеліктері болып табылады. Шығарманың тілдік ерекшелігі автордың өмір сүру ортасынан, өмірлік тәжірибесінен, қоғамдық ортадан алған білімдер жүйесімен тікелей байланысты болып келіп, оның барлығы тілдік, тілдік емес ақпараттар негізінде шығарманың тақырыбы мен мазмұнын байытып тұрады. Мысалы, М.Гумеров шығармаларындағы:

-Шорағай! Шорағай! – десті Бейсен мен Зипа даурығысып.

*-**Ол қандай балық**?*

*-Бізде шортанның кішкентайын **шорағай** дейді* [5, 165 б.].

*«Турамша» сөзін Жоламан соғыс басталғалы бері ғана естіп жүр. Бұрын ауылдағылар мол ғып ет асатын. Соңғы кезде жұрт етті ұсақтап турап, пісірген кеспе мен көжені **«турамша»** дейтінді шығарды* [5, 10 б.]. *Ол да дұрыс. Кооперативтің түр-түрі көп десіп жүр ғой білетіндер. Е-е-е! Енді есіме түсті. Атам ертеректе бірігіп жұмыс істейтіндерді жұрт **«мойынсерік»** дегенін айтып отыратын* [5, 97 б.]. *Аппақ әдемі шілтерден перде ілінген есіктей терезелерге таңдана, тесіле қараймын. Бір жерде кішкене қаздар **«Шұңқыр доп»** ойнап жатыр екен. Жұдырықтай доптың жартысы сиятындай бірнеше шұңқыр қазыпты. Допты домалатып соларға түсіріп ойнайтын ойын ғой, баяғы. Сен допты алғыш, **әйбат** бала едің ғой. Машина жүргізуді де қой. Қанат шаршап қалды. Оны жұмсама, демалсын. Өзің де демал* [5, 141 б.] т.б. сөйлемдерде берілген **шорағай, турамша, мойынсерік** т.б. сөздердің астарында ұлттық болмысқа тән, бірақ көпшілікке белгісіздеу мәдени ақпарат бар.

Бұл тілдік тәсілдердің барлығы да көркем шығармада белгілі бір стильдік мақсаттарға орай қолданылатынын байқаймыз. Кез-келген жазушы кейіпкер бейнесі мен оның шынайы болмысын беруде тілдік көріктеуіш құралдарын қолданады. Бірақ жазушы өзінің стильдік, тілдік талғамына сай оларды сұрыптап, таңдап береді. Әсіресе жазушы қолданысындағы фразеологизмдер, авторлық қолданыстардың кейіпкер бейнесін берудегі қызметі ерекше. Көріктеуіш құралдар кейіпкердің мінез-құлқын, психологиялық ахуалын, эмоциясын дәл беруге жағдай жасайды. Сонымен қатар, көріктеуіш құралдардың индивид пен ұжымның қоршаған ортадағы сөйлеу мәдениеті мен адамның таным деңгейін ашып көрсетуде рөлі зор. Бұл айтылған мәселелер балалар әдебиетінің кейіпкерлерімен тығыз байланысты. Себебі, бала тілінде де ұлттың рухани құндылығы ретінде ана тілінің бейнелі сөз оралымдары жиі қолданылады.

Балалар әдебиетінде тағы бір атап кететін жайт Б.Соқпақбаев, М.Гумеров, М.Қабанбаев қазақ балалар әдебиетінде ерекше қолтаңба қалдырған тұлғалар. Аталмыш жазушылардың шығармаларындағы кейіпкерлер мен олардың лақап аттары, жер-су атауларының мәні ұлттық таным мен болмысқа, этнопсихологиялық танымға негізделген. Балаларға арналған әңгімелері мен повестерінде дүниені танудағы жас ерекшелік психологиясы мен танымның когнитивтік сатыдағы көрінісі айрықша рең беріп тұрады. «Осы мақсатта жұмыс жасау үшін» дейді М.Әуезов, – ең алғашқы кездерде бала араласқан әңгімені, мүмкін болғанынша балалар қаһарман болған әңгімені алу керек».

Сол себептен Б.Соқпақбаевтың «Балалық шаққа саяхат», «Жекпе-жек», «Менің атым Қожа», «Аяжан», «Алыстағы ауылда», «Өлгендер қайтып келмейді», М.Гумеровтың «Аңсау», «Шыңырау», «Қара дәптер», М.Қабанбаевтың «Екеу», «Бауыр» «Армандастар»

т.б. шығармаларының тілдік тұлғасын, жалқы есімдердің мінез бен оның логикаға сай дамуы, психологиясы мен дүниетанымы, тілдік ерекшелігі арнайы қарастыруды қажет етеді.

Б.Соқпақбаевтың «Менің атым – Қожа» әңгімесі де мазмұны мен стильдік ерекшелігі жағынан бітімі бөлек дүние. Шығарманың тілдік жүйесі Қожаның психологиялық қабылдауы мен оның когнитивтік санасындағы дүниетанымы деңгейінде құрылған. Шығарманың басты кейіпкері Қожаберген өз есіміне деген танымдық көзқарасты психологиялық тұрғыдан былай көрсетеді: *Атымды айта бастасам, тілім таңдайыма жабысып қалғандай болады да тұрады. Адамның атының сүйкімді болуы да зор бақыт па деймін. Мәселен, Мұрат, Болат, Ербол, бақыт деген аттарды алып қараңдаршы. Айтуға да ықшам, естір құлаққа да жағымды. Әрі мағына жағынан да қазақ тілінен сабақ беретін Майқанова тәтейше айтқанда, бұлар жоғары идеялы есімдер... Шынын айтсам, бұл о баста* ***Қожа*** *емес,* ***Қожаберген*** *екен. Бірақ дүниеде не қилы ғажайып құбылыстар бола беретіні тәрізді, бертін келе «Қожабергеннің» құйрығы үзіліп түсіп қалыпты. Сонымен мен өзім ес білгелі Қожамын* [4, 336 б.]

Бұл – адам аттарын қоюда ислам дінінің әсері мен халықтың әдет-ғұрып, салт-сана, наным-сенімдерінің ықпалы. «Қожа» - Мұхамедтің алғашқы халифтерінің ұрпағы. Ертеде қазақ, тағы да басқа халық арасында мұсылман дінін таратып, уағыздаушы. Қожалардың арғы атасы Аюб ба Яминнен бастаады. Мұхамедтің туысы Әлидің баласы Хұсайыннан өрбіген қожаларды «Сайд қожалар» деп атайды. Олар Мекке, Мәдинені, ал бір тобы Орта Азия мен Қазақстан жерін мекендеген. Қазақтар арасында қожалар Шәмші Ахмет және Шайқы Бұзырақ деген екі үлкен салаға бөлінеді [7, 7 б.].

Профессор Т.Жанұзақ көрсетіп бергендей сұлтан, қожа, төре, мырза т.б. күрделі тұлғалы есімдер тарихи сипаты жағынан архаизм сөздер. Қазақта бұрын «қожаға қол бер, төреге жол бер» деген сөз болған. Осындағы қожа қазақ арасына сіңісіп кеткен арабтар да, төре – моғолдар да болған [7, 129 б.].

Бұл жерде Қожаның пікірін пайымдау үшін алдымен оның таным деңгейін түсіне білу қажет. Мұндағы ең басты әсер етуші фактор қоршаған орта, қоғамдық сана. Егер индивид өзінің жеке ойы мен қабылдауын әлеуметтік сананың пікірімен байланыстыра алмаса, онда мұндай логикалық құрылым болмаған болар еді. Бұл жерде автор ескі көзқарас пен жаңа қоғамдық сананың арасын қожаның өз есіміне байланысты пікірі арқылы дәл көрсетеді. *Бірақ жүре-бара құлағым үйреніп, дағдыланып кеттім.* ***«Қара Қожа»*** *дегендерге «әу» деп, жалт қарайтын болдым...Өскембайдың баласына* ***Тыңжыртар*** *деп ат қойған секілді, өзге қызу жұрт сол арада ду қосып, осы болсын, мұнан жақсы атты дүниені шырқ айналсақ та таптырмаймыз дескен* [4, 336 б.].

Ұлттың болмысына қатыстыы мұндай құбылыс жазушы М.Гумеровтың «Ортаншы ұл» шығармасында былай суреттеледі: *Тақыр бас бала тақылдап біраз сөйледі. Алмастың ұққаны: Өлместің шын аты* ***Өлкебай*** *екен. Көршісіндегі бір келіншек қайынағасының атын атамау үшін, оны ойнап жүрген балалардың көзінше ылғи* ***«Өлмес»*** *дей беріпті. Бұл сөз бірте-бірте балалардың құлағына сіңіп, ақыры олар оны «Өлмес» деп атай бастапты* [5, 150 б.]. Мұндағы бір көрініс, қазақ халқындағы отбасына келіп түскен келіндердің жаңа түскен үйдегі адамдардың атын атамай, астарлап жеткізудің әсерінен болғанын байқатса, халқымыздағы ырым-тыйым сөздердің пайда болуы туралы айта келіп, қарауында көп өлке, аймақ, алқап, тұрақ, мекен болсын, соларға үстем болсын деген тілекпен қойылған есім деп көрсетеді [7, 119 б.].

М.Қабанбаевтың «Қала және қыз бала» әңгімесінде де адамға ат қоюдағы ырымға сену құбылысы анық байқалады. Мысалы: ***Елубір*** *деген бала ылғи мені сыртымнан бағып жүреді дедім ғой. Өзі аппақ шөлмектей жүдеу, артқы партада отырады. Әке-шешесі ұзақ жылдар перзент көрмей, елу бір жасында осы бала дүниеге келіпті. Елубір деп сол себептен атапты* [6, 25б.]. Мұның өзі адамзаттың, оның ішінде қазақ халқы кей кезеңде өмір сүрсе де, ұлттық таным мен ойлаудың ежелгі дәстүрлі тәжірибесіне сүйенетінін байқатады. Жалпы, жалқы есімдер өз бойында белгіі бір кезеңге, тіпті тұтас бір елдің тарихына қатысты ақпараттарды жинақтай отырып, көркем мәтіндегі қолданыста ерекше маңызды рөл атқаруы мүмкін. Мұны

ғалымдардың «Жалқы есімдер көркем мәтіннің идеялық-эстетикалық мазмұнын ашатын концептуалдық және образдылық мәнге ие, сондай-ақ көркем мәтінде негізгі қызмет атқаратын тірек тілдік таңбалар ретінде тануымызға болады» [8, 26 б.] деген пікірлерімен сабақтастыруға болады.

Баланың қабылдауы мен оған ықпал етуші қоғамдық сананың әсері контексте ерекше көрінеді. Шығармадағы Қожаның тәрбиесі мен дүниетанымына әсер етуші адамның бірі – анасы Милләт. *Бұдан бір жыл бұрын Қаратайдың әйелі дүние салған екен. Дүниеде өзге әйел құрып қалғандай Қаратайдың есек дәме көңілі менің* ***Миллат*** *мамама ауатын сияқты. Бірақ мен Қаратайға іштей кіжінемін де, атаңның басы мамам тиер саған, деген сөзді айтамын. Кейде* ***Миллат*** *мамам әкемнің суреттерін ақтарып қарап отырады да, мұңға батып, бір түрлі егіліп кеткендей болады* [4, 338 б.]. Милләт есімі – қазақ ономастикасында сирек кездесетін жалқы есім. Автордың бұл есімді таңдап алу себебі неде?

Арабша-қазақша түсіндірме сөздікте бұл атаудың: 1) ұлт, халық; 2) діни қауым; 3) дінге сену деген үш түрлі мағынасы берілген. Яғни бұл есім автордың когнитивтік санасында елдің, ұлттың еңбекқор, ісіне адал, жарына сыйлы қазақ әйелінің моделін жасауға қажет болды. Себебі автор шығарманың өн бойында Милләт есімді әйелдің шаруақор, ізетті, сыйлы образын айқын, дәл көрсетіп береді. Соған сәйкес оның есімі де осы ұғымды ашып тұруға тиіс болды. Яғни аталмыш есім – жоғарыда көрсетілген сапалық ұғымдар мен ақпараттардың барлығын бойына жинаған тілдік бірлік. Миладъ атауы Л.З.Будагов сөздігінде: - рождение Рождество (Христа) годъ Христіанский деп берілген. Яғни христиан жылының басталуы, дүниеге келуі деген ұғымды білдіреді. «Ежелгі заманға тән көне жалқы есімдердің мән-мағынасы, шығу төркіні бұл күні жалпы қауымға түсініксіз келеді. Сондықтан да олардың этимологиясын анықтап, ғылыми тұрғыдан зерделей зерттеудің орны ерекше» [9, 3 б.].

Жазушы М.Қабанбаевтың «Ескі бәтеңке» деген әңгімесінде бала тәрбиесіне ерекше талғаммен қарайтын Майсараны автор *Бұл әлек-шелекті аңғарған Мұрат жоқ, ол үшін* ***Майсар****а – Мұраттың маңдайына жазған келіншегі, үш баланың анасы –* ***Майсара*** [6, 163 б.] деп ана ретінде Майсараның жағымды кейпін суреттесе, М.Гумеров шығармаларында әйел образы былай талданады: *Рас, келін ақылсыз емес, әрине. Бірақ сұлу әйел қанша ақылды болса да, оның ақылы өзінің сұлу екенін түсінуден, жұрттың өзіне қызығатынын ұғудан әріге бара бермейді. Әгәрки ақылдың тұрағы әдемілік болса, күллі ауылдың ақыл-ойы әйелден Алмаға қонақтаған болар ед*і [5, 68 б.]. Жоғарыда талданған кейіпкерлердің арасында Милләт жалғызбасты, колхоз шаруасындағы әйелдің образын қамтыса, Майсара мен Алма қызмет атқаратын және әлеуметтік тұрғыда отбасы толық әйелдер. Бірақ, үшеуі де ана ретінде бала тәрбиесіне, олардың оқу үлгеріміне ерекше талаппен қарайтыны сөзсіз.

Б.Соқпақбаев кейіпкерерінің бірі – **Сұлтан**. Сұлтан шығармада әлеуметтік ортадан бөлек, жағымсыз әрекеттерге бейім образды бейнелейді. Соған қарамастан Қожаның айналасындағы басқа кейіпкерлерге қарағанда Сұлтанның бойында ұйымдастырушылық пен лидерік қасиет басымырақ. Мысалы: *Бір атқа екі ер ерттеп мінген қазақты мен бұған дейін көрген жоқ едім. Сұлтанның мына ақылы, шынында да ойға қонымды, қызық көрініп кетті. – Әй көгермей кеткір, құ Сұлтан, сен ғой осыны шығарып жүрген... Соның бәрі Сұлтекеңнің арқасы. Бір де бір күн көліксіз болып көргем жоқ. Нелер жорға-жүйрік сәйгүліктерді сол тауып әкеледі. Ертте мынаны дейді, ерттеймін. Кеттік дейді, - ілесіп кете берем. Қайда барамыз деп сұрамаймын да* [4, 370 б.] деген сөйлемдерде осы қасиеттері айқын көрінеді. Профессор Т.Жанұзақ адам аттарының шығу тарихы мен этимологиясына талдау жасай отырып, араб тілінде Сұлтан есімінің – өкімет, билеуші, әкім деген мағына беретінін айтады да, одан әрі «Сұлтан сөзі түркі тілдеріне араб тілінен енген. Араб тіліндегі мағынасы «әкім», «бастық». Түркі тілдес халықтарда XV ғасырдан кездеседі. XV ғасырдың 40 жылдарынан бастап қазақ тілінде жұмсала бастаған. Бұл титул Қазақстанда феодалдық титулды өз есімдерімен қатар қолданып отырған. басқа сословиелік титулдар сияқты бұл да кейіннен кісі аты және оның құрамы ретінде қолданыла бастайды. ол дара тұлғалы әрі біріккен тұлғалы кісі аттарын жасауға

қатысып, арқау болған. Мысалы: Сұлтанғазы, Сұлтанғали, Сұлтанәлі, Сұлтанмұрат, Жансұлтан, Ақсұлтан, Бексұлтан, Нұрсұлтан, т.б. Қазіргі кезде сұлтан сөзі историзм саналады, ал оның ескі мағынасы ұмыт болған. Қазіргі кісі аттары компоненттеріндегі сұлтан сөзі ешқандай мағынаны бермейді» деген [7, 132 б.] пікір білдіреді. Ал шығармадағы Сұлтан беделді болмаса да, кез-келген адамды өзіне тарта білетін, жұмсай білетін қасиетімен дараланып тұрады. Мұны Сұлтан туралы шығармадағы Қожаның: Тани кеттім – Сұлтан. Ол маған еңкейіп, үңіліп қарады да: - Ой, Қара Көжемісің? Не болды? Неғып дөңгелеп жатырсың? Қане, мен көрейін, - деп, Сқлтан қолындағы жүгенін жерге қоя салды да, менің аяғыма жармасты. Сұлтан оңбаған мазақ етіп тұр: - Қайран қара Көжем-ай, ажалыңнан үш күн бұрын өлетін болдың-ау [4, 362 б.] деген сөздерінен де айқын аңғаруға болады.

Қорыта айтқанда, бүлдіршін мінезін, өмірін, жан-дүниесін сөз ететін балалар ақынының өлеңдері шынайылығымен, юморлық жылылығымен, әрі шымырлығымен көз тартуы керек. Өйткеніюмор – ақынның балаларға арналған өлеңдерінің бұлжымас бір шарты, өзіндік ажары іспетті. Демек балалар өлеңдеріндегі юмор кейіпкерлер бойындағы жағымсыз қылықтарды әжуалап, мысқылдап қана қоймай, балаларды мұндай қылықтардан сақтандырады, адамгершілікке, ізгілікке, еңбеккерлікке баулиды.

Әдебиеттер

1. Жансүгіров І.Мен қалай жаздым // Қазақ әдебиеті. – 1959. – 16 қазан.
2. Қирабаев С. Өнер өрісі. Мақалалар мен зерттеулер. – Алматы: Жазушы, 1971. − 272 б.
3. Лейбсон В.И. Чему учат стихи? Детская поэзия и эстетическое воспитание. – М.: Просвещение, 1964. – 104 с.
4. Ергөбек Қ. Арыстар мен ағыстар. – Алматы: Өркениет, 2003. – 368 б.
5. Әлімбаев М. Шығармалар жинағы. Екі томдық. Т. 2. – Алматы: Санат, 1997. – 704 б.
6. Дүйсенбиев Ә.Жаңбырлы жаз. – Алматы, Жазушы, 1982. – 424 б.
7. Ақыл кені. – Алматы: Көшпенділер, 2003. – 244 б.
8. Жомартбаев Т. Жеміс. Өлеңдер. – Алматы, Жалын,1985. – 30 б.

Саткенова Ж.Б., Бисегалиева Н.К.

Язык поэтических произведений для детей

В статье раскрывается тема о роли языка поэтических произведений для детей. Детская литература - одно из литературных течений необходимое для общества. Ее рождение формирование историю развитие нельзя рассматривать отдельно от казахской литературы Казахская детская поэзия берет свое начало от фольклора куда вошли бесик - жыры считали скороговорки и.д. С рождением ребенка народ связывает с ним большие надежды и мечты. Свои помыслы он вкладывает в стихи и через слово пытается донести народные ценности и воспитать свое поколение. И каждый ребенок уже с пеленок услышавший красоту песен и стиха закладывает в себя основы человеческих отношений воспитывает эстетическое начало. Исходя из вышесказанного легко утверждать что произведение детской литературы играют большую роль в формирование ребенка как личности.

Ключевые слова: *Детская литература, детская поэзия детское воспитание, детский поэт, детский писатель, казахская детская литература.*

Satkenova ZH.B., Bissegaliyeva N.K.

Language of poetic composition for children

The article reavels the theme about the role of language poetry for children. Literature for children - one of the literary currents in society. It ‘ s birth the formation , the histpry of the development can njt be considered separatly from Kazakh Literature. Kazakh children^s poetry originats from folklore, which included besik- zhyry though patters and etc. With the child’s birth people connects hopes. dreams with it. Their pomisty he puts into the poems and through the world trying to convey people’s values and to educate his generation. And every kid from the cradle hears the beauty of the songs and poems, lays the foundations of the human relations ,educates aethetic. Based on the forgiving , it can be argued that the work of children’s literature play an important role in group of children’s as individuals.

Keywords: *Children's literature, children's poetry, children's education, children's poet, children's writer of the Kazakh children's Literature.*

ӘОЖ: 31 (574)

Хасанов Ғ.Қ. – филология ғылымдарының докторы, профессор, М.Өтемісов атындағы БҚМУ
E-mail: hasan.gabit@mail.ru
Құрманиязова Р. – М.Өтемісов атындағы БҚМУ магистранты
E-mail: rizok 06@mail.ru

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ «КӨК» СӨЗ-СИМВОЛЫНЫҢ СЕМАНТИКАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІГІ

Аңдатпа. *Бұл мақаланың негізгі мәселесі – «көк» сөз символының семантикалық және құрылымдық жағынан дамуы, сонымен бірге, «көк» сөз-символының сөз тіркестерінде қолданылуы болып табылады. Аталған мәселелер, ең алдымен, «көк» сөз символының семантикалық табиғатына қатысты туындағын сұрақтарға өз шешімін таба алады.*

Тірек сөздер: *Сөз-символ, семантикалық ерекшелік, сөз тіркесі, грамматика, түр-түс атауы.*

Түр-түс атаулары – қазақ тілінде, басқа тілдер сияқты, біршама зерттелген категория. Олар қазақ тілі мамандары тарапынан негізінен сын есім категориясы ретінде қаралып, сапалық сын есімге тән лексика-грамматикалық табиғаты мен мағынасы, қолданылу аясы анықталған.

Түр-түс атауларының негізгі көпшілігі көне замандардан келе жатқан түркі тілдеріне ортақ дүние болғандықтан, тіл біліміндегі оның зерттелу тарихында да белгілі ортақтық болатыны сөзсіз. Осыған орай, түр-түс атаулары – сапалық сын есім ретінде жиырмадан астам түркі тілдерінің бәрінде де лексика-грамматикалық және этимологиялық тұрғыдан зерттелген, анықталған және белгілі дәрежеде жүйеге түскен категория. Ол жөніндегі мағлұматтарды біз кез келген түркі тілдерінің грамматикасынан (Терентьев, Мелиоранский, Катаринский, Боровков, Кононов, Батманов, Дыренкова, Дмитриев, Баскаков, Наджип, Покровская, Тенишев т.б.) табуымызға болады. Кейбір түр-түс атауларының шығу тарихы мен тілдік табиғатын қарастыратын зерттеулерді көбінесе орхон-енисей және орта ғасырлық жазба ескерткіштеріне арналған еңбектерден кездестіруге болады [1, 33 б.].

Көне дәуірлерден жеткен түркілік жазба әдеби мұралардан да көк түске қатысты кейбір белгілерді VII-VIII ғасырлар мұрасы – Орхон жазба ескерткіштерінен табуға болады. Бұл әдеби ескерткіштер түркі қағанатының тарихын, экономикалық-әлеуметтік, саяси ахуалымен бірге, сол қағанат құрамындағы тайпалардың наным-сенімімен, яғни түркілік мифологиядан хабар береді. Аталмыш жазбалардан түркілердің табынған күші – Көк Тәңіріне ерекше құрмет танылады. Мысалы:

«...Биікте көк Тәңірі
Төменде қара жер жаралғанда
Екеуінің арасында адам баласы жаралған.
...әкем Елтеріс қағанды,
Шешем Елбіге қатынды
Тәңірім төбесіне ұстап,
Жоғары көтерген екен
...Тәңірі қуат берген соң,
Әкем қағанның әскері бөрідей болыпты,
...Тағдырды сені өлімші етті» [2, 26 б.].

Көне түркілер үшін жаратылыстың құдіретті иесі – Тәңірі. «Аспан – шамандықтың ең құдіретті жаратылыстың жаратушысы. Көк Тәңірі – көк аспан деп

аталады. Қазақтар ұғымындағы бірінші аталатын сын есім «көк» - көріністі бейнелейді және заттық түсінікті білдіреді, ал зат есім (тәңірі) «көк» атауының баламасы (синонимі)...Тәңірі сөзін Шыңғыс хан заманында мұсылмандар «Алла» деп, ал, еуропалықтар «deus» деп аударған», - деп көрсетеді Ш. Уәлиханов[3, 65 б.].

«Күлтегін» жазуындағы «Тағдырды Тәңірі жасар» деген тіркестің астарында бүкіл адам баласының амандық-саулығы, тағдыры сол Тәңірінің қолында, ол өз билігін көк биігінен іске асырып отырады деген сенім жатыр.

Қазақтардың ата-тегі түріктердің басты құдайы – Көк Тәңірі. Сейіт Қасқабасовша айтсақ: «Көне замандағы, түркі қағанаты дәуіріндегі аспанды — еркек, жерді — әйел деп түсінетін мифтік ұғым қазақтың мифі мен діни нанымында ғана сақталып қоймаған. Ол ұлтымыздың көркем фольклоры мен классикалық әдебиетінде поэзиялық символға, көркем әдіске, метафораға айналған»[4, 87 б.].

Көк түстің де көп мағына беретіндігін көреміз. Оның негізгі бір себебі – жалпы түркі халықтары көпке дейін көк пен жасылды ажыратпай келгендігінде. Дегенмен қазақ және басқа түркі халықтары үшін көк табиғаттағы бір түс бола тұрса да, іс жүзінде бір-біріне жақын бірнеше реңктерге жіктелетіндігін көреміз. Оны «көк» деп аталатын заттар мен құбылыстардың нақтылы реңкіне қарай отырып берілген орыс тіліндегі аудармасынан да көруге болады. Мәселен, А. Н. Кононов түркі тілдеріндегі «көк» түстің мынадай орысша аудармаларын келтіреді: «синий», «голубой», «лазурный», «светло-зеленый», «сизый», «небесного цвета», «цвет молодой зелени», «серый», «небо», «молодая трава», «зелень», «луг» [5, 69 б.].

Қазақ тілінің өз фактісіне жүгінсек, көк атауы өзінің негізгі («синий», «голубой») мағынасынан басқа мынадай ауыс мағыналарда қолданылады екен:

Көк – аспан, аспан әлемі; аспан әлемін жайлайтын тәңірі. Мысалы, төбесі көкке жету («ерекше қуану», «мақтану»); көктен тілегені (іздегені) жерден табылу («жерден жеті қоян тапқандай қуану», «аяқ астынан мол табысқа кенеліп, қарық болу»); көк соқыр! (қарғау: космогониялық сенім-наным бойынша көктегі тәңірінің қаһарына душар болуы тілеу); көкке көтерілу т.б.

Көк – шөп, көгеріп тұрған өсімдік, көкөніс. Мысалы, көк майса, көк шөп, көк орай шалғын, көк балауса, көкке аузы ілігу; осыдан: көгеру, көктеу, көк ату, көктем, көкпек т.б.

Осы тұрғыдан келгенде Ғ. Мүсірепов «Заман және әдебиет» атты еңбегіндегі мына пікіріне зер салсақ: «Өсімдік көгі мен аспан көгі бір түстес бола алмайды. Тегінде термин комитеті зеңгір, көк, жасыл деген атаулардың аздығынан араласа бермейтінін ескеріп, осы мәселені бір қарастырса болар еді. Орыс тілінде «шие түсті», « бөтелке түсті», «кофе түсті» деген қосымшалар бар ғой. Мүмкін, біз де осы маңынан бірдемелерді табармыз» [6, 94 б.].

Көк – әлі жас, піспеген шикі. Мысалы: көк түйнек, көк қауын, көк алма, көк өрім, көк сағал («шала піскен»), көк сабақ («толық піспеген, дүмбілез»), көк асық («шынықпаған»), көк өрік (кей жерде: «көп өрік жеп іші кепкенше, көк өрік жеп өле қалған жақсы» деген де сөз бар).

Көк – арық, жасық, майсыз, дәмсіз. Мысалы: көк жасық («арық ет»); көк бақа қозы («арық, ет алмаған қозы»); көк қарын («арық»); көк шалап («майсыз, дәмсіз, су араласқан сұйық айран, сусын»).

Көк – көнбіс, шыдамды, бірмойын; елеусіз, көптің бірі. Мысалы, ол жүрген бір көк есек («ол айтқанға көніп, айдағанға жүре беретін көнбіс»); көк жұлын («шабысқа шыдамды жылқы»); көлденең жүрген көк атты («елеусіз өз бетімен жүрген біреу») т.б.

Көк – қаһарлы, қайсар, айлалы, адуынды, ашушаң. Мысалы: көк айыл, көк долы, көк бет, көк дауыл, көк жендет, көк шұлан, көкжал бөрі, көк мүйіз («іріп сүзіп, басқаға күн көрсетпейтін»); көк азу («азуы алты қарыс, бетіне адам келтірмейтін адуынды адам»); көк түйнек (ауру аты), көк шешек т.б.

Көк – езбе, мылжың, көп сөйлейтін. Мысалы: көк езу, көк малта (сын) езу, көк мылжың (бұлардың бәрі де «көп сөйлейтін мылжың, өзеуреп, бір айтқанын қайта айтып, өндіршектеп, елдің аузын аштырмайтындар») т.б.

Көк – сылдыр, жалқау, қалжыраған, топас. Мысалы: көк желке болу, көк жұлын болу («титықтау, қалжырау»); көк тер болу («болдыру, шаршап-шалдығу»);

көк иық болу («болдыру»); көк жалқау («аяғын бір баспайтын еріншек»); көк ми («өз бетінше ойлана алмайтын, айтқанға түсінбейтін топас, милау») т. б.

Көк – найзағай (нажағай, көктен түсетін от). Мысалы: Ат байлаған ақырды, көк түскен жер тақырды...(Фольклор): төбесінен көк түскендей болу («аяқ астынан жағымсыз хабар естігендей болу, қатты таңғалу, ғажаптану»). Көк бұл арада қазақ тіліндегі нажағай (найзағай, жасыл, жай) сөздерінің қатарындағы синоним болып саналады [1, 69-70 бб.].

Көк түсі, о баста көк аспан мен жер бетінде көгеріп өскен өсімдік дүниесіне қатысты ұғым болса, дами келе басқа да, негізгі мағынаға көп ұқсас, жақын, қатысты ұғымдарды білдіре бастаған. Мағыналық дамудың бұл түрі, әрине, әрбір халықтың өз өміріне, өз дүниетанымына байланысты болмақшы. Осыған орай, басқа тілдерден мысал келтірейік. Мәселен, ағылшын тілінде: көк үй – «жылыжай» (теплица), көк портфель – «өзі жас, тәжірибесіз адвокат», көк қол «тәжірибесіз адам», көк ат – «мінілмеген асау ат»; орыс тілінде: көк («зеленый») – «әлі тәжірибесі жоқ уыздай жас адам»; француз тілінде: көк хабар – «жағымсыз хабар, көңілсіз әңгіме»; монғол тілінде: көк түс бірде «қадір», «құрмет» білдірсе, бірде «ұнамсыз», «жағымсыз» мағынаны аңғартады; көк күлкі – «ажуа, ащы, күлкі», көк дауыс – «жағымсыз, құлаққа түрпідей тиетін тарғыл дауыс» т.б.

«Көк түрк». Бүгінгі түркі халықтарының көне тарихына қатысты осы тіркестің мән-мағынасын қалай түсінеміз? Бұл атаудың орхон-енисей ескерткіштерінің табылуымен байланысты және олардың ішінде Күлтегін мен Білге қағанға арналған жазбалардың оқылуынан кейін (1893-1895) ғалымдар назарын өзіне көбірек аударып келе жатқаны мәлім. Осы тіркестегі *түрк* этнонимін анықтап тұрған *көк* сөзі әдеттегі аспан реңкіне ұқсас түсті білдіріп тұр ма, әлде онда басқа бір сыр бар ма? Бұл сөзге ерекше мән беріп, әркімнің өзінше жорамал айтып, таласуының себебі – көне дәуірде жасаған түркі тайпаларының этникалық құрамы, саяси-әлеуметтік, географиялық жағдайы, мемлекеттік құрылысы, шығу тегі т.б. толып жатқан мәселелердің *көк* сөзінің мәніне барып тірелуінде.

Мәселен, кейбір ғалымдар *көк түрк* атауын «көк» сөзінің негізгі түр-түстік мағынасына сәйкес «голубые тюрки» деп аударса (В.В. Радлов, П. М. Мелиоранский, В.Банг т.б.), енді біреулері оларды аспанның өзіне, көк тәңіріне қатысты «небесные тюрки» деп (З.Гомбац т.б.) аударып, оның мәнісін бұл тайпалардың, не этностар бірлігінің «ерекше қасиетіне, тектілігіне, таза қандылығына» байланыстырғысы келеді. Осыған орай, жерде туып, жер бетінде тіршілік ететін қарапайым халықты VII-VIII ғасырларда жасаған бабаларымыз «қара бұдун» деп атаған болса, «тәңірі тектес» («небесные божественные тюрки») немесе «көк (таза) қанды» («тюрки голубой крови») түркілерді «көктүрк» деп атауы заңды деушілер де (мәселен, А.Н. Бернштам) бар.

Енді бір топ ғалымдар көк түрк этнонимі «еркін, ешкімге бағынбайтын түрктер» деген мағынаны білдіреді десе, тағы біреулері (Ф.С. Фасеев) «оқоқ, олай емес, көк сөзі «көк орай шалғын», «көк майса жайылым» деген ұғымға байланысты, сондықтан да ол «мал бағатындар», «көшіп-қонып жүретіндер», яғни «көшпенді түркілер» деген ұғымды білдіретінін дәлелдегісі келеді. «Көк түрк» атауы жайындағы дәстүрлі көзқарастың бірі – «көк» сөзінің бағыт-бағдар мағынасында қолданылуы. Олардың өзі екі түрлі: біріншісі – «көк түрк» әлемнің төрт бұрышын түгел жайлаған Түрік қағанатындағы тайпалардың жиынтығы десе, екіншісі – оның белгілі бір бөлшегі ғана деп қарау.

«Көк» сөзінің географиялық ұғым ретінде (бағыт-бағдар, орын-жай мағынасында) қолданылуын құптайтындар көп. Солардың бірі – неміс ғалымы А.Фон Габэн өз пікірін былай деп дәлелдейді: «552 жылы Орталық Азияда негізі қаланған Түрік қағанаты о бастан-ақ екі бөлімнен тұрған еді. Бас қағанның («верховой каган») хан ордасы Монғолияның солтүстік-шығысына орналасты да, оның батысындағы одақтасы Ыстықкөл маңында болды. Түрік қағанатының шығысынан табылған («Күлтегін», «Білге қаған» атты) үлкен ескерткіштер өз халқын «көк түрк» деп атаған. Сол дәуірде Орталық Азияны мекендеген түркі тайпалары бүкіл сыртқы әлемді және ішкі дүниені шығыс, батыс, оңтүстік, солтүстіктен тұратын төрт шаршы, төрт жақты дүние деп таныған (қазақтардың «дүниенің төрт бұрышы», «шартарап», «төрт құбыласы тең» деген сөздері осыдан қалған болса керек.) сонымен қатар әрбір жақ сол кездің өзінде-ақ түр-түспен, немесе жан-жануарлар атымен белгіленген екен. Сөз етіп отырған *көк* түс шығыс бағыттың символы болып

саналған. Демек, көк түрктер көне түркі мемлекетінің шығысын жайлаған «шығыс түріктері» деген ұғымды берген». Осы пікір шындыққа жанасатын сияқты. Өйткені түр-түс атауларының мұндай геосимволикалық мәні түркі халықтарының мәдени тарихынан, топонимінен, антропонимінен, этнонимінен жиі кездеседі [1, 114-115 бб.].

Сонымен, түр-түс табиғатының біраз сыры жер-су және ру-тайпа аттарынан да байқалады екен. Бұл, әрине, зерттеп отырған құбылыстың тамыры тым тереңде жатқандығын білдіреді. Тұлға жағынан дамып, мағына жағынан толығып, кемелденіп отыратын кез келген сөз сияқты түр-түс атаулары да әрбір тілдің ұзақ даму жолының жемісі болып саналады

Көк – символикалық жағынан тыныш теңізді, ұстамдылықты, ақшыл көк немесе көгілдір – үлкен сезімді, нәзіктікті, бейбітшілікті білдіреді.

Қазақ ұғымындағы көк – тыныштық пен бірліктің, берекенің белгісі. Ол аспанмен, тәңірмен қуатталады. Сондықтан да ол мықтылықты, жеңімпаздықты, рухы жоғарылықты, үстемдікті, паңдықты білдіреді. Соған сай көк ту, көк бөрі, көк төбе, көк сауыт, көк найза, көк сүңгі, көк болат, көк мылтық, көк қаршыға т.с.с. тіркестер бар.

«Көк» сөз-символының келесі бір білдіретін мағынасы – романтика, сезім, нәзік үміт, махаббат, жақсылық, жылылық, тілек бірлігі. Мысалы, қазақ тіл білімінде көгілдір сезім, көк теңіз, көк көгершін, көк сағым, көк терек, көк аспан т.с.с. тіркестер бар.

Бұдан басқа, «көк» сөз-символы салқындықты, қарапайымдылықты, ойлылық, ойсыздықты, зиялылықты, тұрақтылықты, іскерлікті, ізгілікті, тереңдікті білдіреді. Мысалы, көк мылжың, көк айыл, көк бет, көк долы, көк жалқау т.с.с. тіркестерді кездестіруге болады»,- дейді Ә. Қайдаров [7, 55 б].

Жалпы, фразеологизмдер өзінің бейнелілік, әсерлілік, экспрессивті-эмоциялық, суреттеме қасиетімен көзге түседі. «Көк» сөз-символы фразеологизм жасауда да белсенді орын алады. Атап айтсақ, 1988 жылы «Мектеп» баспасынан шыққан Х.Қ. Қожахметова., Р.Е. Жайсақова., Ш.О. Қожахметова авторлығымен шыққан «Қазақша-орысша фразеологиялық сөздік» атты еңбекте «көк» түр-түсімен байланысты төмендегідей фразеологиялық тіркестер берілген:

1. **Көк айыл (долы).** Букв.: синяя истеричка. Вспыльчивая, раздражительная, сварливая (о женщине.)

Бір-бір көк айыл қатындарын қосып алады да, қаланың ішіне қара өрт шашады да жүреді (Ғ. Мүсірепов «Оянған өлке»).

Соберут они вокруг себя крикливых, вздорных женщин и бродят по городу, сея среди населения распри и раздоры

2. **Көк ала қойдай қылу.** Букв.: сделать подобным пёстрому барашку. Сильно избить кого-л, - Живого места нет.

Көк ала қойдай ғып сабап-сабап қуып жіберді (С.О. Қайырлы жаз.).

Его прогнали, избив так, что на нем живого места не было.

3. **Көк ала (көкіме) мылжың; көк ауыз (езу).** Букв.: пестрый болтун; синеротый. Занимающийся пустыми разговорами; болтающий попусту. – Чесать языком.

Бұл бір ешкімге қиянаты жоқ, бірақ маңдытып іс тындырмайтын, мәнді сөз айтпайтын көк ала мылжың еді («Қ.Ә.»).

Это безобидный малый, но он ничего толком не делает и любит чесать языком.

4. **Көк бақа.** Букв.: синяя лягушка. 1. Очень худой, изможденный человек. – Живые мощи.

Көк бақа арық әйелдің қан-сөлсіз кескіні қара сұр тастай қатып қалыпты (Ә.Н. «Қан мен тер».).

Худая, изможденная женщина напоминала живые мощи.

2. Тощий (о скоте.)

Етке өткізетін малдары көк бақа деп сынайды (А.Т. «Өмір өлмейді».).

Они подвергли критике колхозы за то, что скот слишком истощен.

5. **Көк етікті кез келмей, көн етіктіні көзге ілмеу.** Букв.: тому, что в синих сапогах не встретиться, на того, что в грубых сапогах, не обращать внимания. Говорится о девушке, долго выбирающей жениха. Ждать принца.

Сонымен көк етікті кез келмей, көн етіктіні көзге ілмей жүрген (Ғайша) (М.Ә.).

(Гайша) долго выбирала жениха, но ей не встретился достойный, все ждала принца.

6. **Көкжал бөрі.** Букв.: волк с серой холкой. 1. Серый волк; 2. Смельчак.

Бұл ауылдың жігіттері шетінен кілең көк жал, сен тұр, мен атайын екен.

Джигиты этого аула все как на подбор – смельчаки, молодцы, спуску никому не дадут.

7. **Көк инені көзіне түрте білмеу.** Букв.: не уметь даже видеть нитку в ушко иголки. Не способная к рукаделию (о женщине.)

Рақия – көк инені көзге түрте білмейтін, ең аяғы, көйлек-көншектің үзілген түймесін де қадап ала алмайтын жан (С.М.).

Рахия была одной из тех женщин, которые совершенно не умеют шить, она даже не могла пришить пуговицу.

8. **Көк ми**. Букв.: синий мозг. Глупый, бестолковый. – мякинная голова; дубовая голова.

- Е, шырағым! Өзімнің көк милығым болмаса, тәуір-ақ орысша білетін жерге жібердің ғой, - деді Базаралы (М.Ә.).
- Дорогой мой! Там, куда ты меня отправлял, можно было овладеть русским языком. Видно, мякинная башка у меня, что ничего не знаю! – воскликнул Базаралы.

9. **Көк найзаның ұшымен, ақ білектің күшімен**. Букв.: острием стальной пики и силой руки. Силой подчинять, побеждать.

Одан да өз кегіңді өзің көк найзаның ұшымен, ақ білектің күшімен тартып ал (І.Е. «Қаһар».).

Лучше отомсти силой оружия и руки

10. **Көк (соқыр) тиын /жоқ/.** Букв.: медной копейки нет. Совсем нет денег. Ни гроша (ни копейки, ни полушки).

- Көк тиын да бергем жоқ, - деп айқайлап жібердім («Қ.Ә.»).
- Да не дал я ему ни капейки! – вырвалось у меня [8, 106-107 бб.].

Қорыта айтқанда, бүгінгі таңда халықаралық қатынастардың жанданып, рухани, мәдени және экономикалық байланыстардың дами түскен кезеңінде жалпы сөз байлығымен қатар түр-түс атаулары әлемін де жан-жақты терең білудің практикалық маңызы зор. Соның ішінде, «көк» түр-түсі мен одан туындаған тіркестердің табиғатын зерттеудің нәтижесі қазақ тілі лексикологиясы, оның семасиология, этимология, фразеология т.б. салаларын оқытуға қажетті, жүйеге келтірілген, анықталған бай әрі құнды материал болып саналады.

Әдебиеттер:

1. Қайдаров Ә., Өмірбеков Б., Ахтамбердиева З. Түр-түстердің тілдегі көрінісі. – Алматы: Қазақстан, 1992. – 160 б.
2. Айдаров Ғ. Күлтегін ескерткіші. – Алматы: Ана тілі, 1996. – 232 б.
3. Уәлиханов Ш. Таңдамалы. 5-том. – Алматы, 1984. – 480 б.
4. Қасқабасов С. Қазақтың халық прозасы. – Алматы: Ғылым, 1984. – 324 б.
5. Кононов А.Н. Семантика цветообозначений в тюрских языках // Тюркологический сборник. – М., 1975. – С. 149.
6. Мүсірепов Ғ. Заман және әдебиет. – Алматы, Жазушы, 1982. – 350 б.
7. Қайдаров Ә. Қазақ терминологиясына жаңаша көзқарас. – Алматы: Рауан, 1993. – 105 б.
8. Қожахметова Х. Қ., Жайсақова Р.Е., Қожахметова Ш. О. Қазақша-орысша фразеологиялық сөздік. – Алматы: Мектеп, 1988. – 224 б.

Хасанов Г.К., Курманиязова Р.

Семантическая особенность слова-символа «голубой» казахского языка

Главной проблемой статьи является семантическое развитие слова-символа «голубой» и его структурное развитие, а также сфера употребления в структуре словосочетания. Эти проблемы в свою очередь охватывают целый ряд вопросов, раскрывающих семантическую природу слов-символов «голубой» на конкретных языковых фактах.

Ключевые слова: *Слова-символы, семантические особенности, словосочетание, грамматика, цветообозначения.*

Hasanov G.K., Kurmaniazova R.

Semantical feature of symbolic world «blue» in Kazakh language

The article is devoted to the problem of colour designation of 'blue' in Kazakh language. Mainly the objects of article were three aspects of the given phenomenon:

1) semantic development of colour designation of 'blue'; 2) structural development of this colour designation; 3) use of this colour designation in the structure of set expressions

Keywords: *Symbolic word, semantical feature, grammar, word-combination, colour designation.*

ӘОЖ: 821.512.122.0

Шакирова Қ.М. – аға оқытушы, Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институты

E-mail: Katira_1971@mail.ru

ҚАПАН САТЫБАЛДИННІҢ «МАХАББАТ МАШАҚАТЫ» ПЬЕСАСЫНДАҒЫ «МІНЕЗ» БЕН «ЖАҒДАЙ» МӘСЕЛЕСІ

Аңдатпа. *Мақалада драматург Қапан Сатыбалдиннің шығармасындағы «мінез» бен «жағдай» ұғымдарының мәні мен қызметі және олардың тұтас жүйе екендігі аталып көрсетілді. «Жағдайдың» көркемдік – эстетикалық ерекшелігі толық айқындала қоймаған әдеби категория ретіндегі сипаты анықталып, мағыналық ара – жігін ажыратуға қатысты пайымдаулар жасалды. «Мінездің» «жағдайды» өзгертетін ықпалы және «мінез» бен «жағдай» байланысы көркем туындыдағы шындықты танудың, игерудің нәтижесі ретінде көрсетілді.*

Тірек сөздер: *Көркем шығарма, мінез, жағдай, мінез мәселесі, ұлттық әдебиет, тартыс, ұлттық проза, драматургия жанры, драматизм табиғаты, әдеби мінез.*

Ұлттық әдебиеттің тарихи дамуынан көрініс беретін адамның рухани өмірдегі әр түрлі драмалық дағдарысқа ұшырап отырған өзгерістері әдеби үрдістегі өзгермелі жағдай ұғымының аясында талданғаны жөн. «Эстетикаға кіріспе» еңбегінде Ю. Борев: «Суреткердің шеберлігіне бағынбайтын, одан тәуелсіз адам характері мен жағдайдың болатындығы дау туғызбайтын жайт. Характер мен жағдайдың өнердегі байланысы өмірдегі шындықты танытудың нәтижесі», – дейді [1, 28 б.].

Сонымен қатар өмірдегі жағдай мен өнердегі тартыстың арасындағы алшақтық жөніндегі айтылған мына бір пікірлер назар аударарлық: «Өнердегі тартысты жағдай, біріншіден, адамтану мәселесіне негізделген. Сондықтан оның өмірлік-танымдық жағы көркем шығарма идеясына негізделген. Екіншіден, өмірлік тартыс белгілі бір адамдар тобы арасында ғана болса, ал өнердегі тартыс адамзаттың қаламгердің мықтылығы көркем туынды жазу кезінде өмірдегі тартыспен байланысы бар жағдайларды дәл тауып, көркемдік шешім ұсына білуінде» [2, 83 б.].

Автордың алға қойған мақсаты кейде тәжірибе жасау алаңы сияқты. Ол өмірдегі жағдайды дәл сол күйінде қайталамай, жаңа көркемдік жағдай ұсынады. Сонымен қатар өмірдегі шындық әр кезде жазушының ұстанымымен сәйкес келе бермейтіні де бар ғой.

Тартыс табиғатын оның басталуы, аяқталуы, айырылуына қатысты айқындауда бірізділік бар, болмыстың өнердегі тартыс дәрежесіне жетілуі үшін әр түрлі авторлық өңдеуден өтетіндігі жөнінде айтылған мына пікірге де назар аудару орынды сияқты: «Көркем шығарманың драмалық сипаты бастау алу үшін өз кезегінде белгілі бір сатылардан өтеді. Қарапайым «айырмашылық» қарама-қайшылыққа ауып, ол жағдай дәрежесіне көтеріледі. Жағдай белгілі бір сәт (ситуация) әсер еткенде айқындала түседі. Ал коллизия (ала-ауыздық, талас) белгілі бір нақты сәтте дамитын қарама-қайшылықтың ашылу формасы. Ал драматизм болса осы ұғымдардың барлығын біріктіріп көркемдік дәреже бере алатын негізгі күш» [3, 41 б.]. Өз кезегінде бұл ұғымдар драматизм табиғатын ашатын оның ең бір негізгі көрініу түрлері ретінде айқындалады. Соңғы кездегі ғылыми-теориялық еңбектерден драматизмнің мағынасын «тәртіп параметрі» тұрғысынан бағалау көрініс беретінін байқауға болады. Драматизмді әдеби тектермен өзара байланыста қарастырып, олардың бір-біріне тигізер ықпалы, көркемдік ауыс-түйістері сөз етіліп, осы

құбылыстың белсенді мүшесі драматизм ұғымының табиғаты жайында талқыланған ғылыми еңбектер де бар [3].

Мінез бен жағдайдың байланысу деңгейлерін зерделегенде оған әдеби процестің қаншалықты әсері болғанын анықтау қажет, өйткені бұл байланыстардың әдебиеттану ғылымындағы өзіндік орнын нақтылайтыны белгілі.

Жиырмасыншы ғасырдың басындағы әлеуметтік-қоғамдық жағдайдың әдеби үдеріске әсері айтарлықтай болды. Ғасырдың алғашқы жылдары қазақ прозасында негізінен мінез бен жағдайдың байланысының мынадай түрлері байқалады. а) Қалыптаса бастаған жағдайды өздері өзгертуге мүдделі жігерлі мінездер (мысалы, ауылды сауаттандыру, колхоздастыру, т.б.).

ә) Қазан төңкерісінен кейінгі орнаған кеңестік жаңа жағдайларды қабылдағысы, өзінің бұрынғы мұратына адал, көзқарастарын өзгерткісі келмейтін бейнелер.

б) Кейбір шығармаларда қалыптасқан жағдай мінездерге пәрменді әсер ете алмайтын болғандықтан, бұл ретте мінезді жан-жақты ашу үшін жасанды жағдайлар жасылынды.

«Жағдай дегеніміз – адамның сезімдері, ойы, іс-әрекетімен бірге өзі өмір сүріп отырған ортаның барлық саяси, экономикалық, экологиялық сипаттарын өз бойына сіңірген тарихи ортасы», – дейді А. Иезуитов [4, 32 б.].

«Адам мінездерін жағдай жасайды. Сондықтан көркем шығармада геройдың мінездерін беталды ойша қарастыруға болмайды. Автор адам мінездеріндегі кездейсоқ жайларды теріп, немесе кейіпкердің сырт бітімін күлкілі етіп көрсетумен адам мінездерін жасай алмайды, бұл үшін өмір шындығына терең бойлап белгілі бір әлеуметтік ортаға тән сипаттарды жинақтап, образ арқылы көрсету керек» – деген Нығымет Ғабдуллин пікірі жанды [5, 65 б.].

Драматургия шарттары тұрғысынан келгенде Қапан Сатыбалдин пьесаларының көркемдік, шеберлік шешімі туралы да нақтылы саралау қажеттілігі айқын.

Қапан Сатыбалдиннің «Махаббат машақаты» атты үш перделі күлдіргі пьесасы автордың өз уақыты, замандастар өмірінен алынып жазылған шығарма.

Шығарманың қатынасушылар туралы берген дәстүрлі таныстырылымының өзінде-ақ автор көпшілік кейіпкерінің мінез-құлқын, өмір дағдысын біршама ұтымды ашып кетіп отырғанын көреміз.

Бұл таныстыру спектакльді қою, әртістердің ойын шартына елеулі ықпалы бар таныстыру. Осы азғана, елеусіздеу көрінетін фактінің автордың шығармашылыққа немқұрайды қарай алмайтын сергектігін де, жанр шартын әбден сіңірген сезімталдық жауапкершілігін де, қаламгерлік шеберлігін де аңдатып жатыр.

Манар – автор айтуында биыл ғана мектеп бітірген өткір мінезді, ақылды, әдемі қыз. Осы сипаттау жалпылама сөздерден құралған сияқты көрінгенімен, көз алдыңда өзі әдемі, өзі мінезді жас бойжеткен тұлғасы елес беріп өтеді. Манардың шешесі қалбалақтаған аңқаулау Ұмсынай кемпір де таныс, бейтаныс бейне. Аудандық милиция бөлімінің тергеушісі Керейдің мінез-құлқын айтып, айтып келіп, автор мынадай елең еткізер ерекшелігін дөп басқан. Расында да жауапты қызметтегі кісіге осындай болмаса да болмайды ғой деп, түсіне қалатын тапқырлық. «Арқа-басы кең, кісілігі мол, нағыз сегіз қырлы, бір сырлы, жайдары жігіт, ретімен байсалды, ретімен қатал».

Иә, «ретімен байсалды, ретімен қатал» мінезді адамдардан. Алатау – болған, толған адамның ұлы, менмен, өркөкірек. Мұндайды да білеміз. Әкесі Дүзелбайдың да іштей толғанатын, салмақты, еңселі адам екендігі көкейге қона кетеді. Бурыл шашты ел ағаларының бірі ғой. Кісіне иықтап, баса-көктеп сөйлейтін мінез, әрине, үлкен адамның бәйбішесі Теңге тәтейге әбден-ақ сыйымды. Қушыкештеу сатушы да, намысты жас Нұртай да, көлгірсіген атбекет те, күлегеш дәуқарын Тезекбай да – қаламгердің дәуірі, заманы туғызған замандас бейнелер.

Қапан Сатыбалдин – драматургия заңдылығын аса сезімталдықпен меңгеріп, игерген қаламгер. Оның пьеса болмысын ашар әр сәт, әр қимыл, әр детальға, кейіпкер портреті ме, айтылған сөз бе, күйзеліс, қуаныштың үнсіз, ым-ишарамен

ашылар сәті ме – шығарма қаңқасын құрайтын барлық «ұсақ-түйектің» жайына қалт жібермей қарайтыны қай шығармасы болсын, қандай жағдайға қатысты болсын көзге ұрып тұрады.

Автор үшін пьеса прологының өзіндік жүгі мәні өз алдына бір көркемдік қағидалар болғандығы осы «Махаббат машақаты» пьесасында да айқын көрінген. Сахна ашылғанда көше көрінісін көрсету – ұтымды. Әлденеге елегізіп жүгіріп шыққан Алатау атты қалаша киінген жігіт пен алашапқын алөкпе кейіптегі Сандыбай атты жігіт неге алаңдаулы?

Сахналық әрекетке драматург сақ қарайды. Әр қимыл, әр ишараның арқалайтын жүгін сезінтіп отырып жазылған драматургиялық туындының бірі – осы «Махаббат машақаты». Комедия жанрының өзіндік ситуациялары бар. Сахна ашылған сәттегі көріністің өзі езуіңе күлкі үйірген. Алашапқын болып жүрген Алатау мен Сандыбайдың аузынан шыққан әр сөзі күлкілі жайға мегзеп жатыр.

«Сандыбай (Алатаудың алшаң адымына азар еріп келе жатыр). Ту, енді ақырын жүрсейші. Кететін жеріне кетіп қалған шығар ол қыз.

Алатау. Мен кетпейді деген соң кетпейді. Бас аяғыңды.

Сандыбай. Не деп еді өзі? Беті бері қараған бірдеңе ме мұның. Әлде тұлыпқа мөңіреп жүрмісің?

Алатау. Ой, қыздың сөзін білмейсің бе? Интернатты бітірейін деген әуелі [6, 149 б.].

«Тегі тілі нашар шығарма өрге баспаса, тілі нашар пьесаға тіпті күн жоқ. Себебі шұрайлы тілсіз характер көріне алмайды, характерсіз конфликт соқтығысы жоқ, ол екеуінсіз әрекет жоқ, қимыл жоқ. Қысқасы, сахналық шығарма жоқ», – дейді Рымғали Нұрғалиев [7, 81 б.].

Қапан Сатыбалдин – халық тілінің қатпар-қатпар қабаттарын шығармаларында молынан қолданған, тілдік қоры аса бай қаламгерлердің бірі болғандығы драматургтың қай шығармасында да көрініс беріп тұрады.

«Махаббат машақаты» пьесасындағы жағдай болып-толған кісінің баласының көзі түскен қызды қайткенде қолға түсіру амал-әрекеттеріне орай өрбиді. Пьесаның қатынасушыларының барлығы да осы жағдайға ұштасып жатқан әрекетке тартылған.

Қапан Сатыбалдин пьесаға қатысушыларды атап өтіп отырып, олардың сырт болмыс, мінез-құлқынан хабарлама жасап қояды. Мәселен, Манар – орта мектеп бітірген өткір мінезді, әдемі, ақылды қыз. Оның шешесі Ұмсынай – қалбалақтаған аңқау кемпір. Ретімен байсалды, ретімен қатал мінез, арқабасы кең милиция қызметкерлері. Әрқайсысына әжептәуір мінездеме алғашқы ақпарда-ақ берілген. Кейіпкер болмысын осының өзінде біршама аңғарып қаласың. Адамға сүзе қарайтын өркөкірек, менмен Алатау атты жігіттің айналасында өрбіген оқиға аудан орталығының оқшаулау бір көшесінде басталып кетеді.

«Сахна, бір есептен, аудан орталығының оңашалау көшесі тәрізді. Әр жаққа созылған басқа көшелер көрініп тұр. Алатау мен Сандыбай әлденеге елегізіп жүгіре шығады. Алатау қалаша әдемі киінген. Сандыбайдың киімі сәлдеу, үстіне костюм, аяғына етік киген, қолына домбыра ұстаған» [6, 149 б.].

Екі бозбала жігіттің алақ-жұлақ етіп, асығыс ізденіп келе жатқаны – бойжеткен қыз Манар. Алатаудың дәмесі Алатаудай. Қыз сөзін беріп еді, интернатты бітірейін деген дейді.

Келесі көріністе көк базардан келе жатқан Тегене жеңгей мен Қарғабай жолығып қалады. Қарғабай – дүкен меңгерушісі, бас пайдасын қуған, қушыкеш адам. Тегенені көре жалпаңдайды. Қолындағы дорбаларын алып көтеріліп әбігерге түседі. Мына жүгіңіз ауыр ғой, сіздің үйге бір келін керек-ау деп жаны ашығансиды. Бұлардан соң Нұртай мен Қарғабай жолығып қалады. Бірі – оқушы студент жігіт, келесісі адвокат. Мінезі көлгір адам. Алатау үйіне қатысты жөн сұрасып, өтіп кетеді де, сахнаға Сандыбай мен Алатау шығады. Екеуі әбден шаршаған сыңайлы. Қызды таппай жүр. Жағдай шиеленіскен. Алатау ашулы. Қыз Тескен тау асып кетсе де, менен құтылмайды деп өрекпиді. Осы сәт қолында кітаптары бар, рюкзак асынған Манар көрінеді. Асығып кетіп бара жатқан қыздың алдынан алатау кес-кестеп тұра қалады. Жағдай жаңа бағыт алады.

Алатау (ысқырып). Хэлло, Манаржан.

Сандыбай (Манарды көргеннен-ақ есі кетіп, жүрегіне қызғаныш оты түсіп, Алатаумен жарыса өзіне-өзі күңкілдеумен болады. Пай-пай-пай-пай, айдын көлдің аққуы екен мынау қыз» [6, 151 б.].

Алатау тың жерге тартып барамын деген қыз сөзінен шоршып түседі. Уәде қайда деп дегібірін қашырады. Қыздың әзіл сөзді түсінбедіңіз бе деп жуып-шайған жайдары қалпы жағдайды ушықтырып жіберсін. Алатау шамданып, шамырқанып, түйіле түскен. Әзіл емес, мазақ десеңші деп тіксіне қалады. Қыз енді-енді мән-жайды ұғына түсіп, бой тартып, сақтана бастаған. Алатау қызға ешқайда бармайсың, жүрегім сенде, тілегім сенде! Мен сені аламын деп өрекпиді.

«Манар. Алғаны қалай? Мен немене соншама, нәрсе ме екем, кім көрінген ала салатын!

Алатау. Ол райт! Сен қызсың, қызыл гүлсің, Манаржан. Гүлді кім бұрын көрсе сол жұлады. Мен сені жақсы көрем, жақсы көрем (Сүймек болып Манарға ұмтылады).

Манар (Алатаудың құшағынан сүйгізбей босанып шығып). Ха-ха-ха! Адамша емес, қасқырша жақсы көреді екесіз сіз бірақ! Мен жек көрем, жек көрем! Түсінікті ме?!

Сандыбай. Ой, қой, қарындасым, ойбай-ау, бұл Алатау ғой, Дүзекеңнің баласы ғой.

Манар. Е, мейлі, маған десе құдайдың баласы болсын (Қайтсе де кетпек болады. Бірақ былай барса былай, алай барса алай, Алатау мен Сандыбай алдын тосып жібермейді). Сіз де осындай ма едіңіз?

Алатау (міз бақпай). Мен сондаймын, Манаржан. Тойды қашан жасайын?

Манар. Ешкінің құйрығы көкке жеткенде жасарсыз» [6, 152 б.].

Алатау аяқ асты қыздың «махаббат» деген ұғымды түсіндіріп беріңіз деген тілегін хош көріп, сабасына түсе қалған, Сандыбай аң-таң.

Сырттан жүгіріп кірген Алатау шешесіне үйленем деп қуанышын жеткізеді. Оқиға әрі қарай өрбуде. Алатау Қуаныштан жүрегі жарылғандай болған апасын одан әрі масаттандырып, тап ертең кешке келіп түсіремін деп салады.

Зарипа атты ауыл келіншегі, базаршы әйел келеді үйге. Тегене одан «Алғабас» ауылындағы кемпірдің бойжеткен қызының жайын сұрайды. Зарина қызды мақтайды.

Бұл пьесада ел өмірінде болып жататын келеңсіздеу бір жайдың себебі, салдары қамтылып баяндалған. Шығармада бірнеше жағдай бар. Алғашқысы – Алатаудың өрекпіп сұлу қызды дегеніне көндірмек болуы. Келесі жағдай – Алатау, Сандыбай, Қарғабай, Зарипа, Тегене тобының қызды алып қашу жоспарын құруы. Үшінші жағдай– қыз алып қашып бара жатқандардың қолға түсіп қалып, Манардың милицияға арыз беруі. Әрі қарайғы жағдай – Тегененің баласын құтқармақ әрекеті. Бұл шараның өзінде бірнеше жағдай өрбиді. Қарғабай, Зарипалар бас сауғалайды. Сандыбай кінәні өзі көтеруге келісіп қалады. Алатау есі ауысқан болып күлкіге ұрынады. Дүзелбай қатқыл мінезімен, илікпей, қайрылмай, білім жетілдіру оқуына кетіп қалады. Керей кешірім сұрап келгендерге илігер емес. Қыздың анасы Ұмсынай кемпір келеді, қызымның арызын қайтып аламын дейді. Манар мен Алатау арасында өткен әңгіме қыздың биік мұраттарға ұмтылған, жаны таза жас екендігін, Алатаудың аты биік болғанымен, заты аласа екендігін көрсетеді. Пьеса тың жерге жұмысқа кетіп бара жатқан Манардың кісіге кесірім тимесін деген қайырымды ісімен аяқталады.

Пьеса моралі – баланы өбектеудің, әсіре махаббаттың машақаты. Автор пьесаға екіұшты мағынаны білдіретін атауды белгілі бір мақсатпен қойған. Жігіттің әсіре, көрсеқызар махаббатының машақаты. Анасының балаға деген артық өбектеуінің машақаты.

Пьеса өз уақытының өзекті мәселелерін романтикалық желіде, жеңіл күлкіге ауыр астар әдіптеп отырып қозғаған. Шығармада есте қаларлық образдар даралығы бар. Ойнақы, орынды сөзбен өрілген ықшам да нақты тіл кестесі бар. Қилы мінезге автор елеулі көркемдік жүк артады. Кейіпкер мінезі оның ішкі рухани кеңістігі, жағдай үстінде ашыла түсіп отырып, жасалады. Адам мінезін де өзі өмір сүріп

отырған ортаның, уақыттың, дәуірдің барлық басты сипаттары көрініс тауып отырды. Мінездің ұлттық сипаты бар. Мінездің әр түрлі жағдайда көрінетін ерекше белгілері тұрғысынан келгенде «Махаббат машақаты» пьесасындағы әр бейненің өз мінезі бар.

Тегене жағдайға қарай қырық құбылады. Құбылысы көп Қарғабай, Зарипалар бар. Сандыбайды тым әккі, сұм, қу демесек те, жадағай, жайдақ мінезі қылмысты біресе мойнына алып, біресе тайқып шыға келгенде көрініп қалады.

Автор жағдайдың көркем шығармадағы спецификасын ұдайы есте ұстап отырғаны байқалады. «Жағдай» – әдебиеттануда табиғаты күрделі, сан қырлы міндет арқалаған ұғым, өзгеше бір категория есебінде танылады.

Драматургияда жағдай ұдайы қозғаушы күш күйінде міндетті түрде шығарма арқауында өзіндік мәнге ие. Қапан Сатыбалдиннің «Махаббат машақаты» пьесасында жағдай жанр табиғатына орай тартыс туғызады. Немесе тартыс аясында жағдай жасалады.

Шығарма нақты бір орта аясында жазылады. Сол ортаға тән ерекшеліктер жағдайда да, жағдай туғызған тартыс жағдайында да көрінуі тиіс. Осы тұрғыдан келгенде, Қапан Сатыбалдиннің аталған пьесасында ауыл өмірінде болып отыратын келеңсіз бір оқиғаның нақтылы бір аудан көлемінде өткен фактісі, сондағы адам мінездері шынайы көркемдік шешім тапқан.

Осы тұрғыда аталған пьесада драматург Қапан Сатыбалдин күлкілі жағдайды өмір шындығынан шығарып жасайды. Қыз алып қашуы үшін баласы қамауға алынып отырған Тегененің тергеушіге «Олай болса, алдымен әкесін соттаңдар. Ол да мені алып қашқан», – деп мәлімдеме жасауы – күлкілі. Әр сәт әр қырынан көрінген таныс, бейтаныс Тегене мінезіне сай жағдай.

Көркем туындыда қаһарман жасау – аса күрделі теориялық негіздемелерге арқа сүйейтін үрдіс. Тұлға жасау, бейне ашу, мінез болмысын көрсету толып жатқан көркемдік тәсіл-амал арқылы жүзеге асырылады.

Қапан Сатыбалдиннің «Махаббат машақаты» пьесасында тартыс жағдайы нақты бір сәт арқылы көрініп отырады. Жағдай ұғымының астарында мінездің ашылуына қатысты тартыс, сәт, оқиға ұғымдары болатыны айтылып жүр.

Көркем туындыда мінез бен жағдайдың тоғысар жері – тартыс. Тартыс – шығармадағы бүкіл оқиға мен мінездің дамуын қозғалысқа келтіретін негізгі күш. Тартыста негізгі өлшем мінездің қоғамдық бейнесін анықтайтын ішкі рухани сапасына байланысты. Тартыс сын сәтте көрінетін ішкі рухани адамгершілік сапасын, бойындағы көмескі, кейде мән беріле бермейтін белгілерін жинастырып, мінездің ашылуына септігін тигізетін қасиетке де ие. «Тартыс» (латынша conflictus – қақтығыс, айқас кейде colliso – ала-ауыздық, талас) – өмірдегі қайшылықтардың өнердегі көрінісі, адам тіршілігіндегі түрліше қарама-қарсылықтардың, адамға тән әр түрлі көзқарастағы, идеядағы, сенімдегі, нанымдағы, іс-әрекетіндегі мақсат-мүддеге кереғар құбылыстардың өнер туындысындағы жинақталуы, суреттелуі [8, 42 б.].

Жағдай тартыстың объективті заңдылығын анықтауда елеулі орын алады.

Шығарма қаһарманының мінез-құлқын ашуда жағдайдың, тартыстың, сюжеттің, сәттің, коллизия, драматизм ұғымдары елеулі жүк көтереді. Әдебиет зерттеу еңбектерде бұл ұғымдардың аражігін ашып қарастыру жағы кемшін.

Өмірдегі тартыстың өнерде көрсетілуі аса күрделі шығармашылық процесс. Жекелеген зерттеушілер тартыс категориясын көркемдік танымтұрғысынан зерделеуге қатысты мынадай ойлар айтады: «... тартысты өз алдына жеке катеория ретінде зерттеу артық нәрсе. Өйткені тартыс пен сюжет кейіпкердің характерін ашуда бір-бірімен де тығыз байланысты. Ол екеуін мінезден жеке қарастыру дұрыс емес» [9, 161 б.].

Әдеби шығармадағы тартыстың сюжет пен құрылымға қозғаушы күш мәнінде әсер етеді. Өмірдегі тартыс пен өнердегі тартыстың өзіндік қырлары туралы айтатын болсақ, өнердегі тартыстың тәрбиелік, адам болмысына бойлау міндеті бар. Өнердегі тартыс өмірдегі тартыстың мәнін, мағынасын ашуға бағытталады.

«Көркем шығарманың драмалық сипаты бастау алу үшін, өз кезегінде белгілі бір сатылардан өтеді. Қарапайым «различи» қарама-қайшылыққа ауып, ол жағдай дәрежесіне көтеріледі. Жағдай белгілі бір сәт (ситуация) әсер еткенде айқындала түседі. Ал коллезия (ала-ауыздық талас) белгілі бір нақты сәтте дамитын қарама-қайшылықтың ашылу формасы. Ал драматизм болса осы ұғымдардың барлығын біріктіріп көркемдік дәреже бере алатын негізгі күш [10, 41 б.].

Қапан Сатыбалдиннің «Махаббат машақаты» пьесасында кейіпкерлер арасындағы қарама-қайшылық, келіспеушілік жағдай аясында, Манар атты мектепті жаңа бітірген қыздың алап қашылуына байланысты туындаған жағдайда өрбиді. Бір қарағанда барлығы тілектес, ниеттес көрінген кейіпкерлер жағдай ушыға бастағанда тартысқа түседі. Дүзелбай бәйбішесі Тегене мен баласы Алатауға қарсы. Керей тергеуші қылмысқа қатысқан топ мүшелерінің барлығына қарсы жақта тұр.

Пьесада автордың мораль, тәрбие мәселесін көтере отырып өмірлік жағдайдың сабағын сахналық көрініс арқылы көрсету мақсаты көркемдік шешім табады. Кейіпкерлер мінезі – дара, айтылған сөз, қимыл-әрекет те бірін- бірі қайталамайды. Тегене – бас пайданы ғана ойлайтын, барын бұлдаған бәйбіше. Кезі келгенде қырық құбылып, жағдайдың құлы бола қалады. Алатау – әке-шешенің еркесі, жас та болса, мастану, масаттану дертіне шалдығып үлгірген. Манар– таза жүрек, тура, бірбеткей, адал жан. Жақсыға құштар. Дүзелбайдың да өз мінез-болмысы бар. Іске шындап кіріспегенімен, Тегененің де тізгінін тартпайды. Астыртын бір құпия ойларына құрық бойлатпас салқын қалпын бұзбаған әккі адам.

Әдебиеттану, әдебиет теориясында мінездің жағдайды өзгертетін ықпалы айтылады. Расында да жағдайды туғызатын адам мінезі. Ал жағдай өз тарапынан мінезді ашады, көрсетеді. Бұл өзара сабақтас тіршілік иірімдерін көркемдік кеңістікте, соның ішінде драматургия жанрында көрсетудің өзіндік шарттары бар.

Драмалық туындыда жағдай – мінез арақатынасы ширыға түсіп, ықшам, жедел көрсетіледі. Пьеса барысында жағдай туғызған мінез-құлық кереғарлықтары тұтас көрініс табады. Яғни тартыс шарықтау шегіне, шешіміне жетеді.

Сәттер жиынтығы мінезді тұтас бейне деп танытуға, оны әдеби органикалық бірлік есебінде қабылдауға түрткі болады, мұнда ХХ ғасырдағы қазақ әдебиеті адамды қалыптастырушы, бағыттаушы әлеуметтік жағдайлар – тұрмыс әрекеттері мен еңбекке, өмірлік мұрат-мақсатқа, идеялық ықпал етуге арқа сүйеді. Әдеби бейнені жасайтын көркем шығарма кейіпкерінің ерік, жігері, құлшыныс, құштарлығы, елігу мен шабыт сияқты күрделі құбылыстардың тоғысуы. Автор идеялының тартыс, мінез мәселесінде өзіндік орны бар. Осы орайды Қапан Сатыбалдин жаны жақсыға құштар Маржан, Нартай сынды жастар болмысын үлгі етеді.

Жағдай мен мінездің түйісу тұсы көп жайдың басын ашып тастайды. Бұл көркемдік құбылыс «Махаббат машақатында» ұтымды берілген.

Тартыс үстінде жағдай күрт өзгеретін сәттер бар. Адамның бұрын байқала бермеген қырларын көрсету үшін шығармада жағдай сипаты мақсатты түрде ауысып отырады. Осы тұрғыда «Махаббат машақатында» тәп-тәуір нәтижеге қол жеткізген жазу тәсілдері, көркемдік әдіс аз емес.

Ұлттық прозада, драматургия жанрында жағдай мен мінездің қалыптасқан тұрақты байланыстар туралы айтылады. Мәселен, ХХ ғасырдағы күрделі қоғамдық-әлеуметтік төңкерістер адамның мінез-құлқының өзгеруіне жаңа жағдайлар жасады.

Көркем шығармада тұлға тұғырында бейнеленген кейіпкерлер жағдайды өзгертуде ықпалды болды, соған құлықты болды. Өзіне қалаған, қолайлы жағдай жасау үшін әрекет етті. Өмірлік жағдайларды қабылдамай, қарсылық білдірген мінездер туа бастады. Мінез бен жағдай арақатысында өзара бейімдеу, ықпалдасу, синхронды өзгеру үрдісі байқалды.

Тартыс табиғаты өмір алға озып, әлеуметтік тұрғырлар жаңғыруына орай өзгеріске түсіп отырады. Жалпы қазақ әдебиетінің қай жанрындағы туындының да болмысын тартыстың мінез бен жағдайға қатысы туралы іргелі, күрделі зерттеулер жоқтың қасы.

50-60-жылдары қазақ прозасында мінездің өмірлік, әлеуметтік жағдайларға іштей қарсылығы айқын көрсетіліп, жазыла бастады. Әдеби туындыда характер белсенділігі арта түсті, автор идеясына мінез бойындағы ынсап пен ындынның арақатынасы мазмұн болды. Замана бағытындағы күрделі адамгершілік меже, биік моральдық сапа мінез дамуы үшін өнімді жағдай жасағанмен, өмір ағысы, тіршілік ақиқаты адам жанын кереғарлықтармен қаумалады. Адамгершілік қолдап биік мұраттар өріс таба алмай, тұсалып, тежелді. Осы кезең қаламгерлері тұрмыс пен болмысты әр қырында тануға, ашуға, адамның өзіндік ұстанымын айқындай түсуге ден қойды. Экстремальдық сәттер, рухани дағдарысқа, әлеуметтік қарама-қайшылықтарға толы жағдайдағы мінездің ішкі бұлқынысы мен сыртқы іс-әрекетіне, имплициттік, эксплициттік сырларына үңілу арқылы қаламгерлер бейне ашуда тың көркемдік барлауларға барып отырды. Осы кезеңнің әдеби дамуындағы рухани-адамгершілік иірімдер ықпалы Қапан Сатыбалдин туындыларында да айқын. Адамның қалыптасуы, даму сәттеріне мұқият мән бере қарау, оның бойындағы адами сезім-қасиеттердің орнығу себептерін, ерік-жігер, сенімнің әрбір көрінісін шынайы жағдайларда бақылау, бағалау, ұғындыру сияқты қазақ прозасы мен драматургиясындағы бағыттар аясында Қапан Сатыбалдин шығармашылығы да бар. Өмір мен ортадағы жалғандық, көлгірсу, көзбояу, бойкүйездік, т.б. келеңсіз, кереғар құбылыстармен келіспеушілік сарыны «Махаббат машақаты» пьесасында да айқын.

XX ғасырдағы қазақ прозалық туындыларының ендігі бір парасында мінез жылжымалы, өзгермелі, ауыспалы жағдайларға әсер етеді. Күнделікті күйбең тіршілік, дағдылы ортада мінездің ішкі сырын, жасырын арманын, құпия мақсатын ашып көрсету мүмкін бола бермегендіктен, қаламгерлер адамды кездейсоқ сәт, парадокске толы оқиғаға араластыра отырып, оның басты қасиеттерін, басым өмірлік ұстаным мен дүниетанымының терең қабаттарын ашуды авторлық мақсатқа айналдырады, яғни басты көркемдік нысана – жағдай арқылы мінездің болмысын анықтау, айқындау. Бұл тұрғыдан келгенде, мәселенің екінші қыры – бағыттау жайы бас көтереді.

Өмірлік ситуациялар ашылуының арғы астарында тәрбиелеу, бағыттау мүддесі бар.

Әдебиеттер:

1. Чуковский К. Высокое искусство. – М.: Советский писатель, 1988. – с. 352.

2. Крамов И.Н. В поисках сущности. – Алматы: Жазушы, 1980. –310 с.

3. Ысқақұлы Д. Сынсонар. – Алматы: Қазақ университеті, 1994. – 240 б.

4. Иезуитов А. И. Проблема характера в советской прозе. – М.–Л.: Советский писатель, 1962. –415 с.

5. Ғабдуллин Н. Замандас келбеті: Қазіргі қазақ прозасы жайында зерттеу. – Алматы: Жазушы,1972. – 224 б.

6. Сатыбалдин Қ. Таңдамалы шығармалар / Құраст. Е. Домбаев, К. Ахметова. – Алматы: Жазушы, 1973. – 416 б.

7. Нұрғали Р. Драма өнері. – Алматы: Санат, 2001. – 480 б.

8. Абалкин Н. В поисках конфликта // Новый мир. – 1953. – №5. – С. 15.

9. Есембеков Т. Әдеби талдауға кіріспе. – Қарағанды, 1991. – 78 б.

10. Платонов А. Избранные произведения: в 2-х томах. Т. 1. – М., 1978. – 430 с.

Шакирова К.М.

Проблема характера и обсоятельств в пьесе Капана Сатыбалдина «Любовные хлопоты»

В статье рассмотрены содержание, функции и взаимосвязь понятий «характер» и «обстоятельство» в художественном произведении. Проанализированы образность понятий «характер» и «обстоятельство» в искусстве, художественно–эстетические особенности этих понятий и их роль в

произведении в создании смыслового пространства художественного текста. Исследована взаимосвязь данных категорий в произведении искусства для воссоздания жизненной правды.

Ключевые слова: *художественное произведение, характер, обстоятельство, вопросы характера, национальная литература, конфликт, национальная проза, жанр драматургии, природа драматургии, литературный характер.*

Shakirova K.M.

Kapan Satybaldin`s play "Makhabbat mashakaty","character" and "situation" problems

There are considered in the contents, functions and interrelation of the concepts «character» and «circumstance» of a work of art. Investigating figurativeness of concepts of «character» and «circumstance» in art, they are shown as complete system. Art and esthetics features of these concepts and their role in work in creation of semantic space of the art text are considered. The interrerion of these categories in a work of art is investigated for a reconstruction of the truth of life.

Keywords: *artistic work, character, circumstance, the matter of characters, national literature, conflict, national prose, drama genre, the nature of drama, literary character.*

УДК: 94(574): 331.105.445

Рысбеков Т.З. – доктор исторических наук, профессор,
ЗКГУ им. М.Утемисова
Жанасов А.А. – магистрант ЗКГУ им. М.Утемисова
E-mail: zhanassov10@mail.ru

ОБРАЗОВАНИЕ ПЕРВЫХ ПРОФСОЮЗОВ В КАЗАХСТАНЕ

Аннотация. *В данной статье рассмотрены проблемы возникновения и становления профсоюзов и профессионального движения в Казахстане в период первой русской революции. Даются сведения о появлении профсоюзов железнодорожников, медицинских работников и учителей. Созывались собрания рабочих для обсуждения задач профессиональных союзов.*

Ключевые слова: *Профсоюз, профессиональное движение, первая русская революция, Русско-Киргизский союз, профсоюз медицинских работников, Петропавловский профсоюз железнодорожников, Уральск, периодическая печать.*

В огне революционных боев 1905 - 1907 гг. рабочие и служащие Казахстана стали впервые создавать свои профессиональные организации. Их появление здесь, как и во всей стране, явилось началом нового этапа в развитии рабочего движения.

Слабая изученность начального периода профсоюзного движения в Казахстане породила довольно распространенное мнение о том, что до 1917 года в крае существовали в лучшем случае отдельные профсоюзные ячейки, и то только в наиболее крупных городах и предприятиях.

Железнодорожники были ударным отрядом местного рабочего движения. Они же достигли и относительно высокого уровня профсоюзной организованности [1, с. 77].

На Оренбургско–Ташкентской магистрали профорганизации в период первой русской революции возглавлялись двумя областными комитетами. Один из них находился в Ташкенте, другой – в Оренбурге.

Под руководством Ташкентского областного комитета на территории Казахстана, входившей в Туркестанский край, находились три линейных районных комитета Всероссийского железнодорожного союза: Туркестанский (станция), Перовский (Перовский революционный комитет) и Казалинский.

Под руководством Оренбургского обкома работали Актюбинский и Челкарский линейные районные комитеты [2, с. 395]. На Сибирской и Рязано–Уральской магистралях в их казахстанской части действовали соответственно Петропавловский и Уральский профсоюзы железнодорожников.

Таким образом, на железных дорогах Казахстана в период первой русской революции существовала сеть местных профсоюзных организаций, которая при руководстве революционных социал-демократов была способна распространить свое влияние на всю армию местных железнодорожников. В стачечных боях они показали это на деле.

В апреле 1905 года в Москве состоялся съезд делегатов от рабочих и служащих десяти железных дорог, положивший начало Всероссийскому железнодорожному союзу. В своей программе союз заявил, что его главное требование – изменение существующего государственного строя [3, с. 240]. Вскоре союз распространил свое влияние на большинство дорог страны. Создавались местные профессиональные организации железнодорожников.

Непосредственное руководство профсоюзным движением местных железнодорожников было организационно сосредоточено в Омске, Ташкенте, Оренбурге и Саратове. Это обусловливало значительный размах продвижения среди железнодорожников в крае и способствовало тому, что забастовочная борьба в Казахстане без особой задержки следовала за высшими ее подъемами во всей стране и, в частности, в Сибири и Средней Азии.

Общей целью руководствовались и районные комитеты профсоюзов железнодорожников. Вот что писал полицейский следователь о группе работников Казалинского районного железнодорожного комитета Гостеве, Ежкове, Канифаскине, Дубровском и др., арестованных в 1906 году. «…Они образовали сообщество под названием «Казалинский районный комитет Туркестанского отделения Всероссийского железнодорожного союза», которое заведомо поставило задачей своей деятельности ниспровергнуть путем единовременного прекращения движения поездов и работ на всех железных дорогах, а в случае надобности и путем вооруженного восстания, существующий в государстве общественный строй с тем, чтобы заменить таковой новым на началах, проповедуемых социал-демократической рабочей партией».

Аналогичные цели преследовали и другие районные комитеты профсоюза железнодорожников.

В Уральске революционные социал-демократы сумели выковать из профсоюза железнодорожников боевую пролетарскую организацию, во главе которой стояли Н.Смуров, впоследствии один из славных командиров Чапаевской дивизии, Н.А. Покатилов, будущий председатель городского совета Уральска, Н.И. Ульянов, в 1919 году председатель Уральского ревкома. Созданию организации активно содействовали большевики Саратова. Здесь профсоюз железнодорожников возник значительно раньше, чем в Уральске. Здесь же находился и районный комитет профсоюза работников всей Рязано–Уральской магистрали.

С течением времени уральский профсоюз железнодорожников настолько укрепил свои связи с рабочими, что даже в первые месяцы наступившей реакции (осенью 1907 года) продолжал действовать нелегально, собирать членские взносы для выдачи «пособий рабочим во время забастовки», «уволенным со службы и арестованным по политическим делам, на разъезды по делам организации, на литературу легальную и нелегальную». Часть своих средств он пересылал в Саратовский районный комитет профсоюза.

При профсоюзе имелась нелегальная библиотека, которая в целях конспирации, хранилась у лица, не имеющего никакого отношения к железной дороге.

Вслед за железнодорожниками уральские революционные социал-демократы вовлекли в профессиональное движение и другие отряды городских рабочих и служащих. К концу первой русской революции Уральск превратился по тогдашним масштабам в относительно крупный очаг профсоюзного движения. Здесь, кроме нелегального профсоюза железнодорожников, были и легальные профорганизации: профсоюз кондитеров; общество лиц, занятых торгово-промышленным служебным трудом в г. Уральске и области; профсоюз типографских рабочих; общество ломовых извозчиков; профсоюз официантов и поваров.

По инициативе местных социал-демократов в Уральске созывались собрания рабочих для обсуждения задач профессиональных союзов. Важное значение имело состоявшееся 1 июня 1906 года общегородское собрание трудящихся. В нем приняли участие 250 человек, преимущественно из рабочего и ремесленного люда. Выступивший на собрании представитель Уральской организации РСДРП Лечтфорд обрисовал тяжелое положение рабочего класса, его борьбу с капиталом. Он призвал трудящихся к организации профсоюзов.

Участники собрания избирали организационный комитет по созданию профсоюзов. Среди существовавших в Уральске профсоюзов наиболее сплоченным и

боевым после железнодорожного был профсоюз типографских рабочих. Явочным порядком он ввел в типографиях 8-часовой рабочий день и упорно его отстаивал. Когда во вновь открытой типографии Симакова был установлен при поддержке несколько отсталых полиграфистов 10-часовой рабочий день, этот профсоюз через газету «Уральский дневник» объявил типографии бойкот, исключил штрейкбрехеров из своих рядов, призвав рабочих прекратить с ними всякие ношения. Профсоюз обратился к другим газетам с просьбой опубликовать его заявление.

Примечательно, что уральские типографические рабочие послали своего представителя, наборщика социал-демократа Коканова на I Всероссийскую конференцию работников печатного дела, состоявшуюся в Финляндии в марте 1907 года. Горняки Казахстана выдвинули своеобразную профсоюзную организацию – «Русско-Киргизский союз», вписавший яркую страницу в историю рабочего движения. Характерно, что образование этого «Союза» по времени совпадает с первыми попытками горнорабочих Сибири создать свою профессиональную организацию. Почти одновременно возникают «Союз южно-енисейских рабочих» на приисках в южной тайге Енисейского округа [4, с. 5-6] и «Русско-Киргизский союз» на Успенских рудниках Центрального Казахстана. Определенная близость наблюдается и в требованиях, которые оба эти профсоюза выдвинули в своей забастовочной борьбе.

Немало общих черт можно найти в забастовочном движении железнодорожников и работников связи Казахстана. Как те, так и другие выступали одновременно в единстве с родственными им по характеру производства отрядами российского пролетариата, имели в своем активе крупные стачечные бои в масштабе всего края. Они были организационно связаны с руководящими профсоюзными центрами страны и в своей борьбе руководствовались общими всероссийскими Кустанае и других городах вели упорную требованиями и задачами стачечного движения.

Все это обусловливалось, прежде всего идейным руководством революционной социал-демократии профессиональным движением и практически сказалось во время октябрьской политической стачки и последовавшей за ней ноябрьской почтово-телеграфной забастовки (1905 г.). С первой связано зарождение профессионального движения в Казахстане, а вторая стачка продемонстрировала огромную тягу местных рабочих и служащих к профессиональной организованности.

В 1906 году в Семипалатинске после успешной всеобщей городской стачки местные рабочие объединились в единую профессиональную организацию – «Рабочий союз». Кроме того, возникло «Профессиональное общество служащих торгово-промышленных предприятий г. Семипалатинска».

Необходимо заметить, что профсоюзная организация торгово-промышленных служащих была тогда самой распространенной в Казахстане. Профсоюзы или общества приказчиков существовали почти во всех крупных городах. За свое влияние в них местные большевики в Семипалатинске, Уральске, борьбу с меньшевиками, буржуазными националистами, эсерами и кадетами.

Местная революционная социал-демократия с самого начала своей деятельности стремилась завоевать на свою сторону симпатии трудовых и мелкобуржуазных слоев городского населения. Об этом свидетельствует и такой малоизвестный факт, как, например, влияние революционных социал-демократов в Кустанае на медицинских работников. В связи с этим здесь в мае 1907 года состоялся уездный съезд врачей, который, не страшась полицейских репрессий, прямо что организация врачебного дела существовавшая в Кустанайском уезде, является чисто бюрократическая и не соответствует потребностям населения.

После съезда была предпринята попытка добиться легализации профсоюза медицинских работников. Первый пункт из устава этого союза, представленного на

утверждение местных властей, был таков, что данный союз учреждается в Кустанайском уезде в целях:

а) организации и регулирования медицинского дела уезда;
б) защиты интересов врачебного сословия;
в) взаимопомощи и материальной поддержки врачебного персонала;
г) распространения медицинских знаний среди населения Кустанайского уезда.

Колониальные чиновники запретили устав по многим мотивам и прежде всего потому, что первый пункт проекта, где целью союза поставлена организация и регулирование медицинского дела в уезде, не подходит род условия, допускаемые законом.

Вообще заметим, что ни рабочим, ни служащим Кустаная не удалось в период первой русской революции добиться легализации своих профсоюзных организаций, хотя попытки в этом направлении делались неоднократно. Безуспешными остались и попытки получить разрешение у властей на издание еженедельного журнала «Первый луч», в котором намечалось завести постоянный раздел «Профессиональное рабочее движение».

Близко к профсоюзу по своим задачам было и «Уральское общество ветеринарных врачей». Общество возникло в Уральске в 1897 году и преследовало цели научной разработки вопросов ветеринарии, а также заботилось о защите интересов ветеринарных работников. В Западном Казахстане тогда существовало еще «Уильское общество ветеринарных врачей».

Примечательно, что в 1904 году, когда уже чувствовалось приближение первой русской революции, Уральское общество ветеринарных врачей решило демократизировать свой устав и расширить круг лиц, которым открывался доступ в объединение. В этих целях было постановлено принимать в состав общества не только лиц с высшим образованием, но и коневодов, овцеводов, скотоводов. Усилилось внимание к задачам защиты трудовых интересов ветеринарных работников.

В период первой русской революции русские и казахские учителя добивались легализации своих профессиональных организаций, но неизменно наталкивались на отказ местных властей.

Призывы организоваться в профсоюз учителя Казахстана получали из Петербурга, Сибири и других районов. В конце ноября 1905 года в Сибири было опубликовано письмо сельского учителя «К народным учителям». Оно заканчивалось обращением: «Соединимся же все, народные учителя! Соединимся дружной цепью и энергично с омерзением и в то же время с глубочайшим наслаждением сбросим со школы и с себя этот ужасный до чудовищности гнет… да здравствует Всероссийский союз учителей!».

Самостоятельные учительские кружки или кружки со смешанным составом из представителей разных кругов интеллигенции были также организованы революционными социал-демократами в Петропавловске, Акмолинске и некоторых других городах Казахстана. В своих воспоминаниях Сейтгали Мендешев, впоследствии один из крупных государственных и партийных деятелей республики, рассказывает: «В 1906, 1907 и 1908 гг. я был инициатором и организатором подпольного союза интеллигенции (учителя, фельдшера и т.п.) в Букеевской степи с профессиональными и политическими задачами. Состоял казначеем и библиотекарем этого союза».

По закону от 4 марта 1906 года были лишены права объединяться в профессиональные общества железнодорожные рабочие и служащие, работники почты, телеграфа и других государственных учреждений, сельскохозяйственные рабочие и т.д. Под этот закон подпадали и учителя городских и сельских школ.

Таковы в основном выявленные факты о существовавших в 1905–1907 гг. профсоюзах в Казахстане. Опираясь на эти факты, можно сделать вывод, что в период первой русской революции в Казахстане, как и во всей стране, началось профсоюзное движение. Оно зародилось как составная часть всероссийского продвижения [1, с. 88].

Первые профсоюзы в крае появились в конце 1905 года. Большинство же из местных профорганизаций возникло на протяжении 1906 года. Учась на собственном опыте, рабочие все глубже осознавали необходимость профессиональных объединений, создания массовых организаций для защиты своих интересов. Однако, вырвать у колониальной администрации согласие на регистрацию профессионального объединения было нелегким делом и требовало упорной борьбы. Царские чиновники всячески изощрялись, чтобы отказать рабочим в регистрации профсоюзов или по крайней мере притупить классовое острие их уставов. Так, например, кустанайский уездный начальник, уловив, что в представленном на утверждение проекте устава цель профсоюза целиком позаимствована из социал-демократического учения, предложил исключить из него требования о восьмичасовом рабочем дне, воскресном отдыхе и др. Вместо них он включил пункты, лишавшие профсоюз «права устраивать концерты, спектакли и вечера, публичные собрания» и т.д.

Таким образом, устав профсоюза превращался в устав его бесправия. В этих условиях даже легальные профессиональные организации фактически находились на полулегальном положении.

Рядовые члены профсоюзов, не говоря уже об активистах, подвергались полицейским преследованиям. Даже хранение профсоюзного членского билета считалось царской охранкой тяжким преступлением. Так, например, уликой против арестованных на станции Туркестан слесарей депо Селезнева и Петрище послужили найденные в их фуражках именные удостоверения о принадлежности к Туркестанскому районному комитету Всероссийского железнодорожного союза.

При всем этом группы и организации РСДРП в Казахстане всячески стремились использовать легальные возможности профсоюзов для работы среди трудящихся масс, повышения их классового самосознания, пролетарской организованности.

В руководстве продвижением революционные социал-демократы добивались правильного сочетания экономической борьбы с политической. Они разоблачали оппортунизм меньшевиков, гибельную для рабочего класса идейку о «нейтральности» профсоюзов [1, 89 с.].

Отличительные особенности возникших профессиональных союзов в центральных районах страны сказывались и на ее восточных окраинах.

Характерно, что география первых профсоюзных организаций в крае целиком совпадает с географией первых местных социал-демократических организаций и групп. В таких городах, как Петропавловск, Уральск, Казалинск, Семипалатинск и др., где более или менее активно действовали члены РСДРП, рабочие успешно сплачивались в профсоюзы и переходили к организованным формам классовой борьбы.

Для изучения истории начального периода профсоюзного движения в Казахстане определенный интерес представляет местная, пусть малочисленная, прогрессивная периодическая печать того времени. В Семипалатинске, например, выходила газета «Семипалатинская жизнь», направление которой местный военный губернатор в своем отношении в департамент полиции от 28 марта 1907 года охарактеризовал как противоправительственное на почве социал-демократического учения. По поводу редактора газеты «Уральского дневника» Д.Г. Колотилина власти писали, что он был по убеждениям социал-демократ (большевик).

С конца 1905 – начала 1906 гг. на страницах газет левого направления стала появляться хроника профессионального движения. Это были эпизодически помещаемые заметки, в которых рассказывалось читателям о происходивших собраниях рабочих и служащих по вопросам, связанным с организацией и деятельностью профсоюзов, освещались, хотя и скупо, отдельные стачки, а иногда затрагивались общие вопросы жизни и быта трудового люда. Изредка появлялись на страницах газет статьи на политические темы, близкие интересам народных масс.

Исключительно важное значение для профессионального движения в крае имела прогрессивная периодическая печать Оренбурга, Омска, Ташкента. Здесь находятся интересные корреспонденции из Уральска, Петропавловска, Семипалатинска и других городов края, которые помогали местным рабочим ориентироваться в обстановке, узнавать о событиях в разных районах Казахстана, следить за ходом отдельных стачек и т. д.

К концу первой русской революции профсоюзное движение в Казахстане достигло такого уровня, что назрела необходимость в собственном органе печати. В этом нашла одно из своих выражений борьба местных революционных социал-демократов по осуществлению указания В.И. Ленина, высказанного им еще в работе «Что делать?». «Профессиональные организации, – писал В.И. Ленин, – не только могут принести громадную пользу в деле развития и упрочения экономической борьбы, но и стать весьма важным пособником политической агитации и революционной организации» [5, с. 426].

25 марта 1907 года в Семипалатинске вышел первый номер еженедельного журнала «Трудовая жизнь», посвященного, как указывалось в его заголовке, «защите экономических и правовых интересов трудящегося класса». С этого времени профсоюзная печать в крае начинает свое летоисчисление. Являясь частью профсоюзов России, самых революционных профсоюзов в международном рабочем движении, профессиональные организации Казахстана участвовали под руководством местных революционных социал-демократов в суровых классовых боях, которые охватывали широкие рабочие массы.

Особенно показательна в этом отношении деятельность одной из старейших в Казахстане профессиональных организаций – Петропавловского профсоюза железнодорожников.

Профсоюзы уделяли много внимания культурно-воспитательной работе, что способствовало повышению общеобразовательного и культурного уровня пролетариата.

Литература:

1. Шафиро Ш.Я. Первые группы РСДРП и начало профсоюзного движения в Казахстане (1905-1907 гг.). – Алма-Ата: Казахстан, 1961. – 215 с.

2. Пясковский А.В. Революция 1905-1907 гг. в Туркестане. – М., 1958. – 616 с.

3. Кириллов В. Большевики во главе массовых политических стачек в период революции 1905-1907 гг. – М., 1965. – 360 с.

4. Профсоюзы Сибири в борьбе за власть Советов (1917−1919 гг.). – Новосибирск, 1928. – 119 с.

5. Ленин В.И. Полное собрание сочинений. Т. 5. – М., 1967. – 550 с.

Рысбеков Т.З., Жанасов А.А.

Қазақстанда алғашқы кәсіподақтардың құрылуы

Бұл мақалада бірінші орыс революциясы кезіндегі Қазақстандағы кәсіподақтар мен кәсіби қозғалыстардың пайда болу және қалыптасу мәселелері қарастырылған. Теміржолшылар, медицина қызметкерлері, мұғалімдер кәсіподақтарының пайда болуы туралы мәліметтер беріледі. Кәсіби одақтар мәселелерін талқылауға жұмысшылар жиналыстары шақырылған.

Тірек сөздер: *кәсіподақ, кәсіби қозғалыс, бірінші орыс революциясы, Орыс-Қырғыз кәсіподағы, медицина қызметкерлерінің кәсіподағы, Петропавл теміржолшылар кәсіподағы, Орал, мерзімді басылым.*

Risbekov T.Z., Zhanassov A.A.

The formation of the first trade unions in Kazakhstan

This article discusses the problem of the origin and formation of trade unions and the trade union movement in Kazakhstan in the during of the first Russian revolution. Provide information about the appearance of railroad unions, health workers and teachers. Convene meetings of workers to discuss the problems of the trade unions.

Keywords: *trade union, the trade union movement, the first Russian revolution, Russian-Kyrgyz union, union health care workers, Petropavlovsk the trade union of railway workers, Uralsk, periodicals.*
ӘОЖ: 908

Ахметова Ұ.Т. – тарих ғылымдарының докторы,
Атырау мұнай және газ институты
E-mail: ulzhan.axmetova.67@mail.ru
Жумабаев А.Ж. – Х.Досмұхамедов атындағы
Атырау мемлекеттік университетінің 1-курс магистранты
E-mail: tarix212@mail.ru

ИСАТАЙ АУДАНЫНДАҒЫ МҰНАЙ ИГЕРІЛУ ТАРИХЫНАН

Аңдатпа. *Мақалада Батыс Қазақстан аймағының Атырау облысына қарасты Исатай ауданындағы мұнай кеніштерінің ашылуы және даму тарихы қарастырылады.*

Тірек сөздер: *Қазақстан тарихы, мұнай, қазақ мұнайының тарихы, мұнай өндірісі, Исатай ауданы.*

Қазақстан Республикасы мұнай және газдың мол қорымен әлемге танымал. Соның ішінде Батыс Қазақстан аймағының Атырау облысына қарасты Исатай ауданы – мұнай қорының бай өлкесіне жатады. Исатай ауданындағы кеніштердің игерілуі жайлы әдеби және публистицикалық шығармаларға арқау болғанымен, арнайы ғылыми зерттеу аумағына алынбаған. Сондықтан да бұл тақырыбымыз қазіргі таңда өзекті.

Қазақ мұнайының тарихына қатысты жарық көрген Ә.Қ. Мұқтардың «Қазақ мұнайының тарихы (1940 жылдарға дейін)» атты монографиясында Қазақстан мұнай кәсіпшіліктерінің 1940 жылдарға дейінгі даму тарихына тоқталса [1], М.У. Есалиеваның «Рабочие кадры нефтяной промышленности Казахстана (1970-1990 гг.)» еңбегі [2], мен Л.Б. Бердіғожиннің «Қазақстанның мұнай-газ өнеркәсібі: кадрлық әлеуеті» [3] атты зерттеулерінде қазақ мұнайы саласындағы жұмысшы кадрлардың әр кезеңдерде қалыптасуын қарастырған. Серикова Л.С. « Қазақстанның мұнай-газ кешендерінің даму тарихы (1985-2000 жж.)» еңбегінде 1985-2000 жылдар аралығындағы Қазақстандағы мұнай-газ кешендерінің тарихы және дамуына назар аударған [4].

Сонымен қатар танымдық бағытта жарық көрген «Қазақстан мұнай энциклопедиясында» мынадай мәліметтер бере кетеді. Қазақ мұнайы алғаш рет 1899 жылы Атырау облысы аумағындағы Қарашұңгіл кен орнынан алынғаны тарихтан белгілі. Осы мезгілден бастап өлкеде барлау жұмыстары жүргізіле бастады. Орал облысының 1913 жылғы Шолуында: «...Орал облысының Гурьев уезінде бірталайдан бері жүргізілген барлаулар оң нәтижесін берді. Орал-Каспий Мұнай қоғамына Доссордан әрбіреуі 10 десятиннен тұратын 5 бөлікше, Мақат деп аталатын жерден 10 десятиннен тұратын 1 бөлікше, Ескенеден 10 десятиннен тұратын 1 бөлікше берілді. 1914 жылдың 1 қаңтарына Гурьев уезінің әр түрлі аймақтарынан мұнай өндіру үшін бөлінген жер 29 бөлікшені құрады. 1913 жылы Орал-Каспий Мұнай қоғамы Доссордан 4450615 пұт мұнай өндірді», – деген мәлімет берілген. Одан әрі 1900-1917 жылдар аралығында іздеу-барлау жұмыстарымен Ембі ауданы ғана емес, Еділ-Жайық аралығы (Новобогат, Қара Өзен), Батыс Мұғалжар маңы (Мортық, Итассай), Каспий маңының орталық бөлігі (Мәтенқожа) және Ақтөбелік Орал өңірі (Жуса) де қамтылды. Барлауға 20 құрылым мен алаңшалар тартылды, оларда 166 барлау және 117 игерім ұңғымалары бұрғыланды. Барлау жұмыстары Мақат және Солтүстік Ескене өңірлерінде, өзге де алаңшаларда жүргізілді. Солтүстік Ескенеден 7 ұңғыма, Қарашұңгілде 19 ұңғыма бұрғыланған [5, 48 б.]. 1915 жылы Мақатта сынама игерім жұмыстары басталады. Өнеркәсіптік мұнай ағымы юра (жер қабатының дәуірі – Ұ.А., А.Ж.)

түзілімдерінен алынып, ұңғымалардың бірінен мұнай 18,5 сағат бойы бұрқақша атылып тұрды. С.Леман компаниясы зерттеу кезеңінде Қаратонда 20 барлау ұңғымасын бұрғылады, бұлардың барлығынан дерлік мұнай көздері анықталды, кейін мұнай өнімі тәулігіне 8 тоннадан 160 тоннаға дейін жетіп, мол мұнай шикізаты алынып, толағай табыстарға кенелген болатын.

Ал 1912 жылы барлау жұмыстары Новобогат кенорындарында жалғасты, мұнда 23 ұңғыма бұрғыланып, олардың жалпы ұзындығы 6195 м. құраған болатын. 1913 жылы Қара Өзен, Білеулі, Жыңғылды, 1914 жылы Ақаткөл, Сатыбалды, Теген, 1915 жылы Мәтенқожа, Мортық, Итассай, 1916 жылы Кейкебас, Жоса, 1917 жылы Иманқара, Дөңгелексор, Жалтыр алаңшалары игеріледі. Алғашында мұнай бұрқақтық әдіспен өндірілсе, кейінірек, ұңғыманың өздігінен мұнай бұрқағы толастағаннан кейін, оны ұңғыма ернеуі маңында әдейі орнатылған шұңқырлардан шығыршықпен тарту әдісімен сорғылап өндірді. Бұл - мұнай өндірудің өте қарапайым әдісі еді. Осы әдісті қолдану арқылы Ембіде 20 жылдан астам уақыт бойына мұнай өндірілген.

Мұнай өндіру тарихында «Ембі» мұнай өндіру және сауда акционерлік қоғамының (1911-1919 жж.) орнын ерекше атай аламыз. Бұл қоғам үкімет актісіне сәйкес 1912 жылы 10 сәуірінде құрылып, оның құрылтайшылары толық статтық кеңесші Э.Л. Нобель, статтық кеңесші Т.В. Белозерский және дәстүрлі құрметті азамат И.И. Стихеев болды [5, 49 б.].

1924 жылы болып өткен Халық шаруашылығының Жалпыресейлік Кеңесінде жасалған «Орал-Ембі ауданы және оны дамытудың перспективалары» атты баяндамада «Доссор мен Мақат – осы екі кәсіпшілік бүкіл ауданның мұнай өнеркәсібінің бастамасы» деп аталып көрсетілді. «Бұл кенорындарды пәрменді түрде барлау шаралары 1924-1925 жылдарда басталып, 1926-1927 жылдарға дейін жалғасты, мұның нәтижесінде алты мүмкіншілігі жоғары белдем анықталды, олар: біріншіден, «Доссор» белдемі, оған Сағыз өзенінің атырабында орналасқан бүкіл кенорындары, солтүстіктегі ең қашық орналасқан Мәтенқожа кенорны, сонымен бірге өнеркәсіптік маңызы бар екі кенорыны Доссор мен Мақат – кенорындары енгізіледі. Екіншіден, «Оңтүстік белдем» Ембі өзенінен оңтүстікке қарай орналасқан бүкіл кенорындарды және өзеннің төменгі ағысындағы кенорындарды біріктіреді, бұлар – Қаратон, Қарашұңғыл, Стартөбе, Мұнайлы, Қосшағыл, Жыланбасты және өзге де кенорындарын атауымызға болады. Үшіншіден, «Новобогат белдемі» Жайық өзенінің батыс жақ жағалауларына қарасты кенорындарды біріктіреді (Новобогат және Қара Өзен кенорындары). Айтқандай – ақ бұл кенорындарды барлау ұңғымаларынан ағайынды Нобельдер фирмасы қазан төңкерісіне дейін – ақ 60.000 пұт жеңіл май алған болатын. Төртіншіден, ал «Иманқара белдеміне» аудан ауқымындағы – Иманқара, Қойқара, Қызылкөл, Жосалысай, Күлжан, Жаңқабақ, Қарамұрат, Ұшақ күмбезі және Шұбан-там кенорындарын біріктіреді. Бесіншіден, «Терісаққан белдемі» Сағыз өзенінің жоғарғы ағысы мен Ембі өзенінің ортаңғы ағысы аймағындағы кенорындарды қамтиды. Мұндағы кенорындардың жалпы саны 15-ке жуық, дегенмен аудан толық зерттелмеген. Алтыншыдан, «Темір белдемі», оған Жанағаш, Кейкібас, Исатай, Мортық, Құрсай т.б. кенорындар жатқызылады. Орал – Ембі ауданының потенциялық мүмкіндіктерін өте жоғары, ол болашақта мұнайдың мол қорымен қамтамасыз ете алатын болады» [5, 50 б.].

Қазақ мұнайын игеруге атсалысқан ағайынды Нобельдер турасында тарихшы Ә.Қ. Мұқтардың кезінде «Алғашқы қазақ мұнайшылары және ағайынды Нобельдер» атты мақаласы жарық көрген болатын. Доссор кен орны ашылғаннан кейін қазақ мұнайына атақты Нобель ұрпақтары келді. Олардың Ресей империясындағы тарихы 1837 жылы Эммануил Нобельдің Стокгольмнен Санкт-Петербургке келуімен басталады. Кәсібін теңіз жарылғыштарын жасаудан бастаған ол кейін қару-жарақ шығаруға көшті. 1851 жылы «Нобель және балалары» фирмасы сол жарылғыштың патентін Ресейге сатылған қаражаттан құрады. Оның баласы Людвиг 1862 жылы

Қазанда механикалық зауыт ашып, өндіріс пен ғылымды қатар ұштастырды. Ол бауыры Робертті 1873 жылы Кавказға жіберіп, Каспий жағалауындағы мұнайды барлап, Бакуден кішкене жер, шағын мұнай өңдеу зауытын сатып алады. Содан 1879 жылы «Ағайынды Нобельдердің мұнай өндірісі серіктестігінің» құрылтайшылары қатарына енді. Серіктестік акционерлік қоғамға айналғанда оларға көмекке інілері атақты Альфред келді. Жарылғыш заттар жасаумен атағы шыққан Альфред 1867 жылы динамит жасап, оны құрылысқа қолдануды енгізді. 1878 жылы қоғамға құрылтайшы болып, мұнай құбыры арқылы үздіксіз мұнай тасымалдау тәсілін тауып, 1880 жылы Бакуден Қара теңіз порттарына құбыр жүргізуді ұсынды. Ол 1896 жылы 10 желтоқсанда қайтыс боларында артына өзі жиған-тергенінің белгілі бір пайызын адам баласының пайдасы үшін ғылымға бағыттауды кейінгі ұрпағына өсиеттеген. Оның өсиетін швед королі қабылдамай, күшін жоюға әрекет жасағанымен, немере інісі Эммануил өсиетті бұзбай 1897 жылы оның бар жинаған 2 млн. фунт-стерлингін Нобель қорына аударды. Қор Нобель сыйлығының қаржылық негізіне айналды. Кейін әкесі Людвиг қайтыс болған соң Нобельдер құрған компания басшылығына Эммануил Нобель отырды. Ол кейін орыс азаматтығын қабылдап, мұнай өндірісіне шындап ден қойды [6, 1 б.].

Тарихшы Ә.Қ. Мұқтар зерттеуінше Жайық-Жем аралығындағы жаңалықтардан хабардар Э.Л. Нобель 1911 жылы алдымен «Ағайынды Нобельдердің» кеңсесін Гурьев қаласында ашқан. Елдегі қоғамдық-саяси өзгерістерді сезген соң осы жылы Санкт-Петербургте Орал өңірінде, Кавказда мұнай іздестіру үшін және табылған мұнайды сату мақсатында «Ембі» акционерлік қоғамын құрады. Қоғам үкіметтік шешіммен 1912 жылы 10 сәуірде бекітілді. Оның құрылтайшылары Э.Л. Нобель, стат кеңесшісі Т.В. Белозерский және И.И. Стахеев еді. Гурьев қаласында қоғамның кеңсесі ашылды. 1912 жылы 12 мамырда Санкт-Петербургте қоғам акционерлерінің алғашқы жиналысы болып, өз жұмысын бастады. Міне, осы күнді Нобельдердің заңды түрде Қазақстан мұнайына келуі деуімізге әбден болады. Нобельдер қаражаты «Ағайынды Нобельдер серіктестігі» мен «Ембі» қоғамында шоғырланды. Олардың біріншісі дербес акционерлік серіктестік ретінде тіркелсе, екіншісі орыс серіктестігіне мүше болды. 1914 жылы Жайық-Жем ауданында ағайынды Нобельдермен қатар «Колхида», «Ембі-Каспий» қоғамдары мұнай іздеу, өндірумен шұғылданды. Қоғамдар ішінен 1912-1914 жылдар аралығында осы өңірде өндірілген 14.101.169 пұт мұнайдың 37 пайызы Нобельдерге, ал 63 пайызы «Жайық-Каспий» қоғамына тиесілі еді. Бұл бәсекелестік кейін де жалғасты. Қазан төңкерісіне дейін ең көп мұнай өндірілген 1914 жылы (272,2 мың т.) Нобельдер өз үлесін 39,4 пайызға жеткізді. Нобельдер мұнай өндіру жұмысында тапқан мұнайын алып қана қоймай, үнемі барлау және бұрғылап мұнай іздестіру істеріне де назар аударды. Соның әсерімен олардың игерген скважиналарының саны 43-ке жетті. Ағайынды Нобельдер Қазақстандағы мұнайлы кен орындарын игеруде екінші ірі компания деңгейіне дейін көтерілді [6, 2 б.].

Барлау шаралары нәтижесінде анықталған «Новобогат белдемі» Жайық өзенінің батыс жақ жағалауларына қарасты кенорындарды біріктіргені белгілі. Новобогат белдемі қазіргі Атырау облысы, Исатай ауданы, Қамысқала селосында орналасқан. Қамысқала атауы шығуы жайлы көнекөз қариялардың айтуынша Бақсай өзенінің бойында нар қамыс өскен. Сол қамыстан тұрғындар үй тұрғызып, кейіннен Қамысқала атанып кеткен. Қамысқала өлкесінің тарихта алатын орны ерекше. Оның өткеніне көз жіберіп, арғы шежіресіне үңілсек, қалың қыпшаққа қоныс болған құт мекен болса, кейін Ноғай Ордасы құрамына кірген ноғайлы еліне, одан қалмақтар жайлап, олар «шаңды жорық» кезінде үдере көшкенде, отыз жылдай жүгірген аң мен ұшқан құстан өзге жан иесі мекендемеген бос жатқан өңір ойға оралады. Еділ–Жайық аралығына 1801 жылы орыс патшасынан рұқсат алған Бөкей сұлтан бес мың шаңырақпен көшіп, Жайық өзенінен өтіп, ат басын осы Новобогат жеріне тіреген. Жалтыр көлінің батыс беткейіне бабалар жайлаған атажұртқа ата-бабаларымыз отау

тігіп, арқасын кеңге салған. Жалтыр көлінің табаны әлі алыстан жарқырай көрініп жатыр. Көне көз қариялардың айтуларына қарағанда Жалтыр көлі теңіз табаны болғанға ұқсайды, онда су түбінде шөгетін қайыршақтар әлі де кездеседі. Ел ішінде Жалтырдың жағасын Бөкей сұлтан қоныстанып, оның артынан ерген халқы жайлағандығын жиі айтады. Оған дәлел ретінде «Бөкей шешесі» деп аталатын моланы алға тартады. Жергілікті қазақтар атақоныс құт мекенінің қадір қасиетін жақсы білген. Сонымен қазақтардың бұл жеріне де ағылшындар келіп жетті.

Қамысқала алаңына 1910 жылы «Ағайынды Нобельдер» фирмасының мұнай іздестіру-барлау мамандары келіп, геодезиялық жұмыстар жүргізетінін, одан кейін мұнай бұрғылау жұмыстарын бастайтынын халыққа келіп түсіндірген. 1911 жылы Қамысқала алаңында геофизикалық жұмыстар басталысымен 250 нүктеге ағаштан белгілер қойылып, бұрғылауға дайындық бастаған. 1912 жылдан бастап Қамысқала алаңы бұрғылау жұмысын «Гаузнер» фирмасы жүргізген. Осы кезеңнен бастап Қамысқалада «Гаузнер» фирмасының үйлері тұрғызыла бастады. Ол кезеңде жаңа құрылыстарды «Корпус» деп аталды. Тұрғызылған бұл ғимараттарды қазақтар ұзақ жылдар пайдаланды. Сол жылдары салынған аурухана ғимараты 1988 жылға дейін балалар бақшасының ғимараты ретінде пайдаланылып келді. Қазірде бұл ғимарат әлі өз орнында халық игіліне қызмет етуде.

Исатай ауданындағы алғашқы бұрғылау Қамысқаланың қасындағы Ащықұлақ жерінен басталып, 250-900 метр тереңдіктен мұнай алына бастады. Одан алғашқы мұнай бұрқағы 1915 жылы шілдеде атқылағанда Қамысқала іргесіндегі мұнай төбенің айналасы мұнай көліне айналған болатын. Міне, осындай қазақтың осынша мол байлығын көздері көрген «Гаузнер» мамандары Қамысқаланы «Новобогат» деп атаған. Осы Новобогат аталған елді мекендегі мұнай өндірісіне жергілікті тұрғындардан Әубекеров Әйіп, Құсайынов Әділғали, Алдабергенов Қабдел, Бекмұханбетов Досмұхан, Мусин Тарғын, Рахманқұлұлы Кәкіш сынды қазақ жігіттері жұмысқа қабылданып, ұзақ жылдар бойына еңбек еткен. 1915 жылы осы мұнай өндірісінде Орал қаласынан Анатолий Ковалев келіп, мұнай айыратын шағын кәсіпорын ашады. Кейіннен Үйшік қаласынан келген Сергей Толстов екінші май айыру цехын ашып мұнайдан керосин, мазут, соляркісін айыра бастайды.

Жергілікті халық «завод» деп атаған бұл екі май айыру цехы 4-5 жыл жұмыс жасап, біршама табыстар тапқан. Бірақ өнім шығару көлемі жыл сайын кеми берді. Текедегі мұнай кәсіпорына қарасты А.Ковалев өз үйінде абайсызда атылып қалып, оның орнына ешкім келе қоймады. Осы жылдары Кеңес үкіметінің бастап орнап, большевиктер келіп, жекелеген дүние-мүлікті мемлекет қарауына алына бастаған болатын. Үйшік қаласына бағынышты кәсіпорын бастығы Толстов Сергей қашып кетті. Кеңес Армиясының Орал өңіріне келе бастағанынан ығысқан ағылшындар да мұнай іздестіру жұмыстарын тоқтатып, 1921 жылы елдеріне оралды. Сонымен «Ащықұлақ» мұнайының кілтін орыс тілін білетін Бекмағанбетов Досмұхан қабылдап алады [7].

Бұдан кейінгі жылдары Новобогат болыстық кеңесінің төрағасы Исенғалиев Жұмағалидың шешімімен иесіз қалған екі кәсіпорын қосылып, Қамысқала өндірістік комбинаты құрылады. Қамысқала өндірістік комбинатының директоры болып Иманғалиев Жұмағали тағайындалды. Қамысқала өндірістік комбинаты бертінде скважиналар орнына шығыр орнатып, шелекпен немесе арнайы жасалған насостармен қара май шығарып (1957 жылы Новобогат ауданы тарап, Бақсай ауданына қосылғанға дейін – Ұ.А., А.Ж.)), одан керосин айырып дайындап, қазақтар оны шамға пайдаланды. Комбинат жұмысы тоқтағанымен, жергілікті іскер адамдар Зайров Хасан, Ғұбашев Әбіл, Құсайынов Әділғали, Көбейсінов Қабды тағы өзгелері тары түйетін ауыр келі ыдысынан қауға жасап, ұңғымадан бір тартканда 300-350 грамм мұнай шығарып, оны бірнеше рет сүзіп, тазалап, керосин жасап, халық игілігіне жаратқан.

1931-1952 жылдар аралығында қазақ мұнайы кеніштерінде мұнайдың неше метрден бұрғыланғаны жайлы мұрағат деректері кездеседі. Соның ішінде Новобогат кен орынында 1950-1952 жылдардағы бұрғылау нәтижесі1950 жылы - 2788 м., 1951 жылы – 970 м., 1952 жылы - 2961 м. текшеге жеткендігін байқаймыз [8, 3 п.].

1958 жылдың аяғында Гурьев қаласында ҚазКСР-дың Геология және жер қойнауын қорғау министрлігі Батыс Қазақстан геологиялық басқармасын құрды, оның қарамағына осы аймақтағы бүкіл мұнай іздейтін бұрғылау мекемелері де топтастырылды. Батыс Қазақстан геологиялық басқармасының басшылары болып жұмыс істегендер – Н.Гершман, Ж.Телишев, Е.Иванов. В.Васильев, Э.Липсон, Т.Жұмағалиев, Б.Хахаев, Б.Өтебаев, С.Балғымбаев, Р.Бердіғожин, Г.Хаиров, ал геологиялық кабинетті басқарғандар – Н.Имашев, С.Берман, С.Құрманов, Т.Нысанов, Э.Воцалевский, Б.Қуандықов, Б.Есқожаевтар болды [5, 72 б.].

Жалпы Еділ мен Жайық өзендері аралығында Каспий теңізінің Атыраудың батыс жағасындағы жағалауынан мұнай іздестіру жұмыстары 50-жылдардың орта шенінен басталды. Алғаш тайыз, кейін терең барлама бұрғылауы өріс алды. Ең алғаш Еділ мен Жайық аралығынан Мартыши кенішінен мұнай көзі табылған. 1957 жылы Гурьев қазіргі Атырау қаласында «Қазақстаннефтегеофизика» конторының №16-17/59 сейсмикалық партиясы Мартыши алаңын орталық нүктеге ұстап, оның шығысындағы Қамысты, батысында Жаңаталап алаңдарын қамтып, жер қыртысын картаға түсіріп бастады. Геофизикалық барлау жұмыстары өрістетіліп, алғашқы бұрғылау қызметі басталды. 1960 жылы аталған контордың №15-60 сейсмикалық партиясы Мартыши алаңының нақтыланған сейсмикалық зерттеулерін жүргізді. Осы жолғы және одан бұрынғы зерттеулердің, ізденістердің қорытындыларына сүйене отырып, Мартыши алаңының үшінші және төртінші қабаттарына негізделген құрылымдық картасы жасалды. 1959-1961 жылдар аралығында біріне-бірі жалғастырыла сейсмикалық зерттеулер, құрылымдық анықтау – іздеу, тереңдік барлау – бұрғылау, оларды ғылыми негізде тиянақтап отыру жұмыстары тоқталыссыз жүргізілді. Соның нәтижесінде кен алаңында төменгі бор және юра қабаттарында өндірістік мұнай қоры бар екендігі анықталды. 1963 жылы Мартыши кен алаңының мұнайлы қабаттарын өндірістік сынау жұмыстары басталды. Нәтижесінде Исатай ауданы мұнайшыларының еңбек жолы тарихи бастау алатын 1963 жылғы 24 мамырда бұрыңғы Чапаев атындағы совхозға қарасты Мартыши атты жерде бұрғылау шеберлері Н.Сисенғалиевтің, Бармақовтың бригадалары қазған № 1 барлау ұңғысынан алғаш мұнай тасқыны атқылап, мұнайшылар зор қуанышқа бөленді. Мартыши кен алаңынан 10 мм. штуцермен тәулігіне 117 $м^3$таза мұнай берді.Осылайша мұнай тарихында Мартыши мұнайлы кен алаңы өз өнімдерімен қазақ елін әлемге паш етті [7, 61 б.].

1968 жылдың ақпанында Мартыши мұнайының алғашқы эшалоны мұнай айыру зауытына жөнелтілді. 1969 жылы Мартыши-Гурьев мұнай құбыры іске қосылды. Мартыши кеніші жайлы мұрағат деректерінде әр жылғы бұрғылау жұмыстары, өндірілген мұнай көлемі, жөнелтілген техникалық құрал-жабдықтары туралы тағы басқа да біраз мәліметтерді кездестіреміз.

Мысалға Мартыши кен алаңында еңбек етуге келген кеніш жұмысшылары мен тұрғындар турасында төмендегідей мәліметтер берілген [9, 146 п.]:

	мұнай игеру	бұрғылау	құрылыс	барлығы
Гурьев	28	4	-	32
Байчунас	4	-	-	4
Доссор	2	-	27	29
Сагиз	1	-	-	1
Карсак	1	-	-	1
Искине	4	-	-	4
Новобогатинск	12	2	-	14
Чапаево	44	27	-	71
Аккистау	-	3	-	3
Саркамыс	-	39	-	39
Каратон	-	4	-	4
Ганюшкино	-	1	-	1
Кенкияк	-	1	-	1
Башкирия	-	1	-	1
	96	82	27	205

1968 жылғы берілген 1 - ші кесте мәліметі бойынша Исатай ауданының құрамындағы: Новобогат, Чапаев, Аққыстау елді мекендерінен жалпы саны – 88 адам жұмысқа тартылған.

Мартыши кен алаңынан кейін 1972 жылы жаңа Қамысты алаңы пайдалануға беріліп, одан әрі Жаңаталап және Гран алаңдарының мұнай қоры бекітілді. Бекітілген қор бойынша Еділ мен Жайық аралығында күтілетін мұнай көлемінің ауқымы алдын ала былайша есептеліп берілген болатын [10, 171 п.]:

	1972 жыл	1973 жыл	1974 жыл	1975 жыл	1980 жыл
Мартыши	912 мың	870 мың	834 мың	814 мың	615 мың
Камышитовый	99 мың	232 мың	303 мың	293 мың	200 мың
Жанаталап	-	-	15 мың	106 мың	90 мың
Гран	-	-	10 мың	71 мың	21 мың
Октябрь	-	-	-	-	90 мың
Жана кенорын	-	-	-	-	984 мың
Барлығы:	1011 мың	1102 мың	1162 мың	1284 мың	2000 мың

2-ші кесте бойынша Еділ- Жайық аралығындағы кен орындарынан және жаңадан ашылатын кен орындарынан 1972-1980 жылдар арасында күтілетін мұнай көлемі болжаммен көрсетілген. Мысалы, Мартыши кенішінде 1972 жылы – 912 мың т., 1973 жылы – 870 мың т., 1974 жылы – 834 мың т., 1980 жылы – 615 мың т. өндіру жоспарлары сызылып қойылды.

Осы алаңдарды игеріп, мұнай өндіру үшін 1973 жылы 11 сәуірде «Жайықмұнай» мұнай-газ өндіру басқармасы құрылып, өз алдына шаңырақ көтерді. Осыдан кейін кең көлемде жүргізілген іздестіру – барлау жұмыстарының нәтижесінде Шығыс Жаңаталап (1977), Ровное (1978), Оңтүстік-Шығыс Қамысты (1988), Забурын (1989), Оңтүстік-Шығыс Новобогат (1998) кен алаңдарында мұнай қоры анықталып, өндірістік пайдалануға берілді [11, 210, 211 б.].

Сонымен қазірде Исатай ауданындағы мұнай өндіру ісі Батыс Қазақстандағы мұнай және газ саласы өндірісінің өркендеп, елдімекен халқын жұмыспен қамтамасыз етіп отырған бірден-бір табысты еңбек ұжымы болып отыр.

Бүгінде тәуелсіздік алған 25 жыл ішінде «Жайықмұнай» мұнай-газ өндіру басқармасының 4 мұнай өндіру цехы 9 мұнай алаңынан мұнай өндіруде. Барлық мұнай алаңдары ғылым мен техниканың соңғы жетістіктеріне сай жасалған өндіріс құрал-жабдықтарымен, кешенді түрде автоматтандырылған. Қазіргі кезде мұнай өндірісіндегі қолданылып жүрген жаңа типті қондырғылар, мұнайды өндіру, жинау, дайындау және айдаудағы озық техникалар мен технологиялар түгелдей дерлік басқарманың кен аландарында қолданылады.

Қорыта келе қазірде Исатай ауданының мұнай өндіру тарихын зерттеу одан әрі жалғасын табады деген сенімдеміз.

Әдебиеттер:

1. Мұқтар Ә.Қ. Қазақ мұнайының тарихы (1940 жылдарға дейін). – Алматы: «Өлке» баспасы, 2006. – 224 б.

2. Есалиева М.У. Рабочие кадры нефтяной промышленности Казахстана (1970-1990 гг.) / Дис. ... канд. истор. наук. – Алматы, 1995. – 158 с.

3. Бердіғожин Л.Б. Қазақстанның мұнай-газ өнеркәсібі: кадрлық әлеуеті. – Алматы: «Өлке» баспасы, 2012. – 368 б.

4. Серикова Л.З. Қазақстанның мұнай-газ кешендерінің даму тарихы (1985-2000 жж.) (Батыс Қазақстан өңірінің материалдары негізінде) / Тар. ғыл. канд. ... дис.. – Орал, 2006. –149 б.

5. Қазақстан мұнай энциклопедиясы. – Алматы: «Мұнайшы» қоғамдық қоры, 2005. – Т. 1. – 612 б.

6. Мұқтар Ә.Қ. Алғашқы қазақ мұнайшылары және ағайынды Нобельдер»./http://dov.kz/%D2%9Borshagan-ortany-korgau-ekologiya/algashqy-qazaq-munajshylary-zhane-agajyndy-nobelder.html.00:10. Пайдаланған уақыты: 14.02.2016 ж.

7. Қос өзен мұнайшылары: Тарихи-деректі повесть / Әдеби өңдеген С. Ибраим. – Алматы, 2008. – 28 б.

8. Атырау облыстық мемлекеттік мұрағаты. (АтОММ.- Ұ. А., А.Ж.) 146 қ., 1 т., 2371 іс.

9. АтОММ 146 қ., 1 тізім., 8020 іс.

10. АтОММ 146 қ., 1 тізім., 8306 іс.

11. Атырау: Энциклопедия. – Алматы: Атамұра, 2000. – 384 б.

Ахметова У.Т., Жумабаев А.Ж.

Из истории освоения нефти в Исатайском районе

В данной статье рассматривается формирование и история развития добычи нефти в Атырауской области, а также в Исатайском районе.

Ключевые слова: *История Казахстана, Казахстанская нефть, нефть, нефтяная промышленность, Исатайский район.*

Axmetova A.T., Jumabaev A.J.

From the history of oil exploration in the area Isatai

This article discusses the history of the formation and development of oil production in the Atyrau region and also Isatai district.

Key words: *History of Kazakhstan,Kazakh oil,oil, oil industry, Isatai district.*

УДК: 656 (574.2)

Ешпанов В.С. – доктор исторических наук, профессор,
Казахско-Русский международный университет
E-mail: ws-282@mail.ru

ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНЫЕ УЧИЛИЩА И ПРОФЕССИОНАЛЬНО-ТЕХНИЧЕСКИЕ ШКОЛЫ АКТЮБИНСКОЙ ОБЛАСТИ В ПЕРИОД ВЕЛИКОЙ ОТЕЧЕСТВЕННОЙ ВОЙНЫ

Аннотация. *В статье, на основе архивных источников, показано развитие железнодорожных училищ, профессионально-технических школ на территории Актюбинской области в годы войны. Были отмечены как позитивные, так и негативные аспекты в деятельности учебных заведений, трудности военной эпохи, в которых оказались учащиеся и преподаватели данных учебных заведений. Освещается роль железнодорожных училищ и профессионально-технических школ в подготовке трудовых резервов для железнодорожного транспорта, других отраслей экономики.*

Ключевые слова: *Великая Отечественная война, Актюбинское отделение Оренбургской железной дороги, железнодорожное училище, профессионально-техническая школа, трудовые резервы.*

С самого начала войны весьма актуальной стала проблема кадрового обеспечения советской экономики, в том числе и железнодорожного транспорта. Необходимо было принимать срочные меря для того, чтобы восполнить потери в кадрах, неизбежно возникших, в связи с массовым призывом мужчин в армию. В начале 1941 года, железнодорожный транспорт обладал значительной по тому времени базой подготовки специалистов: 12 институтов, 76 техникумов, 34 технические школы, различные курсы. В годы войны ситуация изменилась. Выпускники институтов составляли всего 1,8% от общей численности рабочих на Оренбургской железной дороге. Несколько увеличившись в 1942 г. по сравнению с 1941 г. за счет эвакуированных специалистов, оно значительно уменьшилось в 1943 году, по причине отъезда многих железнодорожников в освобожденные районы СССР. На железных дорогах в основном трудились представители массовых профессий, не имевших высшего образования. В деле укомплектования квалифицированными кадрами железных дорог большую роль сыграла система государственных трудовых резервов. В 1940 г. в стране насчитывалось более 120 железнодорожных училищ [1, с. 14]. В 1941-1942 гг. контингент учащихся железнодорожных и школ ФЗО вырос, за счет эвакуации в тыл учебных заведений из западных регионов СССР. Во второй половине 1941 г. в Актюбинскую область прибыло 18 эвакуированных училищ и школ ФЗО с общим контингентом 3468 учащихся, на базе которых создали 8 ремесленных и 4 железнодорожных училища [2]. Исполнительный Комитет Оренбургского областного Совета депутатов трудящихся 11 июля 1941 г. принял постановление о мобилизации городской и сельской молодежи в ремесленные, железнодорожные училища и школы ФЗО в соответствии с Постановлением СНК СССР и ЦК ВКП (б) от 22 апреля 1941 г. [3]. Призывались в училища юноши в возрасте 15-16 лет и девушки 15-17 лет [4]. Учащиеся считались мобилизованными и не имели права самовольно отлучаться, а по окончании учебного заведения обязывались не менее 4-х лет проработать по направлению Главного управления трудовых резервов. Проблема также обострилась в связи с тем, что многие квалифицированные преподователи ушли на фронт.

Многие железнодорожные училища сохраняли свой профиль и продолжали готовить ремонтников для служб Оренбургской железной дороги. Главным в производственном обучении стало требование: обеспечить своевременный ремонт паровозов и подвижного состава с тем, чтобы воинские эшелоны без задержки продвигались к линии фронта. Зачастую приходилось работать сверхурочно, в ночное время [5].

В начале войны железнодорожные училища и профессионально-технические школы создавались на производственных базах крупных депо, дистанций пути. Например, железнодорожное училище № 1 Актюбинской области организовали на производственной базе паравозного депо. Наблюдалось сокращение сроков обучения, увеличение специальностей в одном учебном заведении, упразднение теоретического курса и переход преимущественно на практическое обучение. Начиная с марта 1942 г. на Оренбургской железной дороге организовали 6 школ ФЗО железнодорожного транспорта, три из которых находились на территории Казахстана – г. Актюбинске, г. Эмба и г. Казалинске и три на территории Оренбургской области – г. Оренбурге, г. Орске и г. Бузулуке, с общим контингентом 1000 учащихся [6, с. 45].

В апреле 1942 года, Главное управление трудовых резервов провело проверку железнодорожных училищ и профессионально-технических школ. Были выявлены нарушения в организации и проведении учебно-производственной работы: не выполнялись установленные образовательные программы, группы комплектовались без учета возраста и профессий [7, с. 28]. 22 июля 1942 г. Вышел приказ Главного управления трудовых резервов «Об упорядоточении производственного обучения учащихся в ремесленных и железнодорожных училищах», по которому восстанавливался семичасовой учебно-производственный день, а именно шесть часов производственного обучения и один час теоритических занятий. Практическая работа переносилась на ведущие предприятия, в мастерские и т.д. [8]. В железнодорожном училище № 2 г. Актюбинска, для получения более углубленных знаний процесс преподования строился по следующему принципу: первая смена учащихся работала четыре часа в механическом цехе станции Актюбинск, вторая смена в это же время изучала теорию, потом они менялись. Возрос контингент учащихся, если в декабре 1941 г. железнодорожные училища Актюбинской железной дороги обучали 425 человек, то в сентябре 1943 г. их стало 2157, а всего за годы войны насчитывалось 12310 учащихся [9]. Учащиеся железнодорожных училищ оказывали помощь рабочим железных дорог. В 1943 году, учащиеся железнодорожного училища № 1 г. Актюбинска в процессе производственного обучения отремонтировали 14 паровозов, в учебных мастерских изготовляли инструменты и другие изделия. Железнодорожные училища Оренбургской железной дороги оказывали шефскую помощь освобожденным от немецкой окупации районам. Совместно с профессионально-техническими школами с октября 1943 г. по май 1944 г. они отправили на фронт подарки на сумму 722559 рублей [10].

Набор в училища осуществлялся за счет незанятой городской и сельской молодежи. Так, план призыва 1944 г. составлял 1540 учеников, из них 1340 городских (87%) и 200 сельских (13%) [11]. Правила общего проживания не соблюдались. Обследовав общежитие железнодорожного училища № 2 Оренбургской железной дороги, комиссия установила, что помещение находилось в антисанитарном состоянии: уголь хранился прямо в комнатах, пол не мыли, печи коптили, постельное белье грязное, отсутствовали бачки для питьевой воды [12]. Учащиеся не обеспечивались верхней одеждой и обувью. В железнодорожном училище № 5 Оренбургской железной дороги в январе 1943 г. имелось только 18 пар валенок, 203 пары ботинок, 289 полупальто, 303 теплые шапки [13].

Для восполнения подготовки квалифицированного состава, требовались специальные среднетехнические и высшие учебные заведения. Так, в 1943 г. в г. Чкалов стал действовать филиал Харьковского института инженеров железнодорожного транспорта им. С.М. Кирова [14, с. 31]. который имел два

факультета: механический и факультет движения и грузовой работы. В 1944 г. на Оренбургской железной дороге уже действовало 2 железнодорожных техникума. По плану призыва на 1945 г. количество учащихся по Актюбинскому техникуму железнодорожного транспорта 240, по Оренбургскому – 120 человек [15]. Железнодорожные техникумы находились на полувоенном положении. Ни один учащийся не имел права поменять профессию, перейти в другое учебное заведение. В случае самовольного прекращения учебных занятий материалы дела передавались в транспортную прокуратуру.

В конце 1942 г. по Оренбургской железной дороге насчитывалось 896 специалистов с высшим и 3281 со средним образованием, а в конце 1944 г. их число соответственно равнялось 703 и 1522 работника [16]. Приведенные данные свидетельствуют о сокращении мастеров с высшим образованием на 193, со средним образованием на 1762 человека, что в процентном соотношении составляет 21,6% и 53,7% соответственно. Это объяснялось тем, что в 1943 – 1944 гг. значительную часть трудоспособного населения направляли на пополнение личного состава армии и флота, в этот период начался процесс реэвакуации и многие железнодорожники отбыли на восстановление западных и южных магистралей.

В 1942–1943 гг. на Оренбургской железной дороге были открыты технические школы, в таких городах как Чкалове, Бузулуке, Актюбинске и Казалинске [17]. Однако организованные школы не соответствовали предъявляемым требованиям, не хватало учебных комнат и производственных мастерских, отсутствовали общежития, группы студентов комплектовались в течение месяца, вместо положенных 5 дней. К концу войны отсев из техшкол уменьшился, количество учащихся увеличивалось, теоритические знания подкреплялись практическими навыками. Качество преподавания постепенно повышалось. В 1943 г. на курсах с отрывом и без отрыва от производства и по индивидуальной программе на Оренбургской железной дороге число сдавших экзамен на хорошо и отлично составило 63,9% [18]. 21 мая 1942 года вышло постановление СНК СССР «Об организации на предприятиях индивидуального и бригадного ученичества», разрешавшее, при определенных условиях, прием на работу детей с 14 – летнего возраста, что позволило увеличить приток в учебные заведения молодежи.

Процесс обучения сопровождался определенными трудностями. Не хватало преподавателей, учебников, отсутствовала возможность своевременно оказывать помощь отстающим. Все это снижало качество обучения. Но в начальный период войны именно эти меры способствовали тому, что увеличился приток рабочей силы, удалось, хотть и не полностью, решить кадровую проблему, в том числе на железнодорожном транспорте. Недостаток квалифицированных специалистов вынуждал переходить к временному упрощению производства, к расчленению сложных операций на составные части, к более примитивному разделению труда.

По данным Г.К. Куманева, к осени 1944 г. молодежь составляла 32% всех работников железных дорог в стране. С каждым годом увеличивалась мобилизация мужского населения на фронт, росло число железнодорожных училищ и школ ФЗО. Л.М. Коганович, выступая на совещании директоров железнодорожных училищ, отмечал востребованность в новых кадрах: «Дороги, бывшие в оккупации потеряли много людей, часть железнодорожников перешла в другие отрасли, а наркоматы не спешили возвращать людей на прежнее место работы». Если на 1 февраля 1943 г. на Оренбургской железной дороге насчитывалось 7 железнодорожных училищ, то в 1944 г. их стало 8 [19, с. 127].

Больше призывались подростки из городов. Это объяснялось следующими причинами: во-первых, городские подростки лучше представляли труд на предприятиях, где у многих работали родители или родственники; во-вторых, набор в училище городских жителей занимал меньше времени, что оправдывалось в годы войны и исключало материальные затраты, которые были несравненно большими при отправке ребят в город на учебу. И, в-третьих, проживающие в городе не

нуждались в общежитиях, строительство и содержание которых требовало дополнительных затрат. Увеличение удельного веса подростков, связанное с серьезными трудностями в пополнении кадров в условиях войны, происходило на транспорте по всем службам и профессиям. Особенно велик был удельный вес подростков среди кочегаров (34,3 %) и слесарей по ремонту вагонов (32,2%). Широкое использование подростков, конечно, не могло, не отразится на снижении производительности труда железнодорожников. Сроки подготовки в 1944 году, увеличили в 2 раза: для машинистов – полгода, для дорожных мастеров – год [20].

Значение трудовых резервов в подготовке новых транспортников значительна, однако решающая роль в этом процессе принадлежала самим предприятиям. Основными формами производственно-технической подготовки являлись индивидуально-бригадное обучение, кружки, школы, курсы техминимума, учебно-производственные цеха, курсы повышения квалификации и целевого назначения, стахановские школы. Чаще всего использовался индивидуально-бригадный метод. Теоретический курс составлял 40-60 часовую программу. Однако и такие формы подготовки кадров не выполнялись. Среди причин: несвоевременное комплектование групп, так как начальники хозяйственных единиц не выделяли кандидатов на курсы с отрывом от производства, мотивируя дефицитом рабочей силы; недостаток контингента соответствующего требованиям, предъявляемым учебными программами по отдельным профессиям.

По постановлению Государственного комитета обороны от 18 мая 1944 г. с мая 1944 г. по февраль 1945 г. контингент учащихся железнодорожных училищ был увеличен с 70 тысяч до 100 тысяч человек, а школ ФЗО на железнодорожном транспорте с 35 тысяч до 65 тысяч человек. Всего в системе государственных трудовых резервах в 1941 – 1945 гг. было подготовлено для НКПС свыше 298800 юношей и девушек [21].

Индивидуально-бригадное обучение проводилось в два приема: сначала прививались простейшие производственные навыки, а опыт приобретался в процессе службы. Срок учебы дифференцировался в зависимости от сложности квалификации и длился от одного до шести месяцев. Ученикам устанавливали льготные нормы выработки, выплачивали вознаграждение. Серьезным недостатком являлось то, что новые рабочие не получали теоретических знаний, индивидуальное обучение не позволяло наладить постоянное методическое руководство всем процессом, отсутствовали единые приемы обучения. Кроме того, массовость и быстрота подготовки приводила к тому, что рабочие получали лишь минимум профессиональных навыков, которые необходимо было закрепить и развить.

Необходимо отметить изменения возрастной структуры железнодорожников. За военные годы, кадры железнодорожного транспорта значительно восполнились за счет прихода на железную дорогу молодого поколения, составлявшего свыше 50% от общего числа работающих [22]. Возросла доля крайних возрастных групп – молодежи, а сократилась доля средних возрастов (от 25 до 49 лет). Произошли также значительные изменения в квалифицированном составе: основную часть составляли рабочие с небольшим производственным стажем (от 6 месяцев до 3 лет), большинство транспортников (90%) фактически не имели ни среднего, ни высшего образования [23].

Несмотря на трудности, с первых дней войны система трудовых резервов показала свою жизнеспособность. Для первых лет, был характерен рост среднетехнических заведений, что обуславливалось необходимостью решения кадрового вопроса. На востоке страны вступали в строй новые производственные мощности, которые нуждались в сырье, армии же требовались снаряды, техника, пополнение людскими резервами и т.д. Транспортная система испытывала недостаток профессиональных кадров. К концу войны количество железнодорожных училищ не сократилось, так как начался процесс реэвакуации, восстановление освобожденных территорий, на Урале и в Средней Азии остались многие предприятия, продукция которых шла на фронт.

Необходимо отметить значительную роль подготовки кадров через систему Государственных трудовых резервов, но решающая роль принадлежала самим транспортным предприятиям. Для обучения в профессионально-технических школах привлекались также женщины. В Актюбинской области с января по июль 1942 года промышленные предприятия и железнодорожный транспорт по плану подготовки квалифицированных кадров из числа женщин должны были подготовить 4395 чел. Фактически за этот период было подготовлено 1779 чел., что составляли 40,5 % годового плана. Годовой план подготовки квалифицированных кадров из числа женщин по транспорту составлял 1749 чел., подготовлено было 885 чел., или 50,6% плана. Подготовку проходили бригадно-индивидуальным обучением без отрыва от производства – 913 чел., и с отрывом от производства 384 чел. Женщины в ходе обучения овладели следующими профессиями: Машинисты и помощники машинистов – 11 чел., Кондуктора на товарных и пассажирских поездах – 90 чел., Дежурные по станции – 30 чел., Стрелочники – 120 чел., Кочегары на паровозах – 115 чел., Слесари – 60 чел., Осмотрщики вагонов – 25 чел., Токари – 50 чел., Вагонные мастера – 31 чел., Товарные кассиры – 17 чел., Электросварщики – 14 чел., Ремонтные рабочие – 95 чел., Электромонтёры – 49 чел., Работники связи – 182 чел., Торговые работники и работники столовых – 140 чел., Аппаратчики – 28 чел., Лебедчики и откатчики угольной промышленности – 25 чел., Работники мукомольной промышленности – 31 чел., Швейной промышленности – 40 чел., прочие – 626 чел. Всего было подготовлено 1779 чел. [24].

Большую роль в мобилизации учащихся на успешное овладение профессией и выполнение производственных заданий играло социалистическое соревнование, итоги которого подводились каждый месяц, определялись и победители. В июне 1942 г. признали лучшим по Актюбинской области железнодорожное училище № 4 (директор Н.С. Андреев), из 545 учащихся которого учились на «отлично» 245, т.е. 45% от контингента, на «хорошо» – 213 человек (38%) при стопроцентной успеваемости. Выполнивших и перевыполнивших нормы выработки на производственной практике насчитывалось 338 учеников, из них двухсотников – 106, трехсотников – 14, пятисотников – 17. Тысячником стал учащийся токарной группы Г. Пономарев, в отдельные дни нормы его выработки достигали 1000-1200%. Благодаря отличной учебе и прекрасной работе на производстве это учебное заведение считалось в течение 1942 г. одним из лучших в Актюбинске, работая паровозными машинистами, во Всесоюзном соревновании заняли III-е место [25].

Исключительно важными были также и санитарно-предупредительные мероприятия на железнодорожном транспорте, включая образовательные учреждения, где постоянно было скопление большой массы людей. К работе на магистралях допускались только лица, имевшие справки о проведении прививок и прошедшие санитарную обработку. Предупредительные меры осуществлялись через систему противоэпидемических учреждений, которые развертывались во всех крупных железнодорожных узлах, где проводилась полная санитарная обработка воинских эшелонов и эшелонов с эвакуированными гражданами.

Довольно серьезной проблемой в годы войны были вспышки различных эпидемий, в особенности тифа. В декабре 1941 года было зарегистрировано 12 случаев сыпного тифа, в январе 1942 года – 14 случаев среди учащихся железнодорожных училищ Актюбинской области. У облздрава возникли трудности с лечением данных заболеваний. Не оказалось необходимых средств для закупки бактериологических препаратов. Помимо сыпного тифа стал распространяться брюшной тиф. В январе 1942 года наблюдалось 8 случаев этой болезни, а в феврале – уже 12 случаев среди учащихся школ ФЗО в Актюбинской области. Более всего случаев брюшного тифа было зарегистрировано в г. Алга и в пос. Шубаркудук. Стала также распространяться скарлатина. Было зарегистрировано в декабре 1942 г. 24 случая заболевания [26].

Было выделено 100 дополнительных коек, которые должны были обеспечиться финансированием. Но денег хватало только на закупку бактериологических препаратов,

дезинфицирующих средств, передвижных дезкамер и приготовление противокоревой сыворотки. Пришлось запрашивать дополнительные средства на лечение больных.

Были многочисленные бытовые проблемы: нехватка топлива, плохой ремонт медпунктов и больниц и т.д. К зиме 1942 г. ситуация с эпидемическими заболеваниями в тылу становится напряженной. 14 января 1942 г. вышло распоряжением Совнаркома СССР за № 617- р «О мероприятиях по предупреждению вспышек эпидемических заболеваний». На основании этого 16 января 1942 г. решение «О мероприятиях по предупреждению заболеваний сыпным тифом» принял исполком Актюбинского областного Совета и областной комитет ВКП (б). 17 января 1942 г. выходит Приказ Наркомздрава СССР «О мерах по предупреждению вспышек эпидемических заболеваний», в котором Нарком здравоохранения СССР Г.А. Митерев приказывал организовать к 25 января 1942 года отряды противоэпидемических и дезинфекционных работ. Уполномоченным Наркомздрава Союза ССР в республиках и областях, госинспекторам приказывалось провести проверку работы существующих медицинских пунктов на железнодорожных станциях, в первую очередь узловых, и эвакопунктах [27]. Говорилось о выделении дополнительного числа медперсонала для работы на медицинских пунктах при железнодорожных станциях, о надбавке им оклада в размере 20%, выделении медикаментов и о контроле за выполнением настоящего постановления.

Государственный Комитет Обороны 2 февраля 1942 г. вынес решение о создании во всех республиках, областях, городах и районах чрезвычайных противоэпидемических комиссий, обладавших широкими полномочиями. Постановление Государственного Комитета Обороны «О мероприятиях по предупреждению эпидемических заболеваний в стране и Красной Армии» (от 2 февраля 1942 г.) способствовало улучшению системы здравоохранения, в том числе на железнодорожном транспорте. В тылу Уполномоченным ГКО по проведению противоэпидемической работы назначался народный комиссар здравоохранения Г.А. Митерев. Управление противоэпидемических учреждений Наркомздрава СССР возглавлял И.И. Рогозин. Они тесно сотрудничали с Главным военно-санитарным Управлением Красной Армии, руководимым Е.И. Смирновым. Согласно постановлениям правительства о проведении ряда срочных мер по предотвращению массовых эпидемий, в соответствии с поставленными целями и задачами была выработана обоснованная система противоэпидемической деятельности. Здравоохранение совершенствовало организационные формы и методы противоэпидемической защиты. Создавались чрезвычайные противоэпидемические комиссии, в состав которых входили председатели местных Советов, представители партийных органов, органов здравоохранения, военно-медицинской службы. Это позволило снизить риск инфекционных заболеваний среди учащихся железнодорожных училищ и профессионально-технических школ.

Довольно сложной в годы войны была проблема продовольственного обеспечения учащихся. В октябре 1942 года Актюбинским обкомом ВКП (б) была проведена проверка состояния столовых и общежитий железнодорожных училищ и школ ФЗО. В отчете отмечалось «Состояние столовых неудовлетворительное. Уборка регулярно не проводится. Отмечены случаи разбазаривания продуктов. Зав. столовой Кормина в сентябре 1942 года незаконно присвоила 10 кг. муки, 6 кг. сахара, 3 кг. свеклы. Повар Трифонова похитила 5 кг. муки, 8 кг. картофеля. Питание учащихся организовано плохо, ежедневный рацион не выполняется. Не хватает посуды, из-за чего некоторым учащимся приходиться ждать остальных, что приводит к срыву графика занятий» [28]. Не менее сложной была ситуация с состоянием общежитий. В отчете отмечалось «В местах проживания учащихся наблюдается беспорядок, дежурство не организовано, белье не стирается. Ответственный за хоз.часть Тулегенов занимается разбазариванием имущества. Похитил и продал 20 комплектов белья, 14 зубных щеток, 27 кусков мыла, разбазаривал зимние вещи. Обком партии примет самые строгие меры для привлечения к ответственности лиц, виновных в разбазаривании казенного имущества и наведения порядка в училищах» [28, л. 68].

Таким образом, в годы Великой Отечественной войны весьма сложной была проблема подготовки кадров для железнодорожного транспорта. Тем не менее, несмотря на это, государство изыскивало средства для решения данной проблемы, проводило мобилизацию молодежи в железнодорожные училища, укрепляло материальную базу учебных заведений. Это позволило увеличить контингент учащихся и в значительной мере решить кадровую проблему на железнодорожном транспорте.

Литература:

1. Котляр Э.С. Государственные трудовые резервы СССР в годы Великой Отечественной войны. – М., 1975. – 547 с.
2. Государственный архив Российской Федерации (ГАРФ). Ф. 9507. Оп. 1. Д. 410. Л. 6.
3. ГАРФ. Ф. 288. Оп. 4. Д. 78. Л. 12.
4. ГАРФ. Ф. 9507. Оп. 1. Д. 17. Л. 82.
5. Государственный архив Актюбинской области (ГААО). Ф. 13. Оп. 1. Д. 179. Л. 37.
6. Хисамутдинов Р.Р. Создание системы Государственных трудовых резервов и ее развитие в годы Великой Отечественной войны на Южном Урале (1940–1945 гг.). – Оренбург, 2004. – 354 с.
7. Митрофанова А.В. Рабочий класс СССР в годы Великой Отечественной войны. – М., 1971. – 396 с.
8. ГАРФ. Ф. 9507. Оп.1. Д.410. Л.15.
9. ГААО. Ф. 13. Оп. 1. Д. 58. Л. 34.
10. ГААО. Ф. 13. Оп. 1. Д. 417. Л. 29.
11. Центр документации новейшей истории Оренбургской области (ЦДНИОО). Ф. 1697. Оп. 1. Д. 599. Л. 16.
12. ГААО. Ф. 13. Оп. 2. Д. 143. Л. 87.
13. ГААО. Ф. 14. Оп. 1. Д. 25. Л. 148.
14. Федорова А.В. Оренбург в годы Великой Отечественной войны. – Оренбург, 1995. – 325 с.
15. Государственный архив Оренбургской области (ГАОО). Ф. 1218. Оп. 8. Д. 47. Л. 16.
16. ГААО. Ф. 13. Оп. 1. Д. 259. Л. 24-25.
17. ГААО. Ф. 13. Оп. 2. Д. 340. Л. 162.
18. ГААО. Ф. 13. Оп. 2. Д. 31. Л. 80.
19. Куманев Г.А. На службе фронта и тыла. Железнодорожный транспорт СССР на кануне и в годы Великой Отечественной Войны. 1938-1945 гг. – М., 1976. – 567 с.
20. ГААО. Ф. 13. Оп. 1. Д. 47. Л. 245.
21. ГААО. Ф. 13. Оп. 2. Д. 87. Л. 54-55.
22. ГААО. Ф. 13. Оп. 1. Д. 98. Л. 19-20.
23. ГААО. Ф. 14. Оп. 1. Д. 71. Л. 125.
24. ГААО. Ф. 14. Оп. 1. Д. 78. Л. 12.
25. ГААО. Ф. 13. Оп. 1. Д. 51. Л. 168.
26. ГААО. Ф. 13. Оп. 5. Д. 19. Л. 87.
27. ГААО. Ф. 13. Оп. 5. Д. 34. Л. 103.
28. ГААО. Ф. 13. Оп. 4. Д. 123. Л. 25-25 об.

Ешпанов В.С.

Ұлы Отан соғысы кезеңіндегі Ақтөбе облысының теміржол училищелері және кәсіптік-техникалық мектептері

Мақалада архивтік дереккөздер негізінде соғыс жылдары Ақтөбе облысы территориясындағы теміржол училищелерінің, кәсіптік-техникалық мектептердің дамуы көрсетіледі. Оқу орындары қызметінің позитивті және негативті аспектілері, оқу орындарының оқытушылары мен оқушылары тап болған соғыс

дәуірінің қиыншылықтары беріледі. Теміржол көлігі, өзге де экономиканың салалары үшін еңбек резервін даярлаудағы теміржол училищелерінің және кәсіптік-техникалық мектептердің рөлі жарық көреді.

Тірек сөздер: *Ұлы Отан соғысы, Орынбор темір жолының Ақтөбелік бөлімшесі, теміржол училищесі, кәсіптік-техникалық мектеп, еңбек резервтері.*

Eshpanov V.S.

Railway and vocational schools in Aktobe region during the great patriotic war

According to archival sources the article shows development of railway and vocational schools in Aktobe region during the war. There noted both positive and negative aspects in the activity of educational institutions, difficult situations during war time in which students and teachers found themselves. The role of railway and vocational schools highlights in training man power for railroad transport and other sectors of the economy.

Keywords: *The Great Patriotic War, Aktobe branch of Orenburg railroad, railway school, vocational school, and labor supplies our supplies.*

ӘОЖ: 94 (574)

Айдарова Ш.А. – тарих ғылымдарының кандидаты, аға оқытушы, М.Өтемісов атындағы БҚМУ

Тастаева Ж.К. – тарих ғылымдарының кандидаты, аға оқытушы, М.Өтемісов атындағы БҚМУ

E-mail: magistratura_phd@mail. ru

МӘҢГІЛІК ЕЛ ИДЕЯСЫ – АЛАШТЫҢ АСҚАҚ АРМАНЫ

Аңдатпа. *Мақалада XIX ғасырдан бастап XX ғасырдың 40-жылдарына дейінгі қазақ зиялыларының саяси-қоғамдық қызметі жайында баяндалады. Алаш азаматтарының қазақ халқын Ресей отаршылдығынан азат ету жолындағы саяси күресі және қазақ елінің саяси санасын оятудағы іс-әрекеттері тарихи негіздеулерге жүгінеді. Қазақ зиялылары мәнгілік ел идеясын мұрат етіп, қазақ елінің тәуелсіз өмір сүруі үшін атқарған қызметтері айтылады.*

Тірек сөздер: *Алаш, алашордашылар, зиялы қауым, патша өкіметі, кеңес өкіметі, империя, құғын-сүргін, тоталитарлық жүйе, геноцид.*

Тарих бетіндегі үлкен зұлмат, қазақтың басынан кешірген қасіреті ұлт үшін күрескен ардақтылардың өмірі қолдан қиылып, өмірінің барлығы үрім бұтағымен саяси қуғын-сүргіннің құрбандарына айналуы. Қасіретке толған XX ғасырдың басындағы саяси шаруашылықтық науқандардың қазақ жерінде «бұйрықпен», «күштеумен» халықтың еріктілігін есепке алмау арқылы жүзеге асырылуы, бір халықтың сенделісін тудырған «Ақтабан шұбырынды, алқакөл сұламадан» кейінгі үлкен зұлмат болды. Осындай халық басына туған мәселелерді шешуде, күн нұрындай өз ұлтын жан тәнімен қорғаған біртуар азаматтар тұрды. Ол Алаш жұртының ардақты, аяулы азаматтары болатын.

Алаш қозғалысының қызметін жалпыұлттық тарихи сананы қалыптастыруда, келешек ұрпақ бойына патриоттық сезімді тәрбиелеуде, Мәңгілік ел идеясын жүзеге асыруда, азаматтық қауымдастықты нығайтуда баға жетпейтін үлгі, мұра ретінде қастерлеп қана қоймай, оны жүзеге асыруда атсалысуға тиіспіз.

Адамзат тарихы әлденеше рет дәлелдегендей, ұлттың бірлігі, қоғамның күші, халық рухы сын сағаттарда сыналып, шыңдалады. Міне, осы кезде тарих сахнасына оның шын мәніндегі ел бастаған көсемдері мен біртуар перзенттерінің үркердей озық ойлы тобы шықты. Ұлттық өлшемнен адамзаттық өлшемге кеткен тірлігінде бағаланбаса да, халықтың бағасына ие болатын азаматтар, олар дүние қуған емес, үлкен адамдар. Сол биік тұлғалардың алдында халқы үшін, ұлттың болашағы үшін бар қызметін арнап, құрбан болған қайраткерлер алдында басымды ие отырып,

Поэтому возникает необходимость в развитии направлений связанных с решением задач создания эффективных методов, средств формирования, поиска и обработки редких и ценных данных информационных ресурсов, предоставления к ним онлайн-доступа в виртуальных информационных средах и корпоративных сетях на основе «облачные технологии» Cloud technologies (Cloud Computing) является актуальным [8; 9].

Научная новизна исследования заключается в разработке методов, алгоритмов и программных комплексов по формированию электронного каталога, базы данных и оперативного обеспечения пользователей редкой и уникальной научно-образовательной информацией по истории. Разработка электронной библиотеки научно-образовательной информацией историко-культурного наследия Казахстана, которая будет реализована в корпоративной сети университета и (режим электронной библиотеки) пополняться регулярно новыми ценными документами по истории. Разработка программного модуля защиты электронных информационных ресурсов от несанкционированного доступа.

Реализация результатов исследований позволит: существенно повысить уровень научных исследований и образования за счет оперативного доступа к информационным источникам историко-культурного наследия Казахстана по истории; расширить возможности распространения ценных знаний благодаря предоставлению информационных ресурсов электронной библиотеки по корпоративной сети университета (а в дальнейшем в сети библиотечного консорциума республики); разрабатываемые методы и программный комплекс позволят повысить эффективность

информационного обмена между ведущими научными и учебными учреждениями других стран за счет создания новых, актуальных научно-образовательных ресурсов по истории (баз данных), соответствующих международным требованиям представляемых в реальном масштабе времени (онлайн).

Основными методами решения поставленных задач являются историография, источниковедение, архивоведение, т.к. сбор и сравнение данных из источников даст возможность для системного анализа объектов информационного обеспечения, поиска и обработки данных. Ввиду того, что материал насчитывает 594 тома, потребуется быстрая и четкая навигация, все это подразумевает оцифровку и оптическое распознавание недостающих частей. Предполагая, что в конечном итоге для пользователей будет разработано программное обеспечение либо веб-сайт, будут применяться теория графов; математические методы оптимизации; методы математической статистики и Web технология.

Ожидаемыми результатами являются: электронная библиотека, содержащая информацию о историко-культурной наследии Казахстана по истории, имеющую научную и культурную ценность; программный комплекс создание электронной библиотеки, ориентированный на международные коммуникативные форматы, которая может обеспечить пользователей необходимой информацией по археологическим источникам.

Таким образом, резюмируя вышеизложенное, можно сказать, что применение новых информационных технологий в создании специализированных баз данных редких и ценных письменных источников позволило бы не только повысить уровень научных исследований и образования по истории, но и организовать эффективную работу сбора, анализа и систематизации богатого историко-культурного наследия Казахстана, и предоставлять потребителям достоверную и релевантную информацию.

Потенциальными потребителями результатов исследований являются ученые, преподаватели, студенты и другие категории ползователей, которые смогут иметь широкий доступ к богатым информационным материалам, касательно истории, культуры, археологии и других сторон жизни народов Казахстана в письменных источниках прошлых столетий.

Литература:

1. Казахстан на страницах Туркестанского сборника: аннотированный библиографический указатель литературы. Сост. Э.И. Иванчикова. – Алматы, 2002. – 555 с.

2. ЦГА РУз. Ф. И-1. Оп. 15. Д. 73. Л. 24 –26 об. (Оп. 20. Д. 3312. Л. 1.);

3. Туркестанский край: Сборник материалов для истории его завоевания 1844–1866 гг., собрал полковник А. Г. Серебренников. – Т. 1–8,. – Ташкент, 1908–1915 гг. – С. 17–22.

4. Kasimbekov A., Alzhanova E. Some search features of electronic resources in information systems in the International Conference Science: Integrating Theory and Practice (MT, USA February 23-24, 2014.). – Bozeman, 2014. – P. 213-215.

5. Технология создания и использования научно-образовательной информации в сети электронных библиотек: Ежегодный сборник/ По ред. М.А. Рахматуллаева. – Ташкент: E-LINE, 2013. – 130 с.

6. Касымбеков А.С. Особенности самостоятельного поискового процесса электронных ресурсов в автоматизированных библиотечных системах (на казахском языке). // Вестник КГУТиИ им. Ш.Есенова. – 2012. – №2(33). – С.131-136.

7. Рахматуллаев М.А. Перспективы развития информационно-библиотечной деятельности // Тезисы республиканской научно-технической конф. «Информационные технологии и проблемы телекоммуникаций» (14-15 марта 2013 г.). Часть 1. – Ташкент, ТУИТ, 2013. – С. 191-193.

8. Le Recueil turkestanais de Mežov: l'utopie d'une somme exhaustive des connaissances sur l'Asie centrale, in Études Asiatiques (sous la dir. d'Anke von Kügelgen). – Kügelgen, 2011. – P. 625-659.

9. Ercan T. Effective use of cloud computing in educational institutions // Procedia - Social and Behavioral Sciences. – 2010. – №2(2). – P. 938-942.

Касымбеков А.С., Альжанова Э.Е.
Ақпараттық технология негізіндегі Қазақстанның тарихи дерек көздерінің электронды жинағы

XIX ғасырдың жазба деректерінің ақпараттық электронды көздерінің мәліметтер базасы мен электронды каталогтарын құру мәселесі қарастырылған. Тарих көздерінің электронды жинағы жаңа ақпараттық технология негізінде қалыптасады. Бұл Қазақстанның тарихи-мәдени мұраларын сақтауға, жүйелеуге, талдауға, тиімді жұмыстарды жедел іздестіруді ұйымдастыруға, ғылым мен білім беру деңгейін көтеруге мүмкіндік береді.

Тірек сөздер: *Электронды жинақ, каталог, мәліметтер базасы, кітапхана мен корпоративтік байланыс, әдіс-тәсіл, алгоритм мен бағдарламалық кешен, тарих саласы бойынша толыққанды электронды дерек көздер.*

Kasymbekov A. S., Alzhanova E. E.
Electronic collection of historical resources of Kazakhstan on the basis of information technology

Considered the issues of creation of the electronic catalogues and database of the information electronic resources in written sources of the 19th century. Electronic collection of the historical resources are formed on the basis of the new information technology that allows to raise the level of scientific and educational observation and organize effective work of operative search, analysis, systematization and saving historical and cultural heritage of Kazakhstan.

Keywords: *electronic collection, directory, database, library and a corporate network; methods, algorithms and software package; full-text electronic resources on history.*

ӘОЖ: 929: 94 (574)

Рысбеков Т.З. – тарих ғылымдарының докторы, профессор,
М.Өтемісов атындағы БҚМУ
Дуйсеналиева А.Д. – М.Өтемісов атындағы БҚМУ магистранты
E-mail: ainara_1989@mail.ru

ТАЛАНТТЫ ТАРИХШЫ – ИСАТАЙ КЕНЖАЛИЕВ НӘСЕКЕНҰЛЫ

Аңдатпа. *Мақалада іргелі еңбектерді саралау негізінде И.Кенжалиевтің білім алуы мен ғылыми-зерттеу жұмыстары мен еңбектері жайында қарастырылады.*

Тірек сөздер: *Тарихшы-ұстаз, педагог, тұлғатанушы.*

«Жақсының жақсылығын айт» дегендей тілге тиек етіп отырған, елімізге белгілі талантты тарихшы, ғалым-педагог, Батыс Қазақстан мемлекеттік

университетінің Құрметті профессоры, тарих ғылымының кандитаты, бүкіл саналы өмірін ұстаздық қызмет пен туған өлкесінің тарихын зерттеуге арнаған Исатай Нәсекенұлы Кенжалиев болмақ.

Исатай Кенжалиев Батыс Қазақстан облысы, Казталов ауданының тумасы. Ол 1927 жылы 10 маусымда дүниеге келген, әкесі Насекен (Насиболла) мұғалім, журналист, сауатты адам болған. Казталовка, Теректі, Жымпиты, Тайпақ аудандық газеттерінің редакторы, «Екпінді құрылыс» газетінің бөлім меңгерушісі, тілшісі т.б. жұмыстарда істеген.Ол 1937 жылы репрессияға ұшырап, партиядан және жұмыстан шығарылған. Ал анасы Уабила қарапайым, алайда көзі ашық, көкірегі ояу адам болған. Исатай 1935 жылы орыс мектебінде оқып, 1942 жылы Әжібай қонысында 7 класты бітіріп шығады [1, 1 п.].

Сұрапыл соғыс жылдарын бастан өткерген бала Исатай 7 жылдық мектепті бітіре сала Киров колхозындағы еңбекке араласады, алғашында еңбекші, кейін почташы және есепші міндеттерін атқарады. Соғыс аяқталған соң оқуын жалғастырып, 1946 жылы арадағы кластарды аттай өтіп 10 класқа қабылданады, оны 1947 жылы «жақсы» деген бағамен аяқтап шығады. Кейін Орал педагогикалық институтының тарих бөліміне түсіп, оны 1951 жылы бітіріп шығады.

Мамандық алып, Казталовкаға қайта оралған Исатай Кенжалиевтің еңбек жолы өзі оқып шыққан орта мектебінде мұғалім болудан басталды. Одан аудандық оқу бөлімінде инспектор болды.

Богатырев ауылында мектеп директоры болып қызмет атқарғаны да бар. 1953 жылы Богатырев орта мектебін салуға жіберді. Құрылыс материалдарының он екіде нұсқасы жоқ тапшылық кезеңде сол жерден мектеп салдырғаны өзі үшін де ауылдастыры үшін де ерлікпен бірдей еді. Бүкіл ауыл мұғалімдері болып қолдан тас соғып, шығырмен балшық тартып, қоғамен төбесін жауып, сылап-сипап бітіріп алған сол бір мектеп өзіне қатты ыстық [2, 6 б.].

Институтты үздік бітіріп, аспирантураға жолдама алып келген жігіт еңбек практикасын аяқтаған соң Алматыға бағыт ұстады. 1954 жылдан бастап Қазақ Мемлекеттік университетінің Қазақ ССР тарихы кафедрасында аспирантурада еңбек етіп, тарихшы-ғалым Бекмахановтың жетекшілігімен «Қазақстанда соғыстан кейінгі жылдардағы ауыр өнеркәсіптің даму тарихы» деген тақырыпта кандидаттық атағын қорғады. Алматы Ғылыми академиясының тарих институтында қызмет жолын одан әрі жалғастырады [2, 7 б.].

Алматыдағы қызметін істей жүріп, ғылыми-зерттеу жұмыстарын қатар алып жүрді. Тарихшы-ғалым әртүрлі ғылыми мәселелерді зерттеді. Әсіресе, туған өлкесі Орал өңірінің сан қилы шежіресі, алып тұлғалы азаматтарының тағдыры қызықтыра бастады. Сөйтіп, біраз деректермен және тарихи еңбектермен танысып, білімін шыңдап, докторлық диссертацияға дайындалып жинақтала бастайды. Алайда арада түрлі аурулар, құбылыстар, оқиғалар ойды бөліп, алаңдата берді. Оның үстіне тұрмыс тауқыметі де мәз емес-тін. Әсіресе, елдегі саяси жағдай Исатай Кенжалиевтің жанына батты, оқып, білген сайын қазақ елінің азаматтарын отар болып өмір сүріп жатқаны ғалымды алаңдата бастады. Елдің жағдайын, қасиетті жеріміздің қасиетін бұлдіріп, зираттарын қиратып, орманын омырып, өзен-суларын ластап жатқанын, аң-құстарды құртып жатқанын көріп, шыдай алмай 1956 жылы Н.Хрущевке хат жазады. Алайда, жауап болмады [1, 3 п.].

1967 жылы желтоқсанның 25-де СОКП саяси бюросына хат жазып, Қазақстанға шығыстан қауіп күшейгенін, қазақ жерінде бір әскери округтің, сондай-ақ әскери оқу орнының ашу керектігін айтады. Бұл хаты ескерусіз қалмады. Келесі жылы ОАВО(САВО) округі құрылды.

Институтта қызметін атқара жүріп, бос уақытында кітапханаға барып тарих, саясаттану, философия пәндерін оқып білімін тереңдете отырып, педагогикалық, методологиялық біліктілігін арттырды. Сондықтан да болар білікті кадрдың алдыңғы қатарында болды [1, 4 п.].

70-жылдары тарихшыны қазақтың ардақты батырларының бірі Махамбет Өтемісұлының өмірі мен қызметі қызықтыра бастайды.

Тіпті ел біршама біледі деген Исатай-Махамбет көтерілісі туралы мағлұматтардың өзі жалпылама, белгісіздіктерге толы болып шықты. Өз топырағында туып өскен, елім деп еңіреп өткен есіл ерлердің бейнелерін ел санасында тірілтіп, жүріп өткен іздерін сайратып беруге бет бұрған Исатай Кенжалиев 1971 жылы 27 қарашада «Орал өңірі» газетіне «Ел аузынан» деген айдармен «Исатай-Махамбет көтерілісі туралы бір дерек» атты мақаласын жариялаған [2, 7 б.]. Содан кейін осы бір ізденісінің аясын кеңейтіп, бірте-бірте деректерді көбейте берді.

Қазақ ССР Орталық Мемлекеттік архивін, Астрахан, Орынбор облыстық архивтерін, Ленинградтағы СССР Орталық тарихи архивін, Ташкенттегі Өзбек ССР Орталық архивіндегі Хиуа хандығының XIX ғасырдағы архивін ақтара жүріп, Кіші жүздің, ішкі Орданың тарихын зерттеп, сол арқылы Исатай мен Махамбеттің өмірі туралы алуан түрлі мәліметтер жинақтады. Инемен құдық қазғандай, шұқшия жүріп соның бәрін сараптап өткізді. Және оқырман қауымды әркез хабардар етіп, елдің шежірешіл қарттарын іздестіре жүріп еңбек етті. Махамбет тақырыбына үрке қарайтын заманның салқыны сақтаулы кездің өзінде өз қаржысымен ел кезіп ауыл аралап жүріп батырлар ізіне үңілді. Атақ та, даңқ та қумады. Бұл тақырыптан өзіне ешкімнің докторлық атақты қорғатпайтынын біле тұра бүкіл қажыр-қайрат, жігерін осынау жолға арнады [1, 5 п.].

«Махамбет есімін алғаш рет 1936 жылы Калмыковқа көшіп келгенімізде естідім. Жайық өзені жағасындағы биікте тұратын кең үйге үзілісте мектептен жүгіріп келетінбіз. Бұл үйді тұрғындар Орал казак әскерінің Калмыков қамалындағы абақтысы дейтін. Бұл абақтыда 1829 – 1830 жылдары Махамбет Өтемісұлы, 1839 – 1840 жылдары Шыбынтай Құлманиязұлының балалары көп азап шеккен. Сондықтан халық оны «Махамбет жатқан абақты» деп қастерлейтін», - деп әңгімелейді Исатай Кенжалиев, - Махамбет «Терезе шілтер» дейтін күйін осы Калмыков абақтасында шығарған екен. Шілтер деп терезенің темір торын айтқаны дейді. Мен осы «Терезе шілтерді» және басқа да он шақты күйлерін Тайпақ ауданындағы Қанаш Иманбаев деген ағадан магнитафонға жазып алып, Қаршыға Ахмедияровқа бергенмін». Ол Махамбеттің күйлері туралы кітап жазды, күйлер эфирге шығып жүрді [2, 9 б.].

1974 жылы Махамбет Өтемісұлы туралы кітапша жарық көрді. Бұны тағы да жаңа архив, ел аузындағы тың деректермен толықтырып, 1979 жылы Алматыда қайта шығарған. Бұнымен қатар 1977 жылы «Таймануұлы Исатай» деген ғылыми монография дүниеге келіп, 1836 – 1838 жж. Бөкейлік пен Кіші жүздегі шаруалар көтерілісінің тарихын алғаш рет қазақ тілінде кітабын жарыққа шығарды [1, 5 п.].

Ғалымның «Таймануұлы Исатай» және «Құрманғазы» атты деректік еңбегінің бүгіндері еліміздің ғалымдары ортасында, тарих ғылымында сілтемелік негізде пайдаланылып келеді. Мәселен, академик Салық Зиманов өзінің «Россия и Букеевское ханство» атты кітабында ғалым Исатай Кенжалиевтің «Таймануұлы Исатай» кітабынасілтеме жасайды, «архив деректері мол, өзге тарихшыларға қарағанда халық ауыз әдебиетіне тарихи дерек ретінде келтірілген пайдалы еңбек» деп жоғары бағалайды [3].

Тынбас ізденістің адамы Исатай Кенжалиев Жайық өңірінің тарихына терең үңіліп, үш арысымыздың (Исатай, Махамбет, Құрманғазы) өмірлері мен қызметтерін зерттеуге бар ықыласын дендеп қояды.

Келесі ғылыми-зерттеу тақырыбы Құрманғазы Сағырбайұлының өмірі мен қызметі туралы материалдар жинап, бұрынғы жазылғандарды тексеріп, анықтап, жазбалы деректер іздеп, талдап, қиыстырып жұптап, ғылыми жолға қою болды. Академик Ахмет Жұбанов, халық ақыны Хамит Ерғалиевтермен үзеңгі қатарласа Құрманғазы бабамыз туралы толымды ойлар, тың деректер жинаған да осы Исатай Кенжалиев еді.

Құрманғазы Сағырбайұлы жөнінде оннан астам мақалалар жариялап, 6,5 баспа табақ көлемінде монография жарық көрді. Бұл үшін Жаңақала ауданына он шақты рет, Құлсары, Ганюшкин, Маңғыстау т.б. жерлерге үш реттен материал іздеп, көптеген мұрағаттарда болған [1, 8 п.]. Құрманғазы жүрген жердің бәрінде болдым, -

дейді Исатай Кенжалиев, - тек Сібірге барған жоқпын». Сол жүрген еңбек нәтижесінде «Құрманғазы» деген кітабы шықты. Қазір Құрманғазының Алтынжардағы мұражайында кітабы тұр [2, 8 б.]. Кенжалиев есімі «Құрманғазы» деректік талдауы арқылы бүкіл Қазақстанға таралды, Ғылым академиясының кітапханасына қойылып, зерттеушілердің қолынан түспейтін тың еңбек болды, соның айғағы ретінде «Қазақ энциклопедиясының» 1998 жылы шыққан жинағына енгізілді, жинақтың бас редакторы, академик Ә.Нысанбаев, алғы сөзін жазған белгілі жазушы Ә.Кекілбаев болғанын ескерсек, бұл ғалым еңбегінің зая кетпегені [3].

Қала мен далада тарихи сананың жаңғыруы басталды, ұмыт бола қалған арыстар елмен қауышты, қазақтың бір туар ерлері мен қыздарын жаңаша жазу қанат жайды.

Келе-келе тағы бір ауқымды тарихи тақырып қызықтырып әкетті. Ол бұрынғы Кіші жүздегі Кеңес өкіметінің орнығу тарихы болды. Осыдан келе ғалымның екі бөлімнен тұратын «Батыс Қазақстанның қасіретті жылдары – 1916 – 1920 жж» және «Батыс Қазақстанның қасіретті жылдары – 1917 – 1920 жж» - атты монографиялық зерттеулері мен «Бөкей Ордасы – 1801 – 1850» атты еңбектері шығып, мәңгілік мұра ретінде баға жетпес құндылық болды [4].

Әсіресе, Бөкей хандығының тарихы мен өлкенің тарихи тұлғаларын халқына қауыштырудағы қосқан үлесі орасан зор. Ғалым «Бөкей Ордасы – 1801 – 1850» атты зерттеуінде, хандықтың әлеуметтік-экономикалық және саяси дамуына шолу жасаған [5].

Бұл монография өлкесін танумен қатар ғылыми тұрғыдан болашақ ізденушілер үшін де жазылған, қосымша түсініктерде беріліп отырған, кітап сондай-ақ көпшілікке қарапайым тілмен жатық жеткізілген.

Ұлт-азаттық қозғалысқа байланысты мәселелерді ғылыми тұрғыдан зерттеудің маңызы зор. Соның ішінде Сырым бастаған көтерілістің зерттелуі ғалым үшін үлкен еңбек болды. Ғалымның 1990 – 1992 жылдар аралығында жарыққа шығарған «Сырым батыр», «Сырым баба ізімен», «Сырымның шешендік сөздері», «Сырым Датұлы», «Сырым бастаған шаруалар көтерілісі», «Дәуір перзенті», «Сырым батыр 1783 – 1797 жж. Батыс Қазақстандағы ұлт-азаттық қозғалысын басқарды» және т.б. көптеген тарихи очерктер мен мақалалары арқылы оқырман қауым мен ізденуші тарихшыларға таптырмас мұра болды Сырым Датұлы бастаған қозғалыстың 200 жылдығын атау жөнінде алғаш рет мақалалар жариялап, көпшілік пен басшылық назарын аударуға тырысқан. Сол секілді, Исатай көтерілісінің 150 жылдығын атап, көпшілікті оның тарихымен таныстыру шараларын жүргізу жөнінде әуелі Д.Қонаевқа хат жазды. Одан нәтиже болмағасын Колбинге хат жазып, 1987 жылы Орал қаласында ғылыми конференция өткізілуіне қол жеткізді және бұл жиынға өзі келіп қатысады [1, 6 п.].

Бұлармен қатар ата жеріміздің ардақтылары Дәулеткерей, Ғұмар Қараш, Мәншөк батыр, Ақмет Мәметовтар, Сейтқали Меңдешев, Нұғман Залиев, Сырым Датов, Балабайсан, Қажым Басымов, Ишанғали Меңдіханов т.б. өмірбаянын, қызметін зерттеуге атсалысып нақты деректер негізінде мақалалар жарияланды. Мысалы, Дәулеткерей туған жері, өлген жылы күні кешегіге дейін белгісіз күмәнді болды. Орда ауданындағы «Қарамолаға» бірнеше рет барып, анықтады, бір ұрпағын Алматыдан тауып, бұл жөнінде жергілікті газеттерге жариялады.

Сонымен қатар, Кеңес одағының батыры Мәншөк Мәметова жайында аузындағы мәліметтерден, мұрағаттардан жиналған мәліметтер мен зерттеу жұмыстары Мәншөк Мәметованың өмірі мен туыстары, жауынгерлік ерлігі жөнінде мақалалар, фотолар жарыққа шықты. Осындай ізденіс нәтижесінде 2005 жылы Орал қаласы баспасынан ғалым Исатай Кенжалиевтің «Мәншөк батыр» атты тарихи-деректі зерттеуі шықты [6].

Жоғарыда аталған ардақты қайраткерлер жөнінде әлі де зерттеу жүргізіп, мақалалар жариялаған. Солардың бірі – қазақ тіл білімінің профессоры Қ.Басымов туралы ізденулер, жарияланымдар болды. Қажым Басымов туралы зерттей жүріп өзінің бала кезінде көргенін, әкесі Кенжалиев Нәсекенмен бірге сауат ашқанын еске

алады. Қазақ тілінің орфографиясының негізін салушы ретінде танытып көптеген жарияланымдар жазады [7].

Алматыны мекеніне айналдырған ол, алғашқылардың қатарында, өзі тұрған өлкенің тарихына құлшына кірісіп, жергілікті мерзімді баспасөздерде пулблицистикалық мақалаларын жиі жариялап тұрды. Мәселен, «Алма-Ата» атауының транскрипциясын өзгертіп, ежелгі «Алматы» деп атау туралы жабыла жазып жатқан тұста, ғалым Исатай Кенжалиевтің өз ойын жария етпеуі мүмкін емес еді. Ол архив дерегін алға тартып, яғни 1853 жылы жазылған бір деректегі орыс офицерінің қаланы «Алматы» деп жазған дерегін көпшілікке ұсынды [1, 15 б.]. Және де Алматыдағы «Ташкент» көшесіне батыр бабамыз Райымбектің есімімен атауды жөн көріп, 2-3 рет осы жөнінде мақала жазады. Қонаевқа хат та жазады [2, 20 б.].

Сондай-ақ іргелі мәселелердің бірі болған мерзімді басылымдарда жария етілген «Орал» атауы, қаланың атын өзгерту туралы көпшілікті елең етер жаңалықтың баспа бетінде жариялануы еді. Оған республикалық және облыстық, қалалық, тіпті аудандық газеттерде жарық көрген материалдардан көз сүрінді, десекте, солардың ішінде жұртшылыққа жаққаны Исатай Кенжалиевтің «Қаланы қалай атаймыз» деген мақаласының жаңғырығы жұртшылықты елең еткізді. Онда ғалым өзіне дейінгі айтылған жайларға дәйекті түсінік беріп, бірін қолдаса, екіншісін сынай, қалаға «Жайық» атауы бірден-бір тарихи, әрі түп тамыр деп қортынды жасайды [2, 21 б.].

Тарихшы-ғалым бір сөзінде: «Нағыз тарихшы болу қиын екен. Ол үшін көп оқып, білумен қатар, оқырманды өз сөзіне сендіру үшін нақты жазбалы, не заттай деректерді ұзақ іздеп, табу қажет. Сонымен қатар, кате мен бұрмалауға толы былыққан тарихымызды объективті баяндау үшін «қара қылды қақ жарған» әділ болу керек» - дейді [2, 10 б.]. Осы бір ойын мақсат қылған Исатай Кенжалиев «Тарихшы-ғалым» деген атаққа ие болып, тарихшы-публицистік жұмысын тоқтатпай 260-тан аса мақалалар, рецензиялар, он бестей кітаптары дүниеге келіп, қалың оқырманның, оқушы қауымның қажетіне қызмет етіп келеді.

Қызметінің соңғы кезеңін ұлтымызыдың зайырлы оқу орындарының бірі Алматы қыздар институтында аяқтап, 1992 жылы зейнеткерлікке шықты.

Орал өңіріне келген бойда тыным таппай, Исатай Нәсекенұлы көптеген зерттеу еңбектерін елге келіп, бірінен кейін бірін жазып, баспадан жиі шығара бастады. Батыс Қазақстанның өңірінің тарихын зерттеп, жинақтаған құнды еңбектерін көзі тірісінде баспада жарық көруі – ғалым үшін ең бақытты, табысты жылдарының бірі болатын. Осы жылдары ол «Батыс Қазақстанның қасіретті жылдары» атты еңбегінен екі кітап, Махамбеттің 200 жылдығына арнап «Махамбет Өтемісұлы» атты монографиясын шығарды. «Махамбет толғаулары», сол жылы Атырауда өткен Махамбеттің 200 жылдығына орай халықаралық конференцияға қатысып, сыйлықтарға ие болды. Сол сияқты 2004 жылы университет жанындағы баспадан «Ғұмар Қараш» атты монографиялық еңбегі жарық көрді.

Ғалым қолынан келгенше тарих ғылымының шыншылдығы үшін күресті, деректердің қаншалықты құндылығы мен шындығын білу үшін салыстырмалы деректерді қолдану керек, мәселен орыс деректері Жәңгірді жақтап жазды, неге өйтті, оны талдамай бір жақты пайдаланамыз, бұл дегенің тарих ғылымына мүлде қайшы принцип десек, оны ескеріп жатқан басқа түгілі тарихшыларымыздың өзі жоқ. Өйткені орысқа хан керек, қазақты сол ханның қолымен биледі.

Жалпы билік тарихты мақтау немесе мақтану үшін жазылмайтынын білуі тиіс, өкінішке орай кешегі кеңестік тарихнама, патшалық тарихнаманың әсіре мақтау, жағыну, жағымпаздық секілді тәсілдерін, тонын өзгертіп ала қойды, айталық патша дәуірінде үстем тап өкілдері жабыла жазылса, кеңес дәуірінде коммунистік билік марапатталып жазылды, соның салдары болар бүгінгі тарихты жазуда тарихшылардың көпшілігі өздеріне таныс әдістен шығар емес. Бұл мүлде қате бағыт және руханилыққа әкелмейді.

Белгілі тарихшы Рашид-ад-диннің «тарихшының жауаптылығы мынадан шығады, әр халықтың және ұлыстың аңызы мен хабарын сол қалпы өзгертпей, олар кітаптарына немесе аңыздарына қалай енгізсе, сол қалпында бергені міндет» дегені, әр тарихшының иманы болуы керек шығар десек, ғалым Исатай Кенжалиевтің аталы сөзді бойына сіңіргені байқалады [2, 16 б.].

Тарихшы З.Шарафутдинов ғалымның еңбектерін қысқаша топтап көрсетеді, олар «мемлекеттік туралы», «қазақ шежіресі туралы», «жер-су аттары туралы» және «тарихи тұлғаларды қайта оралту» секілді ауқымы кең, маңызы мол мақсатты да, міндетті тақырыптар. Бүгінгі тәуелсіздік тұсында ұмыт болған ел тұтқаларының тарих сахнасына қайта келуі еліміздің әр өлкесінде жалғасын тауып жатыр десе, оның батыстағы бастаушысы – Исатай Кенжалиев [2, 22 б.].

Жастайынан адалдық пен туыстықты мақсат тұтқан ғалымның, осынау қыртысы мол, қулығы көп өмірде, алған бағытына жетуде қанша қиналса да, арының туын биік ұстап, біреуге жағыну мен біреуді мақтан көтермей, қыртысы көп ғылым атты жолды қал-қадірі жеткенше адал аттап, абыроймен аяқтап шықты.

Өмірлік принципі «әлсіздердің алдында әлсіз болу, күштілердің алдында күшті болу» мақсатын қойған, ғалым Исатай Кенжалиев ғұмырының сан алуан соқпақтарында ұстанған бағытынан тайған емес.

Атам қазақта «атына заты сай» деген қанатты сөз бар, ол өз кезегінде орындала да бермейді, дегенмен азан қойып шақырылған «Исатай батыр» есімі Кенжалиев тұлғасында орындалған ақиқаттың бірі, оған ғалымның халықшылдығы, шыншылдығы, турашылдығы, бір сөзділігі осының айғағындай. 1970 жылы Исатай Нәсекенұлына ой салған жолдастарының біреуі - «Исатай» атыңды атап Махамбет өмірін тарихшы болып неге зерттемейсің? - дегені ұлт-азаттық күрестің басшыларын зерттеуіне түрткі болған [3] және абыроймен зерттелгені хақ.

Өз елінің, туған жерінің жанашары ретінде ғалымның көп жылғы іздену барысындағы облыс тарихымен қатар өзі туып-өскен Казталовка ауданы жөнінде материал жинап, «Казталовка – байырғы атамекен» атты монографиясын 1994 жылы жазып, жарыққа шығарды [6].

1995 жылы туған жерге көшіп келіп, өңірдің тарихына байланысты мәселелерді жаңа талапқа сай қайта зерттеп, саралайды. «Жас ұлғайған соң, балаларымды жинап, еліме жеткім келді де тұрды, бәрібір өз өлкеңе, өз табиғатыңа жететіні жоқ» деп айтып жүрген. Исатай Нәсекенұлы келісімен-ақ, М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің тарих факультетіне, оның ішінде Қазақстан тарихы кафедрасының оқытушыларымен тіл табысып, араласып кетті. Кафедраның ғылыми жұмыстарына араласып, диссертациялық жұмыстарға ғылыми талдау жасау, пікір жазу, кеңес беру сынды жұмыстарға бел байлап, барлық бұл саладағы іс-тәжірибесін жас оқытушылар мен ғалымдарға өнеге еткендей кеңестерін беріп отырды. «Дәріс, семинар сабақтарын, арнайы курстар: «Бөкей облысы туралы», «Батыс Қазақстан облысы» т.б. тақырыпта студенттерге арнап оқыды. Исатай Кенжалиев мемлекеттік емтиханның төрағасы болып қызу жұмыстарға белсене атсалысты [2, 25 б.].

Ғалымның еңбектері ескерусіз қалмады. Батыс Қазақстан гуманитарлық университетінің ғылыми кеңесі «Құрметті профессор» деген атақ берді. Бұрыннан тарих ғылымының кандидаты, политология доценті еді. 1957 жылы «Тың жерді игерудегі ерлігі үшін» деген медальмен, 1990 жылы «Еңбек ардагері», 1995 жылы Ұлы Отан соғысы кезіндегі еңбегі үшін «50 жылдық» медальмен марапатталған [1, 5 п.].

Әрбір ұлы адамның артында, одан да ақылды, ұлы әйел тұрады деген сөз бар. Сондай ұлылардың бірі – Исатай Нәсекенұлының жұбайы Тұрсын Кенжалиева. Тұрсын Кенжалиева математика пәнінің мұғалімі болып ұзақ жылдар қызмет еткен. Қиындығы мол ғылым жолындағы ажырамас серігі бола білген, Тұрсын Кенжалиева, жолдасына әрдайым демеу көрсетіп, жазу-сызуларына, мәліметтерді жинақтауға әрдайым қолғабысын тигізіп отырған. Исатай Нәсекенұлы мен жұбайы Тұрсынның

артында бүгінде алты баласы, он алты немересі бар. Әрқайсысы бүгінгі күні еліне сыйлы азаматтар мен азаматшалар.

Өмір сүруге, өз зерттеулерін халқына жеткізуге асыққан Исатай Нәсекенұлы 2011 жылы қазанның 25 жұлдызында дүниеден озды.

Бар ғұмырын, таланты мен қабілет-қорымын, күш-жігерін білім мен ғылым салаларына арнап, жемісті қызмет еткен ғибратты тарихшы-ғалым, ұлағатымен үлгі болған ардақты ұстаз, аяулы азамат Исатай Нәсекенұлының рухы қандайда құрметке лайықты. Ғалымның бойындағы ізгі қасиеттер, ол атқарған игілікті істер бүгінгі жас ұрпақпен жалғасып жатса екен дейміз. Қазақстан тарихына арнаған ғалымның еңбектері біздің өткен тарихымызды зерделеуде құнды дерек болып табылады.

Әдебиеттер:

1. БҚО ММ. 450-қор. 1-тізім, 5-іс.

2. Шарафутдинов З. Бас тарихшы. – Орал, 2007. – 28 б.

3. Зұлқожа Шарафутдинов. Тағдырын тарихқа жалау еткен // Орал өңірі. 2002. – 9 сәуір.

4. Ж.Молдағалиев атындағы Батыс Қазақстан ғылыми-әмбебап кітапханасының басшылығымен. – Кенжалиев Исатай Нәсекенұлы. – Орал, 2002. – 32 б.

5. Ізбасарұлы С. Ешқашан тыным таппайды (Орал қаласының тұрғыны. тарихшы-ғалым Исатай Кенжалиев) // Орал өңірі. – 2007. – 9 маусым.

6. Қисметов Н. Тыным таппайтын ұстаз // Орал өңірі. – 2007. – 5 мамыр.

7. Кенжалиев И.Н. Көрнекті қайраткер, ғалым-педагог // Коммунизм жолы. – 1990.– 30 тамыз.

Рысбеков Т.З., Дуйсеналиева А.Д.

Талантливый историк – Кенжалиев Исатай Насекенович

В процессе анализа важных трудов в статье рассматриваются вопросы об образовании И.Кенжалиева, его научно-исследовательские работы и труды.

Ключевые слова: *Учитель-историк, педагог, личностевед.*

Risbekov T.Z., Duisenalieva A.D.

Talented historian–KenzhalievIsataiNasekenovich

In the arctici-le considered questions of about I.Kenzhaliev's education, which in the process of analyzing important questions. And his research works and scientific writings.

Key words: *teacher and historian, educator, personality scientist.*

ӘОЖ: 94 (574)

Боранбаева Б.С. – тарих ғылымдарының кандидаты, доцент,
Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті
E-mail: bbaktyly@bk.ru

М.ЫСМАҒҰЛОВ – ӨЛКЕ ТАРИХЫН ЗЕРТТЕУШІ ҒАЛЫМ

Аңдатпа. *Мақалада Батыс Қазақстан өлкесінің тарихы, мәдениеті мен этнографиясына қатысты құнды деректердің мол қорын жинақтап, өлке тарихын зерттеуге сүбелі үлесін қосқан ғалым Мұстафа Ысмағұловтың өмірі мен ғылыми еңбектері мұрағаттық деректер мен тарихи құжаттар негізінде тұжырымды баяндалады.*

Тірек сөздер: *Батыс Қазақстан өлкесі, зерттеуші, тұлға, этнография, тарихи деректер, «Қазақстан» газеті.*

Отарлық бұғау өлке тарихын зерттеуге өз зардабын тигізді десек те, кеңестік тоталитарлық жүйе қыспағына қарамастан ұлтымыздың тарихы, этнографиясы мен

фольклоріне қатысты тарихи құнды деректер қорын жинақтап, өлке тарихының жазылуына сүбелі үлес қосқан зерттеуші ғалым, Мұстафа Ысмағұловтың есімі бүгінгі жас ұрпақ құрметіне лайықты тұлға.

Халқымыз машақаты мол ғылым жолының ауырлығын «Ғылым инемен құдық қазғандай» деген қысқа да, нақты сөз жолдарымен ұғындырып береді. Олай болса, ғалым М.Ысмағұловтың мұрағат, музей қорларындағы сарғайған қолжазбаларын оқи отырып, оның жеке басының атақ-абыройы үшін емес, орыс еліне тәуелді күй кешіп отырған халқының тарихи мұраларын сақтап қалудағы тырысқан жанқиярлық еңбегіне еріксіз таңданып, сүйсінесіз. Демек, ғалымның қазақ тарихына қатысты жазып қалдырған қолжазба мұралары – оның халқын сүйген ұлтжанды тұлға болғандығын анық дәлелдейді. Біздің бұл пікірімізге зерттеуші М.Ысмағұловтың Батыс Қазақстан облыстық тарихи-өлкетану мұражай қорында сақталған 428 беттік қолжазбасы дәйек [1].

Өлке тарихын зерттеуге сүбелі үлесін қосқан Мұстафа Шәмбілұлы Ысмағұлов 1914 жылы 7 қарашада Батыс Қазақстан облысы Жәнібек ауданы Жақсыбай ауылдық кеңесінің Свердлов атындағы (бұрынғы К.Маркс) кеңшарында дүниеге келген.

Еңбек кітапшасындағы жазбаларға қарағанда, ол 1930 жылы бастауыш мектепті аяқтап, Ташкент қаласындағы Қазақ орман техникумына оқуға қабылданады. Бірақ 1 курс бітірген соң денсаулығына байланысты оқуын жалғастыра алмайды. Кейін денсаулығы қалпына келген соң ол енді Қызылорда сауда техникумына түсіп, аталмыш оқу орнын 1934 жылдың қыркүйек айында есепші - бухгалтер мамандығы бойынша аяқтайды. Бұдан соң Қазақ Өлкелік комсомол комитетінің жолдамасымен Қызылордадан Балқаш өңірі құрылысы жұмысына жіберіліп, ауылшаруашылық комбинатында материалдық қамсыздандыру бөлімінде есепші қызметін атқарады. 1936 жылы Тынық мұхиты флотының жедел қызмет бөліміне шақыртылып, Владивосток қаласы маңындағы авиа мектепте оқиды. Алайда денсаулығы сыр берген соң, 1937 жылы елге келіп, Қарағанды облыстық Кеңесі төрағасы міндетін атқарады [2].

1939-1954 жылдар аралығында Ішкі Істер Министрлігінің Алматы облыстық бөлімінде ұзақ жылдар еңбек еткен М.Ысмағұлов бұдан соң ғылым жолына біржола бет бұрады. 1950-1952 жылдар аралығында Түрген педагогикалық училищесін, 1955-1960 жылдары С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің журналистика факультетінің кешкі бөлімінде оқып жүріп, 1957 жылдың шілде айында Қазақстан ҒА-ның Философия және құқық институтына ғылыми қызметкер болып қабылданады. 1981 жылы зейнет демалысына шыққанға дейін ол осы ғылым ордасында жүріп, көптеген ғылыми зерттеулер мен ғылыми танымдық еңбектердің авторы атанды [2].

Осылайша зерттеуші М.Ысмағұлов Мәскеу, Ленинград, Астрахан, Саратов, Омбы, Орынбор қалаларының мұрағат қорларында сақталған қазақ тарихына қатысты тарихи құнды деректерді ғылыми айналысқа енгізіп, Батыс Қазақстан өлке тарихының жазылуына зор үлес қосты. Ол Бөкей Орда жерін жаяу-жалпы аралай жүріп, ел ішіндегі көнекөз қариялардың естелік жазбаларын да жинап қалдырған. Бұл жөнінде құрметті зейнеткер Аманкелді Уәлиев: «Үстінде желбегей қоңыр плащ, қолында қағаз толы портфель ұстаған зерттеуші М.Ысмағұлов 1978-1980 жылдары Жәнібек ауданына келіп, осы өңірді жырға қосқан ақындар Ш.Бөкеев, Ғ.Қараш т.б. осы өңірден шыққан зиялылар туралы деректер жинады. Мен ол кезде Жақсыбай ауылында совхоз директоры едім. Оның осы ауылда өлкетану мұражайын ашуға тырысып жоғарғы жақтарға әлденеше рет ресми хат жазғанын да және Алматы қаласынан 4-5 қапшық толы тарихи жәдігерлерді арқалап келгенін де білемін» [3, 28 б.],- деп зерттеуші М.Ысмағұловтың туған өлке тарихы туралы ізденістеріне өзінің куә болғандығын айтады. Мұнымен бірге Аманкелді ағамыз: «1980 жылы Орал облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы М.Б. Ықсановтың тапсырмасы бойынша Ғ.Қараш пен оның баласы Қадерге арналған құлпытасты Волгоград қаласынан жасатып әкеліп, осы Мұстафа Шәмбілұлының көрсеткен жеріне әкеліп қойғанбыз. Міне, Ғұмар бабамызға арналып қойылған тас белгінің қойылу тарихы осындай» деген еді.

Өлке тарихын зерттеуге сүбелі үлесін қосқан зерттеуші ғалым М.Ысмағұловтың Бөкейлік алаш зиялылары Бақытжан Қаратаев, Ғабдулғазиз Мусағалиев, Ишанғали Меңдіханов, Сейтқали Меңдешов, Елеусін Бұйрин, Ғұмар Қараш сынды қайраткерлердің өмірі мен қоғамдық қызметі жөніндегі қолжазбалары бүгінде мұрағаттық құнды дерек қорына айналған. Осы айтылған қолжазбада, ол қазақ халқының келешегін ойлаған ұлт жанашырлары туралы: «Шын саясатқа жетік қоғам қайраткерлері сан жағынан аз болғанымен, олар ар-ұяты таза, рухани күшті, қажырлы, қазақ халқының болашақ өміріне көз жіберіп, қайғырғандар болды. Көздеген мақсаттары үшін ақыл ойын сарп етті. Өздерінің өзектерін өртеген мәселелер туралы жазып та, айтып та халықтың санасына жеткізу үшін, «тар жол, тайғақ кешуге» түсті. Мысалы И.Тайманов пен М. Өтемісов ту ұстап, тұлпар мініп ханға қарсы шықты» [2, 206 п.],-деп тұжырымдайды.

М.Ысмағұлов 1959 жылы «Қазақстан мұғалімі» газетінде жариялаған көлемді мақаласында Ғұмар Қараштың шәкірт тәрбиесіне қатысты тұжырымдары мен оқушының жан-жақты еркін өсіп жетілуіне, мектеп мұғалімінің тигізетін ықпалы туралы айтылған педагогикалық ой-пікірлерін жоғары бағалап, Ғ.Қараштың өмірі мен қызметін зерттеудің жаңа бағыттарын ұсынады [4, 12 б.]. Сондай-ақ 1962 жылы академик С.З.Зиманов пен бірігіп жазған «Философская энциклопедия» деген еңбегінде ол: «Казахский поэт, публицист, мыслитель подвергал критике некоторые догмы ислама, ратовал за реформу, школы, призывал к сближению с русским народом. Философской основой его творчества становятся стихийным материализмом» [5, 78 б.], – деп Ғұмар Қараштың қоғамдық қызметі мен оның пәлсапалық ой-пікірлері туралы нақты тұжырым жасайды.

Ғалым М.Ысмағұлов ағартушы Ғұмар Қараштың туған ауылында мектеп ашып, жәдидтік оқыту тәсілімен бала оқытуы жөнінде: «Ол 1907-1910 жылдары Қароба маңындағы Тіленшісай деген жерде, өзі молда болған медреседе балаларға дін оқуын оқытпай, орысша оқытуды ұйымдастырады. Ауылда асық атып, доп қуып жүрген қазақ балаларына бірден орысша оқу қиынға соғады деп, оларға қысқа мерзімде тіл сындырту үшін Қазан мұғалімдер семинариясын бітірген Паңгерей Ақыртов дегенді мұғалімдікке тағайындатады. Біздің ойымызша, дін ұясы саналған мешітті, медресені Ғұмардың нағыз ағартушылық мүддеге пайдалануы: хадімді тастап жәдитке көшуі жәдитшеге қоса балаларды орысша оқытқаны шын мәнісінде өте зор қоғамдық, әлеуметтік маңызы бар жаңалық» [2, 24 п.], – деп тұжырым жасайды.

Өлкемізде 1919 жылы қазақ мектептеріндегі мұғалімдер үшін шығарылған тұңғыш әдістемелік «Мұғалім» журналы жөнінде де дерек қорын қалдырған М.Ысмағұлов: «Журналдың оннан аса саны жарық көрген. Солардың қазіргі табылғаны 2 және 7 сандары. Осы нөмірде Ғұмардың баяғы Уфада жазылып басуға үлгере алмай кеткен «Педагогика» деген көлемді ғылыми еңбегі жарияланады. Шын мәнісінде педагогика теориясын (қағидасын) ана тілімізде жазған тұңғыш автор Ғұмар Қараш» [6, 178 б.], - деген ой түйеді.

Сондай-ақ Батыс Қазақстан облыстық тарихи-өлкетану мұражай қорында М.Ысмағұловтың 1951 жылы «Газеттің аты «Қазақстан еді» атты телевизиялық деректі фильмге арналып жазылған қолжазба сақталған. Бұл оның қазақ тарихына деген сүйіспеншіліктен туған жанқиярлық еңбегі мен ізденісінің нәтижесін дәлелейді. Осы қолжазбада автор «Қазақстан» газеті туралы тарихи деректерді өзінің қалай іздеп тапқаны жөнінде былайша баяндайды:«1935 жылы жазда Алматыда Қазақ АССР-ның мәдениет қайраткерлерінің сиезінде Балқаш құрылысынан келіп қатыстым. Сонда Сабыр Нұғманов деген жерлесімнің Москвада тарих архивінде «Қазақстан» деген газеттің екі-үш сандары сақталыпты дегені есімде жүрді. 1938 жылы Москваның шығыс жағындағы Кусково деген қалашықта екі-үш ай рота командирі болдым. Сонда «Қазақстан» газетінің екі санын архивке барып оқыдым. Өте таң қалып қызықтым. Сол кезден бастап бұл газетті шығарушылар туралы ізденіп, 1941 жылы Саратов облысы Энгельс ауданы жерінде Ғұмардың Нәзия деген

қызына, ағайындарына барып, азды-көпті бұл ақыннан қалған әдеби мұраларын Сыдиықтан (немере інісі), Исағалидан (жерлесі) жинап қайтқан едім. Ұлы Отан соғысы жылдары «Қазақстан» газетінің шығу тарихын зерттеуге, деректер жинауға мүмкіндігім болмады. 1946-1947 жылдары Алматыда тұратын Ғұмар Қарашевтың туған баласы инженер, коммунист Бұрхан Қарашевпен әлденеше рет әңгімелесіп, «Қазақстан» газетін шығаруға тікелей қатысы бар Бақытжан Қаратаев, Шәңгерей Бөкеев, Ғабдулғазиз Мусағалиев, Сейтқали Меңдешов, Елеусін Бұйрин, Ғұбайдолла Бердиев т.б. туралы ауызша түсінік алып, дерек іздеуге кірістім. Бұрхан Қарашев айтқан түсініктердің көмегі зор болды. Маған документальды деректі іздеп, тауып алу үшін орталық қалалардың архивтеріне баруға жөн сілтеді. (Қазір осы Бұрхан Қарашевтің қызы – филология ғылымдарының кандидаты Нәдия Қарашева (1930 ж.) Москва қаласында тұрады – автор Б.Б.). 1962 жылы Қазақ ССР Ғылым Академиясының философия және право институтының еңбектерінің 6-томында «Қазақстан» газетінің шығу тарихы және оның идеялық мазмұны» 1 баспа табақтай мақаламды жарияладым» [2], - дейді.

Демек, осы көлемді мақаласында М.Ысмағұлов: ««Қазақстан» газеті 1911 жылы 16 мартта Орда қаласында қазақша, орысша екі тілде шыққан. Көлемі шағындау. «Дала уалаяты» газетіне ұқсастығы бар. «Қазақстан» газетінің өзіндік ерекшеліктері де байқалады. Ол ерекшеліктері: ресми редакторы, бастырушысы да қазақтар болған. Ал «Дала уалаяты» газеті редакторының қарауындағы аударушылар ғана қазақтар, олар сол кездегі ақсүйектерден шыққандар еді. «Дала уалаяты» газетінің бірінші бетінде ұдайы әртүрлі ресми хабарлар, бұйрықтар, ережелер, қарарлар сол кездегі болған губернаторлардың ұйғаруы бойынша басылған. Ал «Қазақстан» газетінде шаруашылық, тарихи, әдеби және әдет-ғұрып жайындағы әңгімелер басылғаны мәлім. «Қазақстан» газетінің елеулі ерекшеліктерінің бірі –қоғамдық проблемалық мәселелер басты мақала ретінде басылып отырған. «Қазақстан» деген газеттің атына таяу, бас жағына: «Газеттің асыл мақсаты: кәсіп ету, ғылым үйрену турасында» деген ізгі ниет, тамаша сөздер бар. Ұзақ жылдар шығып тұрғанменен «Дала уалаяты» газетінде «Қазақстан» газетінің мақсатындай көздеген адал ниетті тілекті көрмейсіз» [7, 82 б.],-деп екі газетті салыстыра отырып тұжырымды ой түйеді. Сөйтіп, М.Ысмағұловтың Қазақстандағы тұңғыш басылым саналатын «Қазақстан» газеті және оны ұйымдастырушы қайраткерлердің тарихи еңбегі жөніндегі жазған қолжазбасы уақыт өткен сайын құндылығын жоғалтпайтын жазба ескерткіш саналады.

Жоғарыда айтылғандай ғалымның 1911-1913 жылдар аралығында алғашқы 2 саны әуелі Орда ауылында кейінгі 14 саны Орал қаласында шығырылып тұрған «Қазақстан» газеті жайлы қолжазбасында аталмыш газет туралы Әйнөк Ералиеваның (Шәңгерейдің көмекшісі Иманғалидың зайыбы – Б. Б.) естелігін былайша келтіреді: «Ол Ш. Бөкеевтің жанына 10 адамның жасырын түрде кездескенін айтты. Осы жерде олар баспахана алу мен «Қазақстан газетін шығару үшін қаражат жинауға уағдаласты» [7, 83 б.],- дейді. Сонымен қатар Әйнөк Ералиеваның газетке байланысты айтылған осы естелігінде одан әрі ұйымға қатысы бар тоғыз адамның – Шәңгерей Бөкеев, Бақытжан Қаратаев, Ғұмар Қараш, Елеусін Бұйрин, Ғабдолғазиз Мұсағалиев, Сәлімгерей Нұралыханов, Мұстафа Көкебаев, Сейтқали Меңдешев және Х.Сембаевтың аты-жөндері көрсетіледі», - дей отырып, бұған қарағанда Шәңгерей Бөкеевтің төңірегіндегі он адам астыртын ұйым құрып, баспахана жабдықтарын сатып алып, «Қазақстан» деген атпен газет шығаруға байлам жасаған деп тұжырымдайды.

Сонымен бірге М.Ысмағұловтың қолжазбасында газеттің баспадан шығарылуы туралы орыс қаріптері Орда қаласындағы Щелкова баспаханасынан, ал араб қаріптері сол жылдардағы Мұхамедғали Мусин дейтін саудагер татардан сатып алынғандығы айтылады. Осы құрал-жабдықтардың көмегімен «Қазақстан» газетінің алғашқы саны 1911 жылғы 16 наурызда Ордада басылған [6, 85 б.],-деп мәлімет береді.

Ол жоғарыда айтылған татар ұлтының өкілі Мұхамедғали Мусин туралы: «Татар тілінде газет, журналдар шығарып тұрған қайраткер Мұтиғолла Тухватуллин

1907 жылы Оралдағы №3 мешіттің ахуны атағынан айырылып, қуғындалғаннан кейін, өз меншігіндегі арапша әріптерді, типографиялық станоктерді қаладағы Ғұбайдуллин деген купецке сатқан. Осы купецпен шарт жасаған нан пісіруші жұмысшы Мухамедғали Мусин, «Яна турмуш» газетін қайта шығара бастайды. М.Мусин 1906-1907 жылдары Орал қаласында болған РСДРП-ның жергілікті жасырын ұйымдарына қатынасқан. Бұл деректерді ауызша айтып, жаздырған Орал қаласындағы А.С.Пушкин атындағы педагогикалық институттың аға оқытушысы Абдрахман Кальеев жолдас...» [2, 124-215 п.п.], - деп жазады.

М.Ысмағұлов өлкеміздегі тарихи ірі тұлғалардың бірі, қоғам қайраткері Б.Қаратаевтың қоғамдық-саяси қызметін зерделей отырып: «Қазақ халқының болашағы, бақыты үшін күрескен абзал азаматтардың бірі – Бақытжан Қаратаев екені сөзсіз. Оның өмірі қазіргі және келешек ұрпаққа өнегелі үлгі боларлық сыр-сипатқа өте бай» [8, 17 б.], - деп бағалады. Осылайша ол сол тұстағы Б.Қаратаевтың қайраткерлік болмысы туралы теріс пікір қалыптастырушылардың еңбектерін сынға ала отырып, қазақтың тұңғыш заңгері туралы жаңаша ой қорытқан еді. Сондай-ақ оның «Революция сарбазы» атты мақаласында 1932 жылы көктемде Сталиннің Қазақстандағы бас жендеті И.Голощекин «Кіші Октябрьді» жан аямай ұйымдастырып жүрген кезінде Ақтөбе қаласына да келіп, митингіде сөз сөйлеп тұрғанында оның жанына Бақытжан Қаратаев келіп, тайсалмастан: «Разве большевики боролись за то, чтобы люди гибли как мухи от голода? Перестаньте болтать!» деген. Бұл оқиғадан кейін И.Голощекин сөзін аяқтай алмай, халық алдында масқара болады, әрі тез арада қаладан да тайып тұрады» [9, 73 б.], - деп Бақытжан Қаратаевты большевиктердің қазақ халқына қарсы ұйымдастырған нәубетіне, батыл үн көтерген қайраткер ретінде бейнелейді. Кеңес өкіметі тұсында Бақытжан Қаратаевтың II Думада сөйлеген сөздеріне ғылыми тұрғыдан талдау жасап, мол мұраларын зерттеуші академик С.З. Зиманов пен М.Ш. Ысмағұлов болды [10, 83 б.].

Еліміз тәуелсіздігі тұсында алаш қайраткері Ғ.Мұсағалиевтың өмірі мен қоғамдық қызметі жөнінде жазылған еңбектерге М.Ысмағұлов қалдырған тарихи деректер ғылыми негіз болғандығы анық. Зерттеуші дерегіне сүйенсек, Ғ.Мұсағалиев Каир университетінің заң факультетін ойдағыдай аяқтаған соң, 1909-1910 жылдары дүние жүзінде болып жатқан ұлттық қозғалыстар мен әр халықтың тұрмыс тіршілігінен хабардар болу мақсатымен Үндістан, Пакистан, Индонезия, Жапония сияқты шығыс елдерін аралайды. Осы жасаған сапары барысында әр елдің салт-санасына үлкен көңіл бөліп, көптеген құнды жазбалар мен күнделіктер жазады. Бірақ өкінішке орай, Қазан төңкерісі кезеңінде олардың бәрі жоғалып кетеді. Ол араб, парсы, түрік және орыс, испан, француз тілдерін жетік меңгерген [11, 22 б.].

Ғалым М. Ысмағұловтың фольклорлық, этнографиялық зерттеулерінің де қазақ тарихы үшін маңызы ерекше. Ол халқымыздың музыка өнеріне қатысты 120 күйдің пленкасы мен сурет деректерді, түркі, араб, парсы тілінде жазылған көне кітаптар жөніндегі мәліметтерді де жинақтаған. Өткен жылы жазда жолым түсіп Алматыға барған сапарымда Мұстафа Ысмағұловтың қызы Салтанат апаймен кездескен едім. Салтанат Мұстафақызы тебірене отырып: «Бірде әкем екеуміз трамваймен кештетіп үйге келе жатыр едік, әкем жылап отырған жас қыздың жанына барды да, оның «баратын жерім жоқ, енді қайтсем екен» деп отырғанын білген соң үйге ертіп әкелді. Аты Гүлбаршын. Семейден екен. Анам Сәнду екеуі жүгіріп жүріп, ол қызды балабақшаға бала күтушісі қылып жұмысқа орналастырды. Ол біздің үйдің бір мүшесі болып өсті. Кейін оны Қыздар педагогикалық институтына оқытып, мамандық алып берді. Мейірімді әкемнің адамдарға жасаған мұндай жақсылығы өте көп еді», - деп айтқан әңгімесі ғалым Мұстафаның адами қасиеттерінің де жоғары болғандығын аңғартады.

Бізбен осы кездесуінде Салтанат Мұстафақызы қазақ халқының тарихи және мәдени құндылықтарының сақталуына өзіндік үлес қосқан әкесінің халық батыры

Махамбеттің домбырасын тауып республикалық халық аспаптары музейіне тапсырғандығын айтқан еді.

Ал бұл туралы белгілі өнер зерттеушісі, ҚР Мәдениет қайраткері, күйші – Абдулхамит Райымбергеновтың естелігінде: «1980 жылдардың баскезі болатын. Осы жылдары Мәдениет Министрлігінің жанынан құрылған «Казрестоврация» атты мекеменің эксперттік комиссиясының мүшесі қызметін атқарып жүрген кезім. Бір күні «Казрестоврацияның» саз аспаптарын жасау шеберханасына бойы орташа келген, ашық жүзді бір адам келді. Бұл – Мұстафа Ысмағұлов екен. Қолында қоңыр матаға орағаң бір аспабы бар. Аман-саулық сұрасқаннан кейін, әлгі адам қолындағы матаны ашып, ішінен бір домбыраны алып, алдымызға қойды. Бәріміз әлгі домбыраны көріп, аң-таң болып қалдық. Өте ескі домбыра екені көрініп-ақ тұр. Бізді қайран қалдырғаны – әлгі домбыраны әдеттегідей ойып емес, құрап жасағандығы болды», - дейді де, одан әрі «1982 жылы ойда жоқта есіктің қоңырауын біреу сыңғырлатты. Есікті ашсам, қасында аққұба, бойын тік ұстаған бір ақсақал мен Мұстафа ағамыз тұр. Мұстафа ағамыз алдын-ала хабар бермей, аяқ астынан келгеніне кешірім сұрап: «Бұл атаң – атақты ақын, философ Шәкәрім Құдайбердіұлының баласы – Ахат ақсақал. Көк базарды аралап жүрсем, қымыз ішіп тұрған Ахат ағамен кездесіп қалдым. Бұл атаңның бойында көп қазына бар. Үнтаспаңды дайында. Атаңның бір сөзін мүлт жібермей жазып ал», - деді. Өзі домбыра тарта алмаса да, әрбір күйді саралап, жік-жігімен ажырата білетін Мұстафа ағамызбен одан да бетер жақындасып кеттік. Біраз жылдар бойы әрдайым қолына кішкентай магнитафонын алып, ел аралап, қай жерде, қай ауылда әнші-күйші бар дегенді естісе, арнайы барып, жазып алатын. Бір күні Мұстафа ағамыз қолында магнитафоны бар, үйге келді. «Боғданың күйін тартады деп естіп едім, соны арнайы жазып алайын деп келдім», - деді. Сөйтсе, Мұстафа ағамыз күйші Боғда туралы ел ішінен естіген деректерін жинап, оның бірнеше күйлерін магнит таспасына жазып та алған екен. Махамбеттің замандасы әрі серіктесі болған күйші Боғда туралы тың мәліметтерді естіп, таңырқап қалдым. Әңгімелесе келе, екеуміз Боғданың бейнесін салдырып, жарыққа шығармақшы болдық. Көп іздендік. Суретшілермен бірлесе отыра, Боғданың суретін салып, ең алғаш «Күй қайнары» атты кітап ішіне жарыққа шығардық. Тағы бір қазақтың ұлы күйшісінің бейнесі бұл жинақтан өз орнын тауып, өмір деректерінің жүйеленгеніне іштей қатты қуандым. Бұл іске мұрындық болған ұлы өнердің жанашыры Мұстафа ағамыз болатын. Бір өкініштісі, Мұстафа ағамыздың нота сауаты болмағандығы. Егер қолындағы жиналған мол мұраны нотаға түсіріп, жарыққа шығарған болса, Затаевичтің жанынан Мұстафа ағамыздың да есімін қоса айтар едік» [12], - деп тебірене жазады.

посмертно ставший Героем Советского Союза. О его подвиге впервые рассказал Герой Советского Союза Бауыржан Момышулы, вернувшийся с фронта после получения ранения [3, с. 49-50].

Фронтовик Рамазан Елебаев, талантливый композитор, который до войны учился в Московской консерватории, служил в одном полку с Тулегеном Тохтаровым. Потрясенный смертью близкого друга, Р.Елебаев увековечил память о нем в песне-реквиеме «Жас қазақ». Впервые эту песню от Р. Елебаева услышал Жусупбек Елебеков, а также в исполнении артистов филармонии во время концертов для фронтовиков. Возвратившись в Алма-Ату, Ж.Елебеков первым исполнил этот реквием на концерте в театре оперы и балета. Латиф Хамиди записал ее от певца и впоследствии она стала тематической основой оперы «Төлеген Тохтаров».

Пятеро боевых друзей – казах Тулеген Тохтаров, русский Жадаев, татарин – Зариф, уйгур – Саттар, киргиз – Баймат, а также возлюбленная Тулегена нежная и мужественная Гайни, подпольщица Люба – вот действующие лица оперы, в образе которых воплощена нерушимая дружба народов в годы войны, которая воспета в песне «Бес дос», написанной А.Жубановым и Л.Хамиди. Впервые опера была поставлена на сцене Казахского государственного театра оперы и балета им. Абая в 1947 году.

Победители войны – солдаты, фронтовики радовались появлению новых произведений о великом подвиге народа. В мемориальном музее – Центре изучения наследия Жубановых хранятся письма, написанные участниками войны о данном произведении казахстанских авторов. К примеру, в письме Ахмету Жубанову и Латифу Хамиди фронтовик Пеленичкин Захар Соманович писал[1]: «... я имел счастье прочитать заметку в газете центральной, о ваших успехах и о вашей работе над оперой. Я рад, что мои хорошо знакомые люди работают над тем, чтобы поднять как можно выше культуру казахского народа. В этом мы – бывшие фронтовики видим, что наша страна растет и крепнет во всех отношениях. Вам композиторам тов. Жубанову и Хамиди пожелаю дальнейших успехов, а также всей филармонии» [4].

Война 1941-1945 гг. была невиданным в истории человечества примером всеобщей мобилизации материальных и духовных сил всего народа. Наравне с трудящимися и творческие люди поддерживали воинов, вдохновляя на подвиги своими произведениями.

Героическая музыка: преемственность поколений. Во все времена сердца талантливых музыкантов горячо отзывались на исторические события. Многие композиторы современности обращались к героизму прошлого, создавали как произведения, становившиеся любимыми в народе песнями, так и крупные музыкальные полотна крупных форм – симфонии, оратории, поэмы и оперы.

Подъем патриотических чувств, вызванный героизмом в годы войны, не оставил равнодушным и поколение творческих людей, родившихся до и после войны стал мощным стимулом к творчеству. В творчестве дочери академика Ахмета Жубанова – композитора Газизы Ахметовны Жубановой (1927-1993) тема героизма солдат, в том числе и казахстанцев в дни самых жестоких испытаний, получила воплощение во многих ее произведениях. Г.Жубанова нередко работала в творческом тандеме с режиссером Азербайжан Мамбетовым (1932-2009). Сами дети войны, патриоты-художники живо откликались на животрепещущие темы, даты и события в стране, вкладывая свой духовный труд, создавали крупные произведения. В 1974 году для смешанного хора a cappella Г.Жубанова написала произведение «Толгау», посвященное памяти Алии Молдагуловой – Героя Советского Союза, отважной казахской девушке-снайперу. В 1986 году ею написаны также романсы «Баллада о ветеранах», «Мир планете» на стихи Мукагали Макатаева. Героизму казахстанцев в страшной войне посвящены и другие песни, поэмы, постановки. Отдельно остановимся на

[1] Из фондовых материалов Центра по изучению наследия Ахмета и Газизы Жубановых ЦГМ РК

спектакле, опере-хронике – опере-поэме «Двадцать восемь» Г.Жубановой, автором либретто и режиссером-постановщиком в новой редакции, которой был А.Мамбетов.

Опера Г.Жубановой «Двадцать восемь» из двух частях, повествующая о героической обороне Москвы в годы войны, когда двадцать восемь бойцов из 316 стрелковой дивизии (командир генерал-майор И.В. Панфилов), обороняя рубеж у разъезда Дубосеково, под командованием политрука В.Г. Клочкова отразили атаки 50 танков противника, стремившихся прорваться к Волоколамскому шоссе, была написана композитором в 80-е годы XX в. [5]. Мы помним из истории, что исчерпав все возможности обороны и, уничтожив 18 танков врага, почти все бойцы погибли, но врага не пропустили… и, в неравной борьбе проявили стойкость и отвагу: «Весь мир узнал тогда о подвиге двадцати восьми гвардейцев-панфиловцев. Песню о Москве, где поется об их подвиге, знали все: взрослые, дети, старики… Такое остается в душе на всю жизнь. И, наверное, через тридцать с лишним лет, это чувство величайшего человеческого потрясения перед героизмом наших бойцов в Великую Отечественную вернулось вновь и стало в сердце стучаться, чтобы через музыку найти свое воплощение в театре» [2].

С хронологической точностью композитором Г. Жубановой воссоздана атмосфера военного времени. Основываясь на данные подлинных писем бойцов, воспоминаний очевидцев, кинохроники, поэзии и прозы тех лет, автор создала особенно волнующий трепетный спектакль. В создании произведения большое внимание было уделено фронтовым письмам панфиловцев, а также стихам и песням военных лет. Так, после тщательного отбора материала либретто для центрального монолога Клочкова были использованы его письма к жене. Изумительные строки стихотворения «Положи на сердце эту песню…» М.Светлова прозвучали в Прологе и Эпилоге. Основой для монолога генерала Панфилова послужила статья А.Толстого «Ни шагу назад», напечатанная в газете «Правда». В ариях, хорах, ансамблях звучали стихи известных поэтов – А.Твардовского, К.Аманжолова, Д.Снегина, К.Жармагамбетова, И.Эренбурга. Словом, по мнению автора либретто А.Мамбетова и композитора Г.Жубановой, произведения военных лет придавали правдивость и эмоциональный накал музыке оперы.

На войне проявили мужество и героизм представители многих национальностей нашей страны, в те трагические годы все народы и этносы сплотились в единую монолитную силу в борьбе с фашизмом. В этой связи при написании оперы появилась идея о многоязычии, где общее общение героев было на русском, а внутренние монологи, переживания и мысли они пропевали бы на своем родном языке: казахи Есбулатов, Сенгирбаев, Кожабергенов – на казахском языке, украинец Бондаренко предсмертное обращение к матери – на украинском, киргиз Шопоков, вспоминая любимую девушку – на киргизском языке, а Панфилов, Клочков – на русском языке. Следует отметить еще одну особенность оперы: в спектакле проводы бойцов на фронт сопровождает популярный марш «Прощание славянки», который действительно звучал в августе 1941 г. на вокзале Алма-Аты, а также присутствие в числе родных и близких солдат, провожавших бойцов на фронт, казахского акына Жамбыла Жабаева. Одним словом, сюжет оперы – не выдуманные приблизительные события, а действительные факты того времени. И это было высоко оценено публикой и не оставило никого равнодушным. В первые годы постановки оперы в зале всегда было много ветеранов, в том числе и с 8-й гвардейской панфиловской дивизии, а их ордена и медали на груди придавали строгость и торжественность премьере: ведь это их жизни, их молодости, их подвигам и была посвящена опера. Из воспоминаний Г. Жубановой известно, что в зрительном зале

[2] В статье используются воспоминания Г. Жубановой, А. Мамбетова (курсивом) на основании фотодокументов и, сохранившихся рукописей и аудиозаписей в Центре изучения наследия Ахмета и Газизы Жубановых (мемориальный музей).

сидела медсестра дивизии, дочь И.В. Панфилова – В.И. Панфилова, с детьми и внуками. Она была консультантом оперы, много рассказала о тех драматических событиях. На премьере присутствовали также жена Клочкова – Нина Георгиевна и вся семья Мусабека Сенгирбаева – его дети, внуки, живущие в совхозе «Мусабек» Кировского района Талды-Курганской области. «После окончания они встали, чтобы выразить благодарность исполнителям, а публика долго аплодировала родным и близким погибших героев и исполнителям, с полной душевной отдачей создавших образы своих отцов, братьев, матерей и сестер…» – вспоминала позже Г.Жубанова [6].

Отличие этого спектакля состояла именно в том, что нет, пожалуй, ни одной семьи, которой не коснулась бы война. Поэтому, в единое дыхание, в единый человеческий порыв сливались радостные и горестные чувства участников спектакля, стоявших на сцене, и зрителей, стоя аплодировавших артистам. А в зрительном зале не было человека, который не измерил бы свою жизнь, свои деяния и поступки жизнью и подвигом героев войны…

Отметим, что фондовые материалы Центра по изучению наследия Жубановых могут рассказать не только о богатом творческом наследии казахских композиторов, но и передать их личные переживания, чувства, которые отразились и на их бессмертных произведениях. Так, к примеру, Газиза Ахметовна рассказывала о том, как они – школьники военных лет – вносили свой вклад в общее дело победы, а также как приступила к написанию оперы: «К середине семидесятых годов возникла идея написать оперу о подвиге двадцати восьми героев-панфиловцев под Москвой, у разъезда Дубосеково, 16 ноября 1941 года. Меня всегда влекла патриотическая тема. Сильные духом люди готовы отдать свою жизнь во имя спасения Родины. Может быть, это объясняется тем, что школьники военных лет росли и формировались в те трагические и незабываемые годы. Патриотический порыв у нас был сильный. Сразу же после начала Великой Отечественной войны, мы, ученики 6-го класса алма-атинской средней школы № 56 пришли к директору и сказали, что хотим помочь Родине. Директор обрадовался этому естественному юношескому порыву. Мы должны были на следующий день пешком добраться до колхоза «Жаңа тұрмыс» (удивительное совпадение: я родилась в селе «Жаңа тұрмыс», только Актюбинской области), что почти в сотне километров от Алма-Аты в Узун-Агашском районе. Всех мужчин призывного возраста мобилизовали на фронт. Остались женщины, старики и дети. Нужна была наша помощь. Хотя мы и сами были еще детьми (6-й класс!), но в тот момент считали себя взрослыми, способными помочь колхозу. И вот весь наш класс отправился в путь. Сейчас я вспоминаю это время и думаю о том, какие же патриоты были наши родители, что отпустили нас в какой-то незнакомый колхоз за тридевять земель… В колхозе мы делали все: пололи бахчи, огороды, косили и собирали сено, копали картошку и свеклу, собирали кукурузу…Это длилось целый месяц – весь июль 1941 г. Загорелые, огрубевшие под солнцем, уставшие, но гордые от выполненного долга, мы вернулись в августе в город <…> В августе мы собрались в школе. Девочек учили санитарным делам, т.е. на медсестер, а мальчики учились стрелковому делу. В дальнейшем мы писали письма бойцам на фронт, вышивали кисеты и отправляли на фронт, систематически следили за сводками информбюро. Каждое отступление воспринимали с болью и радовались малейшим удачам. Когда враг подошел к Москве, мы еще больше старались помочь фронту, чем могли: посылали маленькие посылки солдатам, писали письма и стихи, чтобы не допустили ненавистного врага в столицу нашей Родины» [6].

Возможно тем, кому пришлось увидеть и вынести на себе все тяготы ужасной войны хотелось сделать все, чтобы в памяти человечества не стерлась память о героизме народа и, конечно же, о самих героях войны. Потому и были созданы такие великие произведения…

Постановка оперы «Двадцать восемь», как известно, была осуществлена Государственным академическим театром оперы и балета имени Абая еще при жизни композитора. Премьера состоялась 13 июля 1981 года в Ленинграде (ныне – г. Санкт-

Петербург), во время гастролей театра, а в Алма-Ате – 29 ноября 1981 г. За короткое время она получила широкое признание и звучала еще в городах Караганда и Ярославль (Россия).

Ровно через год – 29 ноября 1982 года силами Академического музыкального театра имени К.С. Станиславского и В. И. Немировича-Данченко в Москве состоялась еще одна премьера этой оперы, но в новой – второй сценической редакции под названием «Москва за нами».

Для финала спектакля был приглашен хор московских ветеранов войны. «Были старые и молодые, мужчины и женщины, дети и подростки. Все слушали хор со «слезами на глазах»… Ведь это они, их отцы, братья, сыновья выжили в страшном горниле войны! А вечером я пошла в театр на свой спектакль и в финале этот же хор выходил на сцену и пел торжественно-траурную оду павшим героям…» – вспоминала Газиза Ахметовна после московской премьеры.

Г.А. Жубанова, В.И. Панфилова, артисты на премьере оперы «Двадцать восемь» г. Алма-Ата, 1981 г.

На премьере оперы «Москва за нами» в театре им. Станиславского и Немировича-Данченко, г. Москва, 1982 г.[3]

Резюмируя, следует сказать, что социокультурный контекст музыки о войне, рисующей героико-трагические события, как правило, обладает огромной силой художественного воздействия, раскрывает великую силу духа человека и потому, оставляет значительный след в эмоциональной памяти народа. Возможно и поэтому, сегодня, спустя много лет, произведения талантливых казахских композиторов, воспевших героизм, занимают особое место в музыкальной культуре страны, так как в них запечатлены и сохранены для грядущих поколений легендарная храбрость и душевное мужество солдат, победивших фашизм.

Литература:

1. Нурпеисова Г. Ласточка казахской музыки // Казахстанская правда, 16 июня 2006 г.

2. Кетегенова Н. Творческие портреты композиторов Казахстана. Очерки. – Алматы: Алатау, 2009. – 560 с.

3. Музыкальное искусство Казахстана. – Алма-Ата: Каз ОГИЗ, 1944. – 77 с.

4. Письмо А.Жубанову и Л.Хамиди от З.Р. Пеленичкина // Полевая почта № 17317 «а», 07.01.1945 г.

5. Мир мой – музыка (статьи, очерки, воспоминания) // Сост. и ред. Д.А. Мамбетова. – Алматы, 1997. – 262 с.

6. Жубанова Г.А. Мои музыкально-театральные премьеры. Опера «Двадцать восемь» // Мир мой – музыка. – Алматы, 1997. – С. 21-32.

Нусупова А., Темиртон (Садыкова) Г.

Соғыс жылдарының музыкасы әлеуметтік және мәдени құбылыс ретінде (Ахмет және Газиза Жұбановтардың мұрасын зерттеу орталығының қор және экспозициялық материалдарды негізінде)

[3] Фотографии из фондов Центра по изучению наследия Ахмета и Газизы Жубановых ЦГМ РК

Мақалада қазақ композиторларының шығармашылық үлгісінде соғыс жылдары (1941-1945 жж.) және сол соғыс туралы жазылған музыканың мәні және қуаты талқыланды. Сонымен қатар, музыка адам өмірінің сұлулық пен байлығын, ал ерлік адами рухының жоғарғы көрінісі ретінде ұсынылған. Қазақ композиторларының шығармаларында сол жылдардың қайғы-қасіретке және ерлікке толы кезеңдері суреттеледі. Онда авторлар музыка арқылы жауынгерлердің жеңіс жолындағы аңызға айналған ерлік істерін, қайсарлықтары мен болашаққа деген сенімдерін, кісілік келбетін береді. Оның үстіне өнерді әлеуметтік мәнді феномен ретінде жіктей отырып, мақала авторлары оны қазіргі кезеңде өзектілігімен ерекшеленетін ұрпақтар сабақтастығындағы, тіпті, толықтай алғанда мәдениет пен қоғам арасындағы көркем тәжірибе ретінде қарастырады.

***Тірек сөздер**: Музыка өнері, қазақстандық композиторлар, опера, батырлық, ерлік.*

Nusupova A., Temirton (Sadykova) G.

Music of soldiery years as sociocultural phenomenon (on the basis of museum fund and display materials of the Center on the study of heritage of Ahmet and Gaziza of Zhubanov)

In the article on the example of Kazakh composers' composition meaning and power of musical art during the war (1941-1945) are considered. Music is presented as manifestation of beauty and richness of human life, and heroic feat as a supreme magnification of beauty and strength of human spirit. On the example of musical compositions tragic and heroic pages of military years are reviled. And authors through their music transmit to the next generation legendary bravery and spiritual courage, optimism and humanity of soldiers who fought for the victory.

***Key words:** Musical art, composers of Kazakhstan, the opera, heroism, courage.*

ӘОЖ: 316.3(6)

Сулейменова Г.Б. – тарих ғылымдарының кандидаты, доцент,
М.Өтемісов атындағы БҚМУ
Кумарова У.К. – М.Өтемісов атындағы БҚМУстуденті
E-mail: gulnarazkgu@gmail.com

АФРИКА ЕЛДЕРІНІҢ ЖАҺАНДЫҚ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК МӘСЕЛЕЛЕРІ

***Аңдатпа.** Бұл ғылыми мақаланың басты мақсаты Африка континентінің қазіргі таңдағы ғаламдық мәселелерін зерттеу болып табылады.Аталған мақсатқа қол жеткізу үшін төмендегідей міндеттер қойылады: Африка елдерінің жаһандық және ғаламдық мәселелерін (кедейшілік, аштық, жұқпалы аурулар, көші-қон) талдау;*

Құрлықтағы қарулы қақтығыстар мен этникалық шиеленістерді зерттеу, ғылыми жұмысты жазу барысында бірқатар деректер тобы пайдаланылды. Деректердің бірінші тобына Африка құрлығындағы елдерге қатысты шетелдік және ресейлік ғалымдардың еңбектерін және монографиялары қаралды. Түп деректердің үшінші тобын африкалық аймақтағы қақтығысты факторлардың және босқындардың әлеуметтік-экономикалық көрсеткіші, олардың қауіптілік деңгейі және әлеуметтік-саяси шынайылыққа ықпалы туралы түсінік қалыптастыруға мүмкіндік берген статистикалық және анықтамалық басылымдар құрады.

***Тірек сөздер:** Африка континенті , кедейшілік, аштық, жұқпалы аурулар, көші-қон.*

Жаңа, үшінші мыңжылдыққа аяқ баса отырып, дүниежүзілік экономикалық жүйе өте қарама-қайшылықты және сол себепті шиеленісті болып қала береді. Бір жағынан, әлемдік экономиканың жаһануы неғұрлым белсенді жүреді, бұл әлемнің көптеген аймақтарының әлеуметтік дамуын жеделдетеді. Екінші жағынан, XX

ғасырдың екінші жартысында қалыптасқан тенденциялардың әрекет етуі жағдайында әлемді неғұрлым қауіпті ететін, жаңа аймақтық шиеленістер тудыратын, денсаулық және адамның қолайлы жағдайы үшін жаңа қауіптер туғызатын артта қалушылықтың ауқымды ошақтары сақталады.

Артта қалушылықтың осындай ошақтарының бірі Сахарадан оңтүстікке қарайғы Африка аймағы болып табылады. Әлеуметтік мәселелердің алуан түрлілігі, көлемі және өзара араласуы бойынша аймақ дамушы әлемде айқын ерекшеленеді. Сахарадан оңтүстікке қарайғы Африкада халық қоныстануы саласындағы ұзақ қолайсыз тенденциялар кедейшілікпен, табыстағы үлкен айырмашылықтармен, денсаулық сақтау, білім беру саласындағы өте қолайсыз жағдаймен, жұмыссыздықтың жоғары деңгейімен және ауқымды мәжбүрлі миграциямен астасып жатыр.

2000 жылы БҰҰ мыңжылдық Декларациясының қабылдануынан кейін он бес жылдан астам уақыт өтті. Бұл – кедейшілікті және аштықты жою; жалпыхалықтық бастауыш біліммен қамтамасыз ету; гендерлік теңдікке қол жеткізу және әйелдердің құқығы мен мүмкіндіктерін кеңейту бойынша шаралар қабылдау; балалар өлімін қысқарту; ананы қорғауды жақсарту; түрлі аурулармен ауру деңгейін төмендету; экологиялық тұрақтылықты қамтамасыз ету; даму мақсатында ғаламдық серіктестікті қалыптастыру.

«Мыңжылдық даму Мақсатына» (МДМ) қол жеткізу қарқыны бойынша елдер мен аймақтар арасында айтарлықтай айырмашылықтар бар. Сахарадан оңтүстікке қарайғы Африка елдері бастапқы кезеңнен-ақ бұл тұрғыдан басқа дамушы аймақтардан біршама артта қалды. 1990 жж. (МДМ мониторингі үшін бастапқы жыл) Тропикалық Африка елдерінде кедейшілік деңгейінің барлық халық санынан 58%-ға бағаланғанын айтсақ та жеткілікті; абсолюттік көрінісінде бұл кедейшіліктің ең төменгі жағдайында, бір адамға күніне 1,25 доллардан аз табысымен өмір сүретін 300 млн.-ға жуық адамды құрады.

Соған қарамастан МДМ бірқатар бағыттары бойынша (бастауыш біліммен қамту, ЖИТС-пен күрес және бала өлімін азайту) аймақ елдерінде айтарлықтай прогреске қол жеткізілді. ЖИТС-пен және басқа да жұқпалы аурулармен күрес бойынша белсенді шаралар арқасында Сахарадан оңтүстікке қарайғы Африка елдерінде жыл сайын жаңадан ВИЧ жұқтыратындар саны 1990 жж. ортасынан 25%-ға қысқарды, ал бес жасқа дейінгі балалар өлімінің деңгейі сол кезеңде 22%-ға төмендеді.

Барлық қалған МДМ бойынша (кедейшілікті және аштықты жою, жұмыссыздықты қысқарту, гендерлік теңдікті қамтамасыз ету, ана өлімін төмендету және т.б.) Сахарадан оңтүстікке қарайғы Африка елдерінің көпшілігі әзірге Декларацияда белгіленген мақсаттарға қол жеткізуден алыста. Оған қоса, барлық өңірлерде кедейшілік, аштық және жұмыссыздық (салыстырмалы көрсеткіштер төмендегенімен) таралуда, гендерлік теңсіздік деңгейі, әсіресе білім беру және жұмыспен қамту саласында, жоғары, ал ана өлімі төмендемей отыр.

Солтүстік Африкадағы жағдай барлық МДМ бойынша іс жүзінде айтарлықтай ерекшеленеді. Мыңжылдық Декларациясында қойылған мақсаттар мен міндеттер орындалған, немесе белгіленген мерзімде (2015 ж.) аяқталуына жақын.

Кедейшілік деңгейі бойынша, яғни халықтың жалпы санындағы кедей халық үлесінің мөлшерімен, Субсахаралық Африка елдері көптеген онжылдықтар бойына барлық басқа дамушы аймақтарды басып озды. Мұндағы кедейшілік деңгейі тек 1990 жж. соңынан бастап ғана төмендей бастады (1990 ж. 58%, 1999 ж. – 58% және 2005 ж. – 51%). Неғұрлым кейінгі мәліметтер әзірге жоқ, бірақ кейбір бағалаулар 2008 жылға қарай бұл аймақтағы кедейшілік коэффициенті 46% дейін, яғни онжылдық кезеңінде 12%-ға төмендегені туралы болжауға мүмкіндік береді.

Кедейшілік деңгейінде өмір сүріп жатқан адамдардың жалпы саны сандық көрінісінде, Сахарадан оңтүстікке қарайғы Африка елдерінен басқа, дүниежүзінің барлық аймақтарында төмендеді, Сахарадан оңтүстікке қарайғы Африка елдерінде халықтың тез өсу қарқынының салдарынан ол 1990 жылдан 2005 жылға дейін 390 млн.-ды құрап, 100 млн. адамға артты. Ғаламдық дағдарыс бұл сандарға тағы 50-60

млн. адамды қосты. Осылайша, 1990 жылдардың соңынан басталған Сахарадан оңтүстікке қарайғы Африка елдерінде кедейшілік жағдайында өмір сүріп жатқан халық үлесінің төмендеу тенденциясына қарамастан, бұл аймақ кедейшілік көлемі өсуін жалғастырып отырған жер шарындағы жалғыз аймақ болып қала береді (яғни халықтың өсу қарқыны кедей халық үлесінің төмендеу қарқынынан асып түседі), және басқа дамушы аймақтардан ерекшелігі мыңжылдық дамудың бірінші Мақсатына мұнда жалпы алғанда қол жеткізілмейді (мақсатты көрсеткіш – 29%).

Солтүстік Африка елдерінде мүлдем басқа жағдай байқалады, мұнда күніне 1,25 доллардан кем емес халықтың үлесі 1990 ж. бар болғаны 5%-ды, 1999 ж. - 4, ал 2005 ж. - 3%-ды құрады. Бұл барлық дамушы әлемдегі кедейшіліктің ең төменгі көрсеткіші (одан әрі Таяу Шығыс - 6% және Латын Америкасы – 7%).

Кедейшілік мәселесі демографиялық процестер ерекшелігімен шиеленісе түседі. Африка құрлығындағы халықтың өсу қарқыны бірнеше ондаған жылдар бойы дүниежүзіндегі ең жоғары болып қалып отыр (2,4%) және, олардың баяулауына қарамастан XXI ғасырда да осындай болуын жалғастыруда. БҰҰ мәліметтері бойынша, қазіргі кезде Африкада дүниежүзіндегі барлық халықтың 15%-ға жуығы (1 млрд. адам) өмір сүріп жатыр. Қазіргі тенденциялардың сақталуы жағдайында жер шары халқындағы Африканың үлесі 2025 ж. қарай 17%-ға, ал 2050 ж., болжамның орташа нұсқасы бойынша, - 24%-ға жетеді.

Африка халқының өсу қарқынының жалғасуы кедейшілік көлемінің одан әрі кеңеюіне, еңбек нарығындағы жағдайдың шиеленісуіне және жұмыс іздеуде эмиграцияның артуына қауіп төндіреді. Болжамдарға сәйкес, барлық африкалықтардың ⅓-і 2060 ж. қарай да бұрынғысынша кедейшілік жағдайында болады. Басқаша айтқанда, құрлықтағы созылмалы кедейшілік ұрпақтан ұрпаққа көше отырып, ұзақ уақыт бойы өмірлік факті болып қала береді.

БҰҰ даму Бағдарламасының (ПРООН) баяндамаларында кедейлерді елдер және аймақтар бойынша бөлу төмендегідей көрініс алған: дүниежүзілік кедейшіліктің жартысы (827 млн. адам) Оңтүстік Азияда, төрттен бір бөлігінен астамы (29%, немесе 473 млн. адам) - Сахарадан оңтүстікке қарайғы Африкада өмір сүреді. "2011 ж. адамзат дамуы туралы Баяндама" мәліметтері бойынша, кедейшіліктің көпжақты индексінің ең жоғары көрсеткіштері Тропикалық Африка елдерінде (Нигер, Эфиопия, Мали, Буркина Фасо, Бурунди, Сомали, Орталық АР, Гвинея, Сьерра-Леон, Либерия) тіркелген. Кедейшілік деңгейі бойынша да елдердің бірінші ондығына да африкалық елдер кіреді (Либерия, Бурунди, Руанда, Малави, Мадағаскар, Танзания, Нигерия, Замбия, Свазиленд, Орталық АР). Адамзат дамуының индексі бойынша әлемдік рейтингті де осы аймақ елдері тұйықтайды (Конго ДР, Нигер, Бурунди, Мозамбик, Чад, Либерия, Буркина Фасо, Сьерра-Леон, Орталық АР, Гвинея) [1].

Қазіргі кезде Буркина-Фасо, Чад, Мали, Мавритания, Нигер, Камерун, Нигерия және Сенегал сияқты мемлекеттердегі біртұтас буын тамақ жетіспеушіліген пайда болған дертке шалдыққан. Жауын-шашынның аздығы, астық тапшылығы және азық-түлік бағасының қымбаттауынан аймақ тұрғындары әлсіреп, ауруға шалдығып, медициналық көмекті қажет ететін жағдайға жетті.

2012 жылғы ЮНИСЕФ мәліметтері бойынша, Чад территориясындағы Сахель аймағында тұратын 5 жасқа дейінгі 127 мың баланы асқа жарымаушылықтың ауыр салдарынан емдеу қажет.

Соңғы кездері әлемдің бұқаралық ақпарат құралдары араб елдеріндегі халық қозғалыстары, Норвегиядағы қырып-жою, НАТО-ның Каддафи әскери күштеріне қарсы операциялары, Еуропадағы қаржы дағдарысы мен Америкадағы қаржы тоқырауының жалғасуы сияқты жалпы тақырыптарға көңіл бөліп отырған күндері дүниенің келесі бір бұрышында тағы бір апатты жағдай орын алуда. Бұқаралық ақпарат құралдарының кейбіреулері ғана бұл мәселеге мән беруде. Соңғы жылдары Африка мүйісі, оның орталығындағы Сомали бұрын-соңды болмаған құрғақшылыққа

тап болып, бұл құрғақшылық осы кезге дейін ондаған мың адамның жанын қиып, миллиондаған адамға аштық пен өлім қатерін төндіруде. Дүниежүзі қауымдастығының көңіл бөлмей, көмектердің дер кезінде жеткізілмеуі себепті Сомалидің жүздеген мың азаматы өліммен бетпе-бет келіп отыр. Бүгінде Сомали – осы күні қарны аш аналар мен ауру, қу сүйек балалардың өліміне куә болмау үшін оларды шөл далаға тастап кететін, әлем халықтарының көмегіне үміттеніп отырған, әйелдер мен балалар зарының аймағына айналып отыр. Бұл жағдай мейлі ол мұсылман болсын, мейлі христиан, немесе басқа дінді жан болсын көкірегінде жүрегі бар әрбір тірі жанды қинайды. Бүгінгі күні Сомали – халқы бір рет ыстық тамақ жеп, салқын су ішуді армандап отырған аймақ. Сомалидің тарихында мұндай апатты жағдай сирек кездеседі. 1990 жылы құрғақшылықтың күшейген кезінде Сомали құрдымға ұшырауға таяп қалды. Қазір аштық індеті Сомалиде тағы бір апатты жағдай тудырып отыр. Куәгерлердің айтуынша, уақытша лагерьлердің санитарлық жағдайы нашар және халық санының көп болуына орай, жұқпалы аурулардың көбею ықтималы да артып отыр.

Аштық Африка елдерінде жаңадан пайда болған құбылыс емес. Көздерін ашуға шамасы жоқ қу сүйек балалардың, жануарлар немесе мәйіттердің үстінде қонақтап отырған құзғындардың немесе құрғақшылықтан жарылған жердің суреттері - таныс бейнелер. БҰҰ-ның зерттеуі бойынша, Африка мүйісінде орналасқан Сомали, Кения, Эфиопия, Судан, Уганда мен Джибути елдеріндегі қазіргі құрғақшылық - соңғы 60 жыл ішінде бұрын-соңды болмаған жағдай. Аймақтағы жауын-шашын мөлшерінің азаюы – Сомалидің мұндай апатқа ұшырауының бірден-бір себебі. Тағы басқа маңызды себептердің бірі - Сомалидегі ішкі соғыс, азық-түлік пен жанар-жағармай бағасының өсуі. Бұлардың барлығы дерлік - Батыс үкіметтері саясаттарының салдары. Африка мүйісіндегі құрғақшылық шамамен 12 млн. адамның, соның ішінде 2 млн. баланың жанына қауіп төндіріп отыр.

Құрғақшылық пайда болған соң Африка мүйісінен қоныс аудару көбейіп кетті. Ондаған мың Сомали халқы Кения лагерьлеріне қарай ауысуда. Солтүстік Кениядың тек қана бір лагерінің өзінде шамамен 400 мың адам орналасқан. Бұлар халықаралық ұйымдардың азық-түлік, ауыз су мен тамақтарынан тұратын көмектерін пайдалана алады. Сомалидегі жағдайдан Эфиопия мен Кенияға қарай бет алғандардың саны күніне 3500 адамға жетіп отыр. БҰҰ Сомали астанасы Могашитоға азық-түлік жеткізу жұмыстарын бастады. Сомалидің әлсіз үкіметі Африка Одағының бейбіт күзет күштерінің сарбаздары арқылы ғана астананы бақылауға алып отыр. Бірақ елдің басқа қалалары мен аймақтарында мұндай жағдай көзге түспейді. Жауынгер топтар Оңтүстік Сомалиді бақылауды қолға алып, азық-түлік, дәрі-дәрмек көмектерінің бұл аймаққа жеткізілуіне тосқауыл болуда. Теңіз қарақшылары, белгісіз қарулы адамдар мен өздерін Әл-Қаидаға қарасты деп санайтын Әл-Шабаб тобының әскери күштері – орталық үкімет күштерінің жоқтығын пайдаланып, Оңтүстік Сомалидің басым бөлімін бақылауға алып, бұл аймақтарда өздерінің қалаған заңдарын жүгізіп отырған үш ірі топ болып саналады. Мұндай жағдайда Сомалидің аштыққа тап болып отырған халқына көмек көрсету қиынға соғуда. Осы топтардың әрбірі көмектердің жеткізілуіне түрлі әдістер бойынша кедергі келтіруде. Халыққа көмек көрсетуші жәрдемшілердің басы да қатерге тігілген. Сомали премьер-министрі Мұхаммад Ибраһим: «Егер алдағы апталарда Оңтүстік Сомали халқына жедел көмек жеткізілмесе, аймақ халқының көпшілігі аштықтан жан тапсыруы мүмкін,»- деп мәлімдеді. Көптеген халықаралық ұйымдардың бұл аймаққа көмек көрсетулеріне кедергі жасалып, ЮНИСЕФ қана аймаққа көмек жеткізуге құқылы болып отыр. Сомалидегі апатты жағдайға халықаралық қауымдастықтың көңіл бөлмеуін Сомалидегі аштық дағдарысының күшеюіне қосу керек. Дүниежүзілік азық-түлік бағдарламасы қайраткерлерінің бірі бұл апат жайында: «Сәуір айының ортасында Африка мүйісінде құрғақшылықтың пайда болуына қатысты алғашқы ескертулер жасалды, бірақ бұл ескертулерге көңіл бөліне қойған жоқ,»- деді.

Дүниежүзілік денсаулық сақтау Ұйымының (ДДҰ) мәліметтері бойынша, 2015 жылдың қаңтар айының соңғы аптасында Эбола вирусымен қамтылған үш африкалық елде жұқпалы аурудың ошақтары қайта пайда болған.

Жұқпалы аурумен тіркелген 124-тің 80-і Сьерра Леонда, 39-ы - Гвинеяда және 5-і - Либерияда. Ағымдағы жылдың ақпан айында сәйкесінше - 74, 52 және 2. 16 мыңнан астам бала вирустың осы үш елде таралуының нәтижесінде ата-аналарынан айырылып, жетімге айналды. 2013 жылдың желтоқсанынан бастап шамамен 10,5 мың адам өлді.

«Ауру жағдайының өсуі сөзсіз қауіп төндіреді, бірақ біз лихорадканың қайта өршитінін білдік», - деді Эбола бойынша БҰҰ бас хатшысының арнайы өкілі Дэвид Набарро. - Біз дұрыс жолдамыз, алайда бізге сақ болу қажет, өйткені инфекция ошақтары әлі де бар".

2014 жылдың соңы және жаңа жылдың басына қарай ДДҰ аурудың неғұрлым төмен санын тіркеді. Лихорадкамен күрестің қиын сәттерінің артта қалғандығына үміт артты. "Алайда денсаулық сақтау қызметкерлерінің күдігі, әсіресе Гвинеядағы, және вирусқа қарсы күрестің сенімді емес жергілікті тәжірибесі Эболамен күрес жолындағы кедергі болуын жалғастыруда", - деп атап өтті БҰҰ-да.

Кезекті рет Гвинеядан шығысқа Кот-д'Ивуармен шекарада жерлеу рәсімінің қорғаныссыз өткізілуі 11 жаңа жағдайдың тіркелуін туғызды. Жерлеу рәсіміне қатысқан туысқандары мен жақын адамдары ауру жұқтырған, өйткені қайтыс болған адамдармен физикалық байланыста болған.

Гана президенті Джон Драмани Махама өзі басқарған Батыс Африка елдерінің Экономикалық қауымдастығына (*ECOWAS*) қатысушы-елдер атынан Эбола вирусынан неғұрлым жапа шеккен субаймақ елдерінің сыртқы қарызын «кешіруді» Халықаралық донорлық қауымдастықтан сұрады.

Қарыздарын алып тастау Либерия, Гвинея және Сьерра-Леон басшыларына құлдырау жағдайында тұрған экономиканы, әсіресе оның әлеуметтік-экономикалық секторларын қайтадан қалпына келтіруге және инвестиция тартуды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Ағымдағы жылдың қаңтар айының мәліметтері бойынша Ганада Эбола лихорадкасына күдікпен 131 жағдай тіркелген. 15 қаңтарда Аккрада *ECOWAS* елдері өкілдерінің және батысафрикалық субаймақтағы Эбола вирусымен күресті үйлестіру мәселесі бойынша олардың халықаралық серіктестерімен техникалық кеңес өтті. *ECOWAS* мүше-елдер өкілдерінің жоғары деңгейдегі кездесуі қарсаңында өткізілген кеңестің мақсаты экономикалық қауымдастықтың денсаулық сақтау министрлерімен және қызметтік тұлғалармен субаймақта инфекцияның таралуымен байланысты реттеудегі жағдайындағы жетістіктерді және кемшіліктерді талқылау болды.

2014 жылдың сәуір айынан, яғни вирустың алғашқы жағдайының батысафрикалық субаймақта ресми тіркелуі кезінде, 2015 жылдың қаңтар айының ортасына дейін ауру жұқтырғандар саны 21 086 мың адамға жетті, оның ішінде 8289 мың өлім жағдайымен негізінен Гвинея, Сьерра-Леон және Либерия сияқты елдерге сай келеді.

2015 жылдың 16 қаңтар күні *ECOWAS* мүше-елдер өкілдерінің және олардың халықаралық серіктестерінің жоғары деңгейдегі екікүндік үйлестіру кеңесі өтті, оның барысында Эбола лихорадкасының эпидемиясына жауап ретінде кешенді аймақтық шаралар шеңберіндегі біріккен күрес қорытындылары шығарылды [2].

Сахарадан оңтүстікке қарайғы Африкадағы тағы бір күрделі әлеуметтік мәселелердің бірі мәжбүрлі көші-қон болып табылады. Босқындар ісі бойынша БҰҰ Жоғары комиссариатында қабылданған бағытқа сәйкес, экономикалық мигранттардан айырмашылығы мәжбүрлі мигранттар (босқындар) деп саяси нәсілдік, діни, ұлттық себептері немесе белгілі бір әлеуметтік топқа жатуына байланысты қудалауды сезінетіндер есептеледі. Бағыттың мәліметтеріне сәйкес Сахарадан оңтүстікке қарайғы Африкадағы мәжбүрлі миграцияның тікелей себебі дағдарысты әлеуметтік-экономикалық жағдайдан пайда болған саяси, этникалық, діни, және азаматтық шиеленістер болып табылады. Нақ солар Сахарадан оңтүстікке қарайғы Африка елдерінен халықтың айтарлықтай тобының кетуін туғызады. 2013 жылдың 1

қаңтарында дүниежүзіндегі босқындардың жалпы саны 19,2 млн. адам деп бағаланды, олардың 4,9 млн.-ы аймақ елдерінің үлесіне сай келді.

Сахарадан оңтүстікке қарайғы Африкадағы мәжбүрлі миграция аймақтық, сонымен қатар аймақаралық бөлшектен де көрінеді. Мысалы, 2013 жылы Босқындар ісі бойынша БҰҰ Жоғары комиссариаты мәліметтері бойынша дүниежүзінде мәжбүрлі көші-қонның барлығы 10 негізгі легі болды. Оның 5-уі Сахарадан оңтүстікке қарайғы Африка елдеріне тиді және бұған қоса негізінен ішкі аймақтық сипатқа ие болды (төмендегі кестені қараңыз).

Кесте 1. – Сахарадан оңтүстікке қарайғы Африкадан шыққан босқындар саны және оларды қабылдаған негізгі елдер (2013 ж.)

Босқындар шыққан елдер	Негізгі қабылдаушы елдер	Саны
Судан	Эфиопия, Конго Демократиялық Республикасы, Кения, Орталық Африка Республикасы, Чад	730600
Конго Демократиялық Республикасы	Танзания, Замбия, Конго Республикасы, Бурунди, Руанда	462200
Бурунди	Конго Демократиялық Республикасы, Руанда, Танзания, ОАР	485800
Сомали	Кения, Йемен, Джибути, АҚШ, Ұлыбритания	389300
Либерия	Гвинея, Кот-д'Ивуар, Сьерра-Леон, Гана	335500

Бірмезгілде аймақтан дамыған елдерге босқындар көлемі де жоғары. Мысалы, 2001-2012 жж. кезеңде дамыған елдерден Сахарадан оңтүстікке қарайғы елдерден 0,9 млн. адам баспана беру туралы өтінішпен жүгінген. Бұл тек жүгінгені ғана. Шын мәнісінде бұдан да көп болуы мүмкін. Бұған қоса бұл жағдайда негізгі қабылдаушы елдер африкалық мемлекеттердің бұрынғы метрополиялары болып табылады [3].

Сахарадан оңтүстікке қарайғы Африкадағы әлеуметтік дағдарыс көлемі аймаққа әлеуметтік саладағы маңызды мәселелерді шешуге бағытталған айқын жүйеленген саясат қажет екендігін көрсетіп отыр. Мұндай саясат айқын басымдықтар жүйесін есепке ала отырып жасалуы тиіс, бұл әсіресе дүниежүзіндегі ең кедей елдердің бірі болып табылатын аймақ жағдайында өте маңызды. Сахарадан оңтүстікке қарайғы Африка мемлекеттерінің аймақтық және ұлттық әлеуметтік саясаты міндетті түрде аймаққа халықаралық қауымдастықпен берілетін халықаралық көмекке шоғырландырылуы тиіс.

Африкалық елдердің жартысынан астамы азық-түлік көмегіне мұқтаж. Бұл туралы БҰҰ Дүниежүзілік азық-түлік және ауылшаруашылық бағдарламасы ескертеді.

Мұндай жағдай, бірінші кезекте, түрлі себептер, әсіресе құрғақшылық, немесе Сомали, Малави, Нигер, Кения және Зимбабве сияқты елдердегі шиеленістердің салдары болуы мүмкін. Шын мәнісінде ол фундаментальды жалпы жүйелік мәселелер көрінісі болып табылады.

Африка құрлығының ауылшаруашылығы дағдарысты басынан кешіп жатыр, және Азық-түлік саясатының Халықаралық институтына сәйкес, нақ осыған байланысты 200 миллион адам аштықтан жапа шегуде.

Бұл тұрғыдан БҰҰ Дүниежүзілік азық-түлік бағдарламасы мұндай жағдайдың басты себептерін, саяси мәселелер, азамат соғыстары сияқты, сонымен қатар босқындар санының көптігі, 27 елдің 15-інде атайды, оның пікірі бойынша, олар тез арада көмекке мұқтаж. Ал құрғақшылық осы 27 елдің тек 12-сінде ғана тіркелген. [4]

Бұл жерде шығатын бір ғана қорытынды: африкалық елдердегі аштық табиғидан гөрі созылмалы соғыстардан, мемлекеттік төңкерістерден және азаматтық толқулардан туындап отыр.

Африкалық елдердегі аштық бірқатар өзара байланысты факторлардың салдары болып табылады. Африка - бұл алып құрлық, және мұнда жекелеген елдердің жағдайын түсіндіретін қандай да бір себепті бөліп көрсетуге болмайды. Бұл үшін төрт басты жағдайды есепке алу қажет:

1. Елдегі саяси жағдайға үлкен ықпал етпейтін ауылшаруашылық аудандарында инвестициялардың жүйелі түрде жетіспеуі. Ірі қалаларда африкалық көсемдер саяси қысымға тап болады. Жемқорлықпен және шаруашылықтың жоқ болуымен бірге алғанда бұл «мықты басқарудың жоқтығына» алып келеді, мұны донор-елдер де атап өтеді.

«Нашар басқару – бұл халықты азық-түлікпен ұзақ мерзімді қамтамасыз ету үшін күрделі салдарлары бар көптеген африкалық елдердегі басты мәселе», - деп айтылады азық-түлік саясатының Халықаралық институтының мәлімдемесінде.

«Жемқорлық, жасырын келісімдер және топшылдық сияқты мәселелер биліктің экономикалық дамуға көмек көрсетуіне ықпал ету мүмкіндігін айтарлықтай әлсіретуі мүмкін» - деп көрсетіледі мәлімдемеде.

2. Тұрақсыздық тудыратын және босқындардың пайда болуына алып келетін соғыстар және саяси қақтығыстар.

2004 жылы Африкалық Комиссия төрағасы Альфа Умар Конаре Африкалық Одақ саммитіне қатысушыларға соңғы жарты ғасырда құрлықта 186 мемлекеттік төңкерістің және 26 ірі соғыстардың болғандығын атап көрсетті. Босқындар ісі бойынша БҰҰ Жоғары комиссариатының мәліметтері бойынша, қазір Африкада 4,8 миллион босқындар және орын ауыстырған тұлғалар есепке алынған.

3. ЖИТС және АИВ-инфекциясының салдарынан көптеген отбасылар асыраушыларынан айырылды. Әсіресе бұл мәселе Африканың оңтүстігіндегі елдерде өткір, мұндағы халықтың жыныстық қатынасқа белсенді тобының 30%-ға жуығы АИВ-инфекциясын жұқтырған. Oxfam қайырымдылық ұйымының мәліметтері бойынша отбасының бір мүшесі ауру болған кезде өндіріс өнімі 60%-ға қысқарады, өйткені бұл жағдайда әйелге ауылшаруашылық жұмыстарының тек негізгі бөлігі ғана емес, сонымен қатар ауруды күту ауыртпалығы да түседі.

4. Халық санының бақылаусыз өсуі. «Экваторлық Африка елдері халқы соңғы 30 жылда ЖИТС-тан үлкен көлемдегі өлімге қарамастан басқа аймақтарға қарағанда жылдам өсті», - делінеді халық қоныстануы бойынша БҰҰ Қорының есебінде. «1975 жылдан 2005 жылға дейінгі кезеңде олардағы халық саны 335-тен 751 миллионға дейін өсті. Олардағы жыл сайынғы өсім 2,2%-ды құрайды», - делінеді есепте.

Африканың кейбір аудандарында жер көп. Бірақ жерді өңдеу үшін жарамды жерлердің жетіспеуі күрделі мәселеге айналған аудандар да бар. Эфиопия мен Эритреяның таулы аудандарындағы жерлердің өткен кезеңдерде белсенді өңделгендігі соншалық, оны ауылшаруашылық дақылдарын өсіру үшін қашан болса да пайдалануға болар ма екен?! Мәселе африкалық елдердегі топырақтың жағдайына байланысты да одан әрі ушыға түседі. Экваторлық Африкада жыртылатын жерлер топырағының шамамен 72%-ы және шабындық жерлердің 31%-ы "тозған" немесе "жарамсыз жағдайға жеткен" деп жіктеледі [5].

Оған қоса, топырақта кейбір маңызды элементтер жетіспейді, оның құнарлығы жылдан жылға азаюда. Бұл топырақты жуудан, эрозиядан және басқа да себептерден жоғалатын кейбір элементтердің қалпына келтірілмеуімен байланысты. Азық-түлік саясатының Халықаралық институтының мәліметтері бойынша, соңғы 30 жылда топырақтағы құнарлы заттар құрамы қысқарған.

Әдебиеттер:

1. Маценко И.Б. Африка: реализация «Цели развития тысячилетия» // Азия и Африка сегодня. – 2012. – №4. – С. 21-26.

2. Мельников В.А. «Эбола отступает, но...» // Азия иАфрика сегодня. – 2015. – №5. – С. 41-44.

3. Шитов В.Н. Социальные проблемы Африки южнее Сахары // Азия и Африка сегодня. – 2013. – №4. – С.8 -10.

4. Урнов А.Ю. Африка и ООН на исходе первого десятилетия XXI века: вопросы развития, миротворчества и реформирования ООН. – М., 2011. – 227 с.

5. Усов В.А.. Африканский Союз: цели и реальность // Азия и Африка сегодня. – 2010. – №12. – С. 21-26.

Сулейменова Г.Б. , Кумарова У.К.

Глобальные и социальные проблемы африканских стран

В статье рассматриваются проблемы бедности, нищеты, здравоохранения и миграции. В Африке, если нынешние тенденции деградации почв продолжатся, то континент может оказаться в состоянии прокормить лишь 25% населения. Каждый год умирают около 11 миллионов детей от нищеты и голода.

Ключевые слова: *Африканский континент, бедность, нищета и миграция.*

Suleimenova G.B., Kumarova U.K.

Global and social problems of African countries

The problems of poverty, health care and migration are considered in this article. In Africa if the current trends of degradation of soils proceeds, the continent can be able to support only 25% of the population. Every year about 11 million children die because of poverty and hunger.

Keywords: *African continent, poverty and migration.*

ӘОЖ: 930(470+571)

Танзенов Д.Ж. – әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің PhD докторанты

E-mail: daniyal1984@mail.ru

РЕСЕЙ МЕМЛЕКЕТТІК ТАРИХ МҰРАҒАТЫ ҚОРЛАРЫНДАҒЫ ҚҰЖАТТАР - ОРТАЛЫҚ АЗИЯДАҒЫ КӨШІ-ҚОН ҮДЕРІСТЕРІНІҢ НЕГІЗГІ ДЕРЕК КӨЗІ (XIX ғ.а. – XX ғ.б.)

Аңдатпа*. Мақалада Ресей мемлекеттік тарих мұрағаты қорларындағы XIX ғ.а. мен XX ғ.б. Ресей империясының Орталық Азия өңіріне шаруаларды қоныстандыру саясатының негізі қарастырылады. Патша үкіметінің аграрлық саясаты негізінде Орталық Азия жерлерін алдымен әскери, кейіннен орыс шаруаларымен отарлауы нәтижесінде жергілікті көшпелі және отырықшы халықтардан орыс қоныстарын құру мақсатында «артық» деп танылған құнарлы жерлерінен тартып алуы секілді жайттар баяндалады.*

Тірек сөздер: *Орталық Азия, Түркістан, Қазақстан, көші-қон үдерістері, Ресей империясы.*

Тарихи құбылыстарды зерттеуде деректердің молдығы ерекше маңызға ие. Сол себептен алға қойылған мәселені зерттеу барысында мұрағаттық құжаттардағы ақпараттар кеңінен ғылыми айналымға тарту көзделді.

Тарих ғылымында XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың бас кезін қамтитын патшалық Ресейдің аграрлық саланы зерттеу мәселесі өткен ғасырлардан бері назарын аудартып келе жатқаны айқын.

XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басындағы Орталық Азиядағы көші-қон үдерістерінің күрделі тұстарын ашып, тарихи маңызын көрсету, тарихи оқиғаларды сарапқа салып, шынайылық тұрғысынан баға беру үшін деректік материалдар аса маңызды рөл атқарады. Мәселенің жаңаша зерттелуі және бұрындары ашылмаған тұстарының айқындалып, шешімін табуы тың деректерге байланысты.

Мұрағаттық құжаттарды жинастыру барысында Ресей Федерациясы, Санкт-Петербург қаласындағы «Ресей мемлекеттік тарих мұрағаты» қорларынан көші-қон үдерістері тарихына қатысты көптеген мәліметтермен қанық болу мақсатында іссапармен болдық.

Аталған мұрағат қорларынан XIX ғасырдың өзінде-ақ, патшалық Ресейдің Орталық Азия елдерімен арасындағы қарым-қатынастарының орын алуы мен кейіннен өлкеге империя билігінің орнауы, ондағы әскери-әкімшілік орындарының қалыптасуы, көші-қон үдерістері саясатының тарихына қатысты мәліметтер мен этносаралық қатынастар, отарлаушы биліктің саяси, шаруашылық, сауда, сот және басқа да қатысты мәліметтер мен зерттеуші ғалымдардың жазбалары кездеседі.

Бұл мұрағаттың қорларынан табылған құжаттар тақырыптың мәні мен мазмұнын кеңінен ашып, ондағы құжаттарды маңызды дерек көздері ретінде ғылыми айналымға қосуға болады. Олардан табылған деректер Орталық Азиядағы орын алған көші-қон үдерісіне қатысты белгілі бір дәрежеде өз септігін тигізеді.

Түркістан өлкесіндегі егіншілік және мемлекеттік мүлік басқармасының жер мәселесіне байланысты құжаттары мен патшалық Ресейдің орыс шаруаларын өлкеге қоныстандыру саясатына байланысты деректерді көптеп кездестіруге болады.

Атап көрсететін болсақ, мұрағаттың №391 «Қоныстандыру ісі», деп аталатын қордың 2-тізбе, 442-іс «1908 жылы Сырдария ауданына қоныстандыру жоспары», №1275-іс «1903-1906 жж. аралығында Түркістан өлкесінің Сырдария, Ферғана, Самарқанд облыстарына Ресейдің әртүрлі аймақтарынан шаруаларды қоныстандыру», №184-іс «Түркістанға қоныстандыру», №1520-іс «№270 Түркістан өлкесін басқару туралы нұсқаулықпен таныстыру және Сырдария және Жетісу облыстарында қоныстандыру қорларын құру туралы уақытша ережені бекіту», №1803-іс «1909-1911 жж. аралығында Гавриловтың Сібір, Дала, Түркістан өлкелеріне жасаған іс-сапарының есебі», №241-іс «Самарқанд облысының Ходжент уездінің далалық өңірлеріне орыс қоныстарының қалыптасуы» жөніндегі құжаттар қаралды және сонымен қатар, аталған қордың 3-тізбе, 880-іс «Сенатор К.К. Паленнің Түркістан өлкесіндегі тексеру жұмыстары» деп аталады. Бұл аталған іс - 7 микрофильмге бөлініп сақталыпты. Аталған істе Паленнің басшылығымен 1908-1910 жылдары аралығында Түркістан өңірінде жүргізілген сенаторлық тексеру комиссиясының қызметі мен барысынан сыр шертетін маңызды деректік мәліметтерге толы.

№1291 «ІІМ-нің Жер бөлімі» деген қордан Ресей әскери-әкімшілік орындарының тікелей Түркістан өлкесін, соның ішінде Ресей империясының Жетісуды жаулап алғанға дейінгі патша әкімшілігінің өлкені басып алу үшін жасаған алғышарттары, патша әкімшілігінің өңірді басып алу үшін жасаған іс-әрекеттері туралы мәліметтер беріп қана қоймай, сол кездегі өлкеде орын алған саяси құбылыстар мен шаруашылықтар, қоныс аудару үрдісінің себептері қандай деңгейде дамығанын біле аламыз.

«Министрлер Кеңесі» деп аталатын №1276 қордан да патша үкіметінің Түркістан өлкесіне жүргізген қоныстандыру саясаты жөнінде деректерді молынан кездестіруге болады. Сонымен қатар Ресей империясының Түркістан өлкесінің Сырдария және Жетісу облыстарында қоныстандыру қорларын құру орыс шаруаларын қоныстандыру ісінің мақсаты мен барысын, жергілікті салалық мекемелердің құрамы мен қызметінің мәнісін жөнінде құжаттарды жолықтыруға болады.

